Өгей шешенің ғашықтығы мен қырсығы сөз болатын сарын эпостың көне түрлерінде жиі кездесетіні белгілі. Тек қазақ ауыз әдебиетінде ғана емес, шығыс халықтарының фольклорында да бұл мотив ежелден-ақ қалыптасқан. Фирдоусидің «Шаһнамасынан», Әлидің «Қисса Жүсібінен» т.б. бұған көптеген мысал келтіруге болады. Осы сарынның шығу тегін, таралу жайын, шығарма желісіндегі қызметі мен идеялық мазмұнын анықтау үшін атақты «Шаһнамадағы» Сияуыш өміріне қатысты аңызға тоқталуды жөн көреміз.

Дәстүр бойынша Иран патшаларының ұлдары сарайдан тыс жерде тәрбиеленеді. Патша тақ мұрагері саналатын Сияуыштың тәрбиесін систандық батыр Рүстемге сеніп тапсырады. Расында патшаның ұлды болғанын естіген Рүстем аталық қызметіне өзі сұранады. Рүстем оған әке орнына әке болады. Бала батырдан соғыс амалдарын үйреніп, адамгершілік сабақтарын алады. Рүстем өзінде бар жақсы қасиеттерді бала бойына дарытпақ болады және сол мақсатына жетеді. Сияуыш Рүстемнің тәрбиесін көргендіктен патша сарайындағы жалғандық, аярлық, сатқын-

дық, үстемдік құрған ортаға төзе алмайды. Жағдай туған анасы кенеттен қайтыс болғанда тіпті шиелінеседі, қарт әке сарайға Судабе сұлуды кіргізіп алады. Сияуыш туралы дастандағы осы деталь жаңа сюжеттік желі құрайды.

«Шахнама» авторына бұл оқиға бұрыннан таныс-тұғын. Тұрмыс құрған әйелдің жас жігітке (өгей баласына, күйеуінің інісіне, құлына) деген махаббаты ежелгі Мысырдың «ағайынды жігіттер» әңгімесіне, гректердің Ипполит туралы мифіне, Тәурат пен Құрандағы Жүсіп туралы аңызға өзек болғаны мәлім.

Кейқауыстың жас әйелі өгей баласының сұлу бітіміне, елден асқан ажар-көркіне қайран қалады, оған сырттай ен тағып, өзіндік етуге бекиді. Бірақ Сияуыш Судабенің ырқына көнбейді, дегеніне жүрмейді. Оның сиқыр сөзіне балалық пәк сезіммен жауап қатады. Өгей ұлдың салқынқандылығы Судабенің төзімін тауысады. Ол енді Сияуышты қалайда өзінің сарайына келтірудің жолын іздейді. Жас әйел сарайдағы қарындастарын іздеп келмеген Сияуыштың қатігездігін айтып, патшаға шағымданады. Не керек, патшаның араласуымен өгей шешенің ойы іске асады. Судабе сарайына келген Сияуышқа кең дастархан жайып күтеді. Өгей шеше оны алдап, жатын бөлмесіне алып барады. Сол жерде іштегі бар сырын ақтарып салады.

Әкең өтсе бұл дүниеден,
Оның көзі – сен барсың!
Кем қылмассың мені өзгеден,
Көз қырынды саларсың.
Қарсы алдында тұрмын міне,
Жан да, тән де сенікі.
Қалауыңның орындармын бәрін де,
Айтсаң болды, мына маған тілекті.

Сияуыш оны анасындай көріп, мақтау сөзін үйіп-төгеді. Қызынды маған ұзатуға келісімінді беріп, әміршіме хабарын өзін жеткізсең қайтеді, – деп өтініш айтады. Бірақ Судабе алған бетінен қайтпайды. Сияуышты сарайына екінші рет шақырып, оған былай дейді:

Махаббатым жеті жылдай,
Қанды жаспен бетті жуған,
Көптен жырақ қуант ұдай,
Жастық сыйла енді маған [1, 110]

Сияуыштың қарсылығын өзін мазақ етті деп түсінген әйел одан қалай да кек қайтарудың жолын іздейді. Ол үстіндегі көйлегін жыртып, мына Сияуыш абыройымды төкпек болды деп айқай шығарады. Бар жайды әміршіге хабарлайды. Судабе патшаға аяғының ауыр екенін, кешегі жағдайдан соң, түсік тастап қоюы мүмкін екенін айтып, Сияуышты сыртынан қаралай түседі. Патша баласының өң бойынан Судабе тұтынған иісмайдың жұпар иісін таппағандықтан, ұлына сенеді. Бірақ Судабе жағдайды мүлде шиеленістіріп жібереді. Оның қарамағында аяғы ауыр қызметші әйел болатын. Судабе осы әйелге ақша беріп, жасанды түсік жасатады-дағы, басқаларға өзімнің балам деп көрсетеді. Жұлдызшылар нағыз айыпты әйелді тауып, патшаға бар жағдайды түсіндіріп бергенімен, Судабе жолын тауып әміршіні дегеніне көндіреді. Кейқауыс абыздарын жинап, кеңес өткізеді. Олар Сияуышты отпен сынап көруге болатынын айтады. Көне ирандықтардың дәстүрі бойынша айыпты адам өрт жалынды кесіп өтіп, ақталуға мүмкіндік алған, Сияуыш оттан аман шығып, өзінің адалдығын дәлелдейді. Онымен қоймай, әкесіне жазалануға тиісті Судабеге кешірім ет деп өтініш айтады.

Сияуыш батырдың өміріне қатысты осы эпизод Фирдоусидің «Жүсіп-Зылиха» дастанында кездеседі. Бұл сюжет көркем Иосиф пен Мысыр мырзасының әйелі Пентефрия арасындағы махаббатты өзек еткен Тәурат аңызынан бастау алады. Кейінірек бұл аңыз Құран хикаяларының қатарын толықтырды. Дегенмен, Сияуыш туралы жырдың сюжеті Жүсіп пен Зылиха жайындағы көне аңыздан алынды деп кесіп айту қиын. Аталмыш шығармаларды байланыстырып тұрған аяр әйедің құйтыртқы амалдары мен ер жігіттің төзімділігін танытатын эпизод қана. Басқа детальдарда өзгешеліктер көп: «Жүсіп-Зылиха» кейіпкері-құл, Сияуыш туралы эпизодта ол – батыр, күйеуінің ұлы. Зылиха мен Судабенің жас жігіттердің көңілін аудару жолындағы ойларын жүзеге асыру амалдары мен ойға алған түпкі мақсаттарына жете алмайтынын түсінгеннен кейінгі әрекеттері бірін-бірі қайталамайды.

«Жүсіп-Зылиха» дастанында күйеуі құлының «сатқындығын» ойламаған жерден біліп қояды, әйелінің айтқан сөзіне сеніп, Жүсіпті жазалайды. Ал Сияуыш туралы эпизодта Судабе өзінің махаббатын өгей баласына күштеп таңады және онымен оңаша кездесуге ынтызар болады. Алайда жігіт ықылас танытып, сезімін білдірмегендіктен, оны үрей билейді. Әйелдің кейінгі қадамдары өзін-өзі қорғау үшін шарасыздықтан барған әрекеттей көрінеді. Зылиха болса, Жүсіпке деген ыстық сезімнен лап етіп жанып кетуге шақ жүреді. Оның күллі әрекеті осы махаббатқа байлаулы. Екі әйелдің образдарында да айырмашылық бар: Зылиха үнемі осы сезім құшағында, бар ойы, қалағаны – жалғыз Жүсіп. Тіпті әбден

кедейленіп, көз жанарынан айрылған кемпір болса да, Жүсіп туралы жаңалықтарды қымбат қазына жинағандай теріп жүреді. Махаббатының күштілігі сондай, оның демінен Жүсіптің қолындағы қамшысы еріп кетуге шақ қалады. Судабенің Сияуышқа деген махаббаты әу баста оттай ыстық болғанымен, артынша тез суып қалады. Оның өрттей махаббаты кейін көкірекке шер боп қатып, өшпенділікке айналады.

Афрасияб бекінісі туралы басқа да аңыздар кездеседі. «Афрасияб өлім тұзағынан құтылу үшін бекініс тұрғызады, оның есіктері мен жарықтарын Әзірейіл кірмейтіндей етіп, нығыздап бекітеді. Елде жоқ баспана салған шеберлер оны Афрасияб бекінісі деп атайды. Қамалдың болаттан жасалған қабырғаларының биіктігі мың пұтқа жетеді. Бірақ ол жер көзге түртсе көргісіз тас қараңғы болатын. Афрасияб берік болатпен бекітілген шаңыраққа алтын, күміс, маржаннан жасалған күн, ай, жұлдыз іліңдер деп бұйырады. Содан кейін қамал іші жарқырап қоя береді. Сұлулық пен құдіретті күш құдайы Ардвисура Анахитадан мәңгілік өмір тілеген ол осы құдай жолына жал құйрығы төгілген жүз айғыр, бордақыланған мың бас бұқа, он мың қой құрбандыққа шалуға кеңес береді. Осыдан кейін патша сән-салтанатын жасап, әнші-күйшілерін жинап, сауық құрып жата береді. Ол ажал аяғы жетпейтіндей сенімді күй кешеді. Осында бірнеше жыл өткізеді. Бірақ өлім жайын бір сәтке естен шығармайды. Бірде өзі отырғызған бақта серуендеп жүріп, ағаштардың тасасынан адамның көлеңкесін байқап қалады. Әлгі адамның түсі суық, өзі қара екен. Афрасияб Әзірейілді танығанымен қарсылық көрсетуге шамасы келмей өлім құшады» [2, 113].

Қорқыт туралы аңыздың проза үлгілері, соның ішінен оның өлімге дауа іздегені туралы сюжет те, көне заманда, нақтырақ айтқанда, түркі қағанаты тұсында белгілі болған. Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: «Ажалдан қашу – ислам дінінде жоқ нәрсе. Алайда ол – шамандықты тұтынатын халықтардың аңыздарында жиі кездесетін мотивтердің бірі. Қазақ бақсыларының арасында қобыз тарту мен сарын айтуды үйреткен Қорқыт жайында аңыз бар. Тіпті мұсылмандықты әжептеуір қабылдаған түрікмендерде Көрұғлы аз уақыт болса да өлімнен қашып кетеді» [3, 487].

Қорқыттың ажал құрығынан қашқаны туралы аңыздарға қазақ фольклорын жинап, зерттеуге атсалысқан ғалымдардың көпшілігі тоқталған. Зерттеушілердің назарын аударған қазақ аңыздарының бірінде былай делінеді: «Түсінен шошыған Қорқыт ажалдан құтылу үшін ертеңінде дүниенің екінші шетіне көшіп кетеді. Мұнда ол баяғы түсті тағы көреді. Таң атысымен ол тағы да жолға шығады. Не керек, әулие осылайша түсінен шошып, дүниенің төрт бұрышын түгел аралап шығады. Не істерін білмей түңілген ол жердің ортасына бармақ болады. Айтылды – бітті. Жердің ортасы Сырдың жағасы екен, қазірде Қорқыттың моласы тұрған жер екен» [4, 88].

Белгілі фольклортанушы М.Я. Чикованидің зерттеуіне қарағанда, аталмыш сюжет көптеген халықтардың фольклорында кездеседі. Мәселен, Еврипидтің көне грек аңызы негізінде жазылған «Алкестида» трагедиясының оқиғасы «Қорқыт ата» кітабындағы «Тоқа баласы ержүрек Теміруұл» әңгімесінің соңғы бөлімін еске түсіреді. Енді трагедия мәтініндегі мына жайттарды түркі аңызымен салыстырып көрелік.

Бір кезде тағдыр құдайы мен ұлы күш иелері Аполлонның өтінішімен егер Адметтің орнына Аиданың өлілер патшалығына баруға басқа біреулер келісімін берсе, оны ажалдан арашалап қалуға болатынын анықтайды. Өлім сағаты соққанда Адмет кәрі ата-анасынан «Менің орнына жан беруге келісесіңдер ме?» – деп сұрайды. Бірақ әке-шешесі бас тартады. Сонда жас сұлу Алкестида өзінің сүйген жары үшін өз өмірін құрбан етуге тәуекел етеді.

Оғыз версиясының жекелеген детальдары да көне грек аңызына ұқсас: Адмет ажалын күткен күні оның әйелі де өлуге дайындалады.

«Өзінің үйіне келгеннен кейін Алкестида отбасына бақыт сыйлайтын Гести құдайға жан-тәнімен сыйынып:

– О, ұлы Жаратушы! Мен сенің алдында соңғы рет тізе бүгіп отырмын. Менің жетім балаларыма қорған бола көр, мен бүгін Аиданың түнек патшалығына аттанамын ғой. Мен сияқты оларды мезгілінен бұрын ала көрме!» – деп жалынады.

Теміруұл да ажал алдында өз ұрпағының келешегін ойлап қамығады. Ол Әзірейілден балашағасымен қоштасып келуге рұқсат сұрайды. Әйеліне: «Екі балам жетімдік көрмесін, кімді ұнатсаң, тиіп ал», – дейді.

Жары қайтыс болған Адмет қатты қайғырады. Алкестиданың бірге өлуге рұқсат бермегеніне өкінеді, ең болмаса ана дүниеде бірге болар едік деп қамығады. Теміруұл жаратушыға: «Жанға зәру болсаң, екеуміздің жанымызды бірге ал, қалдырсаң, бірге қалдыр», – деп жалбарынады. Екі шығарманың аяқталуында жақындық бар: Теміруұлдың сөзі құдайға ұнап жұбайы екеуіне 140 жыл өмір береді. Грек аңызында Геракл жаналғыш Танатпен алысып Адметтің әйелін ті-

рілтеді-дағы жұбайына қосады. «Адам баласы тағдырдың жазуына шәк келтірсе, күпір болады деген ашық ой білдірілген, сонымен қатар жары үшін «жанын беруге» баратын әйел қасиетін мадақ ету көзделген. Осыған үндес аңыздар қазақ ауыз әдебиетінде де кездесетіні бұл сарынның да кең таралғанын байқатады». [5, 48]

Фирдоуси өлімнен қашу сарынын өзек еткен тағы бір аңызды таратып баяндайды. Ол «Жеті сұлудағы» Бахрамның әкесі Иездегирдтің өлімі туралы мынандай оқиғаға тоқталады. Иездегирд жұлдызшыларға өзіне қазаның қашан, қай жерде келетінін анықтауды тапсырады. Олар: «Егер Су деген бұлақтың басына баратын болсаңыз ажал қармағына ілігесіз», – деп жауап береді. Патша ол жаққа бармаймын деп ант ішеді. Бірде ол ауыр науқасқа шалдығады. Дәрігерлер Су бұлағының басына барып, жаратқанға жалбарынып, ниет етсе көп ұзамай сауығып кететінін айтады. Иездегирд тәуекелге бел буып, онда баруға келісімін береді. Әлгі жерге табаны тиген – сәттен ол өзін керемет жақсы сезініп, келешегін дұрыс болжамаған жұлдызшыларды тілдейді. Сол кезде бұлақ ішінен теңіз жылқысы шауып шығады. Патша тұлпарды ұстауға бұйрық береді. Не керек, қызметшілер ұстап алып келеді. Бірақ судан шыққан сүліктей сұлу сәйгүлік патша үстіне отырған сәттен тулап, бой бермей шаба жөнеледі, патша аттан жығылып өледі.

Әдебиеттер

1 Фирдоуси. Шахнаме. – Т. 1-9. – М.: Худ. лит., 1960-1971. – 232 с.

2 Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. – М.: Наука, 1983. – 235 с.

3 Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Собр. соч. в 5-ти т. – Алма-Ата, 1961. – 422 с.

4 Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 327 б.

5 Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 278 б.

References

1 Firdousi. SHahname. – T. 1-9. – Moskva: Hud. lit., 1960-1971. – 232 c.

2 Korogly H.G. Vzaimosvyazi ehposa narodov Srednej Azii, Irana i Azerbajdzhana. – Moskva: Nauka, 1983. – 235 s.

3 Valihanov CH.CH. Sledy shamanstva u kirgizov // Sobr. soch. v 5-ti t. – Alma-Ata, 1961. – 422 s.

4 Qasqabasov S. Mi’’f pen a’psanani’ng tari’’hi’’li’ghi’ // Qazaq fol#klori’ni’ng tari’’hi’’li’ghi’. – Almati’: Ghi’li’m, 1990. – 327 b.

5 Berdibaev R. Ka’wsar bulaq. – Almati’: Jazwshi’, 1989. – 278 b.

Дәрібайұлы С.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы дін негіздері

Бұл мақалада XIX-XX ғасыр басындағы ақын-жыраулардың өлең-толғауларындағы ғалам жаратылысы туралы философиялық ой-тұжырымдары баяндалған. Алла нығметтерінің барлығы адамзат баласына арналған. Адамзат тарихымен мәңгі бірге жасасып келе жатырған тақырыпты зерделеген ақын-жыраулар өз тыңдаушысын жаратылыстың тылсым сырынан ғибрат алуға шақырады. «Ғалам не үшін жаратылды, адамның дүниеге келгендегі мақсаты не?» деген сауалға өлең өрнектерімен жауап іздеген сөз зергерлері ислам философиясының қазақ даласындағы арнасын ашты. Дүние жаратылысының сырын жыр арқауына айналдырған Арқадан Атырауға дейінгі дәстүрлі өнер мектептерінің өкілдері өз тыңдарманын жаратылыстың тылсым сырына үңілдіріп, одан ғибрат алуға үндейді. Дүние жаратылысының ұлы мақсатын жеткізуге тырысқан ақын-жыраулар жыр тыңдаған жамағатты шын мәнінде ислам дінінің тұнық қайнарымен сусындатты. Олар бұл ретте Құран аяттарына, Алланың соңғы елшісі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистеріне және ислам ғұламаларының еңбектері мен орта ғасырлық әдеби жәдігерлерге сүйенді.

Түйін сөздер: имандылық, жыр, ғалам, иман нұры, дін, ислам негіздері, ғалам.

Daribaiuly S.

Fundamentals of religion and poetry akyns zhyrau

His article discusses the philosophical ideas about the creation of the world, prevailing in songs-tolgau akyns zhyrau and early twentieth century. Sacred doctrine of creation is addressed to all the descendants of humanity. Therefore, along with the development of the ordinary human history, and akyns zhyrau urged his listeners and attached to the wise laws and mysteries of creation. «What the world created? What lies the main purpose of man coming here? «- Answers to their spiritual quest master jeweler words found in the philosophy of Islam. These motifs Creation heard from the Arch to Atyrau, and through them representatives of the traditional art of singing schools ascribe his audience to the laws of the universe, urging them to take as a perfect example. For understanding and disclosure of the grand goal of the creator of the world and akyns zhyrau society ascribe to deep clean and the origins of Islam. These sources come from the Koran, have strong foundation in the last Messenger of Allah Hadith of the Prophet Muhammad (ғ.s.) and in the writings of Islamic scholars and the heirs of the medieval literary tradition.

Key words: humanity, song, nature, spiritual value, religion, basics of Islam, peace.

Дарибайулы С.

Основы религии в поэзии акынов и жырау

В настоящей статье рассматриваются философские идеи о сотворении мира, бытующие в песнях-толгау акынов и жырау начала XX века. Священное учение создателя обращено ко всем потомкам человечества. Поэтому наряду с освоением тем обычной человеческой истории, акы-ны и жырау призывают своих слушателей и приобщению к мудрым законам и загадочным тай-нам сотворения мира. «Зачем сотворен мир? В чем заключена основная цель человека, прихо-дящего сюда?» – ответы на свои духовные поиски мастера ювелирного слова находят в фило-софии ислама. Эти мотивы сотворения мира слышны от Арки до Атырау, и через них представители традиционных школ певческого искусства приобщают своих слушателей к законам ми-роздания, призывая их взять за совершенный образец. Для постижения и раскрытия великой цели творца мира акыны и жырау приобщают общество к глубоким и чистым истокам исламс-кой религии. Эти истоки исходят из Корана, имеют прочные основания в хадисах последнего посланника Аллаха пророка Мухаммеда (ғ.с.) и в трудах исламских ученых и наследников средневековой литературной традиции.

Ключевые слова: гуманность, песнь, природа, духовная ценность, религия, основы ислама, мир.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 821.512.122.09

Дәрібайұлы С.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: samal.daribaev@mail.ru

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДІН НЕГІЗДЕРІ

Он сегіз мың ғаламның жаратылуы туралы пайымдаулар ақын-жыраулардың Құран аяттарына терең түсініп тәпсірлегенін көрсетеді. Діни тақырыптағы өлең-толғауларында олар өз тыңдаушысын алдымен «бізді кім жаратты?», «не үшін жаратты?», «жаратылысымыздың мақсаты неде?» деген сауалдарға жауап іздеуге шақырады.

Алла Тағала алдымен барлық дүниенің бастауы болған тіршілік нұрын жаратып, «Нұр» сүресін де түсірген. Нұр шапағаты ақын-жыраулардың терме-толғауларында жүйелі түрде баяндалған. Мысалы, ислам дінінің тарихы туралы тереңнен толғап, оралымды ой айтқан азулы ақынның бірі Орынбай Бертағыұлы «Адамның жаратылуы туралы» атты толғауында жаратылыс құдіретінің бастауына баланған нұр сипатын жыр жолдарымен былайша кестелейді:

Әуел бастан жаралмақ нұрдан керек
Нұр болып дүние жүзі тұрған екен.
Неден сені жаратайын дегенінде,
Нұр ықтияр топырақты қылған екен [1, 288-289].

Нұр-шапағат – адамзаттың асыл тәжі болған Алланың соңғы елшісі Мұхаммедке (ғ.с.) нығмет етілген. Барша бастауға негіз болған нұрдың Мұхаммедед (ғ.с.) пайғамбарға ғана тиесілі ұлы нығмет етілген баянын Мәшһүр Жүсіп өлеңмен төмендегіше таратады:

Кім білер әуел ахыр хақтың сырын,
Нәрсе жоқ бір өзінен басқа бұрын.
Ғаламға өзін заһар қылмақ үшін,
Жаратты Мұхаммедтің әуел нұрын [2, 119].

Шерлі жылдардың шежіресін тарқатқан Шернияз ақын да «Сөйлейін сөзді термелеп» деп аталатын шығармасында тыңдарманын дүниенің ғажап сырларынан ғибрат алуға шақырған болатын. Ақын:

Ай, жігіттер, жігіттер,
Жердің жүзін қарасаң,
Мұнша неге кең болған?

Жеті мүше денеміз.
Бір-біріне тең болған.
Төрт аяқты айуандар
Неге адамнан кем болған?
Жарық үшін күн болған,
Тыным үшін түн болған.
Тамашалап қарасаң,
Ай мен жұлдыз, күндіз, түн,
Орман, тоғай, от пен су,
Таң-тамаша кім қылған?
Құрт-құмырсқа, ұшқан құс
Бұ да басқа түр болған [3, 195] –

деп жер басқан жұмыр басты пенде әрқашан қаперінде ұстап, ойлануы тиіс тұжырым жасайды. Жыр шумақтарының соңына сауал сала отырып, ғажап жаратылыстың барлығы бір Алла құдіретімен болғанын танытуды мақсат еткен Шернияз шайырдың да қасиетті Кітаптың Қасас сүресінің 71-73 аяттарында баяндалған: «Мұхаммед (ғ.с.) оларға: «Көрдіңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейін ұдайы қараңғы қылса, Алладан басқа сендерге жарық келтіретін тәңір кім? Естімейсіңдер ме?», – де. «Көрдіңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейін ұдайы күндіз қылса, Алладан басқа сендерге тынығатын түн келтіретін тәңір кім, көз салмайсыңдар ма?», – де. Алла, сендерге өз мархаметінен түнді тыныңу, күндізді кеңшілігін (ризық) іздеулерің үшін жаратты. Әрине, шүкірлік етерсіңдер» деген жолдарды тәпсірлегені анық. Ақын тіршіліктегі тыныс алар әр сәттің салауатын Аллаға ғана бағыштай отырып, нығыметтеріне шүкіршілік жасауға шақырады.

Алладан түскен сүрелердің сырын Сыр сүлейлері жыр сүйер жамағатқа жүректі тебірентер әуезді мақамдарымен жеткізіп отырды. Жыр дариясында діни-философиялық тұжырымдарымен дараланған Нұртуған Кенжеғұлұлының кесек ойларына да қасиетті Құран Кәрімнің жаратылыс туралы аяттары арқау болғанын аңғарамыз. Раббымыздың құдіретімен болған жаратылыс сырын шайыр:

Аспан, жер, адам, айуан, түрлі шөбің
Көк, теңіз, таудан бұлақ, дария аққан.
Бітіріп алты күнде құдіретімен,
Қалдырмай тамамдаған бір сағаттан.
Аспан, жер – жаралғанның есебі жоқ,
Бейөлшеу арғы жағы Әлімсақтан [4, 16], –

деп өрнектей отырып, ғалам жаратылысының алты күнде тәмам болғанын баяндаған. Бұл туралы Құран сүрелерінде: «Расында көктер мен жерді және екі арасындағы нәрселерді алты күнде жараттық, шаршамадық. (Қаф сүресі, 38 аят); «Күдіксіз Раббыларың сондай Алла, көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Сонан кейін ғаршыны меңгерген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді және күн мен айды, жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Сақ болыңдар! Жарату мен бұйрық беру Оған тән. Өте жоғары Алла, бүкіл әлемнің Раббы. (Ағраф сүресі, 54 аят) деп баяндалған нақтылы аяттар бар.

Ғаламның тұңғиық сырын өз шығармаларында терең түсіндіріп, Жаратушы Иеміздің дүниені мінсіз өрнектегенін Мәшһүр Жүсіп қаламынан туған жырларда да терең баяндалады.

Құдіретпен он сегіз мың ғалам болды,
Бәрі – қабық, маңызы адам болды.
Құдайдың құдайлықпен қылған ісі,
Жаралып алты күнде тәмәм болды [2, 34-35] –

деп өз оқырманын дін исламның тарихымен сусындатқан әулие ақын Мәшһүр Жүсіп Алла Тағаланың жұмадан басқа әр күнгі ғибратына мән берген.

Ақын-жыраулар жаратылыстың сырын жамағатқа жалаң баяндап қана қоймай, одан үлгі алуға, ой түюге үндейді. Себебі, Алланың әр күні, әр сәті, әр сағаты ғибратқа толы. Алла – сүйген құлының жүрегінде. Оқырманын тіршіліктің тылсым сырынан ғибрат алуға шақырған ақынның бірі – Шаһкәрім қажы ғалам мен адамды тұтастықта қарастырып, адам ақиқатты іздеу арқылы ғана өзінің бастапқы болмысын сақтай алады деген тұжырым жасайды. Ақын:

Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық,
Сегіз минут, шерікте жерге барып.
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.
Бұл дүние жылуы жоқ нұрсыз болса,
Әлемнен кім жүре алар пайдаланып?
Дүние атаулы теп-тегіс мөлдір болса,
Көленке орнығады қайда барып?
Барша әлем тапжылмай тұрып қалса,
Бола ма уақыт деген өлшеу салып?
Мақсат, тәртіп керексіз тозаңы жоқ,
Тексермей неге отырмыз мұны ойланып? [5, 274], –

деп өз оқырманын жаратылған жанды – жансыз заттың әрқайсысынан тәлім алуға шақырады.

Адам тәнінің негізі – топырақ. Дүниедегі бар нәрсенің межелі мерзімі жеткенде аяқталуы – тіршіліктің айнымас заңы. Олай болса, топырақтан жаралған адамның тәні дүниеден озғаннан кейін құтты мекені – топыраққа қайтуы да ұлы заңдылық. «Адамның рухани кемелденуі «топырақ» халінен басталып, Тәңірге қарай жол

тартады. Ясауидің хикметтерінде «топырақ бол» деп адамға жиі ескертілуінің сыры осында болса керек» [6,41].

Қасиетті Кітапта күллі ғалам адам баласының жаратылысымен тұтастықта қарастырылады. Сәжде сүресінің аяттарында: «Ол сондай Алла, әр нәрсенің жаратылысын көркемдестіреді. Адам баласын жаратуды балшықтан бастайды» (7); «Сосын оның нәсілін бір жайсыз судың негізінен жаратты» (8); «Сосын оны бейнелеп, ішіне өз рухын үрледі. Сондай-ақ сендерге есту, көру және түсіну қабілетін берді. Аз шүкір етесіңдер» (9) делінген. Алладан келген осы аяттарды алқалаған әлеуметтің алдында тарқатқан даңқты шайырлардың бірі Омар Шораяқұлы:

Болғасын әмір парман Жаппар һақтан,
Адамды жаратыпты топырақтан.
Тибеттің Мекке менен арасында
Үстіне жауып жаңбыр қырық жыл жатқан [7, 53], –

деп жыр жодрарымен кестелейді. Адамның топырақтан жаралу оқиғасы көптеген сөз зергерлерінің шығармаларына арқау болғанымен, Омар ақын секілді сол оқиғаның Құран аяттары мен «Қисса сулəнбияда» баяндалғанындай нақты қай жерде, қалай болғандығын ашып көрсету жағы сирек кездеседі. Ақын бұл жолдарда Адам сұлбасының жаңбыр жауып кепкеннен кейінгі саз балшықтан жасалғанына ерекше мән береді. Яғни, шайырдың Хыжыр сүресіндегі «Расында адамды бейнеленген қара балшықтың сыңғырлап құрғағанынан жараттық» (26) деген аятты тәпсірлегені анық.

Дін тарихына терең үңіліп, адам баласының ізгі амалдарын исламнан іздеген Сыр шайырларының бірі Қарасақал Ерімбеттің болмыстың ғажап құпиясын түсіндірген «Халық болды барша адам осы төрттен» атты толғауындағы жыр жолдары да жоғарыдағы аяттардың тәпсірі болары анық:

«Адамның негізі төртеу: – деп сөйлейді,
Жел, топырақ және, – дейді, – от пен судан».
Халық болды барша адам осы төрттен,
Бөлінді төрт есімімен мақұлық аттан.
Жаралды Кеп пен Нұннан мұнша ғалам,
Байлаусыз, я тіреусіз Жер мен Аспан.
Бұл дүния алты күнде болды тәмам [8, 65-66]...

Алланың әміріне, оның Адамзат баласын жаратуына Ібіліс қана қарсылық танытты. Өзі де көп жаратылыстың бірі екенін ұмытып менменсіген ібіліс адамзат нәсілінің жаратылысына қарсылық танытқан болатын. Ол сол үшін де адам баласын қиямет күніне дейін тура жолдан адастыруды мақсат етті. Ібілістің Алла әміріне тәкәппарлықпен мойынсұнбауын Қарасақал Ерімбет шайыр:

Әзәзіл ол уақытта ғалым еді,
Суретін от пен судан салып еді.
Сафиді топырақтан жаратқанда
«Адамнан абзал мен деп!» – деп шанып еді.
Дәріс айтқан «Жер мен Көкке ұстазбын!» деп
Сөзіне періштелер нанып еді.
«Адамнан артықпын!» деп сәжде қылмай,
Пәлеге өз қимылынан қалып еді [8, 63-64], –

деп баян етеді.

Раббымыз адамзат баласын жаратпақ болғанда періштелердің алаңдаушылық білдіргені Құран аяттарында баяндалған. Күнәдан пәк жаратылыс иелерінің жаңа жаратылысқа қарсылық танытуы әлбетте тәкаппарлықтан туған талас емес еді. Олар Адам жаратылысын өздеріне берілген шектеулі танаммен ғана таразылаған болатын. Ғалам Иесінің алдында райларынан қайтып, Оның құдіретіне бас иген періштелер қауымы туралы Бақара сүресінде: «(Мұхаммед ғ.с.) сол уақытта Раббың періштелерге: «Әрине, мен жерде бір орынбасар жаратамын!» – деген еді. (Періштелер): «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктаудамыз» деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!» – деді. (Алла Адамды топырақтан жаратып, оған жан салды). (30 аят); «Алла Адам(ғ.с.)ға біртұтас атауларды үйретті де сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: «Айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер»деді. (31 аят); «Періштелер: «Сен пәксің! Біздің, Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине, Сен толық білуші, өте данасың» деді.(32аят)» делінген. Жаратылыс заңының тылсым құдіретін толғаған Базар жырау да періштелер қауымының Алла әміріне мойынсұнып, Адам Атаға сәжде қылғанын:

Атамыз Адам пайғамбар
Он сегіз мың әлемнің –
Абзалы болып жаралған.
Ұлықтығы мұншама –
Құдайым әмір еткен соң,
Періште күллі қамалған [9, 200], –

деп жырға қосқан болатын. Адам осылайша Алла Тағаланың қалауымен басқа жаратылыстардың ешқайсысына бұйырмаған ұлы нығметке ие болды.

Алла Тағаланың шексіз құдіретіне махаббатын өзінің жыр-толғаулары арқылы жеткізген Кердері Әбубәкір де жоқтан бар жасаушы Иесіне деген өз іңкәрлігін төмендегіше төгілтеді:

Әуелі, Алла, жараттың
Топырақтан халық етіп.
Шығардың бізді жарыққа
Қараңғыдан жарық етіп,
Жеті мүше жан беріп
Оны бізге көрік етіп.
Біреу – жігіт, біреу – жас,
Біреуді қойдың қарт етіп.
Біреу – ауру, біреу – сау,
Біреу – жарлы, біреу – бай,
Біреуді қойдың жаһанда
Мал-дәулетке қарық етіп [3, 373].

Кердері Әбубәкір түйген ой Алла Тағаланың адамзат баласын түрлі жағдайда сынауымен байланысты өрілген. Ақын пайымдауында әр адам өзіне жазылған тағдырға тәубе етуі тиіс. Себебі, тәубе мен қанағат – пенденің ең ізгі ниеттерінен туады.

Ақын-жыраулар поэзиясында адам баласының жаратылу оқиғасы баяндалғанмен, оған рухтың берілу оқиғасын жырға қосқан ақындар сирек. Бұл ғибрат Орынбай Бертағұлының өлеңдерінде көркем оймен, терең таныммен кестеленген. Ол өз өлеңдерінде көп шайырлар мән бере бермеген Ұлы Нығметті терең зерделей отырып, топырақтан жаралған Адам сұлбасына үрленген рухты ойлы сөзбен өрнектей түседі:

Көзіне жан кірген соң өзін көрді,
Топырақтан жаралған жүзін көрді.
Не нәрседен жаралған асылын танысын деп,
Бір құдай сол жерде адамға ақыл берді.
Көзден соң мұрынға жан кіріпті,
Жыбырлап сонда мұрын түшкіріпті.
Тіліне жан кіргенде хамит айтып,
«Әлхамдылеллай» деп тіріліпті [1, 31].

Адамның Аллаға деген кіршіксіз махаббаты ғана жаратылысты жандандырады. Себебі, Адам – Алланың ұлы махаббатпен жаратқан туындысы. Адамның адамды Алла үшін сүюінің өзі – хикмет. Ол бұл ретте «құмарлықтан» көтеріліп, жан сарайын Жаратқанның пендесіне сыйлаған сезіммен нұрландырады. Ал, құмарлық адамнан басқа барлық тіршілік иелеріне тән. Олардың тіршіліктегі миссиясы – көбею, ұрпақ жалғастыру, тамағын табу ғана. Бұл ретте хакім Абайдың «ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол» деп айқындап берген қағидасы еске түседі. Ғұлама Ұлы Иеміздің жаратылысының қайтарымы тек Оған деген шексіз махаббатпен ғана өлшенетінін алға тартқан. Дана Абайдың:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті [10, 112], –

деген тұңғиық сыры да осында жатыр.

Сөз түйіні дүние жаратылысының Ұлы Мақсатын ақын-жыраулар ислам дінінің тұнық қайнарымен сусындатты деген тұжырым жасатады. Олар бұл ретте нақты Құран аяттарына, Алланың соңғы елшісі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистеріне және ислам ғұламаларының еңбектеріне сүйенді.

Әдебиеттер

1 Ахатұлы Н. Орынбай ақынның әдеби мұрасы. – Алматы: Білім академиясының баспа кабинеті, 2001. – 299 б.
2 Көпейұлы М. Шығармалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: Алаш, 2003. – 504 б.
3 Жеті ғасыр жырлайды. – Т. 1. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.
4 Нұртуған. Кәнеки, тілім, сөйлеші. – Алматы: Ғылым, 1992. – 223 б.
5 Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен. – Алматы: Халықаралық «Абай» клубы, 2006. – 704 б.
6 Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Т. 4. – Аударма, 2005. – 504 б.
7 Шораяқов О. Сөйле, тілім, жошылып. – Алматы: Рауан, 1995. – 301 б.
8 Қарасақал Е. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Астана: Фолиант, 2009. – 408 б.
9 Базар жырау. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
10 Абай. Қалың елім, қазағым... – Алматы: Атамұра, 2002. – 212 б.

References

1 Ahatuli’ N. Ori’nbay aqi’nni’ng a’debi’’ murasi’. – Almati’: Bilim akademi’’yasi’ni’ng baspa kabi’’neti, 2001. – 299 b.
2 Ko’peyuli’ M. Shi’gharmalar ji’’naghi’. – T. 1. – Almati’: Alash, 2003. – 504 b.
3 Jeti ghasi’r ji’rlaydi’. – T. 1. – Almati’: Jazwshi’, 2004. – 400 b.
4 Nurtwghan. Ka’neki’’, tilim, so’yleshi. – Almati’: Ghi’li’m, 1992. – 223 b.
5 Shaxka’rim. Jol tabali’q aqi’lmen. – Almati’: Hali’qarali’q «Abay» klwbi’, 2006. – 704 b.
6 Qazaq halqi’ni’ng fi’’losofi’’yali’q murasi’. – T. 4. – Awdarma, 2005. – 504 b.
7 Shorayaqov O. So’yle, tilim, joshi’li’p. – Almati’: Rawan, 1995. – 301 b.
8 Qarasaqal E. Ulaghat so’zim urpaqqa. – Astana: Foli’’ant, 2009. – 408 b.
9 Bazar ji’raw. Shi’gharmalari’. – Almati’: Jazwshi’, 1986. – 200 b.
10 Abay. Qali’ng elim, qazaghi’m... – Almati’: Atamura, 2002. – 212 b.

Дәдебаев Ж.Д., Мұсалы Л.Ж.

Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы көркемдік шындық

Мақалада қазақ прозасының көрнекті өкілі Шерхан Мұртазаның шығармалары, атап айтқанда «Қызыл жебе» романының идеялық-көркемдік және құрылымдық ерекшеліктері жөнінде талдау жасалады. Бес кітаптан тұратын роман-эпопеяның жанрлық ерекшеліктерін ашатын сипаттарды атап көрсетеді. Роман-эпопеяның бас кейіпкері – XX ғасырдың басында Кеңестер Одағы бойынша басшы қызметте болған аса көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ халқының ұлы перзенті Тұрар Рысқұлов. Роман-эпопеяда Тұрар Рысқұловтың бала кезінен өзі өмірін арнаған өкіметтің үкімімен өлім жазасына кесілгенге дейінгі өмірі мен қызметі толық қамтылады. Авторлардың айтуынша, «Қызыл жебеде» Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі толық қамтылғанмен, оны өмірбаяндық шығарма деп қабылдауға болмайды. Өйткені роман-эпопеяда тарихи тұлғаның өмірі мен қызметі арқылы халық бейнесі, тұтас бір елдің өмір-тарихы аясында бүкіл бір дәуірдің аса ірі саяси-әлеуметтік шындық оқиғалары көрініс тапқан. «Қызыл жебеде» суреттелген шындық – халық өмірінің шындығы. Бас кейіпкерлер Рысқұл мен Тұрарға тән қасиеттерді жинақтап, сала бойынша көрсетеді.

Түйін сөздер: тақырып және идея; роман-эпопея, қазақ халқының саяси-әлеуметтік тәуелсіздігі; көркемдік жинақтау, өмір шындығы.

Dadebaev Zh.D., Musaly L.Zh.

Artistic reality in Sh. Murtaza's novel «Red arrow»

In the article was done analysis of ideological-artistic and structural features of works of Sh. Murtaza particularly, of a novel «Red arrow». In the article were named characteristics revealing genre features of the epic novel, which consists of five books. A protagonist is a state worker, who performed management positions over in the beginning of the XXth, the great son of Kazakh people Turar Ryskulov. The epic novel comprises Turar Ryskulov's entire life and work until the imposition of death warrant by government, which for he dedicated all his life from childhood. According to views of authors despite of the comprising by the novel «Red»Arrow» Turar Ryskulov's entire life and work, it cannot be perceived as biographical work. Because in the epic novel through the life and work of historical person we can see picture of the Kazakh people, real political and social events of the era against the background of life and history of the whole nation. Reality in the «Red arrow» is a reality of Kazakh nation.Main characters are focused on the qualities of Ryskul and Turar, demonstrate them by the branches.

Key words: theme and idea; epic novel, political and social sovereignty of Kazakh nation; artistic generalization, reality of life.

Дадебаев Ж.Д., Мусалы Л.Ж.

Художественная реальность в романе Ш. Муртаза «Кызыл жебе»

В статье был проведен анализ идейно-художественным и структурным особенностям произведений выдающейся представителя казахской прозы Ш.Муртазы, в частности романа «Қызыл жебе». Названы характеристики, раскрывающие жанровые особенности романа-эпопеи, состоящего из пяти книг. Главный герой романа – государственный деятель, исполнявший руководящие должности в начале XX века, великий сын казахского народа Турар Рыскулов. Роман-эпопея охватывает всю жизнь и деятельность Турара Рыскулова. По мнению авторов, несмотря на то, что роман «Красная стрела» охватывает всю жизнь и службу Турара Рыскулова, его нельзя воспринимать как биографическое произведение. В романе-эпопее через жизнь и деятельгость исторической личности находят выражение картина народа, реальные событияполитически-социального характера целой эпохи на фоне жизни и истории целого народа. Реальность описываемая в романе «Кызыл жебе» – реальность казахского народа. Суждения содержащиеся в данной статье конкретизируют тему и идею произведения. Основная тема романа-эпопеи «Красная стрела» – это политически-социальные изменения и перевороты, переживший казахский народ в начале XX века. Авторы высказывают свою конкретную позицию по отношению данной проблемы, а также предлагают их научные решения.

Ключевые слова: тема и идея; роман-эпопея, политическая-социальная история казахского народа; художественное обобщение, реальность жизни.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81’25

Дәдебаев Ж.Д.[1], Мұсалы Л.Ж.[2],

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
[1]ф. ғ. д. профессоры, [2]ф. ғ. к. доценті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: mj_laila@mail.ru

Ш. МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Көрнекті қазақ жазушысы Ш.Мұртазаның басты туындыларының бірі «Қызыл жебе» – бес кітаптан тұратын роман-эпопея. Роман-эпопеяның жанрлық ерекшеліктері оның мынадай сипаттарынан байқалады: роман-эпопеяда а) саяси-әлеуметтік қайшылықтарға толы, сұрапыл өзгерістер мен төңкерістер орын алған бүкіл бір дәуірдің шындығы көркем жинақталған, ә) бүкіл бір дәуір бойы қоғамды, мемлекетті билеп-төстеген әлеуметтік күштердің үдерісі мен күресі бейнеленген, б) ұлт тағдырындағы, халық өміріндегі кезеңді құбылыстар мен тұрмыстық болмыс тығыз бірлікте суреттелген.

Роман-эпопеяның бас кейіпкері – XX ғасырдың басында Кеңестер Одағы бойынша басшы қызметте болған аса көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ халқының ұлы перзенті Тұрар Рысқұлов. Роман-эпопеяда Тұрар Рысқұловтың бала кезінен өзі өмірін арнаған өкіметтің үкімімен өлім жазасына кесілгенге дейінгі өмірі мен қызметі толық қамтылады.

«Қызыл жебеде» Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі толық қамтылғанмен, оны өмірбаяндық шығарма деп қабылдауға болмайды. Өйткені роман-эпопеяда тарихи тұлғаның өмірі мен қызметі арқылы халық бейнесі, тұтас бір елдің өмір-тарихы аясында бүкіл бір дәуірдің аса ірі саяси-әлеуметтік шындық оқиғалары көрініс тапқан. Сондықтан «Қызыл жебенің» негізгі қаһарманы – халық. «Қызыл жебеде» суреттелген шындық – халық өмірінің шындығы.

Айтылған пікірлер негізінде шығарманың тақырыбы туралы мынадай анықтама беруге болады: Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясының негізгі тақырыбы – XX ғасырдың басында қазақ халқының өмірінде болған саяси-әлеуметтік өзгерістер мен төңкерістер. Роман-эпопеяның негізгі идеясы – қазақ халқының саяси-әлеуметтік тәуелсіздігі.

Роман-эпопеяның бірінші кітабы – «Рысқұл». Екінші кітап – «Тұрар». Үшінші кітап – «Жұлдыз көпір». Төртінші кітап – «Қыл көпір». Бесінші кітап – «Тамұқ». Бірінші кітапта («Рысқұл») патшаның отаршыл саясатының қазақ халқының басына түскен азабы мен мехнаты Рысқұл өмірінің шындықтары арқылы суреттеледі. Абақтыда екі тұтқын, екеуінің ортасында бір бала. Екі тұтқынның бірі – Шығыс-Талғар болысының қазағы Рысқұл Жылқыайдаров. Екіншісі – петерборлық Александр

Бронников. Бала – Рысқұлдың ұлы Тұрар. Автор Рысқұлдың абақтыға түскенге дейінгі өмірінің шындықтарын үш тұтқынның өзара қатынасы негізінде баяндайды. Үш тұтқынның өзара қатынас құралы – сөз: Рысқұл – айтушы; Тұрар – Рысқұлдың айтқан сөзін орыс тіліне аударушы; Александр Бронников – тыңдаушы. Екінші кітапта («Тұрар») жазушы Тұрардың он бір жастағы мектеп оқушысы болып жүрген кезінен кәмелетке толып, Кеңестер өкіметін орнатушы қайраткер болып жүрген кезіне дейінгі өмірін заманның саяси-әлеуметтік ағымымен тығыз байланыста көрсетеді. Үшінші кітапта («Жұлдыз көпір») Тұрар Рысұловтың қатардағы мемлекет қайраткерінен Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің басшысына дейінгі өмір жолының саяси айтыс пен тартысқа, күреске толы қилы шындықтары суреттеледі. Төртінші кітапта («Қыл көпір») Тұрар Рысқұлов Мәскеуге шықыртылып, Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссары (нарком) Сталиннің орынбасары, одан кейін Түркістан Совнаркомының төрағасы, Коминтерннің Монғолиядағы өкілі болды, Мәскеуге қайтып келіп, РСФСР Совнаркомының төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті, заманының саяси-әлеуметтік қайшылықтарын және сол қайшылықтардың зардабын мемлекеттік, саяси биліктің ең биігінде жүріп бастан өткерді. Бесінші кітапта («Тамұқ») Тұрар Рысқұловтың өмірінің ақырғы кезеңінің шындығы оның заманының, өз қолымен құрған өкіметтің көз көріп, құлақ естімеген сұмдығы мен зұлымдығы шегінде баяндалады.

XX ғасыр басындағы қазақ еліндегі саяси-әлеуметтік қайшылықтар роман-эпопеяда шынайы әрі көркем бейнеленген. Роман-эпопеяның негізгі тақырыбының аясында суреттелетін мынадай іргелі оқиғалар тобы бар: а) патша өкіметінің қазақ еліндегі отаршыл саясаты; ә) қазақ жерінде кеңес өкіметінің орнауы; б) елді ұжымдастыру; в) ел ішін жайлаған аштық; г) ел басына төнген сталиндік зұлмат. Осы оқиғалар тобы шегінде суреттелген шындық құбылыстардың әрқайсысына автордың берер бағасының тиісті мәні бар: жақсылық немесе жамандық; ізгілік немесе зұлымдық; әділет немесе қиянат. Роман-эпопеяда суреттелген саяси-әлеуметтік құбылыстардың тобында жеке тұлға немесе тұтас халық үшін тек қана жақсылық, ізгілік, әділеттілік ретінде бағаланған немесе бағалануға лайықты оқиға жоқ. Шығармада көрініс тапқан оқиғалар мен құбылыстарды көркемдік жинақтаудан дүниенің мынадай сыры аңғарылады: а) жақсылық әркез тұрмайды, жамандық әркез тозбайды; ә) ізгілік ұзақ болмайды, зұлымдық қуып қалмайды; б) әділетке адам қара терін немесе қызыл қанын төгіп жетеді, қиянат адамды өзі қуып жетеді. Шығарма мазмұнының тереңі автордың өзі суреттеп отырған өмір құбылыстарының және оларға берер бағасының осындай мәндері негізінде ашылады.

Бес кітап көлемінде суреттелетін өмір шындықтарының өзегінде үзілмей жалғасатын мынадай ойлардың желісі бар: а) қазақ халқының XX ғасырдың басындағы тағдыр-талайы туралы; ә) жеке тұлға болмысы туралы; б) қоғамдық сана сипаты туралы; в) мемлекеттік басқару жүйесі туралы. Роман-эпопеяның бес кітабының өзегінде үзілмей жалғасып жатқан осындай ойлар желісінде дараланатын мынадай бірнеше күрделі ұғымдар бар: а) қазақ халқының тарихи өткен дәуірдегі қайғы-қасіретке, азап-мехнатқа толы трагедиялық тағдыры туралы; ә) өмірі зая жеке тұлға туралы; б) қоғамдық сананың езілген, жаншылған қалпы туралы; в) тәуелсіз мемлекеті, тәуелсіз мемлекеттік басқару жүйесі жоқ елдің мүсәпір хәлі туралы. Осы ұғымдар тұтастығы негізінде автор ел-жұрттың бәріне бірдей қымбат ұлттық идеяны мынадай қырларынан көрсетеді: а) халықтың адал еңбегімен еркін, бейбіт өмір сүруіне қажетті жағдай жасау; ә) адам өмірін баянды ету жолында еңбектену; б) қоғамдық сананың жаңаруына, ұдайы жетілуіне жағдай жасау; в) мемлектеттің, мемлекеттік басқару жүйесінің тәуелсіздігіне жету.

Рысқұл бейнесі. Ш. Мұртазаның «Қызыл жебесіндегі» Рысқұл мен М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасындағы» Бақтығұл бейнелерінің түпкі негізі бір. М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» Рысқұл өмірінің шындықтары негізінде жазылған. Солай бола тұра Ш. Мұртазаның Рысқұлы мен М. Әуезовтің Бақтығұлы бірін-бірі қайталамайды.

Жазушы Рысқұл бейнесін оның өмірі туралы тарихи деректерге, мәліметтерге сай жасайды. Рысқұлдың бұрынғы мекені Түлкібас еді. Ауыл-аймағы Дауылбай болысқа қарайтын. Өзі, ағасы Бердіқұл, ауыл-аймағы түгел Дауылбай болыстың алақынында немесе жұдырығында болуы шарт. Болыстың талабы осындай. Бірақ Бердіқұл мен Рысқұл болыстың айтқанына көнбеді, айдағанына жүрмеді, алақанына да, жұдырығына да сыймады. Тартыс осылай туды. Ақыры Бердіқұл болыс адамдарының қолынан мерт болды. Рысқұл ауыл-аймағымен болыстан, ояздан әділет іздеді, бірақ таппады. Болыс бой бермеді. Шарасы таусылған Рысқұл Дауылбай болысқа айтарын айтып кетеді: «Бердіқұлдың қанын төктің, қа-

пыда қалдырдың. Мұныңды екі дүниеде кеше алмаспын, Дауылбай! Қанға қан... Ендігі қалған өмірім сенен кек алумен болсын!» (Бірінші кітап, 178-бет).

Рысқұл атына қарғып мініп, қолындағы қайың сойылмен болыстың ақ ордасының маңдай тұсын құлаштап бір салып өткенде, ақ орданың төрт бірдей уығы сынып түседі. Онымен де тоқтамай, ояздың екі солдатының қолындағы екі мылтықты ағызып шауып бара жатып ат үстінен жұлып алып кетеді. Осының бәрін үй ішінде іргеден көріп отырған ояз болысқа былай дейді: «Әй, көзсіз тентек. Ұнатамын осындайларды. Егер киргиздардың бәрі осындай келсе, сіз бен біздің халіміз мүшкіл болар еді, управитель мырза. Бірақ сіз бен біздің бағымызға, ол жалғыз» (Бірінші кітап, 179-бет).

Шығармада Рысқұлдың сөзінің саралығы, ісінің даралығы үлкен суреткерлік шеберлікпен көрсетіледі. Рысқұлдың қысқа айтқан сөзі мен бір сілтеген сойылы арқылы жазушы оның балмыс-бітімінің даралығын мынадай ерекшеліктері арқылы танытады: а) қиянатқа көнбейтін, қысастыққа төзбейтін берен мінезі; ә) алған бітінен қайтпайтын қайсар рухы; б) ақты ақ деп бағалар, қараны қара деп бағалар турашылдығы; в) әділет пен қиянаттың, ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажырата білер парасат-пайымы.

Рысқұлдың болмыс-бітімінің даралығынан оның ірі қимылдың, үлкен істің адамы екені белгілі болады. Рысқұл жаратылысының осы ерекшеліктерін жазушы ояздың мінездемесімен толықтыра түседі де, оны «жалғыз», жеке, дара тұлға деңгейіне дейін көтереді. Шығармада Дауылбайдың мінезі де осы тәсілмен дараланады. Ояз ішінен мынадай ой түйеді: «Империя үшін Дауылбайлар болғаны қандай бақыт! Шен үшін, өз қарабасының қамы үшін қаны бір туысын құрбандыққа шалып жібереді. Жоқ, Дауылбайды болыстықтан түсіруге болмайды» (Бірінші кітап, 179-бет).

Ояздың сөзінде үлкен шындық бар. Шен үшін, өз қарабасының қамы үшін қаны бір туысын құрбандыққа шалып жіберу – отаршыл ұлықтардың етегінен жем жеп жүрген Дауылбай болыс секілді басқа да атқамінерлерге тән мінез.

Ояздың сөзі Дауылбайды мінездеумен қатар оның өзінің болмыс-бітімін, империялық астамшылығын, отрашылдық озбыр пиғылын аңғартады. Ояз бен болыстың мақсаттары бір, өзара өрістес, қанаттас. Сондықтын Рысқұл сойылын болыстың зұлымдығына ғана емес, ояздың империялық астамшылығына, отаршылдық озбыр пиғылына да қарсы сілтейді.

Дауылбай болыстың зорлығынан Рысқұл ауыл-аймағымен атамекенінен тастап, Түлкібастан Шығыс-Талғарға ауып келеді, Шығыс-Талғар болысы Саймасайды паналайды. Рысқұл Түлкібастағы Дауылбай болыстан көрген әділетсіздігін Шығыс-Талғардағы Саймасай болыстан да көреді. Саймасай мұны ұрлыққа жұмсайды. Соңынан ұры деп соттатып, абақтыға жапқызады. Рысқұл абақтыны тесіп шығады, Саймасайды атып өлтіруге бекінеді. Бұл шақта оның әділеттілік туралы танымы тереңдеп, жетілген. Әділет пен қиянат, жақсы мен жаман, ізгілік пен зұлымдық туралы қалыптасқан пікірі анық, берік. Саймасай Рысқұлды өзінше бағалайды: «... жалғанның тәкаппары ғой. Оның басынан гөрі Талғардың басын ию оңай» (Бірінші кітап, 82-бет). Жазушы Саймасайдың пікірі арқылы Рысқұлдың қасиетін тағы бір қырынан ашып, тұлғасын даралай түседі.

Роман-эпопеяда Рысқұлдың әділет іздеген күрескер рухы әр қырынан ашылады. Рысқұл бейнесі – күрделі, ойландыратын, ойға қалдыратын бейне. Рысқұл бейнесін пайымдаудан туатын ойдың мынадай екі саласы бар: а) жеке адамның әлеуметтік әділетсіздікке қарсы адам өлтіруге дейін баруы оның өзі мен айналасы үшін қауіпті; ә) жеке адамды әділетсіздікке қарсы адам өлтіруге мәжбүр ететін әлеуметтік-саяси ахуал қалыптастыру бүкіл халық, тұтас ел үшін қатерлі.

Жазушы Рысқұлдың а) портретін жасайды, ә) мінезін сипаттайды, б) күйіну және сүйіну халін суреттейді, в) сөйлеу даралығын ашады, г) іс-әрекет ірілігін көрсетеді, д) күрескерлік рухын танытады. Осы тәсілдер арқылы автор езілгендер мен жаншылғандардың, әділет іздегендердің бәріне ортақ хәлді, ортақ мұратты бір тұлғаның бойына жинақтап көрсетеді.

Тұрар бейнесі. Тұрар әкесінің басынан өткен қиыншылықтардың біразын өз көзімен көріп өсті. Алты жасында әкесімен бірге Алматы абақтысына қамалды. Әкесінің петерборлық орыс Александр Бронниковке өз өмір-тарихын баяндап айтқан әңгімелерін орыс тіліне аударып отырып, өзі де көп сырға қанығады, танымын байытады.

Тұрар бейнесі роман-эпопеяның үшінші кітабынан бастап мемлекеттік биліктің жоғары сатысындағы әлеуметтік, саяси қайшылықтар негізінде туған күрестер алаңында толысып, жетіледі. Мемлекет басындағы Ленин, Сталин секілді тарихи тұлғалармен пікір алмасу, саяси

биліктің бар тармағын өз қолында ұстаған жеке тұлға мен мемлекеттік басқару аппараты алдында елдің жайы, ұлттың тағдыр-талайы, Шығыс халықтары туралы пікірлерін, көзқарастарын батыл қорғау Тұрардың мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуы мен кемелденуінің биік белесін көрсетеді.

Тұрар өзімен пікірлес және бірге қызмет атарып жүрген адал азаматтардың басына саяси биліктің қатері төніп тұрғанда да оларды қорғаудан тартынбайды.

Мәскеу. Кремльдің үлкен мәжіліс залы. Саяси билік мүшелері түгел осында. Сталин кеңесті ашып, сөз бастап тұр. Тұрар Рысқұлов залға осы кезде кіреді: «Рұқсат па екен? – деді Рысқұлов табалдырықтан аттай беріп... Сталин едәуір үнсіз тұрып қалды. ...әлден кейін барып:

– А-а, Түркістанның Шыңғысханы, төрлет! – деді...

– Төрге грузиннің князі отырып қалған екен, маған осы бір жер де жетер, – деп, Рысқұлов алға озыңқырап барып, бос орынға жайғасты».

Кеңесте «Сұлтан-Ғалиев ісі» қаралады. Сұлтан-Ғалиев Түркістанның біртұтастығы, Одақ құрамында біртұтас республика болып қалыптасуы туралы идеяны уағыздайды. Түркістанның біртұтастығы туралы идеяның әуелгі қолдаушысы мен қорғаушысы Тұрар Рысұлов еді. Ендігі жерде Сталин осы идеяны жат көріп, оны уағыздаушы Сұлтан-Ғалиевті дұшпан, халық жауы ретінде айыптады. Тұрар Рысқұловты Сұлтан-Ғалиевтің ықпалындағы адам деп бағалады. Сталиннің осы бағыттағы сөздеріне Тұрар Рысқұлов батыл тойтарыс береді: «Сұлтан-Ғалиевтың айтқанына көніп, айдауына жүретін мен оның құлаққесті құлы емеспін. Сұлтан-Ғалиевтың жетегіне жүретін мен оның мұрнын тескен тайлағы емеспін. Сұлтан-Ғалиев мені арам іске айдап, азғырған да жоқ. Сондықтан Сталин қателеседі!»

Адамның мінез-құлқы, адамшылығы оның сөзі мен ісінің әділетке сәйкестігіне байланысты танылады. Тұрар Рысқұлов өз пікірінің, өз көзқарасының жалпы мемлекеттік мүдде тұрғысынан да, Түркістан Республикасының мүддесі тұрғысынан да әділетті, игілікті екеніне сенеді. Сол сеніміне берік. Жалпымемлекеттік тұрғыдан да, Түркістан Республикасы халықтарының мүддесі тұрғысынан да әділетті, игілікті идеяға қарсы пікірді қате деп есептейді және өз ойын қандай қиын, қатерлі жағдайда да ашық айтады. Дәуірдің ең қатал, қатігез басшысының қателігін де бетіне айтады.

Жазушы Тұрар Рысқұловқа тән қасиеттерді мынадай екі сала бойынша жинақтайды: а) еркін де терең ойдың, рухани ұлы қасиеттің, қайтпас қайраттың адамы ретінде танытады; ә) мемлекет басқару ісіндегі мақсат пен міндетке, оларды іс жүзіне асырудың амалдары мен құралдарына, нәтижелеріне тура әрі әділетті баға беретін, өзі де әділеттен таймайтын аса көрнекті мемлекет қайраткері бейнесінде көрсетеді.

«Қызыл жебе» тарих шындығына негізделеді. Жазушы тарих шындығына өзінің шығармашылық мұраты, азаматтық көзқарасы тұрғысынан қарайды: а) тарихи деректерді көзінен тізіп баяндамайды, таңдап, талғап пайдаланады; ә) ойдан шығару арқылы роман-эпопеяның негізгі ой өзегін үзбей дамытады; б) әлеумет өміріндегі, жеке адам басындағы қилы жағдайлардың қисынын қиялдап табады.

«Қызыл жебе» – шын мен жалған, адал мен арам, жарық пен түнек, жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық арасындағы бітіспес күрестің зардабын эпикалық кең құлашпен суреттеген роман-эпопея.

Есембеков Т.У.,
Солтанаева Е.М.

Поэтические функции персонажей без «орнаментума» в поздней прозе О. Бокеева

В статье рассматриваются функции персонажей в поздней прозе О.Бокеева. Проблемному анализу подвергнуты повести «Чертов мост», «Снежная девушка» и роман «Атаукере». В этих произведениях исследуется «духовное существо» современного человека. Доказано что в данных сочинениях главной целью авторской позиции явилось изображение духовности человеческой личности, слой «собственной атмосферы» человека, который выявляет нравственно-философский аспект точки зрения автора. Выявлена поэтическая функция использования выражения «голый человек». Обращено внимание к таким понятиям как духовная нагота и духовная опустошенность. В качестве духовной деградации человека выделяется мысль о человеческой «наготе», в противоположность этому, духовное обогащение характеризуется как желание «одеть» свою «наготу». Показан «обнаженная сущность» думающего человека. Изучен смысл самой контрастности характеров героев, героев-антиподов. Выявляется нравственно-философский аспект, предполагающий необходимость пристального внимания к духовности человека и его окружения.

Ключевые слова: орнаментум, «собственная атмосфера», «голый человек», духовность, «нагота», духовная биография, дискурс, персонаж, сюжетная линия, хронотоп, художественное время и хуждожественное пространство.

Esembekov T.U.,
Soltanayeva E.M.

Poetic functions of characters without «ornamentum» in late prose of O. Bokeev

Түркі әдебиетіндегі қисса жанрының басы «Қисса Жүсіптен» бастау алатынын осы аңыздан іздегеніміз жөн сияқты» [4, 299]. «Қисса-дастан» терминінің өзі зерттеуші ғалымдар қолданысында бірізді емес екенін байқаймыз. «Қисса-дастандар зерттеушілер тарапынан терминдік мәселеде әртүрлі айтылып жүр: «Қисса», «қисса-хикая», «дастан», «рыцарлық дастан», «қисса-дастан». Е.Э. Бертельс «рыцарлық дастан» деп атаса, В.М. Жирмунский, Е.М. Мелетинский, сондай-ақ қазақ зерттеушілерінен Б. Әзібаева «романдық дастан», С. Мұқанов, М. Бөжеевтер «қисса» дейді. Соңғы зерттеулерде дастан атауы жиі қолданылып жүр. «Дастан» – шығыс сюжеттеріне жазылған поэма мағынасын береді. Қисса-дастанның түп-төркіні көп жағдайда жазба әдебиеттен келген және оның қазақша нұсқаларын шығарушылар жазба ақындар, олар жинаушы ғана емес, сол сюжетті жазып шығарушылар екенін де ескермеуге болмайды» [2, 123]. Бір жағынан алып қарағанда, қисса-дастандардың өн бойынан фольклорлық сарынды да аңғаруға болады. Зерттеушілер пікірлері де осы ерекшелікті көрсетеді. Мысалы, А.Квятковский «Поэтический словарь» еңбегінде былай дейді: «Қисса – шытырман оқиғаға құрылған ғашықтық немесе тарихи-қаһармандық сипаттағы әдеби және фольклорлық жанр. Бұл жанр Орта Шығыс, Орта Азияда кеңінен таралған. Көп жағдайда дастанмен ұқсас болып келеді» [5, 142]. Н. Келімбетов: «Қисса», «хикая», «дастан» деген ұғым-терминдердің түп-төркіні бір-біріне жақын» дей келе, оларға жеке-жеке тоқталып өтеді. «Қисса – араб тіліндегі ертегі, әңгіме, мысал деген мағына береді. «Қисса» сөзін «хикая», «хикаят» деп те атай береді. Қазақ әдебиеттану ғылымында Шығыс сюжетінің негізінде жазылған дастандарды, жырмен баяндалған ертегі хикаяларды «Қисса»деп атайды» [6, 211].

Шығыстық қисса-дастандардың көтерген ең басты идеясы – адамға тән абзал қасиеттерді қастерлеу, мойындау. Негізгі қаһармандары – жеке бас бостандығы бар, ғылымның сан түрлі салаларын игерген, шеберлігімен жұртты сүйсіндіретін өнерпаз, парасатты, мейірбанды жандар. Аталмыш әдеби мұралардың тағы бір өзгешелігі жанрлық сипаттарында. Бұлардың бірінде проза мен поэзия жанры араласып келеді. Қисса-дастан стилі поэтикалық бояуы қанық, теңеу, баламалары бай, (көбіне аспан денелеріне теңейді) әсірелеу күшті болып келеді. Мінсіз кейіпкер жасайды, ал жағымсыз болса, оның сыртқы түріне ішкі мазмұны сай болып шығады.

Түркі әдебиетіндегі осы қисса-дастан жанры шығыс жерінде кең таралған нәзира дәстүрімен тікелей байланысты. Нәзира дәстүрі туралы Е.А. Бертельс, А.А. Стариков, Н.Х. Хатамов, А. Афсахзов т.б. бірқатар шығыстанушы ғалымдар құнды пікірлер айтқан. Олардың әрқайсысы «нәзира» терминіне әр түрлі атау бергенімен, солардың барлығы да «нәзира» сөзі «жауап» деген

мағына беретінін ерекше атап өтеді. Нәзира дәстүрімен жазылған шығармаларды зерттеу барысына, әсіресе Түркия елінің Н. Банарлы, А. Инан, Ф. Көпрүлузаде, А. Рефик сияқты ғалымдары да мол үлес қосты. Нәзира дәстүрі араб тілінде үрдіс ретінде тарап, кейіннен парсы әдебиетінде қайта жаңғырды. Орта ғасырдағы қисса-дастандар діни, ғашықтық, батырлық т.б. тақырыптардағы дастандардың жазылуына негіз болды. XIII-XIV ғасырдағы түркі әдебиетінде қиссаның тамаша үлгілері ретінде Әлидің «Қисса Жүсібі», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Құтыбтың «Хұсрау Шырыны», Сайф Сараидің «Гүлстаны», Рабғұзидің қиссалары дүниеге келді. Бұл шығармалардың дені көне қыпшақ тілінде жазылған. Шығыстың бұл классикалары Батыс әдебиетінде де өз көрінісін тауып үлгерді. Бұған мысал ретінде Гетенің Шығыстың әйгілі жеті ақынын оқығаннан кейін өзінің «Батыс-Шығыс диванын» жазғанын айтуымызға болады. Сондай-ақ, Н. Келімбетовтың «Байрон шығармаларында Шығыстық сарындар айқын сезіліп тұр» деген пікірі де осы сөзіміздің дәлелі.

А. Қыраубайқызы Алтын Орда дәуіріндегі көркем әдебиеттің екі түрін атап көрсетіп, бірінші аударма-нәзиралық шығармаларға «Хұсрау-Шырын», «Гүлстан», «Қисас-үл әнбия», «Нахжүл Фарадис», «Қисса Жүсіп», «Жұмжұма» кітабын жатқызса, екіншісі – тың тума әдебиет үлгісі деп «Мухаббат-наманы» атайды [2, 97]. Аталмыш дастандарды нәзира дәстүрімен бірнеше ақындар өзінше жырлап өткен. Соның бірі «»Хұсрау-Шырын» дастанына қысқаша тоқталсақ. Әзірбайжан халқының ұлы ақыны низами XI ғасырда өзінің атақты «Хұсрау мен Шырын» поэмасын жазды. Ал, араға үш ғасырдан астам уақыт салып барып (XIV ғасыр), Дешті Қыпшақ даласында қыпшақ ақыны Құтыбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны өмірге келді. XIII ғасырдың соңында үнді шайыры Амир Хосрау Дехлеви низами поэзиясының желісімен өз поэмасын жазады. Ол низами туындысының атауын кері айналдырып береді, яғни «Хұсрау мен Шырын» емес, «Шырын мен Хұсрау». А.Қыраубаева «Хұсрау-Шырынның» басқа да нәзиралық нұсқалары бар екенін айта келіп, Жәмидің тек «Хұсрау-Шырынның» кейіпкерлерін алып, ал атауы «Парвиз бен балықшы» деп келетін нұсқасын келтіреді [4, 343]. Ал, «Фархад-Шырын» тақырыбымен жырланған өзбек ақыны Науаи нұсқасы өз алдындағы ақындардан өзгешерек құралған, Науаи оны өзімізге таныс өмірге жақындатады. П. Бисенбаев «Хұсрау-Шырын» дастаны турасында жазған мақаласында оқырманды Ташкент маңында хатқа түскен Науаи нұсқаларының бірімен таныстырады [7, 40].

Низамидің атақты бес «Хамсасына» енген «Хұсрау мен Шырын» поэмасы орта ғасырдағы шығыс әдебиетінің қалыпты дәстүрін еске салады. Сасанидтер хроникасымен байланыстырыла жазылған низами туындысы өзіне дейінгі қалыптасқан дәстүрлерді сақтай отыра, Шығыстың классикалық әдебиеті үшін жаңа мазмұнда жазылды. низами өзіне ғашықтық поэма жазу туралы ұсыныс алғаннан кейін, ежелгі Иранның тарихи деректемелерінен сюжет іздей бастайды. Оның назарына өзінің жарына деген адал махаббатын өлімімен дәлелдеген, сұлу Шырын түседі. низами өмірі мен шығармашылығын зерттеуші ғалымдардың келтірген деректеріне сүйенер болсақ, Шырын образы низамидің сүйікті жары Афак образынан шыққан болуы керек. Афак низамиге сыйлық ретінде берілген қыпшақ қызы болатын. Фирдоусидің атақты «Шахнамасында» арнайы бөлімге енгізілген Шырын образы оған дейін де көптеген ақындар назарын аударған тәрізді. Бұған мысал ретінде Е. Бертельстің келтірген мына пікірі дәлел: «...Атақты араб саяхатшысы Йакут әлі күнге дейін сақтаулы Ахеменидтік I Дарияның сына жазуында сақталған Бисутун жыры туралы айтады, ол осында Шырын атымен байланысты сақталған көптеген жыр-аңыздарды естіген. Ахеменид сарайының жұрты қазіргі уақытта Каср-и Ширин – «Шырынның қамалы» деген атаумен сақталған». Жалпы әлемдік әдебиетте әйел образы ешқашан назардан тыс қалған емес. Ақжүніс пен Гүлбаршын, Электра мен Антигона, Мәжнүннің Ләйлісі сұлулықпен қатар, ақыл-парасаттылықтың символы ретінде көрініп келді. Қытай әдебиетіндегі Ян Гуйфей бейнесі де көптеген қытай қаламгерлерінің туындыларына негіз болған. Әлем әдебиетінде әйел бейнесінің кең тараған типтерінің бірі – ғашық жардың образы. Шырынның тұлғалық бейнесін тарихи тұрғыдан алып қарағанда, оның сириялық хроникаларда есімі Сира деп беріліп, өзі арамей тұқымынан шыққан болып саналатыны Е.Бертельс еңбегінде айтылады. Ол «арамей» және «армян» сөздерінің фонетикалық тұрғыдан ұқсастығын тілге тиек ете келіп, былай дейді: «Арамей – древние население Сирии. Заметим, что это место можно прочитать, как «армянского» происхождения. Может быть, так и стояло в оригинале, и тогда станет понятно, почему вся более поздняя традиция Востока называет Ширин армянкой» [8, 107]. Дастандағы Шырынның сұлулығын бейнелеу, Хұсраудың бірнеше әйелге үйленіп, бірақ ешқайсысын Шырын секілді сүйе

алмауы да низамидің өз өмірінде орын алған жағдайлармен сәйкес келіп жатуы кездейсоқтық емес. Фирдоусидағы Мариямның Шырын жіберген удан қайтыс болу тұсына низами қарсы шығады. Оның айтуынша, Шырын ондай опасыздыққа баратын жан емес. Дастандағы Хұсрау бейнесі ең күрделі образ. Оның мінсіз сұлулығы, адамгершілігі, батылдығы ашып көрсетілгенмен, дастан желісінен оның Шырынға қарама-қарсы образ екенін де көреміз. Шырын үшін халық бірінші орында тұрса, Хұсрау халықты көңіл көтерудің құралы ретінде көреді. Хұсраудың көптеген ерлік істері Шырынның нұсқауымен орындалады. Шырынның тәрбиесі арқылы Хұсрау соңынан ақыл-парасаты мол, әділ билеушіге айналады, яғни дастан соңында екі түрлі Хұсрау бейнесін көреміз. Біріншісі – махаббатқа опасыз, ойын-сауыққа құмар Хұсрау, ал екіншісі – елге қайырымды, әділ билеуші Хұсрау. Хұсрау образы әрине адал махаббатты жырлайды, алайда оның махаббаты эгоистік махаббат.

Мұндағы тағы бір назар аудартатын қаһарман – Фархад образы. Фирдоусида кездеспей, низамиден бастау алған Фархад бейнесі эпизодтық бейне. Дастанда «Фархад бейнесі арқылы нағыз ғашық жанның бейнесі жасалған. Фархадтың өлімі оның жеңілісі емес, жеке басының трагедиясы болып табылады. Ал Хұсраудың жеңісі оның рухани жеңіліске ұшырауының белгісі еді» [9, 277].

Низами Фирдоусидің «Шахнамасынан» нәр ала отырып, оны қайталамауды өзіне мақсат тұтады. «Шындығында да, низами аталмыш поэмада Хұсрау мен Шырынның махаббатына көп көңіл бөле отырып, Фирдоусидің келтірген детальдардың бірде-біреуін қайталамайды, тіпті низами поэмасының сыртқы формасының өзі Фирдоуси дәстүрінен алшақ кеткенін көрсетеді» дейді Е. Бертельс [10, 219]. Фирдоуси «Шахнамасының» Хұсрау мен Шырын туралы жазған бөлімінде саяси жағдайларға баса мән беріп, Хұсрау мен Шырын махаббатына көп тоқталмаған.

Низамидің ізімен жырлаған алтынордалық Құтыб ақынның «Хұсрау-Шырыны» бізге 1383 жылы Египетте Беркефакихтің жазбасы арқылы жетеді. Н. Келімбетов оқулығында бұл поэманы Құтыб 1341-1342 жылдары аударғаны және оны Тыныбек пен Малика-Хатунға арнаған пікірі келтірілген. Г.Ю. Алиев кейбір ғалымдардың Құтыб пен низами поэмаларын салыстыра келе, азербайжан ақынының шығармасынан алынған үзінділер Құтыб нұсқасында нашар аударылған деген пікірде болғанын, алайда кейіннен поляк ориенталисті, академик А.А. Зайончковскийдің ұқыпты жүргізілген салыстырмасынан кейін, Құтыбтың «Хұсрау-Шырыны» алғаш жырлаушылар еңбегінің көркемдік тұрғыдан өңделе отырып жазылған дербес туынды екені айтылады [11, 132]. Сюжет желілерінің сәйкес келуіне қарамастан, оқиға орны Құтыбта өзгертіледі. низамидегі Сасанидтер сарайының орнына ол Алтын Орда мемлекетінің тыныс-тіршілігін көрсетеді. Құтыб шығармасы парсы тіліндегі мәснәуи-поэманы түркі жерінде композициялық тұрғыдан қайта жаңғыртты. Құтыб дастанында жеке бөлімдер қысқартылған. Зерттеу еңбектерінде Құтыб жырлаған поэма 4740 бәйіттен, ал низамиде 7000 бәйіт екені айтылады. Г.Ю. Алиев Құтыб поэмасын низамидан 1500 бәйітке аз деп келтіреді. Ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізе келе, Құтыб тек низамидағы сасанидтер мемлекетіне қатысты немесе Күнгей Кавказ жерінің оқушыларына ғана түсінікті жерлерін қысқартқан секілді деген пікірге тоқталады. Н. Келімбетов Хұсрау мен Шырын туралы жырды ұзақ жылдар зерттеген ғалым Г. Алиевтің пікіріне сүйене отырып, Хұсрау мен Шырын жайындағы аңыздарға құрылған елуден астам дастан бар екенін жазады. «Хұсрау-Шырын» дастаны Шығыс әдебиетінде алғаш рет образдардың жеке тұлға ретінде шынайы мінездемесін аша білген туынды. Аталмыш дастанды өзінше жырлап өткен қай ақынды алып қарасақ та, әрқайсысынан өзіндік бір ерекшелікті аңғарамыз.

Орта ғасырдағы шығыстық қисса-дастандар әдебиет тарихында осылайша нәзира дәстүрімен бірге туып, X-XIY ғасырдағы түркі оянушылығының әдебиеттегі көрінісі ретінде пайда болды. Орта ғасыр қиссалары діни, ғашықтық, батырлық т.б. тақырыптарға жазылған дастандарға жол салды. Қисса-дастандардың романтикалық әсерлілігі, баурағыштығы мен қарапайымдылығы оны халықтық жанрға айналдырды.

Әдебиеттер

1 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы, 2014. – Т. 23.
2 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі Шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы: Филол. ғыл. докт. дис. – Алматы, 1997.
3 Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. – М.: Наука, 1983.
4 Қыраубаева А. Түрік әдебиетіндегі оянушылық және нәзира дәстүрінің тууы // Классикалық зерттеулер. – Алматы, 2012. – Т. 6.
5 Квятковский А. Поэтический словарь. – М., 1966.
6 Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002.
7 Бисенбаев П. «Хұсырау-Шырын» дастанының шығыстық нұсқалары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №6 (152).
8 Бертельс Е. низами. – М., 1959.
9 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2005.
10 Бертельс Е. низами и Фузули. – М., 1962.
11 Алиев Г.Ю. Темы и сюжеты низами в литературах народов Востока. – М., 1985.

References

1 A’wezov M. Abay joli’: Roman-e’popeya // Shi’gharmalari’ni’ng elw tomdi’q toli’q ji’’naghi’. – Almati’, 2014. – T. 23.
2 Qi’rawbaeva A. Qazaq a’debi’’etindegi Shi’ghi’sti’q qi’’ssa-dastandardi’ng tu’p-to’rkini men qali’ptaswi’: Fi’’lol. ghi’l. dokt. di’’s. – Almati’, 1997.
3 Korogly H.G. Vzaimosvyazi ehposa narodov Srednej Azii, Irana i Azerbajdzhana. – M.: Nauka, 1983.
4 Qi’rawbaeva A. Tu’rik a’debi’’etindegi oyanwshi’li’q ja’ne na’zi’’ra da’stu’rining twwi’ // Klassi’’kali’q zerttewler. – Almati’, 2012. – T. 6.
5 Kvyatkovskij A. Poehticheskij slovar’. – M., 1966.
6 Kelimbetov N. Ejelgi tu’rki poe’zi’’yasi’ ja’ne qazaq a’debi’’etindegi ko’rkemdik da’stu’r jalghasti’ghi’: Fi’’lol. ghi’l. kand. di’’s. – Almati’, 2002.
7 Bi’’senbaev P. «Husi’raw-Shi’ri’n» dastani’ni’ng shi’ghi’sti’q nusqalari’ // QazUW habarshi’si’. Fi’’logi’’ya seri’’yasi’. – 2014. – №6 (152).
8 Bertel’s E. Nizami. – M., 1959.
9 Kelimbetov N. Ejelgi da’wir a’debi’’eti. – Almati’, 2005.
10 Bertel’s E. Nizami i Fuzuli. – M., 1962.
11 Aliev G.YU. Temy i syuzhety Nizami v literaturah narodov Vostoka. – M., 1985.

Кулумбетова А.Е.,
Джунисова А.А.

Экзистенциальное изображение темы любви как страдания в стихотворении «Когда читала ты мучительные строки…» А.А. Фета

Впервые стихотворение «Когда читала ты мучительные строки…» А.А. Фета изучается в системно-комплексном плане для раскрытия экзистенциального изображения темы любви как страдания. Достигается это через внимание к системе содержания и формы на каждом из четырех этапов анализа текста, применение приема графического анализа и графического символизма.Новаторство поэта связано с преобладанием в сквозных буквах символа начала цифры 1 и символа тревоги и беспокойства цифры 2 в тексте стихотворения. Поэт не только ракрывает свое переживание, но и обращает внимание любимой на мучительность безответной любви. Делается акцент на реминисцентной перекличке Фета с строками Пушкина о смене утренней и вечерней зари и трансформации этого в творческий интертекстуальный спор. Авторы в обосновании темы обращаются к скрупулезному анализу лексики стихотворения, ее смысла, интонации концовки текста, к конфликту и типу образности, обозначая в статье конкретные черты таких методов изображения, как экзистенциалим, экспрессионизм, романтизм.

Ключевые слова: четырехэтапный анализ, система содержание и формы, верхняя и нижняя границы хронотопа настоящего времени, графический анализ и графический символизм, объектная тема, инвариантная тема, прогностический смысл, род, стиль, художественный метод, жанровая форма,жанр элегии, жанровая разновидность, «порядок и хаос», критерий художественности, реминисценция, интертекстуальность.

Kulumbetova A.E.,
Dzhunisova A.A.

Existential representation of love as a feeling of suffering in the poem «Kogda chitala ty muchitelnye stroki …» by A.A. Fet

The poem «Kogda chitala ty muchitelnye stroki …» by A.A. Fet has been for the first time studied in system and complex aspect for revealing the existential representation of love as a feeling of suffering. It is reached through attention to the system of the contents and the form at each of four text analysis stages, application of the technique of graphic analysis and graphic symbolism. The innovation of the poet is connected with prevalence in through letters of figure 1 as a symbol of origin and figure 2 as a symbol of alarm and anxiety in the poem. The poet not only reveals his feelings, but also pays attention of the beloved to torment of unrequited love. The emphasis is given to Fet's reminiscential calling with the lines of Pushkin concerning the change of morning and evening dawn and transformation of it into creative intertextual dispute. The authors in the theme substantiation address to scrupulous analysis of the lexis of the poem, its sense, intonation of the text endings, to the conflict and figurativeness type, designating in the article concrete lines of such methods of representation, as existentialism, expressionism, romanticism.

Key words: Four-stages analysis, the system of the contents and the form, the top and the bottom borders of the chronotope of the present, graphic analysis and graphic symbolism, objective theme, invariant theme, prognostic sense, gender, style, art method, genre form, elegy genre, genre variety, «order and chaos», criterion of artistry, reminiscence, intertextuality.

Құлымбетова Ә.Е.,
Джунисова А.А.

А. Феттің «Когда читала ты мучительные строки…» өлеңінде махаббат тақырыбының мұңға балану арқылы экзистенциальді бейнелену

А. Феттің «Когда читала ты мучительные строки…» өлеңі жүйелі кешенді түрде махаббат тақырыбының мұңға балану арқылы экзистенциональді бейнелену ашып көрсету үшін алғаш рет зерттелді. Оған мәтінді сараптамадан өткізудің төрт кезеңінің де мазмұны мен пішін жүйесіне назар аударып, графикалық сараптама және графикалық символизм тәсілін қолдана отырып қол жеткізуге болады.Ақынның өлең мәтініндегі 1 цифрының басым келуі – жаңашшылдықтың , ал 2 – қобалжу сезімің басымдылығының көрінісі. Ақын тек өзінің қобалжу сезімін көрсетіп қана қоймай, жауапсыз махаббаттан мұңға батқандығына ғашығының назарын аударады. А. Фет зерттеліп отырған өлеңінде, А. Пушкиннің таңғы және кешкі күннің шуағына арналған өлең шумағына сүйене отырып (реминисценция), шығармашылық бәсекеге түсіп, жаңашылдық ашып отыр. Авторлар тақырып негіздемесінде өлеңнің лексикасына және интонациясына қақтығыс пен бейнелеу түрлеріне сүйеніп, экзистенциалдық, экспрессионалдық, романтикалық бейнелеу әдістерінің нақты сипатын ашып отыр.

Түйін сөздер: төрткезеңдік сараптама, мазмұн мен пішін жүйесі, осы шақ хронотопының жоғарғы және төменгі шегі, графикалық сараптама және графикалық символизм, объекттік тақырып, инвариантық тақырып, болжаушылық мағына, род, стиль, көркем әдіс, жанрлық пішін, элегия жанры, жанрлық сан- алундылық, «реттілі» пен «хаос», көркемдік критерийлер, реминисценция, интертекстуалдылық.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 82.0; 82.09

Кулумбетова А.Е.[1], Джунисова А.А.[2],

[1]д. ф. н. профессор, [2]к. ф. н. доцент Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан, e-mail: alelkul@ mail.ru; ms.aad19@mail.ru

ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНОЕ ИЗОБРАЖЕНИЕ ТЕМЫ ЛЮБВИ КАК СТРАДАНИЯ В СТИХОТВОРЕНИИ «КОГДА ЧИТАЛА ТЫ МУЧИТЕЛЬНЫЕ СТРОКИ...» А.А. ФЕТА

Нами впервые рассматривается текст [1], относящийся к 1887 году, в аспекте концепции методологии и методики комплексного изучения четырехуровневой системы содержания и формы художественного произведения [2].

Первый этап. Анализ названия (здесь и далее курсив наш. – А.К., А.Д.). Необходимо по названию стихотворения А. Фета определить, какие уровни *содержания* (идейно-тематический – ИТУ, ритмико-интонационный – РИУ) и *формы* (сюжетно-композиционный – СКУ, знаковый – ЗУ) отражаются в нем. Функция – выявить на этой основе *содержательный* (фабула), *содержательно-формальный* (знаковый смысл – ЗС), *формальные* (нереалистический характер изображения, жанровая разновидность) признаки системы текста. В заглавии доминирующим является ЗУ, *язык художественного произведения* [3]. Он помогает: 1) определиться со *словарным значени*ем названия («Когда – в какое время», «читала – знакомиться с содержанием чего-либо написанного или напечатанного», «ты – употребляется при обращении к близкому человеку», «мучительные – выражающий муку, страдание», «строки – написанные, напечатанные слова, фразы, текст чего-либо») [4]; 2) обратиться к читательскому *знаковому смыслу* (ЗС) словарного значения названия, которое заключается в *неопределенности*, поскольку читатель, знакомясь с названием, не может предположить результата прочтения «мучительных строк»; 3) обосновать подбор антонима к ЗС – *однозначность*, где конфликт *неопределенности* и *однозначности* отражает *фабулу* стихотворения; 4) сформулировать путем смыслового антонима к заглавию («когда читала ты мучительные строки…» – радостный строки) *нереалистический характер изображения*. Доминирует в названии и *РИУ* (функция многоточия в заглавии и восклицательного знака в конце текста), обусловливающий *лирическую интонацию*, т.е. *лирическую жанровую разновидность* в силу *сопереживания* автора и читателя лирическому герою. Кроме ЗУ и РИУ, велика роль и СКУ: психологический конфликт и психологическая система образов определяют *психологическую жанровую разновидность*.

Вывод: на первом этапе анализа выявили в названии доминирующие уровни формы (СКУ ЗУ), уровень содержании

(РИУ). Они способствовали формулировке знакового смысла, фабулы, нереалистического характера изображения и лирико-психологической жанровой разновидности.

Второй этап. Анализ верхний (завязки) и нижней (развязки) границы хронотопа настоящего времени (НВ). Завязка в стихотворении «Когда читала ты мучительные строки…» А. Фета совпадает с первой строкой. Развязка связана со второй и третьей строфой, так как их нельзя по смыслу отделить друг от друга. Разграничение их подтверждается *сквозными буквами (О, А, М, И, С; В, Р, Т)*. В пределах нижней и верхней границ хронотопа НВ раскрывается *содержательно-формальный признак – объектная тема (ОТ), т.е. конфликт личности*, где ОТ – часть содержательного ИТУ, а конфликт – формального СКУ. Психологический конфликт неопределенности и однозначности – показатель не только психологической жанровой разновидности, но и нереалистического характера изображения, *изоморфных первому этапу анализа текста*. Тип и содержание ОТ изучим при анализе активного центра (АЦ), т.е. нижней границы хронотопа НВ, его последнего мига. *Жанровая форма* стихотворения А. Фета – *малая* из-за двухчастного объема (кульминация, совпадающая с завязкой, и развязка), хотя отсутствие *экспозиции* – примета *средней* жанровой формы.

Третий этап. Анализ АЦ (развязки).

Я верить не хочу! Когда в степи, как диво,	в-3 р-1 т-2
В полночной темноте безвременно горя,	в-2 р-2 т-2
Вдали перед тобой прозрачно и красиво	в-2 р-4 т-1
Вставала вдруг заря.	в-3 р-2 т-1
И в эту красоту невольно взор тянуло,	в-3 р-2 т-3
В тот величавый блеск за темный весь предел, –	в-4 р-1 т-3
Ужель ничто тебе в то время не шепнуло:	в-2 р-1 т-3
Там человек сгорел!	в-1 р-1 т-1

Тема АЦ стихотворения «Когда читала ты мучительные строки…» А.А. Фета – *надежда*. Доминирует *лирический род*, что исходит из *эмоциональной лексики* («верить не хочу», «степь», «как диво», «безвременно горя», «полночной темноте», «прозрачно и красиво», «красота», «взор», «величавый блеск», «темный весь предел», «человек сгорел») и *приема повтора* (не – 2, в – 4, ! – 2). Преобладание цифры 2 в приеме повтора символизирует *чувства беспокойства и тревоги*. *Эпический род* проявляется в АЦ через *повествование* о надежде лирического героя, что ранняя утренняя заря не может не притягивать взор любимой и не подсказать ей, что безответные чувства могут «безвременно» сжечь любящего. Черты *драматического рода* раскрываются через *прямую речь* («я») и *«событие самого рассказывания»* [5]. В АЦ текста наблюдается *малая жанровая форма* по объему – две строфы из двух предложений; одной ситуации; двум персонажам (лирическому герою и его собеседнице). *ТНС* (тип начальной синтагмы) *АЦ* («Я верить …» – *лирико-психологический*, потому что восклицательный знак в синтагме и в конце развязки передает *слияние* психологических переживаний лирического героя с чувствами автора и читателя. Очевиден *лирико-психологический тип оценки* А. Фетом *изображаемой* им *драматической ситуации* во взаимоотношениях персонажей, что указывает на *адекватную жанровую разновидность АЦ. ПС (потенциальный смысл) ПП (последнего предложения)* развязки стихотворения *в надежде,* так как в нем нет *авторских антонимов* (*реальных* знаков и деталей – *РДЗ*). Это чувство адекватно символике *начала (новаторства)* и *тревоги* доминирующих цифр (1 и 2 повторяются 8 раз в сквозных буквах развязки). *Новаторство* А. Фета – в настойчивом и безнадежном привлечении внимания любимой к трагическому результату неразделенной любви в *переломный* («*полночная* темнота») момент (природный, ассоциирующийся с психологическим). Антоним – *отчаяние*.

И в эту красоту невольно взор тянуло,
В тот величавый блеск за темный весь предел, -
Ужель ничто тебе в то время не шепнуло:
Там человек сгорел!

А в содержании АЦ из двух пар авторских знаков («полночная темнота» – «заря», «величавый блеск» – «темный предел») *ключевой* является первая в изображении *лирико-психологического конфликта надежды и отчаяния*. Таковы *тип и содержание ОТ*. «Заря» негасимой привязанности к любимой полна «величавого блеска» и «невольно» тянет взор, спасая от темноты («темный предел»). А с другой стороны, это большое чувство не может не испепелить любящего («человек сгорел»). Авторские антонимы *(«порядок»)* [6] в АЦ говорят об отсутствии *подтекста*. Отсюда *первичное читательское восприятие* (ПЧВ) ПС (надежда) АЦ заключается в *понимании* переживаний лирического героя. В АЦ размышление лирического героя о прошлом, переданное эмоциональной лексикой с

трагическим смыслом, указывает на *жанр элегии*. Доминирует метод *романтизма* – изображение внутреннего мира личности с резким контрастом в переживаниях, представленное романтической лексикой («полночь», «темнота», «степь», «заря» «безвременная», «величавый блеск», «темный предел»). Прием *реминисценции* [7] со строчками А.С. Пушкина о природном явлении («И, не пуская тьму ночную На золотые небеса, Одна заря сменить другую Спешит, дав ночи полчаса») [8] трансформируется А. Фетом в *творческий спор* (*интертекстуальность*) [9]. Так, *«безвременность»* вставшей в «полночной темноте» утренней зари ассоциируется поэтом с жаром пылких чувств человека, который отчаянно надеется пробудить в любимой женщине сочувствие и понимание. В этой связи наша трактовка входит в противоречие с историей создания А. Фетом «Когда читала ты мучительные строки…», связанной с гибелью Марии Лазич, сгоревшей по неосторожности или намеренно после несостоявшегося брака с поэтом, который до конца жизни винил себя [10]. Присутствуют черты и метода *экспрессионизма* (выразительная лексика и прием повтора). Значимы и приметы *экзистенциализма* (любовь как страдание)

Четвертый этап. Анализ *фокуса (Ф – проблемы, или кульминации*) стихотворения «Когда читала ты мучительные строки…» А.А. Фета в обратном движении от АЦ. *Тема Ф* – чувство *уверенности.*

Когда читала ты мучительные строки,	о-2 а-2 м-1 и-3 с-1
Где сердца звучный пыл сиянье льет кругом	о-1 а-1 м-1 и-3 с-1
И страсти роковой вздымаются потоки, –	о-5 а-2 м-1 и-3 с-3
Не вспомнила ль о чем?	о-2 а-1 м-1 и-1 с-1

Доминирует *лирический род* с его *эмоциональной лексикой* («мучительные», «сердце», «звучный пыл», «сиянье», «страсти роковой», «вздымаются») и *приемом повтора* символики *тревоги* (, – 2). *Эпический род* повествует о чувстве уверенности лирического героя, что «мучительные строки» напомнят ли любимой о чем-то важном для них. *Драматический род* раскрывается через прямую речь и «событие самого рассказывания». *Малая жанровая форма* Ф обусловлена одной строфой из одного предложения (объем), одной ситуацией, двумя персонажами (лирическим героем и адресатом). *ТНС («Когда читала ты ...»)*, содержащий хронотоп времени (*когда?*) и в сочетании с функцией заключающего вопросительного знака, является *философско-психологическим*. Отсюда кульминация стихотворения А. Фета имеет *философско-психологическую жанровую разновидность*. В ПП Ф, как и в его содержании, нет РДЗ *(«хаос»),* что обусловливает соответствие стихотворения *критерию художественности* в плане *жанра элегии*, когда «порядок» в развязке должен быть закономерно связан с «хаосом» в любой смысловой части (СЧ) текста. Потому *ПС Ф* заключается в *чувстве уверенности,* заданном риторическим вопросом. Функция *новаторства* преобладающей символики *начала* цифры 1 в сквозных буквах – попытка пробудить в сердце адресата ответное чувство. Антоним – *неуверенность*. Этот конфликт *уверенности* и *неуверенности* является *философско-психологическим* содержанием кульминации «Когда читала ты мучительные строки…» А.А. Фета.

Автор статьи в сайте указывает на неизвестность для А. Фета сгоревших вместе с Марией Лазич стихов, которые она читала, а в тексте говорится о «мучительности строк», безусловно знакомых Фету, адресованных им ей – охладевшей и ныне равнодушной к нему женщине (*«Не вспомнила ль о чем?»*). Рассмотрим содержательные и формальные функции *прогностического ПС* кульминации стихотворения, поскольку она соотносится с началом текста и с завязкой. *Содержательные функции:* а) ПС (*уверенность*) определил *замысел* и *предмет* дальнейшего изображения переживаний лирического героя: *уверенности* в положительном исходе взаимоотношений персонажей – *возвращения* прежних чувств. Такова *иная грань* новаторства поэта в решении проблемы любви; б) отсутствие *подтекста* при сопоставлении *ПС* Ф (уверенности) и *ЗС* названия (неопределенности), поскольку *нет* смыслового противоречия между ними: уверенность лирического героя неопределенна. В этом *функция вопросительного знака*, что системно подтверждается «порядком» в АЦ; в) ПС Ф (уверенность) обусловлен рассудком, разумом (просветительский мировоззренческий принцип эстетического идеала), контрастируя *естественному чувству* (антропологический мировоззренческий принцип эстетического идеала творца), своей неопределенностью, вызывающей бурю противоречивых эмоций. Это противоречие обосновывает *романтическое содержание эстетического идеала* [11] А.А. Фета. *Формальное функции:* а) верность раскрытия замысла (предмета изображения) подтверждает верность местонахождения завязки в тексте (верхней гра-

ницы хронотоп НВ) по первому из восьми критериев (по названию); б) отсутствие подтекста – *примета* жанра элегии, которой характерна открытость и доверительность, исключающая смысловую двойственность; в) прогностический ПС Ф раскрыт методами *постмодернизма* (функция вопросительного знака в конце кульминации – показатель неоднозначности): лирический герой не указывает конкретно, что должна вспомнить девушка, но уверен, что она знает, что напоминают ей «мучительные строки». Связанный с этим методом *реализм* раскрывает надежду на взаимопонимание между адресантом и адресатом. Эмоциональная лексика и символика тревоги и беспокойства, трагическая интонация – черты метода *экспрессионизма*. Есть и приметы *экзистенциалистского* изображения, так как речь идет о любви-страдании. Признаки *романтизма* – во внимании к внутреннему миру личности и в резком контрасте переживаний лирического героя. «Следы» ОТ (*надежда и отчаяние*) *углубляют* смысл конфликта кульминации (*уверенность и неуверенность*): чувство надежды лирического героя вызвано оголенностью адресованных любимой «мучительных строк» о девятом вале «страсти роковой» с их пылким «сиянием», которые не могут оставить ее равнодушной и напомнят недвусмысленно на что-то памятное для обоих. А отчаяние – от неуверенности в том, сможет ли страсть возродить былое или все тревожное и беспокоящее признание «мучительно» только для адресанта.

Выводы по системному анализу содержания и формы стихотворения А. А. Фета («Когда читала ты мучительные строки…»). 1. В стихотворении две СЧ (один Ф и один АЦ) согласно примете малой жанровой формы. Это изоморфно критерию объема (в Ф – одна строфа из одного предложения, в АЦ – две строфы из двух предложений) и количественному критерию (в Ф и АЦ одна ситуация и два персонажа: лирический герой и любимая). 2. По *жанру* («Когда читала ты мучительные строки…») А.А. Фета соответствует *критерию художественности*: во-первых, это – элегия, что исключает подтекст, а во-вторых, «порядок» в АЦ закономерно определяет «хаос» в кульминации. 3. Наблюдается соответствие стихотворения Фета *критерию художественного* и по *жанровой разновидности*. С одной стороны, ТНС Ф и АЦ изоморфны по *психологической оценке* изображаемых переживаний героев. С другой стороны, наблюдаем *разнообразие типов оценки* изображаемого А.А. Фетом в стихотворении (в кульминации – *философский тип оценки*, в развязке – *лирический*). 4. Ф и АЦ изоморфны и по родовым признакам, являющих синтез признаков лирики, эпоса, драмы. 5. Изоморфны АЦ и Ф и по методам изображения: экспрессионистского и экзистенциалистского. Но есть и черты романтизма, постмодернизма и реализма. Это *разнообразие* методов отражения психологического переживания лирического героя говорит о соответствии стихотворения А. Фета *критерию художественности* и по методу изображения. 6. Авторские *знаки* в АЦ («полночная темнота» – «заря») и читательские *знаки* в Ф (уверенность – неуверенность) говорят о том, что перипетии любовного чувства современника А. Фета, жившего в XIX веке, понятны и читателю XXI века. 7. Проблема (фокус) стихотворения А. Фета выражает конфликт уверенности и неуверенности, формируя конфликт ОТ (*надежду и отчаяние*). В свою очередь, «следы» ОТ очевидны в конфликте кульминации в обратной связи от конца текста к началу текста. Согласно системному изоморфизму ПС ОТ (надежда) ПС Ф (*уверенность*) выражают связь естественного чувства с рассудком. Значит, А.А. Фет считает *прекрасным способность личности к глубокому чувству и ее уверенности, что необходимо бороться за любовь*, что является выражением *инвариантной темы* (*ИТ*), т.е. *идеи* стихотворения «Когда читала ты мучительные строки…». В свете идеи еще более *осязаемым становится новаторство* поэта, *вступившего в спор* с идеей стихотворения А.С. Пушкина «Я вас любил», обращенной к чуткой и тонкой душе, которая *«мучается»* от того, что не может ответить на высокую любовь ПОЭТА, который, желая любимой счастья с другим, уверен, все еще «болея» ею («… любовь еще, быть может, В душе моей угасла не совсем; Но пусть она вас больше не тревожит; Я не хочу печалить вас ничем.» [12], что никто не полюбит ее так, как был способен он. Лирический герой А. Фета уверен в возрождении былых чувств и проявляет активность. У лирического героя А. Пушкина несколько иная ситуация, хотя их роднит неоднозначность, противоречивость переживаний. 9. *Первичное читательское восприятие (ПЧВ)* стихотворения А. Фета (понимание ПС АЦ) и *вторичное читательское восприятие (ВЧВ)*, т.е. идея не имеют смыслового контраста, потому что читатель вслед за автором и его лирическим героем разделяет ее. Значит, нет и подтекста, системно раскрытого нами в связи с «порядком» в АЦ и через анализ прогностического ПС Ф стихотворения при со-

поставлении ПС Ф и ЗС названия стихотворения, когда не обнаружилось противоречия между ними. 10. Смыслы ОТ (надежда и отчаяние) и смысл идеи (ИТ – утверждение как прекрасного *способности личности к глубокому чувству и ее уверенности, что необходимо бороться за любовь*) Фета не противоречат друг другу. Это указывает на реалистический тип мышления А.А. Фета, но романтическое содержание эстетического идеала, трагическая интонация («Там человек сгорел!»), антонимы («порядок») в АЦ свидетельствуют о романтико-реалистической стилевой двуплановости мышления Фета. Так фокус стихотворения относится к реалистическому (психологическому) типу образности. А развязка – к романтическому (символическому) типу образности [13], где лексика отражает символы «страсти роковой», завершающейся апогеем: «человек сгорел» – символическое иносказание. Возможна перекличка этого символического образа с реальностью смерти Марии Лазич, но не содержание и идея текста.

Итак, анализ стихотворения «Когда читала ты мучительные строки…» А.А. Фета показал, что это высокохудожественное произведение по жанру, жанровой разновидности и по методу изображения. Оно относится к малой лирической форме и к жанру элегии с признаками лирики, эпоса и драмы. Является двуплановым по стилю мышления, написан методами романтизма экспрессионизма, экзистенциализма, постмодернизма и реализма.

Литература

1 Фет А.А. Когда читала ты мучительные строки…// А.А. Фет. Стихотворения / Классики и современники. – М.: ХЛ, 1979. – С. 258.

2 Кулумбетова А.Е., Джунисова А.А., Садуакас Г.К., Мырзабекова А.К. Система содержания и формы лирического, эпического и драматического художественного текста: Учебное пособие. – Алматы: Искандер, 2008. – 178 с.

3 Горький М. Беседы с молодыми // М. Горький о литературе. – М.: Сов. Россия, 1980. – С. 411.

4 Большой толковый словарь русского языка / Автор и рук. проекта, гл. ред. С.А. Кузнецов. – СПб.: НОРИНТ, 2000. – С. 436, 1482, 1355, 565, 1281.

5 Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе // Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. – С. 403.

6 Пригожин И., Стенгерс И. Порядок и беспорядок // Время, хаос, порядок. К решению парадокса времени. – М.: Прогресс, 1994. – С. 55, 57.

7 Федорина Л.Г. Реминисценция // Литературная энциклопедия терминов и понятий / Глав. ред. и сост. А.Н. николюкин. – М.: НПК «Интелвак», 2003. – Стб. 870.

8 Пушкин А.С. Медный всадник. Петербургская повесть// А.С. Пушкин. Стихотворения и поэмы. – М.: ХЛ, 1976. – С. 297-298.

9 Ильин И.П. Интертекстуальность // Современное зарубежное литературоведение. Энциклопедический словарь / Сост. И.П. Ильин, Е.А. Цурганова. – М., 1996. – С. 215-221.

10 Анализ стихотворения Фета «Когда читала ты мучительные строки…»//http://pishi-stihi.ru

11 Нигматуллина Ю.Г. Системно-комплексное исследование художественного творчества: История научного направления в Казанском университете. – Казань: Фэн, 2004. – С. 62-69.

12 Пушкин А.С. Я вас любил // А.С. Пушкин. Стихотворения и поэмы. – М.: ХЛ, 1976. – С. 122-123.

13 Гаджиев А.А. Романтизм и реализм. – Баку: Элм, 1972. – С. 74, 100-101, 203-214, 175, 237, 261.

References

1 Fet A.A. Kogda chitala ty muchitel’nye stroki…// A.A. Fet. Stihotvoreniya / Klassiki i sovremenniki. – M.: HL, 1979. – S. 258.

2 Kulumbetova A.E., Dzhunisova A.A., Saduakas G.K., Myrzabekova A.K. Sistema soderzhaniya i formy liricheskogo, ehpicheskogo i dramaticheskogo hudozhestvennogo teksta: Uchebnoe posobie. – Almaty: Iskander, 2008. – 178 s.

3 Gor’kij M. Besedy s molodymi // M. Gor’kij o literature. – M.: Sov. Rossiya, 1980. – S. 411.

4 Bol’shoj tolkovyj slovar’ russkogo yazyka / Avtor i ruk. proekta, gl. red. S.A. Kuznecov. – SPb.: NORINT, 2000. – S. 436, 1482, 1355, 565, 1281.

5 Bahtin M.M. Formy vremeni i hronotopa v romane // Voprosy literatury i ehstetiki. – M., 1975. – S. 403.

6 Prigozhin I., Stengers I. Poryadok i besporyadok // Vremya, haos, poryadok. K resheniyu paradoksa vremeni. – M.: Progress, 1994. – S. 55, 57.

7 Fedorina L.G. Reminiscenciya // Literaturnaya ehnciklopediya terminov i ponyatij / Glav. red. i sost. A.N. Nikolyukin. – M.: NPK «Intelvak», 2003. – Stb. 870.

8 Pushkin A.S. Mednyj vsadnik. Peterburgskaya povest’// A.S. Pushkin. Stihotvoreniya i poehmy. – M.: HL, 1976. – S. 297-298.

9 Il’in I.P. Intertekstual’nost’ // Sovremennoe zarubezhnoe literaturovedenie. EHnciklopedicheskij slovar’ / Sost. I.P. Il’in, E.A. Curganova. – M., 1996. – S. 215-221.

10 Analiz stihotvoreniya Feta «Kogda chitala ty muchitel’nye stroki…»//http://pishi-stihi.ru

11 Nigmatullina YU.G. Sistemno-kompleksnoe issledovanie hudozhestvennogo tvorchestva: Istoriya nauchnogo napravleniya v Kazanskom universitete. – Kazan’: Fehn, 2004. – S. 62-69.

12 Pushkin A.S. YA vas lyubil // A.S. Pushkin. Stihotvoreniya i poehmy. – M.: HL, 1976. – S. 122-123.

13 Gadzhiev A.A. Romantizm i realizm. – Baku: EHlm, 1972. – S. 74, 100-101, 203-214, 175, 237, 261.

Отарбаева Ғ.Н.

О. Бөкейдің «Сайтан көпір» повесіндегі мифтік танымның көркемдік-идеялық қызметі

О. Бөкей аңыздық проза үлгілерін пайдалануда да өзіндік жаңалығымен келген қаламгер. Әсіресе, «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Атау кере» повестеріндегі жұмбақ сырлы аңыздық мифтік мотивтер шығарманың әлеуметтік мәнін тереңдетіп тұр. Жазушы адам әлемін, оның рухани болмысын көркемдік шындықпен танытуда түрлі мазмұндық-формалық әдеби тәсілдерге барады. О. Бөкейдің кейіпкерлері алған бағытынан қайтпайтын, қандай қысталаң халде де елдің рухын сақтап қалатын ерлер бейнесі. Адам психологиясының нәзік иірімдерін тап баса білетін суреткер, сана ағымындағы жай көзге көріне бермейтін ішкі рухани толғаныстарды психологиялық дәлдікпен аңыздық арнада жеткізе білген.

Бұл мақалада ұлттық әдебиеттанудағы мифтік танымның қызметін жан-жақты көрсетіп, көркемдік тәсіл ретіндегі маңызын айқындай түсуді мақсат еттік. Мифтік желілер О. Бөкей прозасына тән бе, олай болмағанда жазушы аңыздық үлгілерді өз шығармасына арқау еткенде нені мақсат етті деген сауалдарға жауап беру үшін салыстыру, талдау негізінде ой қорыттық.

Түйін сөздер: мифтік таным, архетип, метаморфозалар, болмыс, рух.

Otarbayeva G.N.

Art and ideological function of mythical knowledge of O. Bokey's story «Saitan kopir» («Lucifer Bridge»)

The main idea in the story «Saitan kopir» **(«**Lucifer Bridge») consists of cat-and-dog fight between Good and Evil. Actions of meanness and attempt, which the Evil makes to humanity, were successfully describedby intricate symbolical images, referred to as Shout and Echo.

The purpose of this paper is to fully demonstrate the function of mythical knowledge of the national literary criticism and emphasize its importance as a stylistic device. In order to answer such questions as whether mythical motifs are characteristic to prose of O.Bokey if not, what the writer intended to show when he made the mythical models as a foundation for his work, we will draw conclusions on the basis of comparison and analysis.

Key words: knowledge, archetype, existence and spirit.

Отарбаева Г.Н.

Идейно-художественная функция мифического познания в повести О. Бокея «Сайтан копир» («Крик»)

Основная идея в повести «Сайтан копир» состоит из непримиримой борьбы между Добром и Злом. Действия подлости и покушения, которую Зло совершает человечеству, были удачно описаны замысловатыми символическими образами, именуемые как Крик и Эхо.

В этой статье, нашей целью являлась всесторонне продемонстрировать функцию мифического познания в национальном литературоведениии подчеркнуть его важность в роли художественного приема. Характерны ли мифические мотивы прозе О. Бокея, если нет, то что писатель намеревался показать, когда сделал мифических моделей основойдля его произведения, чтобы ответить на эти вопросы, мы сделали выводы на основе сравнения и анализа.

Ключевые слова: мифическое познание, архетип, метаморфозы, экзистенция, дух.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 811.852.1

Отарбаева Ғ.Н.,

Сулейман Демирель атындағы университетінің оқытушысы,
магистрі, Қаскелең қ., Қазақстан,
e-mail: gaziza.otarbaeva@sdu.edu.kz

О. БӨКЕЙДІҢ «САЙТАН КӨПІР» ПОВЕСІНДЕГІ МИФТІК ТАНЫМНЫҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Жазушының өзіндік даралық қолтаңбасын айқындап тұрған тағы бір шығармасы – «Сайтан көпір» атты повесі.

«Сайтан көпір» повестіндегі негізгі ой-идея Жақсылық пен Жамандықтың бітіспес күресінен тұрады. Жамандықтың адам баласына жасар зұлымдық, қастандық іс-әрекеттерін Анау, Айқай, Жаңғырық атты астарлы символдық бейнелермен сәтті суреттеп шыққан.

Әр адам өз дәуірінің перзетті. Сондықтан да оның бітім-болмысы, өмірге деген көзқарасы қоғамдық қатынастармен терең тамырласып, тығыз байланысып жатады. Автор адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді даралап, бөліп алып аңыздық желілер арқылы жеткізеді. Повестегі баяндалар «Тоқылдақ кемпір» туралы аңыз халықтық ұғым «біреудің ала жібін аттама» деген этикалық әдептерін танытып тұр. Біреуге қаншама жақсылық істесең, ертең сол алдыңнан жақсылық болып шығады. Ал, жаманшылықтың дәні онсыз да жетеді. Автор айтпақ адамгершілік туралы ойын осындай адамдар туғызған аңыздың астарымен суреттейді. Замандас тұлғасы дегенде қаламгер қатар жүрген адамдарға ғана тоқталмайды. Аңыз-мифтерді повестке арқау ете отырып, жаңа зерделі концепциялар туғызады. О. Бөкей халықта бар аңызды жай ғана баяндап қана қоймай, соның негізгі айтар идеясын түрлендіріп, көріктендіріп өзіндік мифтік шығармашылыққа жол салады. Жаманнан жиренту үшін, жақсылықтың жолы қашанда ауыр екендігін үздіксіз күрес арқылы жеткізеді. Повестегі Аспан образы қаншама қиындықтарға тап болса да, тағдыр тәлкегінің асау бұралаңдарын жеңіп шыққан кейіпкер.

Шығармада жоғарыда айтқан Жақсылық әлемінің көрінісі, үлгісі Аспан бейнесі арқылы берілсе, Жамандық дүниесі – Жаңғырық, Айқай, Анау. Осы жерде мынадай бір ой келеді. Жақсылықтың (адалдық, әділдік, шындық) қашанда беті ашық, жүзі жарқын, еңсесі биік, оны ешкім де, ешнәрсе де көлегейлеп өшіре алмайды. Сондықтан да ол повесте нақты адам – Аспан бейнесінде көрініп отыр. Ал Жамандықтың (зұлымдық, қараниеттік, арамдақ, мансапқорлық) жүзіқара, алпыс айлалы. Ол көбіне қылмысты жасырын айла- тәсілмен істейді. Үстіне ешкім танымастай қара шапан жауып келіп, Жақсылықты арттан шалуға тырысады. Оның нақты кім екенін кейде түстеп тани да

алмайсың. Мына шығармада оның – Жаңғырық, Айқай, Анауболып көрінуі де сондықтан. Бұл жерде ол үшеуі кім, нақты адам бейнесі қайда деп тәппіштеп жату мүлде артық. Ал, осы Жақсылық пен Жамандықтың мәңгілік күресінде Жақсылық Жамандықты қаншама қара түнектің ішінде болса да аймандай қып әшкерелеп келеді. Жамандықтың Жақсылықтан өлердей қорқатыны да, өш болатыны да сондықтан. Жамандық өлермен, айла-тәсілмен ол да күреске шығады. Бірақ Жамандық Жақсылықпен бетпе-бет келіп шайқасуға қашанда тайсақтай береді. Сол себептен де ол көбіне жүзін жасырып, айла-амалға көшеді. Қылшылдаған жігіт шағында, анығырақ айтсақ, орда бұзар отыз жасында қар көшкінінің астында қалып, екі аяғынан айырылған Аспан шырылдаған шындықтың символы.

Ия, осынау ұлы өмірде «Сайтан көпірге» итермелейтін сайтан адамдар да көп. Әлемді бүлдіріп, былғайтындар да солар. Ал егер осы өмірде Аспан, Аман, Ерік сияқты ақ ниетті, ізгі жүректі адамдар болмаса, жер беті АЙҚАЙҒА айналар еді-ау, деген ойға тірелеміз біз де. Сонымен «Сайтан көпір» автордың тынымсыз ізденісін, философиялық үлкен ой айтуға бет алған творчестволық бағытын айқын танытатын айтулы туынды.

О. Бөкейдің «Сайтан көпір» повесінде көркем бейнелердің тылсымдық, сыршылдық ерекшеліктері табиғат көріністерімен реалистік тұрғыда жан-жақты ашыла түскен. Повесте әр адамның өмірде өтпей қоймайтын «Сайтан көпірі» болатынын, оны жеңіп шығу үшін алдымен өз «Менін» табу керектігін жазушы аңыз, мифтерді бүгінгі күннің өзекті адамгершілік, адалдық, адамдық мәселелерімен байланыстыра құбылтып, бейнелеп суреттейді.

Қоғамдағы құбылыстардың мән-маңызын, сыр-сипаттарын мифтің, аңыздың астарлы жұмбағымен терең талдап, адам мен заман пробемасын үлкен философиялық талғамға көтереді. «Сайтан көпір» повесі жазушының аңыз жасаушылық шеберлігінің үлкен бір қырын танытады.

Мифтік санаға жүгінер болсақ, өмірге айналып келу – рухтың ажалсыздығының айғағы. Ал сол мәңгі рух тек қана бір денеде тұрақтап қалмай, бірнеше қалыпта ғұмыр кеше алады. Ол «бұрынғы», «бүгінгі», «ертеңгі» ғұмыр түрінде жүйеленеді[1, 273]. Осы таным бейнелі жолдарға айналып, жазушының көркемдік-идеялық мақсатына қызмет етіп тұр. Жазушы бірде адам өлген соң оның жаны құсқа айналып кетеді десе, бірде оны бала бейнесінде береді. Әсіресе, О. Бөкейдің «Сайтан көпір» повесіндегі сайтан көпірден өте алмай тығырыққа тірелген Аманға күш-жігер беретін бала Аман бейнесін Аманның рухы, жаны деп қарауғы болады. Үлкен Аманды әнмен оятып Айқайды жеңуге шақырады. Адам өз бойындағы үрейін жеңгенде ғана алдына қойған мақсатына жетеді. Міне осы жерде жоғарыда айтылып кеткен адам жанының мәңгіліктігі, «тірілер әлемінен» «өлілер әлеміне» өту құбылушылығы деп қарастыратын мәселе көтеріледі.

«Мұңлы жанарын қаумалаған кірпіктерін қақпастан қалшиып тұрған БАЛА бұдан ширек ғасыр бұрынғы ӨЗІ екенін енді шырамыта бастаған Аманның тұла бойынан суық тер шыпшып шығып, дірілдеген саусақтарын тарбайтып соза берді.

– Сен екенсің ғой, Аман. Қайдан жүрсің? Бұл жерге қалай келдің?

– Мен өмір бақи сіздің жаныңыздамын, тек байқай бермедіңіз.

– Оған мұрша болды ма, айналайын. Ерте есейдік те, балалық

шағымызды ерте жоғалттық.

– Көріп тұрсыз, жоғалмаған екенмін.

– Мен сені, Аман, қатты айқайдан шошып, талып құлағанымда көрген едім. Көз алдымда ұлыған ал қара дүниенің ар жағынан шықтың да, мені қол бұлғап шақырдың.

– Мен әрқашанда сіздің жан дүниеңізде өмір сүріп жүрмін. Жүзжасасаңыз да бір елі қалмақ та, қартаймақ та емеспін. Мен сізбен бірге тудым, бірге жасаймын. Сіз – Үлкен Амансыз, мен – Кіші Аманмын. Айырмашылық осында ғана. Қуансаңыз қоса қуандым, қайғырсаңыз бірге ортақтастым. Кейде мені ұмытып кеткеніңізде осылайша сіздің де бала болғаныңызды есіңізге саламын. Түптің түбінде қартаярсыз, ажалыңыз жетіп өлерсіз, бірақ мен сонда да жасай беремін. Үлкен Аманмен мәңгілікке қоштасамында, жер бетіндегі азап атаулыны білмейтін арман қуған балалардың тобына қосыламын. Сіз білесіз бе, жер бетінде бірде бір адам өлмейді, олардың барлығы да балаға айналып, қайта жасайды, міне осылай ғұмыр жалғаса береді. Қазір қарға көміліп қатып қалсаңыз, мен бәрібір тірі жүремін» [2, 273].

Иә, автор адам қанша есейіп, ер жеткенімен оның жаны бала деген ойға негіздеп Аманды өз рухымен күреске салар алдында оның жанын бала бейнесінде беруді жөн көрсе керек.

Автор Аман ойы арқылы: «Мен көшкіннің астында қаламын. Мен ғана емес бүкіл әлемге топан су қаптайды. Табиғат ашу шақырады, ағайын! Біз, адамдар, жер бетінен тып-типыл жойыламыз да мұз басу дәуірі қайта орнайды.

Жаяу-жалпылы жүргендер мен бауырымен жорғалайтындар мәңгілікке ғайып болады, тек аспанда ұшып жүргенде мен жер астындағы аруақтар, тек солар ғана тірі қалады»[2, 283],- деген терең астарлы әлемдік мәселелерге барады. Автор мифтік дүниетанымды білдіретін үш әлемді астарлап суреттейді. Аспанға ұшатындар таза періштелер ғана, ал жер астындағылар аруақтар. Топан суына тұншығатын жер бетіндегі күнаһар адамдар дейді. Үш түрлі әлем: аспан, жер жер асты деген ұғым қазақ халқының мифтерінде де кездеседі. Оны қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеген мына ғалымдардың еңбектерінен кездестіреміз: Ш. Уалиханов, Ш. Ыбыраев, С. Сейфуллиннің және т.б.

Шырғаланға толы дәуірдің шырмауығына шырмалғандай күй кешіп, ақиқаттың жолын таба алмай адасып, шындықтың бетін малданып, астарын аңдай алмай қарманғандар қаншама?! Өзі өмір сүрген дәуір шындығының ауыр көрінісін айна-қатесіз бейнелеген ақындардың ішінде Көдектің орны бөлек.

Көдек Маралбайұлының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтері-лісін, оның шығу себептерін, сипатын қамтыған өлең-жыр-ларының ішінен екі шығармасына арнайы тоқталмақпыз. Оның бірі «1916 жыл» дастаны болса, екіншісі «Сағыныш толғауы» деп аталады. Ақынның басқа өлең-жырларынан бұл туындыла-рының мәні, орны бөлек. Өйткені мұнда халық басына түскен отарлық пен озбырлық және өктемдіктің қысымы нақтылы де-рек арқылы көрініс тапқан. «Көңіл ырза болмаудан наразылық туады. Наразылық мұңға айналады. Мұңнан ой, қиял тербеледі. Сөйтіп, көңіл ырза болмағандағы шығатын толғаулар жалғыз көңіл күйінің сөзі болмай, ой, қиял қатысып шығады...» [1, 334] – деп Ахмет Байтұрсынұлы толғау ерекшеліктерін көрсетіп жазғандай, ақын толғауында өз өмірінің бел-белесіндегі бір ақиқатты айту арқылы халық басындағы қым-қуыт тіршілікті, ауыртпалықты мейлінше қамтып, кеңінен суреттейді.

Толғауда халыққа жасаған қысымы мол патшалық Ресей-дің отарлау саясатының пиғылын сезіп, қиянатын танып, еңсесі түскен қалың қауымның ауыр халын дәл бейнелейді. Ақындық биігі мен азаматтық болмысын танытар тарихи туындысында:

Ақ патша әділеттен тайғаннан соң,
Соғысқа бала бер деп қылды пәрман.
Өлсек те бұған бала бермелі деп,
Қырылды Қарақолда өңшең бағлан, –

деп көтерілістің шығу себебін, патша өкіметінің озбырлық саясатының кесірінен көп ел басшылары мен жергілікті азаматтардың қызыл қырғынға ұшырағанын дәл көрсетеді. Бұл нәубеттің кесірінен тек қазаққа ғана емес, көршілес қырғыз елінің де көргенін тілге тиек ете отырып, сол тұстағы халықтың көргенін тарата түседі, әрі болған шындықты ауытқымай, қаз қалпында суреттейді.

Қырылды Қарақолдың түрмесінде
Кемеңгер жұрт бастаған саңлағым-ай.
Басшыдан ақыл табар айырылған соң,
Албанның бекер босқа сандалуы-ай.

Туындының нақты қай жылы жазылғаны белгісіз болғанымен, ондағы суреттелетін оқиғаның сол дүрбелең дәуірдің шежіресін танытатынын анық байқаймыз. Көдек те әскер қатарында болған, бар қиындықты өз басынан өткерген. Бір қарағанда өлең өзінің өмірі, жүріп өткен жолы, мехнатты сапары туралы болып көрінгенімен, астарында ел басына төнген нәубет, ел азаматтарына түскен ауыртпалық, жалқының емес жалпының мұң-шері жатқаны анық. Әскерге алынған ер-азаматтар алдымен қырғыздың бірнеше қыстақ, қалаларын басып, Жамбыл, Шымкент, одан кейін Ташкент арқылы Бұқара, Самарқан қаласына барады. Артта қалған ел мен жерді сағынған ақын өзінің сыр-сезімін тартымды жырлайды.

Бір алла өзің сақта ғарыбыңды,
Дүние жаман көрдім қалыбыңды.
Құдайға бір мал айтып сояр едім
Текесті, көрсем аман аға-інімді.

Туған жердің әр тасы қымбат екенін ұзақ та беймәлім сапарға шыққанда тереңірек ұғынған ақын жанын түсінгендейміз. Өзінің туып-өскен мекенін, өскен ортасын, туған жерінің ғажайып табиғатын көз алдыңа әкелетін ақын жырлары сағыныштан, сезімнен туғанын анық аңғарамыз. Қарқарада өткен балалық шағы, Текесте қалған бозбалалық кезеңі есінен бір шықпайды.

Қарқара, Текес деген жеріміз бар...
Жатқандай май көрпеге аунар едім.
Салқын жер, шөбі шүйгін жазық жайлау
Есімнен қалар емес қалған елім.

Ақын алыста қалған туған жерін, елін аңсайды. Туған жердің қадірін алыстағанда ұға түскенін, оны бәрінен жоғары қоятынын Қартқожа бейнесі арқылы келісті суреттейтін Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романын еске түсірсек, көп нәрсеге көз жеткізуге болады. Ақынның сөз саптауына қарағанда өзінің әскерлік өміріне риза еместігі аңғарылады. Наразылығы басым азаматтардың әскерге өз еркімен бармағаны түсінікті жайт. Олар Отанын қорғаудан қашпақ емес, қорлық іске жұмсалғандарына зығырданы қайнайды. Майданға қолдан жасалған «іспескемен шақырып жүргізгеніне», ел билеушілерінің аяр амалдарына, сол тұстағы әміршіл жүйеге қарсылық екенін аңғаруға болады. Ақынның ойы – жат жұртта жүріп ел қорғау емес, елде қалған жұртының амандығы, «ел зекетіне жарау». Мұны ақын туындысының әр шумағынан дерлік аңғарамыз. Бұдан не ұғуға болады? Әрине, бұлар Отан қорғау үшін аттанған адамдар емес, керісінше патшаның маусым жарлығына байланысты майданның қара жұмысына еріксіз алынғандар. Бүкіл халықтық бағыт алған ұлт-азаттық көтерілістің шығуының басты себебі майданның қара жұмысына адам алу болатын. Сондықтан 1916 жылдың дабылы мен дауылын халық аз көрмеген еді. Бұл – бүкіл халық басына түскен нәубет, еркіндікті аңсаған елдің ашу-ызасы. Айналып келгенде, шет аймақтардағы ұлттық қозғалыстар ресейлік үстемдікке қарсы жүргізілген күреске ұласып, отаршылдық жүйеге елдің ашу-ызасын туғызды. Ақын да майданға алынған көп азаматтың бірі. Сондықтан ауылынан алыстап алыс сапарға аттану азап өмір ретінде суреттеледі. Бұл – анық ақиқат. Өмірдің өзі тудырған шындықты бүкпесіз жырлап, заманның бет-бейнесін шыншылдықпен бейнеледі.

Айдады тағы төмен қамандарым,
Жоқ болсын дүниеде неге арманым.
Барлықты тарлықпенен тең көрсетіп,
Сұм жалған осы ғұрлы неге алдадың, –

деген жолдар да көп жайдың бетін ашады. Ақынның үміт пен күдікке толы ой-сезімі, наз-наласы айқын көрінеді. Тек Көдек қана емес, бұл тұста туған шығармалардың бәріне ортақ бір түйін-тұжырым бар. «Ұлт-азаттық көтеріліске туған поэзия үлгілері 1916 жылғы қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының сан қырлы сипаты мен сан алуан құбылысын терең қамтып, жан-жақты ашатын жырлар болып табылады. Бұларда маусым жарлығына жаппай наразылық толқынының жалпы халықтық стихиялы көтеріліске ұласу мен оның

өрлеу, даму кезеңдері, майдан өмірі сияқты ірі-ірі оқиғалары молынан елес беріп отырады» [2, 72]. Бұл шынында, сол кезең поэзиясының дәуір сипатына, замана шындығына байланысты ерекшелігін танытадыдеп тұжырым жасауымызға болады.

Ақын «Сағыныш толғауында» деп аталатын туындысында Нарынқол өңірінен аттанып, өзі жүріп өткен жерлерді (Пржевал, Қарақол, Піспек, Шолпаната, Арыс, Түлкібас, Мерке, Шымкент, Ташкент т.б.) тізбектеп, ұзақ сапар барысында көрген-білгендерін, алған әсерлерін өз түсінігіне орай суреттеп отырады. Мәселен:

Жай жүріп Қарақолдан түпке келдік,
Орынсыз жарамайды біткен ерлік.

немесе:

Бір бекет барып қондық Шоқталына,
Тұрмадық шыдап желдің соққанына.

Елдің шетінде, желдің өтінде жаяу-жалпылап, кейінірек атпен жүрген солдаттарды ақыры отарбаға отырғызып, беймәлім жаққа қарай алып кетеді. Ақырында көп жерлерді басып өткен оларды Ташкент арқылы Самарқан дуанының маңайына алып келеді. Ақын бұл жерді:

Адам нашар, күн ыстық болады екен,
Жер-судың бәрі бөтен танылмаған.
Бүрге, шыбын жабылып талағанда
Адам қайғы болады жаныменен, –

деп сипаттайды. Таулы аймақтың тұнық су, таза ауасында өскен адам үшін бүрге-шыбыны қаптаған қапырық ыстыққа төзу де оңай болмайды. Жанымен қайғы болған жандардың шырылын, жан-айқайын естір кім бар дейсің? Бірақ қолдан келер қайыр жоқ. Ақын қаламынан осының бәрі шынайы тұрғыда жырланады. Жан да тәтті, жарлық та қатты. Абақтының ауыр тұрмысымен бара-бар азапты өмір сол тұстағы халық ақындары жырлаған шындықпен сәйкес екенін аңғарамыз. Еркінен тыс жегілген жұмыс ақын жанын жегідей жейді. Алдағы күні буалдыр тұман, бұлдыраған сағымдай екенін сеземіз. Енді не істейді? Еркі жоқ «малша жетеленген» жігіттердің мүшкіл халі осындай. Басқа түссе, баспақшыл болудан басқа шара жоқ. Әртүрлі ой келіп, түрлі әрекеттер жасап та көрмекке талпынады. Бірақ қашып кетпек болған ойларынан түк те шықпайды. Патшаның жарлығына, отаршылдардың айла-шарғысына қарсы келу, бұзу мүмкін емес екеніне көздері жете түседі. Тағы да ақын сөзіне көз жүгіртейік.

Ал енді онан ары кете бердік,
Мал құсап біз де ерік жоқ, жетелендік
Кейбіреу уайым қып айта берді
Бұл жерге қашып кетпей бекер келдік.

Бұрын тәртібі қатал әскери өмірді көрмеген, елінен ұзап шықпаған адам мұндай тіршілікке бірден көндіге қоюы қиын. Мұны ақынның жыр жолдары да растайды. Өлшеулі тамақ, өктем бұйрық, жағымсыз ауа – бәрі ақын көңілін кіреукелендіре береді. Ол үшін артта қалған елінен артық ешнәрсе жоқ. Елі мен жерін ойлағанда «бойына ішкен асы да тарамайды». Тіпті бұл істі қауіп-қатері мол, азапты тіршілік деп ұғады. Орысқа солдатқа беру баласын жоғалтумен бірдей екенін ашық айтады.

Баласын жоғалтамын деген қазақ
Орысқа солдат қылып берсін байлап.
Қашып кетсең бір күні бәле болып
Көлденең біреу тұрып болады айғақ.

Көдектің қаламынан майданға алынған жігіттердің көрген ауыр азаптары да қаға беріс қалмайды. Бұрын қару-құралды ұстап көрмеген жігіттерге сегіз ат тартатын ауыр зеңбіректі алып жүру оңай емес. Ақынның «азапты мұндай көрген сұрамаңыз» дейтін сөзі бекер айтылмаған. Жабылып атпен сүйрелеген жан-далбаса тірліктері, зеңбіректің жолын күрекпен, кетпенмен ашамын деп әуреленгендері, майдан даласындағы ауыр шындық ақын назарынан тыс қалмайды.

Сайлапты төрт кісіден зеңбірекке,
Сегіз ат тартады екен дөңгелетсе.
Азапты мұндай көрген сұрамаңыз
Матырылып жатады екен көлден өтсе.

Халық басына түскен зілді жарлық ешкімге де жеңіл тимеген. Мұндай озбырлыққа біреу шыдайды, біреу шыдамайды. Империяның қатал қысымынан туған жерін тастап кеткендер де аз болмаған. Майданның қара жұмысында жүріп мерт болғандар да жоқ емес. Сондай азаматтардың бірі, елден бірге жолға шыққан жолдасы Мамырхан жол азабына шыдай алмай, ауыр сапарда мерт болады. Ақын ауылдан бірге жүріп, бірге келген оның мезгілсіз қазасына қайғырады. Ертеңгі күнге деген сенім азайып, үміттің шоғы болмасыз жылтырайды. Мұны Көдектің өзі де ауырып, дәрігердің көмегіне жүгінген сәтінен байқауға болады. Сол қиын-қыстау шақтың бір сәтін былай суреттейді:

Бір доктыр бағып тұрды дәрі беріп,
Әзірше оңалғам жоқ әлім келіп.
Гарнизонның бір үлкен доктырына
Жатқызды осы жерге алып келіп.

Қиналған жанына дәрігердің де емі шипа бола қоймағанын, одан ары қиналып, азапқа салынғанын бей-жай оқу мүмкін емес. Тәні ғаны емес, жаны жаралы екенін кімге айтпақ, кімге мұңын шақпақ? Кіндік кескен жұртынан айырып, халқын сергелдеңге салғандардың жазасын кім бермек? Босқын елдің халі түзеліп, бостандық таңы атар күнді аңсайды. Ақын ауыр халін жырға айналдырып, жаралы жанына ем іздегендей аласұрады.

Көдек Маралбайұлы өзінің осы бір толғау-жырлары арқылы-ақ 1916 жылдың тарихи шындығын, отаршылдық саясаттың астар-пиғылын, езілген елдің ыза-кегін көз алдымызға әкеледі. Әділетсіз саясаттың ауыр зардабы, Азамат соғысы жағдайындағы майдан өмірі, ел-жұртынан алыста жүрген жігіттердің мұңзарлары, азапты күндері кеңінен қамтылып, бар болмысымен жырланған. Отаршылдыққа қарсы үлкен серпіліс тудырған ұлт-азаттық көтерілістің шындығын барынша шынайы, көркемдікпен бейнелеген.

Азаматтардың ұлт бостандығы үшін басын бәйгеге тіккен талайлы тағдырлары, жүріп өткен жолы, көрген азабы мен мехнаты, азапты өмірі көркем шығармаға арқау болып, ұлттық рухты өзек еткен шығармасы шынайы тұрғыдан кескінделген.

Ақын өзі өмір сүрген дәуірдің шындығы мен сұмдығын көз алдыңа әкелетін туындысы ешкімді бей-жай қалдырмасы анық.

Әдебиеттер

1 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре, 2013. – Т. 1. – 384 б.
2 Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.

References

1 Baytursi’nuli’ A. Alti’ tomdi’q shi’gharmalar ji’’naghi’. – Almati’: El-Shejire, 2013. – T. 1. – 384 b.
2 A’bdi’’manuli’ O’. HH ghasi’r bas kezindegi qazaq a’debi’’eti. – Almati’: Qazaq wni’’versi’’teti, 2002. – 430 b.

2-бөлім

ТІЛ БІЛІМІ

Раздел 2

ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Section 2

LINGUISTICS

Oktay Cetin

Meaning of some turkish idioms that contain the name of Allah

Islamic literature influenced the Turkish immediately after embracing Islam. As a result of that, some Islamic terms such Allah, Muhammad, faith, destiny paradise, hell etc. took place in Turkish idioms and proverbs. This article deals with the meaning of some selected Turkish idioms that contain the name of Allah Who is the creator of whole universe. In addition, the article tries to demonstrate the root of some Turkish idioms based on Holy Quran and Tradition of Muhammad (p.b.u.h.). Finally, this research indicates the literal and metaphorical meaning of Turkish idioms with examples.

Key words: Allah, Quran, verse, Muhammad, tradition, English, Turkish, idiom, culture, metaphor, literature, literal meaning, metaphorical meaning.

Октай Четин

Аллаһ Тағаладан атауы алынған түрік мақалдарының мән-мағынасы

Исламның келуімен, түрік тілі сөзсіз Ислам әдебиетінің ықпалына түсті. Нәтижесінде, түрік мақал мен фразеологизмдерінде Мұхаммед, Иман, Кадыр, жаһан, жаннат деген терминдер пайда болды. Бұл мақалада Аллаһтың атына қатысты айтылатын кейбір түрік идиомалары талқыланады. Сондай-ақ, Мұхаммед арқылы жіберілген алғашқы мағынасы Құран мен Хадистен алынған мақалдар қарастырылады. Бұл мақалада мысал ретінде әріптік және метафоралық мәндерге сәйкес фразеологизмдерді түсіндіреді.

Түйін сөздер: Аллаһ, Құран, өлең, Мұхаммед, хадис, ағылшын, түрік, идиома, мәдениет, әдебиет, метафоралық мағынасы.

Октай Четин

Значение идиом на турецком языке, в которых упоминается имя всевышнего Аллаха

С приходом ислама турецкий язык неизбежно попал под влияние исламской литературы. В результате в турецких пословицах и идиомах появились такие термины, как Мухаммад, иман, кадар, джанна, джаханнам. В данной статье рассматриваются некоторые турецкие идиомы, в которых упоминается имя Всевышнего Аллаха. Так же в данной работе рассматриваются пословицы, которые берут свое начало из Корана и Хадисов посланника Мухаммада. В данной статье на примерах объясняются идиомы в их соответствии буквальным и метафорическим значениям.

Ключевые слова: Аллах, коран, аят, Мухаммад, хадис, английский, турецкий, идиома, культура, литература, метафора, буквальное значение, метафорическое значение.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 81’367

Oktay Cetin,

Kyrgyzstan Osh state University,
Arashan Institue Of Social Sciences, Bishkek, Kyrgyzstan,
e-mail: matkerim@rambler.ru

MEANING OF SOME TURKISH IDIOMS THAT CONTAIN THE NAME OF ALLAH

Idioms have long been considered as a backbone of every language. When people speak each other express their thoughts and feelings by using a group of words in a fixed order that have a particular meaning. How the different kinds of flowers beautify gardens, idioms with their specific peculiarities beautify the languages too. The different situation of our daily life can be better communicated and described by the contribution of the idioms. It means that consciously or unconsciously, we often use the idioms in the different steps of life. It can be said that they encompass our life from all its aspects. Therefore, it will be a great mistake to accept the idioms only as a part of language.

Idioms also can be accepted as a historical bridge between the past and present and always carry the old traditional life with its all principles to present day by using beautiful , attractive ,short and effective expression .

The following definitions will give us detailed knowledge about idioms:

«An idiom is a style of expression in writing, speech, or music that is typical of a particular group of people» [2]

«*idiom is a* fixed, or set, expression whose meaning is different from the literal expressions of words in the expression» [3, 231]

«idiom is an expression peculiar to a language» [4, 51]

«idiom is a group of words the meaning of which is different from the sum of the meanings of the individual words and of the syntactic pattern which binds them together» [5, 111]

«*idiom is a* phrase or expression that is inherent to a particular culture, region, or people» [6, 18]

«idiom is a style or form of expression that is characteristic of a particular person, type of art, etc.» [7]

«idiom is a combination of fixed words which, ease speech and writing and sometimes can not be understood logically.» [8]

Different definitions of idioms prove that, the idioms which appear in any language are not only group of words or kinds of combined metaphorical expressions but they are also colorful part of tradition which take place in every walks of social, cultural, financial, political, ethical and even religious life.

Besides the all positive features, the comprehensibility of idioms always criticized. As it has been observed that idioms have

mostly figurative meanings rather than literal. This peculiarity creates difficulty in understanding of them. Especially those who have limited knowledge of idioms may mistakenly understand the figurative meanings as literal. For instance; the English idiom «to let the cat out of the bag» is a metaphorical expression; it means to reveal the secrets of someone. However, even the English speaking people think that it really means to let the cat out of the bag. Or Turkish speaking people understand the idiom in a literal sense and suppose that really someone is letting a cat out of the bag. «Kuyusunu kazmak» (sink /dig somebody's hole- well) is a Turkish idiom which metaphorically means «preparing some plots secretly for someone» also «cook someone's goose «is an English idiom which expresses the same plot by using the different metaphor. If both English and Turkish idioms understood literally, meaning will be totally different.

Since the very beginning of human life in earth human being began to search about secrets of the creation and tried to comprehend the relation between the creator, human and universe. As a result of that, gradually religion and religious issues took place in human life . After the advent of Islam Allah, His names and attributes became the main subject for Muslim scholars, linguists and poets to be searched and used in the different fields. Turkish literature is the best example of this kind in which many idioms that begin with Allah's name. In fact, the name of Allah is generally used in Turkish idioms either to show respect, loyalty, faith and thankfulness to Allah or to remind His existence, unity, power, knowledge generosity, mercy and finally punishments.

This article deals with meaning of some selected Turkish idioms that contain the name of Allah. In this article first of all the meaning of the idioms given with English translation. Then literal or figurative meanings of idioms were expressed in accordance with Turkish culture. In addition, English equivalent of idioms were given if possible. Finally, the usage of idioms demonstrated with examples which excerpted from different Turkish sources. Let's have a look on the meaning and usage of the following Turkish idioms;

ALLAH BİLİR

Meaning of the idiom: «Henüz belli değil. Only Allah knows»[9, 30]

Do you to limitation of human mind and senses some events may remain as mystery and nobody knows how to explain or enlighten them .In other words, human being cannot realise or predict what is beyond limitations. But there is all knower Allah Who knows everything with His infinite knowledge independently. Above given Turkish idiom is used when something is hidden or unknown. We say in the case of unknown matters «Allah bilir-only Allah knows exactly» It can be said that Turkish idiom is based on the following verses

«Do you not know that Allah knows what is in the heaven and earth? Indeed, that is in a Record. Indeed that, for Allah, is easy.» [10, 70]

«Indeed, Allah [alone] has knowledge of the Hour and sends down the rain and knows what is in the wombs. And no soul perceives what it will earn tomorrow, and no soul perceives in what land it will die. Indeed, Allah is Knowing and Acquainted.» [11, 34]

Usage of the idiom: «Herkesin iç yüzünü Allah bilir.» [12, 157]

Allah bilir ne zaman gelir? [13, 380]

«Geleceğini ben de biliyorum, ama ne *zaman gelir*?- «Ne *zaman* mı? Ha valla orasını *Allah bilir*! Artık bugün *gelmez*.»[14, 276]

ALLAH'IN BİNASINI YIKMAK

Meaning of the idiom: «kendini veya başkasını öldürmek. To destroy the building of Allah – kill oneself or others. « [15, 332]

Among the creatures ,human being was created in the best shape and given the highest degree. Whenever we compare the human with other creatures we come to know that human creation is better than other in many aspects. The creation of man was expressed in the following verse; «We have certainly created man in the best of stature»[16, 4] It means the verse proves that Allah the Almighty loves human more than others. As a result of that, killing oneself or others in Islam extremely forbidden. The act of killing oneself or suicide is accepted as a great sin. The following Quranic verse and tradition of the Prophet became source for Turkish idiom.

«But whoever kills a believer intentionally – his recompense is Hell, wherein he will abide eternally, and Allah has become angry with him and has cursed him and has prepared for him a great punishment.» [17, 93]

Narrated Abu Huraira: The Prophet (peace be upon him) said, «He who commits suicide by throttling shall keep on throttling himself in the Hell Fire (forever) and he who commits suicide by stabbing himself shall keep on stabbing himself in the Hell-Fire.» [18, 446]

Above given verse and tradition remarks that killing oneself or suicide strictly forbidden and accepted as a great sin in Islam .Furthermore, those who commit suicide or the act of killing declared to be the dwellers of hellfire eternally .Because man was created naturally and asked (by Allah) to die

naturally in accordance with his predetermined death. Turkish idiom figuratively expresses the great sin (suicide) by using the word «destroying the bina – means building» Actually, «Bina-Building» as a metaphor stands for human life/soul. If someone destroys the building of Allah definitely destroys the soul which was bestowed by Allah the Almighty as trust (amanah) to human being .

No doubt ,due to its metaphorical meaning when the Turkish idiom «Allah'ın binasını yıkmak – To destroy the building of Allah» is directly translated into English or other languages it will not find its equivalent and may not make any meaningful sense. Because at the first sight the idiom will be understood literally and the literal meaning will cause misunderstanding even by Turkish speaking people who has limited knowledge of idioms. It is very important to keep in mind that according to Islamic faith Allah existed even before the existence of time and space and cannot be bound by these parameters. In fact, time and space-place are also included among His innumerable creations.in other words,Allah has no any place or building. To demonstrate the closest relation between Allah and Human soul Turkish idiom figuratively expressed the soul as Allah's building.

Usage of the idiom: «Adam öldürmek ve *Allah'ın binasını yıkmak* fena bir şeydir.» [19, 17]

«Kul haklarından da önce *Allah'ın binasını yıkmak* demek olan adam öldürmeden sorulacaktır.» [21, 251]

ALLAH VERSİN

Meaning of the idiom: «May Allah give/help-Don't wait go away I will not give charity»[21]

The idiom is actually used for beggars who always bother people in public by asking some charity. Actually, bagging was criticized in many cultures and religions. The prophet Muhammad (p.b.u.h.) encouraged his companion to work and earn livelihood with sweat. «He said; «It is better for anyone of you to take a rope and bring a bundle of wood over his back and sell it, and Allah will save his face because of that, rather than to ask the people who may or may not give.»[22]

It can be said that Turkish idiom literally reflects the reactions of Turkish people against the beggars who accustomed to ask financial help and make money on the streets. In Turkish if said «Allah versin – may Allah give» means go away I don't want to give you anything. In fact, it is a very soft form of rebuking the beggar just to remind him the importance of working and earning. No doubt the following verse forbids us to admonish the beggars harshly even who habitually ask money. «And as for the petitioner, do not repel [him]» [23, 11] Somebody may ask why the beggar is directed to Allah?. As it was expressed in Holy Quran;»Allah is the best of providers»[24, 11] Turkish and other Muslim societies believe that Allah is needless and provides everything freely. Therefore the beggar is directed to Allah who will give or provide whatever being asked.

Usage of the idiom: «Sonra *kapıyı* başı beyaz külâhlı bir adam açtı. Açmasıyla da bağırdı: – *Allah versin*!.. *Kapıyı kapadı* yüzüne.Biran sendeleyen genç kadın... Ama düşmedi, *dilenci* olmadığını bu başı külâhlı küstah adama öğretecekti» [25, 110]

ALLAHA KALMIŞ

Meaning of the idiom: «Kimsenin kendisine yardım edemediği bir durumda çaresiz kalmak.To be in helpless condition.» [26, 121]

Success is a very sweet fruit of hardworking. However, sometimes attempts for success end with a great disappointment. Actually, Turkish idiom indicates a case which is beyond human power and only get normalized by the help of Allah. The same situation may be expressed in English «in the lap of the gods.»

In Turkish culture if anyone says «iş Allah'a kalmış» means there is no way to get rid off if unexpected miracle doesn't take place. It can be said that idiom on the one hand, reflects the weakness of man who didn't find any solution for his failure. On the other hand, the same idiom demonstrates the faith of man who expects assistance from Allah to get rid of all failures.

Usage of the idiom: «O üç adam: – Artık dünya ile ilgimiz kesildi, *işimiz Allah'a kaldı*. Bizi buradan ancak Allah kurtarır.Şimdi herkes Allah için yapmış oldukları iyilikleri hatırlayarak Allah'a dua edelim ki, bizi bu felâketten kudretiyle kurtarsın, dediler.» [27, 190]

«Biraz böyle sus oturduktan sonra Yakup Ağa, «Kaymakam Bey bilmez, biz de bilmeyiz; işimiz *Allaha kaldı.»*[28]

ALLAH BİR YASTIKTA KOCATSIN

Meaning of the idiom: «Yeni evlilere evliliğiniz ömür boyu olsun anlamında söylenen iyi dilek sözü – May Allah makes both of you older on the same pillow -have a long lasting marriage it is said to for new married couples as a well wishing» [29]

Turkish idiom is related with marriage and family life. According to Islam and Turkish tradition the best family life is the one which is based on mutual understanding, respect, justice and love. His exemplary life is one of the best path for the partners to be followed. Best marriage that begins here in this world end continues in hereafter. Unfortunately,

today marriage and divorce performed quickly. Therefore, to remind the importance of long lasting marriage and family life, it is said for new married couples «Allah bir yastıkta kocatsın» means; both of you get older together on the same pillow-sleep together on the same pillow till the end of life. If we take a look on the idiom «Allah bir yastıkta kocatsın-May Allah makes you older on the same pillow» is an invocation for newly married couple and figuratively expresses the hope or expectation of long lasting marriage.

The above given idiom has figurative meaning and in the case of direct translation to English it will not understood truly.Becasue getting older together on the same pillow perhaps will remind sth else.It will be better to say have a long lasting marriage that will not cause any misunderstanding in English .

Usage of the idiom:»Zeynep Hanım mahcup ve çekingen: – Allah bağışlasın... *Allah bir yastıkta kocatsın* beyim.Dedikten sonar bana: – Hoş geldin hanımım. Obamıza şenlik getirdin.Beyimize köle idik, senin için de köle oluruz... dedi.» [30, 57]

ÖLÜM ALLAH'IN EMRİ

Meaning of the idiom: «herkes ölecek, ölmek kaçınılmazdır-Death is Allah's determination and must happen – Since all men are mortal and must die.» [31]

Poor or rich one day every human will taste the death which is inevitable to escape .History showed us that regardless of their social and financial status many people passed away. The above-mentioned Turkish idiom indicates the death as Allah's order or wishes. In fact, death of a person is destiny which was predetermined by Allah before the creation of universe. Therefore death is as normal as birth and beyond the control of human. This idiom is especially used to remind someone death and be honest during whole of his life. Also the idiom used in Turkish to show one's rigid decision on something to do. The above given idiom also based on the following verses of the Holy Quran.

«Every soul will taste death, and you will only be given your [full] compensation on the Day of Resurrection. So he who is drawn away from the fire and admitted to Paradise has attained [his desire]. And what is the life of this world except the enjoyment of delusion.» [32, 185]

«He it is Who has created you from clay, and then has decreed a stated term (for you to die). And there is with Him another determined term (for you to be resurrected), yet you doubt (in the Resurrection).» [33]

«[He] who created death and life to test you [as to] which of you is best in deed – and He is the Exalted in Might, the Forgiving-»[34] Usage of the idiom: «Benim bir çok subay arkadaşlarım vardı. Muharebede öldüler. Orasına kimse karışmaz. Ölüm Allah'ın emri.» [35, 331]

ALLAH ÖVMÜŞ DE YARATMIŞ

Meaning of the idiom: «Güzellik için- Çok güzel -It is used for extremely beauty -beautiful person.»[36, 244]

Turkish idiom depicts the state of a person whose eyes and heart attracted by blinding beauty. In fact, when Turkish people see a beautiful person say «Allah övmüş de yaratmış-Allah created and glorified or Allah created him/her specially. It is crystal clear that Allah created everybody in a good and beautiful shape. However, Turkish idiom exaggeratedly brought the individual beauty to the fore. It can be said that the following verse became a source for Turkish idiom that expresses the issue perfectly Allah says; «We have certainly created man in the best of stature.» [37]

Usage of the idiom: «Allah seni övmüş övmüş yaratmış; elbet huyun suyun da güzel olur ama, bilmem talihin de yüzüne gülüyor mu?» [38, 17]

To sum up: Islam had a great impact on Turkish culture, tradition and literature. As a creator of the whole world, with His infinite power, knowledge and other attributes, Allah`s name always attracted the attentions of believers. In order to show love, respect, admiration and fear the name of Allah was used in Turkish literature such as in poems, novels and fictions.

Finally, it can be said that after embracing Islam the name of Allah was mostly used in Turkish idioms. Allah's name was used to describe different situations which can be summarized as follows.

To indicate Allah's power and human weakness:

ALLAH BİLİR (Only Allah knows)

ALLAH VERSİN (May Allah give/help)

ALLAHA KALMIŞ (Left to Allah's hand-In Allah's hand)

To remind Allah's determination and life hereafter:

ÖLÜM ALLAH'IN EMRİ (Death is Allah's determination and must happen)

To warn against crime and suicide:

ALLAH'IN BINASINI YIKMAK (To destroy the building of Allah – kill oneself or others)

To demonstrate one`s good wishes and praying for others:

ALLAH BIR YASTIKTA KOCATSIN (May you get older on the same pillow-have a long lasting marriage – grow old together.)

References

1 http://www.ldoceonline.com/dictionary/idiom/16.05.2015.
2 Kaplan TOEFL IBT Premier 2014-2015 with 4 Practice Tests, Kaplan Publising, Newyork, 2014. – P. 231.
3 Romero Angelita D., Romero Rene C., Developmental Reading Rex Printing Company, 1995, Quezon City. – P. 51.
4 Dostert Bozena Henisz, Macdonald R.R., Zarechnak Michael, Machine Translation , Walter de Gruyter, Publishers, 1979, Berlin. – P. 111.
5 Felder Lynda, Writing for the Web, Que Publishing, USA, 2011. – P. 18.
6 http://www.learnersdictionary.com/definition/idiom/17.05.2016.
7 Çotuk söken, Yusuf, Deyimlerimiz, Özgül Yayınları Eğitim ve Öğretimde Kaynak Kitaplar Dizisi, İstanbul, 1992.
8 Hamidoğlu Fethi Gözler, Örnekleriyle Türkçemizin Açıklamalı Büyükdeyimler Sözlüğü, Inkilâpve Aka Kitabevleri, 1975. – P. 30.
9 Al-Haj, 70.
10 Luqman, 34.
11 Gölpınarlı Abdulbaki, Tasavvuf'tandeyimlerveatasözleri, İnkılâpve Aka Kitabevleri, 1977, Page,157.
12 Büyüklûgatve ansiklopedi, MeydanYaninevi, 1985, Volume 2. – P. 380.
13 Baykurt Fakir, Köşebucak Anadolu, PapirüsYayınları, 1998. – P. 276.
14 Kılıçlıoğlu Safa,Büyüklûgatve ansiklopedi, MeydanYayınevi, 1985. – P. 332.
15 At-Tin, 4.
16 An-Nisa, 93.
17 Sahih Al-Bukhari, Vol. 2, Book 23, Hadith. – P. 446.
18 Barlas Cafer, Kafkasya'nın kurtuluş mücadelesi,imamlar, Kitabevi, İstanbul, 1990. – P. 107.
19 Hançerlioğlu Orhan, İslâm inançları sözlüğü, Remzi Kitabevi, İstanbul, 1984. – P. ,254.
20 Sahih Bukhari, Hadith No. 1471, Book of Zakat, Vol. 2.
21 Ad-Duhaa, 10.
22 Al-jumu'ah, 11.
23 Başaran Pakize, Deveninöcü, İtimat Kitabevi, İstanbul, 1969. – P. 110.
24 Tanyeri M. Ali, Örnekleriyle Cumhuriyet şiirinde deyimler, MVT Yayıncılık, İstanbul, 2006. – P. 161.
25 Efendi Osman, En Güzel Dini Hikayeler, Ailem Yayınları, 2014, İstanbul. – P. 190.
26 Esendal Memduh Şevket, Uyguner Muzaffer Birkucakçiçek, Bilgi Yayınevi, Ankara, 1984. – P. 125.
27 http://www.edebiyat sayfası.com/a-sozlugu-deyim-2/08.05.2015.
28 http://atasozlerideyimler.com/icerik-detay/allah-versin/39877/08.05.2015.
29 Attilâ Mahmut, Bir kadinin hayati, Ahmet Halit Kitabevi, İstanbul, 1943. – P. 57.
30 http://www.tdk.gov.tr
31 Ali-Imran, 185.
32 Al-Anam, 2.
33 Al-Mulk, 2.
34 Tahir Kemal, Esir şehrin insanları, İthaki Yayınları, İstanbul, 2007. – P. 331.

Әлкебаева Д.А.

Функционалды грамматиканың негізгі ұғымы – категориялық жағдаят туралы

Бұл мақалада функционалды грамматиканың негізгі зерттейтін нысаны категориялық жағдаят туралы қарастырылады. Жалпы тіл ғылымындағы категориялық жағдаят туралы берілген ғылыми концепцияларды тереңдетіп қарастыру арқылы ғылыми тұжырым жасау көзделінді. Бұл мақалада сөз сөйлеудегі категориялық жағдаят функциясын анықтау қарастырылған. Функционалды грамматика тілдің дәстүрлі жүйесінің негізін нысанаға ала отырып, сөйлеу процесінде сөйлеу актілері бойынша категориялық жағдаят қандай функция атқарады немесе атқарып тұр деген мәселені тануға, соны оқып-үйретуге, меңгеруге талап қояды. Сондықтан категориялық жағдаят жасайтын тілдік бірліктердің функционалды-семантикалы өрістегі маңызын ашу мен оның түрлерін анықтау басты міндет ретінде алынады.

Түйін сөздер: категориялық жағдаят, функция атқару, таным, болмыс, әлеуетті функция, функционалды-семантикалық өріс, лингвистикалық жағдаят.

Alkebaeva D.A.

About a categorial situation as main object of functional grammar of the Kazakh language

In the present article the problem of a categorial situation of functional grammar of the Kazakh language as main object of the science studying a phenomenon of functions is considered. By means of profound consideration of scientific concepts about a categorial situation of functions, scientific assumptions of word creation of the person are made. The author emphasizes that feature of functional grammar of the Kazakh language consists in the complex and integrating approach in which are taken as a basis the analysis of CS is closely connected with studying of speech activity of speaker (writer). Concrete options of the analyzed standard situations (in particular, temporal, personal, modal) participate in formation of semantic structure of the text as whole. The linguistic analysis in such approach is directed on studying of interaction of elements of different levels on a functional basis. The analyzed unities integrate elements of different levels (within morphology, syntax, in the sphere ´ front lexicon).

Key words: a categorial situation, knowledge, life, functioning, potential function, it is functional – a semantic field, a linguistic situation.

Алкебаева Д.А.

О категорильной ситуации как основном объекте функциональной грамматики казахского языка

В настоящей статье рассматривается проблема категориальная ситуация функциональной грамматики казахского языка как основного объекта науки, изучающей феномен функций. Посредством углубленного рассмотрения научных концепций о категорильная ситуация категории , выдвигаются научные предположения о словотворчестве человека. Автор подчеркивает, что особенность функциональной грамматики казахского языка заключается в комплексном и интегрирующем подходе, при котором за основу берутся анализ КС тесно связан с изучением речевой деятельности говорящего (пишущего). Конкретные варианты анализируемых типовых ситуаций (в частности, темпоральных, персональных, модальных) участвуют в формировании семантической структуры текста как целого. Лингвистический анализ при таком подходе направлен на изучение взаимодействия элементов разных уровней на функциональной основе. Анализируемые единства интегрируют элементы разных уровней (в рамках морфологии, синтаксиса, в сфере строевой лексики).

Ключевые слова: категорильная ситуация, познание, бытие, функционирование, потенциальная функция, функционально-семантическое поле, лингвистическая ситуация.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 811.512.122’36

Әлкебаева Д.А.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, ф. ғ. д., Алматы қ, Қазақстан,
e-mail: alkebaeva@mail.ru

ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМЫ – КАТЕГОРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЯТ ТУРАЛЫ

Функционалды грамматикада тіл деңгейі бірліктеріне талдау кешенді түрде жүргізіледі. Мұнда тіл деңгейлері арасындағы байланыс ортақ семантика заңдылықтары арқылы жүзеге асады. Айтушының сөз сөйлеу актілеріндегі айтатын пікірінің мазмұнын құрайтын әр деңгей элементтері жеке-дара емес, мағыналық тұтастықта алып талданатындықтан, бұл функционалды грамматиканың бір жағынан, деңгейлі (дәстүрлі) грамматикадан ерекшелігін көрсетсе, екінші жағынан, құрылымдық сипаты бойынша түрлі деңгейлі, басым сипатына қарай жүйелі-үйлестіруші грамматика деп аталуына негіз болады. Дәстүрлі грамматикада әр тіл деңгейі – фонетика, лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис жеке-жеке алынып, ондағы тілдік бірліктердің өзіндік ерекшеліктері жеке ашылып көрсетілетіндіктен, тілде ол жүйелі-саралаушы сипатқа ие болып келеді.

Қазіргі лингвистикада функционалды грамматиканың негізгі категориялары мен ұғымдары жалпы тіл ғылымында жаңжақты қарастырылуда [1, 2, 3].

Ал функционалды грамматика ұғымдарының қатарынан орын алатын категорялық ситуация ұғымы, жалпы тіл ғылымында жан – жақты қарастырылып келеді. Соңғы жазылған шетелдік және Отандық ғылыми әдебиеттерде категориялық жағдаят туралы жиі жазыла бастады [4, 5, 6]. Олардың қатарына жалпы тіл ғылымындағы, сондай-ақ орыс және басқа тілдермен салыстыра зерттелінген А.В. Бондарко [4].

А.В. Бондарко функционалды грамматиканы функционалды-семантикалық өрістер теориясына негіздеп қарастырды. А.В. Бондарко «функционалды-семантикалық категория теориясы, функционалды-семантикалық өріс, категориялық жағдаят» деп аталатын «триада» принципін қолдану арқылы функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары мен категорияларын анықтап берді.

Функционалдық-семантикалық өріс дегеніміз – тілдік жүйедегі әр алуан тілдік бірліктердің уақытқа немесе кеңістік, сын-сапалық, сан-мөлшер ұғымдарына, сондай-ақ олардың мағыналық-мазмұндық жиынтығы – таным мен ұғымның жекеліктен жалпылыққа, қарапайымнан күрделіге бағытталған кешенді сипаты.

Функционалды грамматиканың бұл түрі түрлі тілдік дейгейлерге жататын бірақ семантикалық функциялары бойынша біріктірілген құралдарды бір жүйеде қарастырады. Функционалды грамматиканың пәні болып функция жүйесіндегі тілдің грамматикалық құрылысы табылады, сонымен бірге оның қоршаған орта элементтерімен өзара байланысы кезіндегі қызметі де функционалды грамматиканың негізгі зерттеу нысаны саналады. Функционалды грамматиканың негізгі ерекшелігі грамматикалық бірліктер, лексика мен контекстің, тілдік құралдардың қызмет жүйесінің өзара байланысын түсіндіруге бағытталуында болып табылады.

Функционалды грамматика мұндай құрылымдық құбылыстарды тереңірек зерттейді, осы саланың тағы бір ерекшелігі – оның тілдің үлгісін құрастыру емес, коммуникативті жағдаятты түсіндіруінді басты ұстаным етіп алады. Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі – категориялық жағдаят. Соңғы жылда жазылған шетелдік және отандық лингвистикалық әдебиеттерде категориялық жағдаятқа қатысты қарастырылған еңбектер еңбектер жиі жазыла бастады [6, 7]. Категориялық жағдаят шындықтың бір көрінісі жағдаят, факт, т.б. Жалпы алғанда сөздің экстралингвистикалық референті болып саналады.

Ал дәстүрлі грамматикада грамматикалық категориялар қарастырылып, грамматикалық мағына беретін грамматикалық формалар жеке дара түрде талдауға түседі, категориялық жағдаят қарастырылмайды.

Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі категориялық жағдаят екені айтылды. Жалпы ғылыми деректер негізінде «жағдаят» туралы түсініктер XX ғ. 70-жылдарында Ленинградтағы лингвистикалық зерттеулерді етіс категориясының валенттілігіне қатысты еңбектерде айтыла бастады. Осы зерттеулерде етістікті сөйлемдердің ұғымдық мәнін ашудағы жағдаяттың қатысы арқылы қарастырылған болатын. Категориялық жағдаят функционалды грамматикада басқа ұғымдары сияқты маңызды роль атқарады.

Категориялық жағдаят функционалды-семантикалық өрістің тілдегі көрінісі болып табылады. Функционалды грамматиканы зерттеген орыс ғалымы Бондарко А.В. категориялық жағдаятты жеке теория ретінде қарастырады да, оны фукционалды-семантикалық өріс теориясының ары қарай дамуы деп сипаттайды. Автор категориялық жағдаятты «1. айтылым арқылы берілетін жалпы сигнификативті (семантикалық) жағдаяттың бір аспектісін білдіретін; 2. белгілі бір семантикалық категорияға және функционалды-семантикалық өріске жататын мағыналық құрылым» деп көрсетеді.

«Категориялық жағдаят – белгілі бір грамматикалық формаға «берік қатып қалмаған» мазмұндық құрылым» деген ғылыми түсінік арқылы қорытындылауға болады. Ол айтылымның түрлі элементерімен, айтылымның өзімен тікелей байланысты, яғни айтылымның жағдаяттық сипаттамаларын білдіреді. Бұл жерде сөйлеушінің сөзімен берілген ақпараттың тыңдаушыға дұрыс жетуі, тыңдаушының сөйлеушінің сөйлеудегі мақсатын дұрыс түсінуіне назар аударылады. Сөйлеушінің сөзі мағынасы айтылымның тек вербалды фрагменттері арқылы ғана берілмейді, ол сонымен қатар жағдаяттық ақпаратқа, энциклопедиялық ақпаратқа, сөйлеуші мен тыңдаушының біліміне де негізделеді. Ақпаратты қабылдау әр жеке тұлғада түрліше болады, себебі қабылдаушы адам өзінің қайталанбас ішкі-дүниесімен ерекшеленеді. Жеке тілдік тұлғаның білімі мен тәжірибесі, болмыс туралы ойлауы мен сезіну қабілеті, сондай-ақ тәрбие мен білім ерекшелігі, белгілі бір әлеуметтік орта мен қоғам әсері, тұлға ретінде, дүниетанымының қалыптасу ерекшелігі, т.с.с. сөз сөйлеуде түрлі ситуацияда айқын көрініп отырады.

Категориялық жағдаят туралы айтқанда мына қағиданы басты назарға алу керек. Категориялық жағдаят белгілі бір грамматикалық формаға бекітіліп қойылмаған, ол толық сөзде, сондай-ақ жеке тілдік құралдардан да тұруы мүмкін. Сөйленімнің категориялық доминанты категориялық жағдаяттардың өзара байланысты кешенін түзеді.

Ақпаратты алушының мәтіндегі мазмұндық әрі эмоционалды ақпаратты толығымен түсінуі үшін білімді болғаны және эстетикалық тұрғыдан қабылдай алуы қажет. Сөйлеуші мен тыңдаушының, жазушы мен оқырманның, адресант пен адресаттың энциклопедиялық ақпараты, жағдаяттық ақпараты және білімі барлық жағдайда сәйкес келе беруі де бермеуі де мүмкін.

Сөйлеу негізінде тілдік бірліктер негізгі ақпараттық мазмұнын беретін бөлігін категориялық жағдаятқа жатқызылады.

Категориялық жағдаятты бірнеше топқа бөліп те қарастырады. Олар «жалпы жағдаят», «жекелеген жағдаят» деп 2-ге бөлінеді.

«Жалпы жағдаяттың» құрамында:

а) модальдылық (іс-әрекеттің айқындылығы);

ә) таксистік (бір мезгілде бірінен соң бірі өтетін екі оқиға); в) темпоралдылық

г) аспектуалдылық,

д) жақтылық (белгілі бір жақ) категорияларының семантикалық элементтерімен өзара байланыста беріледі.

«Жекелеген жағдаяттың» құрамына:

а) семантикалық категорияны білдіретін факторлар;

ә) нақты сөйлеу сәтіне байланысты сигникатифті мағынасының белгілі бір аспектісін көрсетеді;

б) құрылымында етістік болады; в) жағдаятқа қатысты сөз сөйлеуші түрлі тілдік деңгейлерге сүйенеді .

Категориялық жағдаятта бір ұғымға топтастырылған тілдік бірліктер арқылы талдап түсіндіруге болады. Мысалы, субъекті өзінің танып-білген ұғымын өзіндік бітім-болмысын, дүниетанымын көреді, ойлайды, сезінеді. КЖ сөйлеу сәтіне өзгеріс енгізеді.

Айтушы сөйлеу сәтіндегі баяндалып отырған құбылысқа өз танымы арқылы баға береді, мақсатын айқындауды меже етіп алады да, ниетін түсіндіреді. Сондықтан, темпоралдылық ұғым таксистік категориялы ұғымға ауысады немесе шарттылық мән мен себеп-салдарлық ұғымға да өзгеріп отырады. Адамдық фактор функционалды-семантикалық өрісті тудырса, категориялық жағдаят осында қолданылған тілдік бірліктердің басқа ұғымға өтуіне ықпал ететіндіктен, категориялық жағдаят функционалды семантикалық өрістің дамуының жалғасы деп айтылады.

Сондықтан категориялық жағдаят жалпы тіл білімінде функционалды грамматиканы тиісті деңгейде зерттеп, қалыптастыруға зор көмегін тигізеді. Функционалды тіл білімі тіл табиғатын кешенді сипатта зерделеу адамдардың қарым-қатынасында белгілі бір хабарды жеткізуде қолданылатын лексика-грамматикалық бірліктердің қызмет жүйесінің өзара әр түрлі тіл деңгейлі бірліктерінің қызметі жағынан өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі сияқты т.б. мәселелерді зерттейтіндігін көрсетті.

Функционалды грамматиканың негізгі теориясы сөз сөйлеу теориясына қатысты қарастырылды. Қазақ тілін функционалды тұрғыдан зерттеудің басты ерекшелігі – сөйлеу барысында қолданылатын тілдік құралдардың қызметі ситуация мен контексте бір ортақ ұғым мен категорияларға топтастырылуын негізге ала отырып, ортақ заңдылықтарын айқындау. Құрылымдық грамматикада тілдік бірліктердің жасалу жолдары жеке-жеке алынып, әр сөз табына қатысы қарастырылып, әрқайсысының белгілі категориялық корпусқа тән формалары айқындалды.

Функционалды грамматикада сөйлеу кезіндегі адамдық фактордың ақыл-ойы, танымы әр түрлі деңгейлік тұлға бірліктердің динамикалық аспектіде қолданысқа енген тілдік бірлікті жеке алып, функционалды семантикалық өрісте белгілі мағыналық тұтастыққа біріктіре отырып, көп жүйелілік талдау әдісімен кешенді түрде қарастырылады. Дәстүрлі грамматикада есім сөздер немесе үстеу, етістіктің шақ категориялары жеке сөз табына бөлініп қарастырылады. Функционалды грамматикада әр сөз табына жататын тілдік бірліктер белгілі бір ұғымның аясына топтастырылып, бір мағыналық тұтастық құрай отырып, көпжүйелі талдауға негізделеді.

Функционалды грамматика мен құрылымдық грамматиканың өзіндік ерекшеліктерімен қабат, ұқсас жақтары да көп. Бір еңбектерде тілдік функционалды қырын зерттеу барысында оның таза функционалдық жағы басым сипатта болса, екінші бір еңбектерде құрылымдық сипаты басымдыққа ие болып жатады.

Функционалды грамматика тілдік жүйе мен оның элементтерінің қалай, не үшін қызмет ететіндігін айқындауды мақсат етеді; тілдік бірліктердің сөйлеудегі қолданыс әлеуетін оны жүзеге асыратын ортамен байланыста қарастырады; әр түрлі тіл деңгейі бірліктерінің қызметі жағынан өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі бір мағыналық тұтас жүйе бойынша айқындалады. Ал, дәстүрлі грамматикада грамматикалық категориялар қарастырылып, грамматикалық мағына беретін грамматикалық формалар жеке-дара зерттелінеді, ал тілді зерттеудің функционалды бағыты «мазмұннан формаға қарай» бағытта мазмұнды беруге қатысатын тілдік бірліктердің қолданысы кешенді түрде талдауға түседі. Мазмұнды жеткізу үшін тілдік жүйеден алынған бірліктер семантикалық өріс түзеді. Тілдік бірліктер өріске семантикалық функцияның ортақтығы негізінде бірігеді. Жалпы лингвистика ғылымының барлық саласы сияқты функционалды грамматиканың негізгі ғылыми базасы, ғылыми-теориялық негізі, басты-басты терминологиялық аппараты, бірегей ұғымдары мен категориялары бар. Функционалды грамматиканың ғылыми теориялық базасының басымдылығын айқындау осы саланың негізгі ғылыми концепциялары ұзақ сатылы даму үрдісін біртебірте қалыптасқанын дәлелдейді.

Сонымен, функционалды грамматиканың негізгі қарастыратын нысаны –сөз сөйлеу кезіндегі ситуацияның негізінде қолданылатын әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің қызметі көпжүйелік талдау арқылы анықталады. Сондықтан

осы саланың негізгі ұғымдары бір-бірімен өзара әрекеттесіп, байланыста болады. *Күшті ақын өзгелерді өзіне еріксіз еліктетеді, соңынан шәкірт ертеді; әдебиет жүзіне жаңа жол (школ) ашады (Ж. Аймауытов)*. Осы жерде баяндалып отырған оқиғаның жалпы болмыстық бейнесі мезгіл ұғымы арқылы анықталып тұр. Сөйлемдегі еліктетеді, ертеді, жол ашады дегенде уақыт категориялары темпоралдылық және таксистік ұғымды қатар береді. Сөйлемдегі етістіктер біріншіден темпоралдылық уақыт ұғымын береді. Екіншіден, етістіктер бір мезгілде оқиғалардың өзара қарым-қатынасы абстракты түрде мағыналы тұтастық құрай отырып, таксистік ұғымды береді. Ол болмыстың адам санасында қалыптасқан немесе қалыптасуға тиісті бейнесін нақтылауға қатысты мезгілдік ұғыммен топтастырылып анықталады. Таксис ұғымы функционалды грамматиканың басқа категорияларымен де өзара әрекеттесіп жатады. Кез келген оқиға, құбылыс динамикалық әрекетке белгілі ортада, уақытта қимыл арқылы өтеді. Функционалды грамматиканың бір ұғымы екінші бір ұғым – категориямен де байланысып жатады. Мысалы, *Осы сөзді айтып күліңкіреп, көзін ерке мысықтай сығырайтыңқырап сипап, Шолпан Әзімбайға қарады* (М. Жұмабаев). Осы жерде таксистік ұғым аспектуалдық категориясымен астасып жатыр.

Уақыт категориясына жататын темпоралдылықты білдіретін тілдік құралдар таксис ұғымымен немесе аспектуалдылық категориясымен байланысып жатса да оларды анықтайтын тілдік бірліктердің арасында нақты шек жоқ.

Функционалды грамматикада тіл сөйлеу деңгейінде (речь), динамикалық аспектіде қарастырылады. Мұнда тілдік бірліктер мен тіл жүйесінің сөйлеудегі қызметі, тілдік бірліктердің қолданылуы сөйлеу жағдаятымен, контекстпен бірлікте алып зерттелінеді.

Әдебиеттер

1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.

2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

3 Аманжолов.С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, «Санат»,1994. – 320 б.

4 Бондарко А.В. Проблемы функциональной грамматики. Полевые структуры. – СПб.: Наука, 2005.

5 Қазақ тілінің функционалды грамматиткасы. – Алматы: ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.

6 Қазақ тілінің функционалды грамматиткасы / Жауапты редактор М. Малбақов. – 1-кітап. – Алматы: Дайк- Пресс, 2011. – 808 б.

7 Кравец. Т. В. Категориальная ситуация немецкого прощания (ABSCHIED) в свете теории / Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов. – 2014. – 12 (42), в 3 ч. – Ч. 1. – С. 101-1067.

8 Әлкебаева. Д. А. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 178 б.

References

1 Baytursi’nov A. Til taghi’li’mi’. – Almati’, 1992. – 448 b.

2 Jubanov Q. Qazaq tili jo’nindegi zerttewler. – Almati’: Memlekettik tildi dami’tw i’’nsti’’twti’, 2010. – 608 b.

3 Amanjolov.S. Qazaq a’debi’’ tili si’’ntaksi’’sining qi’sqasha kwrsi’. – Almati’, «Sanat»,1994. – 320 b.

4 Bondarko A.V. Problemi’ fwnkci’’onal#noy grammati’’ki’’. Polevi’e strwktwri’. – SPb.: Nawka, 2005.

5 Qazaq tilining fwnkci’’onaldi’ grammati’’tkasi’. – Almati’: JShS «Anwar-KZ», 2010. – 720 b.

6 Qazaq tilining fwnkci’’onaldi’ grammati’’tkasi’ / Jawapti’ redaktor M. Malbaqov. – 1-kitap. – Almati’: Dayk- Press, 2011. – 808 b.

7 Kravec. T. V. Kategorial’naya situaciya nemeckogo proshchaniya (ABSCHIED) v svete teorii / Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – Tambov. – 2014. – 12 (42), v 3 ch. – CH. 1. – S. 101-1067.

8 A’lkebaeva. D. A. Qazaq tilining fwnkci’’onaldi’ grammati’’kasi’: – Almati’: Qazaq wni’’versi’’teti, 2013. – 178 b.

Айсұлтанова Қ.Ә.,
Алиярова Л.М.

Қазақ тіліндегі терминжасам мәселелері

Мақалада ұлттық терминологияны дамыту, төл терминдерді қалыптастыру бағыты нақтыланып, оның тілді дамытудағы тиімділігін ашып көрсету үшін терминжасам тәсілдерінің зерттелуі қажет екендігі айтылады. Терминжасам мен тілдік процестерге әсер етуші факторларға талдау жасалады. Ғылыми теориялық тұрғыдан сәтсіз термин жасаудың себептері мен оларды болдырмау жолдары көрсетіледі. Қазақ тілінде терминжасам тәсілдері түрлі ғылым салаларына арналған терминдерде кеңінен пайдаланылады. Терминжасам тәсілдерін терминдер үшін ғана емес, қазақ тілінің қолданылу аясын анықтау үшін де қажет. Сондай-ақ, терминжасам тәсілдерін зерттеу ұлттық терминологияны дамытуға, байырғы терминдердің бағыттарын айқындау,тілді дамытудағы артықшылықтарын анықтайды. Әсер ететін факторларды анықтау процесі әр түрлі көзқарас бар терминжасамның практикалық міндеттерді айқындау, болашақта термин жасауда терминшығармашылығына ықпал етеді. Қазақ лексикасының да терминдену мүмкіндігі зор екенін талдау арқылы қарастырады.

Түйін сөздер: терминжасам, ұлттық психология, терминологиялық өріс, тілдік қор, ғылым саласы, термин шығармашылығы.

Aisultanova K.A., Aljarova L.M.

Problem of term formation in kazakh language

This article is devoted to study sources of term formation in Kazakh terminology, modes of term formation in Kazakh language. The reasons for the creation of unsuccessful terms and ways of creating quality terms from the point of view of scientific theories. Kazakh vocabulary has been analyzed, considered and also has a chance for term formation. The modes of term formation, defined through scientific research, are widely used in term formation in Kazakh language in different scientific spheres. Defining of term formation modes is necessary not only for terms but also for revealing appliance sphere of Kazakh language. The research of term modes contributes to the national terminology development as well, defining the direction of original terms formation, revealing of its advantages in language development. Revealing of different factors, influencing the process of term formation contributes in practical sense to the defining future objectives of creative work in term formation.

Key words: term formation, national psychology, term field, language stock, scientific sphere, termworks.

Айсултанова К.А.,
Алиярова Л.М.

Проблемы терминообразования в казахском языке

В статье рассматривается изучение истории источников терминообразования в казахской терминологии, приемы терминообразования казахского языка, различные факторы, влияющие на использование терминов казахского языка. Указываются причины создания неудачных терминов и пути создания качественных терминов с точки зрения научной теории. Приемы терминообразования широко используются в образовании терминов на казахском языке в различных отраслях для терминов науки. Определение приемов терминообразования необходимо не только для терминов, но и для более четкого выявления сферы применения казахского языка. А также, исследование приемов терминообразования способствует развитию национальной терминологии, определению направления образования исконных терминов, выявлению его преимущества в развитии языка. Выявление различных факторов, влияющих на процесс терминообразования способствует с практической точки зрения на определение будущих задач творчества терминообразования.

Ключевые слова: терминообразование, национальная психология, терминологическое поле, языковой запас, сфера науки, терминотворчество.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81:37. 373; 001.4

[1]Айсұлтанова Қ.Ә., [2]Алиярова Л.М.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
[1]доценті, ф. ғ. к., [2]аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: aisultanova95@mail.ru; aliyarova.laura@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Терминдердің осы уақытқа дейін орыс немесе басқа тілдерден кірігіп, тіліміздің терминдік қорын байытып келгені белгілі. Осыған байланысты соңғы ұлттық тіл мәселесіне, сонымен бірге ұлттық терминдерді қалыптастыруға мықтап ден қоюымызға орай тіліміздегі сөздер мен терминдердің көпшілігі шама-шаркынша қазақ тіліне аударыла бастады.

Дегенмен, терминдер мен сөздердің көпшілігінің қазақ тіліндегі нұсқасы әлі де үйлесімді қолданыс таба алмай жатыр. Олардың бірқатары қазақ тілінде қолданысқа ие болып, қалыптасып үлгерсе, енді басқалары сынға ұшырап, кеңінен қолданыс таппай, тілдік қорымызда әлі де қалыптаспай отыр. Осыған байланысты осы жағдайлардың себептері неде, кей аудармалардың қалыптасып, кей нұсқаларының қалыптаспай, қолданыс таппай отыруының себебі неде, олардың қалыптасуына немесе қалыптаспауына әсер етуші қандай ықпалдар бар, неге өзге тілдердің терминдері мен кірме сөздері тіліміздe қалыптасып, қолданыс тауып кетуге бейім, неге аударма терминдер жасауға мәжбүрміз, ана тіліміздегі сөздер шын мәнінде термин жасауға, басқа тілдің сөзін аударып беруге икемсіз бе деген сияқты жан-жақты заңды сұрақтар өз-өзінен туындайды.

Бір жағынан, аталған сұрақтар қарапайым сұрақтар сияқты болып көрінуі мүмкін. Екінші жағынан, бұл сұрақтардың жауабы ғылыми негізді, дәйекті тұжырымды қажет етеді. Біздіңше, негізінен бұл сұрақтардың жауабы терминжасам мен тілдік процестерге әсер етуші факторларға, ықпал етуші сыртқы күштерге байланысты. Сондықтан аталған сұрақтардың жауабын осындай әртүрлі факторларды қарастыру арқылы табуға болатын сияқты. Мүмкіндігінше аталған ықпал етуші күштерді қарастыра отырып, жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздеуге ұмтылып көрейік.

Негізінен бұл мақсатта анағұрлым ілгері дамығандықтан, орыс тілі терминологиясындағы немесе орыс тілі арқылы аударылып берілген басқа тілдің терминологиясындағы ғылыми еңбектерге сүйенетініміз ақиқат. Ал бұл сияқты еңбектерде термин қалыптастыру үрдісіне әсер етуші факторлар жөнінде соншалықты маңызды пікірлер жоқ. Терминологиясы дамыған тілдерде ондай мәселе жоқтың қасы деуге болады. Орыс терминологиясына өзіндік үлестерін қосқан А.А.Реформатский [1,

46], А.В.Суперанская [2, 58], В.П.Даниленко [3, 92] сияқты белгілі ғалымдардың еңбектерінің өзінде аталған тақырыпқа қатысты ойлар қозғалмайды. Бұлай болуы заңды да. Өйткені басқа тілдің терминологиясында бұл сияқты мәселелер маңызды мәселелердің қатарына жатпайды. Ал даулы мәселе болмаған жерде ол бағытта ғылыми ізденістің болмайтындығы да шындық. Бұл біздің аталған сұраулардың шешуін өз мүмкіндігімізше және жалпы тілдік теориялар негізінде топшылауымызды қажет етеді. Сонымен, қандай себептер бар?

Біріншіден, біздіңше, ұлттық ғылымды дамытуға деген ғылыми механизмнің дұрыс жолға қойылмай отыруының өзі осыған әсер етуші бірден-бір негізгі күш. Себебі, ұлт тілінде тың ғылыми жаңалықтардың реті аз болғандықтан, мұндай жаңалықтар ашатын еңбектердің дені қазақ тілінде жазылмағандықтан, қазақ тілінде жаңа термин жасалмайды. Ш.Құрманбайұлы «Ендігі жерде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі өзінің ғылым саласындағы қызметін толық атқаруға көшуге тиіс. Ол үшін терминжасам тәсілдері іске қосылып, үздіксіз жетілдіріп отыруымен қатар, термин жасауда пайдаланылатын лексика көздері анықталып, олар термин шығармашылығында тиімді пайдаланылуы қажет» [4, 95] – деп көрсетеді.

Екіншіден, өз ғылыми жаңалықтарымызды біздің ғалымдар алдымен өзімізде емес, өзге елдерде дәлелдеуге тырысады. Соның негізінде өзге елдің тіліне бейім термин жасалады. Былайша айтқанда, ұлттық термин жасауға әсер етуші фактор – дұрыс жолға қойылған ғылымның даму механизмі. Оның үстіне, біз жаңа ұғымдар жасауға соңғы жылдардың үрдісінде бейімделмегенбіз. Соның арқасында тіліміздің мүмкіндігін пайдалану сияқты әрекеттерден мүлдем айырылып қалғанбыз деуге болады.

Келесі әсер етуші күш – ұлттық психология. Себебі психологиямыздың орыстанғаны соншалық, жаңа жасалған ұлттық терминдерді қабылдауға, дұрыс түсінуге қабілетсізбіз. Яғни, қазақы ұлттық психологиядағылардың өзіне орыс психологиясының көптеген элементтері сіңген. Ал, орыс тілділер жөнінде сөз қозғаудың өзі артық. Ұлттық психология болмаған жерде өз тіліміздe жаңа сөз жасап, оны қабылдай алмаймыз. Яғни, ұлттық терминжасаудың келесі көзі – ұлттық психология. Ұлттық психология болмаған жерде терминдер ғана емес, жаңа сөздердің өзін дұрыс қабылдап, қолданысқа енгізе алмайтын боламыз. Бір ғана мысал, осы уақытқа дейін, тіпті, әлі күнге дейін біздің түсінігімізде неологизм сөз дегеніміз тек өзге тілден енген сөздер болуы керек сияқты болып тұрады. Үшіншіден, ұлттық психологиямен байланысты келесі әсер етуші фактор – ұлтжандылық, отаншылдық қасиеттер. Бізде қандай дәрежеде екендігін айту артық болар. Бұл қасиеттер ұлттық терминжасамның ғана емес, ұлт тілінің де алдында тұрған проблема. Ал бұған кері әсер ететін орыс тілділеріміз тағы бар. Қалыптасқан сөздік, терминдік қолданыстарды саналы түрде қолдануға өзімізді-өзіміз қинағымыз келмейді немесе өз ұлттық мүддемізді түсінгіміз келмейді. Бәрін де тілдер арасындағы байланыстың табиғи заңдылығымен түсіндіруге ұмтылатын жағдай да бар. Ал бұл ең бастысы ұлт тағдырына, ұлт ұрпағының тағдырына балта шабу екендігін саналы аңғару керек сияқты.

Төртіншіден, термин жөніндегі дұрыс түсінік қажет. Біз сөз бен терминнің арасының өзін ажырата алмай жатамыз. Біздің қоғам үшін қоғамдық-тұрмыстық лексика қорына жататын күнделікті қолданыстағы сөздердің барлығы терминге қабылданады. Мысалы, жол оқиғасы, дүкен, сынып, дәрісхана, шенеунік сияқты т.б. толып жатқан сөздердің барлығы термин сөздерге жата бермейді. Әрине, термин мен сөздің арасында байланыс бар. Бірақ терминде шектеулі ұғымның болатындығы, оның тұлғасы оқшаулау болғанымен, қолданыла келе қалыптасып кететіні, сөзге қарағанда терминнің тұлғасында шарттылықтың басым болатындығы жөніндегі белгілерді ажырату қажет. Соның салдарынан көпшілігімізге терминдердің де тұлғасы сөздер сияқты бәрімізге түсінікті, төселген болуы керек сияқты болып тұрады. Ал шын мәнінде олай емес. Бұл фактор келесі фактормен тығыз байланысты. Дегенмен, келесі факторға тоқталмас бұрын термин сөздер мен қалыптасып жатқан жаңа сөздердің арасындағы ұқсастықтар мен айырым белгілерді көрсетіп беруге ұмтылдық. Ең алдымен, жаңа жасалған термин әрі жаңа сөз ретінде қалыптасып, терминологиялық өрісте терминнің, жалпыхалықгық тіл аясында жаңа сөздің қызметін атқара береді. Мұндай жағдайда жаңа тілдік бірліктің не термин болуын, не жаңа сөз болуын қолданылатын өрісімен айқындау керек. Мысалы, соңғы кезеңде экономика саласында қолданылып жүрген кәсіпкер термині қолданысына байланысты әрі термин, әрі жаңа сөз бола алады. Немесе бейнетаспа термині әрі термин ретінде телевизия саласында қолданылып, әрі тұрмыстық лексикада да жаңа сөз ретінде қолданылады.

Ал кейбір тілдік бірліктер тек термин ретінде терминологиялық өрісте қолданылады. Мысалы,

бап термині тек заң саласында, сөзжасам термині тек тіл білімінде қолданылып, жалпыхалықтық лексикада жаңа сөз ретінде қолданылмайды. Бұған керісінше, кейбір жаңа сөздер жалпыхалықтық қолданыс мақсатында жасалып, сол өрісте ғана қолданылып, термин ретінде мүлдем жұмсалмайды, ешқандай ғылым саласының жүйесіне жатпайды. Мысалы, аялдама, тұрақ, автотұрақ, кітапхана, ойынхана, сырахана, көлік жуу, мейрамхана сияқты сөздердің ешқайсысы да термин сөздер бола алмайды. Өйткені, ол сөздердің ешқайсысы да ғылым саласының жүйесіне қатыссыз, терминологиялық өрісте қолданылмайды. Сондай-ақ, терминді ажырататын ең басты белгілердің бірі – оның белгілі бір ғылым саласының жүйесіне қатыстылығы деген қорытынды жасауға болады.

Бесіншіден, сыннан гөрі саналы әрекет, яғни, нақты тілдік қолданысқа, оны қалыптастыруға деген ұмтылыс керек. Ал бізде сын көп, саналы әрекет аз. Қолданбаймыз, өзіміз термин жасамаймыз, термин табиғатын түсінбейміз, аудармаймыз. Бұл ұлттық терминдер қалыптастыру ісіне жетелемейтіні шындық. Сондықтан біз үшін А.Байтұрсынұлы жасаған аударма шеберлігін, одан бергі кезеңдерде де пайдаланған Қ.Жұбанов сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі тәжірибелерін пайдалану керек [5, 44]. Алтыншыдан, дұрыс аударма қажет. Аударманың үнемі сәтті шыға бермейтіндігі белгілі. Бұл түсінікті. Бірақ оған не қажет? – деген орынды сұрақ туындайды. Дұрыс аударма үшін сапалы ұлттық мамандар терминология саласымен де айналысуы керек. Ұлт тілін меңгерген, әрі мамандықты меңгерген ұлттық маман сапалы термин жасауға негіз бола алады. Ал бұл жөнінде белгілі терминолог-ғалымдардың қай-қайсысының да еңбектерінде айтылады. Ал бізде термин ісімен тек тілшілер айналысуы үйреншікті жағдай. Басқа сала мамандарынан терминолог-мамандар дайындау ісі жолға қойылмаған. Терминология осыған дейін тіл білімінің бір саласы – лексикологияның аясында қарастырылып келгендігін айтып жүрміз. Ал шын мәнінде, лексикология емес, тіпті тіл білімімен байланысты болса да, терминологияның табиғаты өзгешелеу. Ол сала аралық ғылым саласы және сала аралық пән ретінде жоғары оқу орындарында барлық мамандықтарға жүргізілуі тиісті. Әр салаға қатысты терминолог-мамандар дайындаудың бір көзі де осында жатыр. Ал мұндай механизм басқа елдерде осы бағытта дамып отыр. Оны орыс, неміс, ағылшын, американ ғылымындағы терминологияға қатысты ғылыми еңбектер мен көзқарастар дәлелдеп бере алады. Терминологияның, оның ішінде, ішкі терминжасам көздерінің іс жүзінде дамуына әсер етуші бірден-бір фактор, әрі термин шығармашылығындағы ұлттық бағыттағы істердің жүргізілуіне негізгі бастамасы – мектеп және мектеп оқулықтары болуы тиіс. Өйткені, қазіргі буынның санасында ескі терминдік ұғымдар сіңісіп кетті десек те, келесі буынның, өсіп келе жатқан әрбір жас буынның санасында ұлттық терминдерді қалыптастырушы, оның болашақ қоғамдағы, ғылым алдындағы орнын нақтылайтын бірден-бір көз – мектеп оқулықтары болып табылады. Мектеп оқулықтары тек қана жас буынның, санасына жаңа терминдік қолданыстарды сіңіріп қана қоймайды, олардың ары қарай да ұлттық үрдісте дамуына әсер етеді. Психолингвистикалық тұрғыдан орыс ғалымдарының зерттеулеріне тағы жүгінсек, баланың ана тілінің грамматикалық жүйесімен қаруланuы оның психологиясының дамуына да әсер ететіндігін А.М.Шахнарович: «Ана тілінің грамматикалық құралдарымен қарулану, синтаксистік жүйесін игеру, предикаттық сөйлем құраушы тілдік қатынастарын игеруі тек қарым-қатынас барысында жүзеге асатын және қарым-қатынас үшін жұмсалатын сияқты. Бұл үрдіс баланың психикалық дамуымен, еңбек әрекетінің дамуымен тығыз байланысты» [6, 54] – деп көрсетеді.

Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде терминология тұрғысынан дұрыс қалыптасқан, дұрыс жасалған, сұрыпталып, орныққан терминдерді қамтитын оқулықтар шығарылуы тиіс. Сонымен, түйіндей айтсақ, бұл біз байқаған, мүмкіндігінше дәлелді түрде анықтауға ұмтылған ұлт тілінің негізіндегі терминдерді жасауға әсер етуші факторлардың негізгілері ғана. Олардың ішінде ұлттық психология мен аударманың қазіргі қазақ терминжасам жүйесіндегі негізгі көздердің бірі екендігіне көз жеткіздік. Өзге де ұлттық терминжасам жүйесінде маңызды қызмет атқаратын әр түрлі қозғаушы күштер анықталып, олардың ықпалы нақты мысалдармен көрсете алдық. Дегенмен оларды толық айқындап, жүзеге асыру термин жасау ісіне әрі теориялық, әрі практикалық тұрғыдан қажетті іс болып табылады.

Әдебиеттер

1 Реформатский А.А. Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии. – М.: Наука, 1961. – С. 46-54.
2 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. – М.: Либроком, 2012. – 248 с.
3 Даниленко В.П. Русская терминология. – М., 1977. – 246 с.
4 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
5 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
6 Шахнарович А. М. Национальное и универсальное в развитии речи ребенка // Национально-культурная специфика речевого поведения. – М.: Наука, 1977. – С. 54-67.

References

1 Reformatskij A.A. Chto takoe termin i terminologija // Voprosy terminologii. – M.: Nauka, 1961. – S. 46-54.
2 Superanskaja A.V., Podol’skaja N.V., Vasil’eva N.V. Obshhaja terminologija: Voprosy teorii. – M.: Librokom, 2012. – 248 s.
3 Danilenko V.P. Russkaja terminologija. – M., 1977. – 246 s.
4 Құrmanbajұly Sh. Қazaқ leksikasynyң termindenui. – Almaty: Ғylym, 1998. – 208 b.
5 Zhұbanov Қ. Қazaқ tili zhөnindegi zertteuler. – Almaty: Ғylym, 1999. – 581 b.
6 Shahnarovich A. M. Nacional’noe i universal’noe v razvitii rechi rebenka // Nacional’no-kul’turnaja specifika rechevogo povedenija. – M.: Nauka, 1977. – S. 54-67.

Байтуова А.Н.

Сравнительная характеристика согласных фонем *l* (л), *m* (м), *n* (н) в казахском, турецком и узбекском языках

В данной статье рассматривается общая характеристика процесса формирования и развития казахского, турецкого и узбекского языков – доминирующих компонентов кыпчакской, огузской и карлукской групп тюркских языков. В ней на основании имеющихся исследований и опубликованных трудов специалистов делается обзор существующих мнений, определяются генетические связи и степени родства сравниваемых языков. Известно, что каждый из современных тюркских языков формировался в результате длительного процесса структурного развития, отработки и постоянного совершенствования литературных (письменно- орфографических, речевых и др.) норм. В этом процессе, пожалуй, одним из главных факторов становления языка, его собственных норм и строевых элементов становится избранная и выработанная им же фонетическая система. Фонетическая структура любого языка складывается сообразно скоординированным и тесно связанным между собою фонетическими и фонологическими явлениями, которые постепенно превращаются в устойчивые, стабильные правила и закономерности данного языка.

Ключевые слова: согласные, ассимилятивная, артикуляторная, рекурсия, система, праязык, говор, казахский, турецкий, узбекский, сравнение, заимствование.

Baituova A.N.

The comparative description of the consonants *l* (л), *m* (м), *n* (н) in Kazakh, Turkish and Uzbek languages.

This article describes the general characteristics of the process of formation and development of the Kazakh, Uzbek and Turkish language – the dominant components of Kipchak, Karluk and Oguz group of Turkic languages. It based on existing research and published works of experts reviews the existing opinions are determined by the genetic relationships and relationship compared languages. It is known that each of the modern Turkic languages was formed as a result of a long process of structural development, mining and continuous improvement of Literary (spelling's written, verbal, and others.) Standards. In this process, perhaps one of the main factors of becoming a language of its own rules and combatant elements became elected, and they worked out the phonetic system. The phonetic structure of any language develops according to a coordinated and closely linked with each other phonetic and phonological phenomena that gradually become stable, stable rules and laws of the given language.

Key words: consonants, phonetic patterns, the system, talk, Kazakh, Turkish, Uzbek, comparison, borrowing.

Байтуова А.Н.

Қазақ, түрік және өзбек тілдеріндегі *l* (л), *m* (м), *n* (н) дауыссыздар дыбыстарының өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктері зерттеледі

Бұл мақалада үш ірі тілдік тайпалар – қыпшақтарға, оғыздарға және қарлұқтарға лайықты басым компоненттер болып табылатын қазақ, түрік және өзбек тілдерін дамытудың үш аспектісін салыстырмалы түрде зерттеу қарастырылады. Түркі халықтарын дамытудың санғасырлық тарихы оларды біріктіруге, олардың топтық қауымдастықты иеленуіне қолайлылық туғызды, сонымен бірге тарих олардың дифференциялануына, межеге бөлінуіне, бытырап кетуіне көптеген түрлі белгілерге (бұл жағдайда фонетикалық құрылымда) ие болуына да себепші болды. Аталмыш зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылады. Сонымен қатар салыстырмалы және сипаттау әдістері пайдаланылады. Осы ретте фактілерге жәй ғана салыстыру жүргізілмей, әр түрлі фонетика-фонологиялық инновациялар мен заңдылықтардың өткен жағдайын және эволюциялық дамудың келесі кезеңдерін ескеру арқылы олардың терең себептерін анықтауға әрекет жасалады. Салыстырмалы тілдердің әрқайсысы арғы тілдік жағдай кезеңінде өзгелермен терең тарихи туыстық тамырларын иелене отырып алдағы уақытта өзінің, өзіне ғана тән өзіндік даму тарихы мен өзіндік ұлттық тіл ретінде сипатталатын әдеби нормаларды қалыптастыру жолдарына ие болады.

Түйін сөздер: салыстырмалы зерттеу, дифференциация, заңдылық, дауыстылар, ассимилятивтік, артикуляторлық, рекурсия, жүйе, арғы тіл, сөйлеу ерекшелігі, қазақ, түрік, өзбек, салыстыру, басқа тілден алу.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 811.1/.8

Байтуова А.Н.,

к. ф. н. доцент Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави, г. Туркестан, Казахстан,
e-mail: baituaigul@mail.ru

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СОГЛАСНЫХ ФОНЕМ *L* (Л), *M* (М), *N* (Н) В КАЗАХСКОМ, ТУРЕЦКОМ И УЗБЕКСКОМ ЯЗЫКАХ

Фонема ***l*** (л)

Согласная фонема *l* в тюркском праязыке в начальной позиции не употреблялась, а в современных языках она встречается лишь в заимствованных из арабского, иранского, русского и др. языков.

Она менее устойчива в интервокальной позиции тюркских слов: др= тюрк: *alay ala* – `пестрый`, др.= тюрк: *bulut* – `облако`> каз. *bulyt*, тув. *bulut*, тат. *bylyt*, узб. *bulut*, чув. *pĭlĭt* и др.

Наблюдается частое выпадание *l* в разных позициях слова: oltur> каз. otyr – `садиться` и др., но он довольно устойчив в абсолютном конце слов: каз. *žel* – `ветер`; тур. *jol jol* – `дорога ` и др. [1, 65-66].

Фонема ***l*** (л) в казахском языке.

По данным инструментального анализа переднеязычного плавного согласного *l* казахского языка дана следующая артикуляционно = акустическая характеристика:

«Ассимилятивная (позиционно=комбинаторная) характеристика:

1) артикуляторная- во всех позиционно= комбинаторных случаях артикулируется как щелевой;

2) акустическая- в интервокальной позиции произносится как типичный сонант, после гласных в конце слога пребладает воздушность. Например, *ala* – `пестрый`; *ulu* – `великий`, *il*= – `вешай`, *ol* – `он` и др.» [2; 31].

Фонема ***l*** (л) в турецком языке.

В научной литературе отмечается, что в турецком языке процесс выделения новых фонем не прекращался и в дальнейшем. К числу таких фонем относится мягкий вариант *l'* как разновидность твердого *l*. Например, турецкое *al* – `возьми`, `бери` (произносится как *ал*), тогда как слово из арабского языка *al* – `род`, `семейство`, `династия` произносится как *аль* (со смягченным *ль/ l'*.)

В этой связи Э.В.Севортян поясняет, что «в турецком языке имеются две фонемы *l*: одна того же типа, что и `твердый`*l* в русском языке, например, в слове `скала`; другая фонема довольно близка русскому *l*, но произносится с меньшей `мяг-

костью`, напоминая больше французское или немецкое *l*. [3; 27].

Фонема ***l*** (л) в узбекском языке

Фонема *l* акустически производит впечатление звука промежуточного между русским нормальным *l* и *l'*. В узбекском языке согласный *l*, при всех его позиционных колебаниях, в общем близок немецкому *l*; в соседстве с гласными заднего ряда отличается заметной палатализацией.

Более передний оттенок фонемы *l* наблюдается в словах с передним вокализмом (*kel* – `приходи`; *kelmoq* – `приходить`).

Более заднее *l* в словах с более задним вокализмом (*qul* – `рука`; *qul* – `делай`).[4; 28, 42], [5; 219, 257].

Выводы к фонеме *l* в сравниваемых языках.

Общность: в сравниваемых языках *l* переднеязычный звонкий щелевой.

Различие: в каз. яз. смягчается в зависимости от сингармонизма. В тур. яз. и узб. яз. есть твердый и мягкий.

Примеры: каз. яз. *kelïn* – `невестка`, *kulyn* – `жеребенок`.

тур. яз. *Gel* – `приходи`, *tahlil* – `анализ`.

узб. яз. *Latta* – `тряпка`, *miltig* – `ружье`.

Фонема ***m*** (м)

«Фонема *m*, как и некоторые другие фонемы, в тюркском праязыке в начале слова не употребляется, а в середине исконно тюркских слов в положении перед согласным встречается очень редко», – указывают Б.А.Серебренников и Н.З.Гаджиева.

Фонема *m* также хорошо сохранилась в абсолютном конце и аффиксах: каз.*atym*,узб.*otym* „моя лошадь», тур.*aldym*,каз.*aldym*, узб.*oldym* „я взял».

В современных тюркских языках *m* выступает вторичным согласным. Ср:тур.*jazma*=„не пиши» и каз. *žazba*; узб. *batma* „погружение» и каз. *kespe* „лапша» и др. В начальном положении часто встречается в кыпчакской группе тюркских языков, в огузской – начальное положение *m* сравнительно редко , и он в таких случаях заменяется, по большей части, согласным *b* (*boyun* – тур., *бўйин* – узб.- `шея`; *веп – мен* – `я`) [1; 67].

Фонема ***m*** (м) в казахском языке.

По данным инструментального анализа губно-губной сонорный смычный согласный *m* в казахском языке получил следующую акустико-артикуляторную характеристику.

«Ассимилятивная (позиционно = комбинаторная) характеристика:

1) артикуляторная-во всех позиционно = комбинаторных случаях артикулируется как смычный;

2) акустическая- в начале слова и в интервокальной позиции произносится как типичный сонант, после гласных в конце слога преобладает воздушность. Например: *mal* „скот», *muz* „лед», *alma* „яблоко» и др.» [2; 30].

Фонема ***m*** (м) в турецком языке.

Говоря вообще о сонорных согласных, Э.В.Севортян делит их на несколько групп, среди которых имеется и губно-губной смычный носовой сонорный *m*, образующийся так же, как и губно-губной смычный шумный *b*, но с выходом воздушной струи через носовую полость [3; 20].

3.Фонема ***m*** (м) в узбекском языке.

Фонема *m* является билабиальным смычным согласным, реализующимся с носовым резонансом. Употребляется она в любой позиции в слове.(*qamyš* – `камыш`; *qymmat* – `дорогой`; *mol* – `обильный`). В отдельных словах наблюдается замещение фонемы *m* фонемой *b* (*bäjnä – majna* – `скворец`; *az – paz* ; *oz – moz* – `немного`). Наблюдаются в говорах случай прогрессивной ассимиляции (*topmaj – tappaj* – `не найдя`; *čopmajdy –čappajdy* – `он не скачет`).

В диалектах согласный *m* иногда не удерживается после согласных *b* или *p* и ассимилируется последним.(*mondaj ojlap tyryppan*(из турупман) – `я так думаю`). [5; 239].

Выводы к фонеме *m* в сравниваемых языках.

Общность: в сравниваемых языках губно – губной смычный носовой сонорный. Употребляется в любой позиции.

Различие: в отличие от казахского языка в турецком и узбекском языках замещается фонемой b.

Примеры: каз. яз. *mol* – `много`, *maman* – `специалист`.

узб. яз. *buz* – `лед`, *män* – `я`.

тур. яз. *boyun* – `шея`, *bin* – `тысяча`.

Фонема ***n*** (н)

По утверждению исследователей, согласная фонема *n* в начале слова в тюркском праязыке не употреблялась, а в интервокальной позиции разных тюркских языков считается довольно устойчивой. Она сохранилась и в абсолютном конце слов.

Аффиксальный начальный *n* подвергся ассимиляции в аффиксах отдельных тюркских языков. *n > m≈[d*: *atnyn* `лошади`>каз. *attyŋ*; *qolnyŋ*>каз. *qoldyŋ* `руки` и др.Отмечаются случаи, когда в отдельных тюркских языках, напр., в кабардино-балкарском языке конечный *n* в аф-

фиксах отпадает: *jazama* `я пишу`, *jazasa* `ты пишешь` и др. [1; 68-69].

Фонема ***n*** (н) в казахском языке.

По данным инструментального анализа, переднеязычный сонорный смычный согласный *n*, с точки зрения артикуляции и акустики, характеризуется следующим образом.

«Ассимилятивная (позиционно=комбинаторная) характеристика:

1) артикуляторная-во всех позиционно=комбинаторных случаях артикулируется как смычный;

2) акустическая- в начале слова и в интервокальной позиции произносится как типичный сонант,после гласных в конце слога преобладает воздушность. Например, *nan* „хлеб», *on* „десять», *künä* „грех» и др. [2; 31-32].

Фонема ***n*** (н) в турецком языке.

Фонема *n*-переднеязычный смычный твердый носовой. Согласный *n* в позиции перед другим согласным довольно часто придает „носовую» окраску (назализация) предшествующему гласному (чаще это *a* или *o*)-(*insanlar* – `люди`; *sonra* – `затем`; *onlar* – `они`)

Согласный *n*-в начале слов турецкого корня встречается очень редко. [6; 31, 45].

Фонема ***n*** (н) в узбекском языке.

Фонема *n* ничем не отличается от аналогичного звука других тюркских языков-это переднеязычный носовой согласный звук. Употребляется в любой позиции, но в исконно узбекских словах встречается преимущественно в середине или в конце слова. (*džunli* – `с шерстью`; *ton* – `халат`; *seskänip* – `вздрогнув`). Слова с начальным *n* являются в основном заимствованными из др. языков, в частности, из арабского и персидского, но все они, существуя в языке в течение ряда веков, уже твердо вошли в практику общения.

Фонема *n* комбинаторно может реализоваться в виде *ng*-на стыке двух слов (*meng keldim* – `я пришел`; *küng keč* – `поздно`). Фонема *n* может реализоваться в виде *m* и происходит благодаря начальному *b* или *n* следующего слова *tomambasty<toman basty* – `заволокло туманом`; *bäläm -päs<bälän näs<bäläntnäst* – `неровность`(о земле) [5, 253-254].

Выводы к фонеме *n* в сравниваемых языках.

Общность: в сравниваемых языках переднеязычный твердый сонорный смычный носовой встречается в трех языках во всех позициях.

Различие: в узбекском языке внутри слова очень часто не удерживается перед носовым *B,m* или после губных *o,u*.

Примеры: каз, яз. *näzïk* – `нежный`, *narlyq* – `мужество`.

тур. яз. *Nerde* – `где`, *nargile* – `кальян`.

узб. яз. *umbir* – `одиннадцать`, *žomboz* – `циркач, акробат`.

Литература

1 Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М., 1986. – 294 с.

2 Джунисбеков А., Базарбаева З., Утебаева З. Строй казахского языка. Фонетика. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 115 с.

3 Севортян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка. – М., 1955. – 134 с.

4 Дмитриев Н.К. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. – М., 1955 – С.44 – 45 с.

5 Исхаков Ф.Г. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. – М., 1955. – 106 с.

6 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Изд. Академии наук СССР. – М.-Л., 1956. – 549 с.

References

1 Serebrennikov B.A., Gadzhieva N.Z. Sravnitel’no-istoricheskaya grammatika tyurkskih yazykov. – M., 1986. – 294 s.

2 Dzhunisbekov A., Bazarbaeva Z., Utebaeva Z. Stroj kazahskogo yazyka. Fonetika. – Alma-Ata: Ғylym, 1991. – 115 s.

3 Sevortyan Eh.V. Fonetika tureckogo literaturnogo yazyka. – M., 1955. – 134 c.

4 Dmitriev N.K. Issledovaniya po sravnitel’noj grammatike tyurkskih yazykov. – M., 1955 – S.44 – 45 s.

5 Iskhakov F.G. Issledovaniya po sravnitel’noj grammatike tyurkskih yazykov. Fonetika. – M., 1955. – 106 s.

6 Kononov A.N. Grammatika sovremennogo tureckogo literaturnogo yazyka. – Izd. Akademii nauk SSSR. – M.-L., 1956. – 549 s.

Боранбаев С.Р.

Тілдік жүйенің ареалдық ерекшеліктері мен ортақ белгілерін айқындаудағы ортатүркі жазба ескерткіштерінің рөлі

Мақалада қазіргі түркі тілдерінің дамуы, соның ішінде, фонемалардың дыбыстық өзгерулері мен жүйелену үдерісі, фонетикалық заңдылықтардың қалыптасу тарихы яки тарихи фонетика мәселелері қарастырылады. Грамматикалық көзқарас тұрғысынан келгенде сөз тіркестері жүйесі ерекшеленіп, түбірдің тарихи және семантикалық құрылымы түркі тілдерінің тарихи даму және қалыптасу кезеңдерінің грамматикалық категориялары мен формаларына байланысты айқындалады.

Түйін сөздер: трихи салыстырмалы зерттеу, жалпы түркілік әліпби, түркі халықтары, грамматикалық ерекшеліктер, дыбыстар жүйесі.

Boranbaev S.R.

The role of the Middle Turkic writing records in determining the characteristics of the area of language systems and common symbol

The article is considered the development of modern Turkic languages, namely, the historical phonetic process of sound change of phonemes and systematization of sounds is determined by the historical formation of the phonetic laws. From the point of view the grammar system is defined the word phrases, historical and semantic structure of the root in proving the historical development and the formation of grammatical categories and forms of Turkic languages.

Key words: Comparative-historical study, common Turkicalphabet, Turkic peoples, grammatical features, sound system.

Боранбаев С.Р.

Роль памятников среднетюркской письменности в определении особенностей ареала системы языка и общих знаков

В статье рассматриваются развитие современных тюркских языков, а именно, историческая фонетика – процес звукового изменения фонем и систематизация звуков, определяется историческое формирование фонетических закономерностей. С точки зрения грамматики выделена система словосочетаний, историческая и семантическая структура корня при доказывании исторического развития и формирования грамматических категорий и форм тюркских языков.

Ключевые слова: историко-сопоставительное исследование, общетюркский алфавит, тюркские народы, грамматические особенности, система звуков.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81(091); 81(092)

Боранбаев С.Р.,

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің
ректоры, ф. ғ. д., доценті, Шымкент қ., Қазақстан,
e-mail: zholdas_19@mail.ru

ТІЛДІК ЖҮЙЕНІҢ АРЕАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ОРТАҚ БЕЛГІЛЕРІН АЙҚЫНДАУДАҒЫ ОРТАТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ РӨЛІ

Қазіргі түркітану ғылымының өзекті мәселелерінің ішіндегі тарихи лексикологияның теориялық проблемаларын әлем халықтарының тілдерімен байланыста қарастырған еңбектер монографиялық зерттеулер қазақ тіл білімінің одан әрі өркендеуіне қосылған үлес, түркітану ғылымынның көтерілген жаңа бір белесі деуге толық негіз бар. Мақаламызда біздер түркі тілдерінің іштей интеграциялану және лексика-семантикалық аяда дифференциялану мәселесін тарихи процесс ретінде қарастыра отырып, осы саладағы зерттеу жұмыстарының басты бағыттары мен оларды шешу жолдарын айқындадауды сөз еткіміз келіп отыр. Бір тілден екінші тілге сөз алмасу, бір тілдегі лексикалық бірліктің екінші бір тілде кездесу-кездеспеуі оның екінші тілде болмағандығының куәсі емес, ол түрлі тарихи, экстралингвистикалық жағдайлардың әсерінен болуы ықтимал немесе басқаша фонетикалық өзгешеліктермен кездесуі мүмкін екендігін нақты мысалдар негізінде дәлелденеді. Осы орайда тарихи-семасиологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістерді рет-ретімен пайдалану, оның сыртында белгілі лексика-семантикалық топты құрайтын сөздердің қазіргі кезде туыс емес, өзге тілдердің сөздік қорында сақталу мүмкіндігі есте болуын, сонымен қатар бір сөздің екінші бір тілде өзгешелеу мағына беретіндігін ескерту тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың бірі деп қабылданып жүр.

Түркі тілдеріндегі ортақ сөз алмасу жолдарын тарихи тұрғыдан анықтаудың мәселелері түркологиялық еңбектердегі негізгі проблемалардың бірінен саналатын зерттеу еңбектердің басты нысаны болып, әрқашан назардан тыс қалған емес. Дегенмен түркі тілдерінің даму тарихындағы кезеңдердің бәрін қамтыған жазба мұралардың тапшылығы немесе олардың түрлі себептермен толық ғылыми айналымға енбегендіктері жекелеген түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен фонетикасын, тарихи сөзжасам мен лексикологиясын, тарихи сөздіктерін жасауда белгілі деңгейде қиындықтар туғызып отырғаны аян. Осы сияқты шешімін толық таппай жатқан мәселелер қатарындағы негізгілері жетіп артылады. Қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолын, атап айтқанда, тарихи фонетика тұрғысынан – жекелеген фонемалардың дыбыстық өзгеріске ұшырау процесі мен дыбыстардың жүйеленуін, фонетикалық заңдылықтардың

тарихи қалыптасуын анықтап, грамматикалық тұрғыдан – түркі тілдеріндегі грамматикалық категориялар мен формалардың тарихи дамуы мен қалыптасуын дәлелдеуде сөзжасамдық жүйенің, түбірлердің тарихи және семантикалық құрылымын айқындап алу. Сонымен қатар сөздік қор мен сөздік құрамның тарихи дамуын, осы аталған тілдік жүйенің ареалдық ерекшеліктері мен ортақ белгілерін айқындауда көне, ортатүркі жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан тілдік деректердің орны мен рөлінің ерекше екендігін хронологиялық тұрғыдан анықтап беру бұл саладағы жұмыстарды жеңілдетендігі рас.

Осы орайда тарихи-семасиологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістерді рет-ретімен пайдалану, оның сыртында белгілі лексика-семантикалық топты құрайтын сөздердің қазіргі кезде туыс емес, өзге тілдердің сөздік қорында сақталу мүмкіндігі есте болуын, сонымен қатар бір сөздің екінші бір тілде өзгешелеу мағына беретіндігін ескертеді. Осыған байланысты айта кететін бір нәрсе, мысалы қазақ әдеби тіліндегі көнерген сөздердің қатарынан көрінетін *жарғақ* деген сөздің мағынасы белгілі, осыдан келіп туындаған тіркестер де баршылық (*жарғақ шалбар, жарғақ құлағы жастыққа тимей т.б*.). Ал осы сөз қарайым тілінде *«теріден сыдырылып жасалған қағаз, пергамент»* деген мағынада қолданылады екен. Яғни сөздің мағыналық аясы кеңейіп, қыпшақ тіліндегі бар, дайын сөз жаңаша қолданысқа ие болған. Нәтижесінде, ең алдымен түркі тілдерін іштей салыстыра отырып зерттеу, содан кейін барып оғыз, қыпшақ, қарлұқ тобындағы және басқа да тілдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындау мүмкіндігі пайда болады.

Осының барлығы түркі халықтарының географиялық орналасу, кәсіби, танымдық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі тиіс. Бұған дейін, жалпы лингвистикада, тілдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын белгілері ретінде фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері негізге алынатын. Тілдің лексикалық қабатында тарихи, мәдени ақпараттың ұзақ сақталатынын, сол арқылы халықтың өзге елдермен байланыстары айқындалатынын көрсетіп беретіндігі туралы мәселелер академик К. Мұсаевтың еңбектерінде де жетерлік [1; 2; 3;].

Түркі тілдерінің әлемнің өзге тілдерімен байланысқа түсуі түркі тілдерінің өз ішінде сөйленістері мен диалектілерінің қалыптасуына қалай әсер етсе, көрші тілдерге де әсері сондай болған. Түркі тілдері мен әлемнің өзге тілдерінің байланысқа түсуін зерттеу ұлттық тілдер мен диалектілердің қалыптасу процесі мен этностардың тарихи даму және таралу аймағын анықтауда да үлкен маңызға ие болады. Түркі тілдерімен байланысқа түсу процесін зерттеудің нәтижесінде венгр халқының тарихи таралуы мен қалыптасу мәселелері, ал «Игорь жасағы туралы жырдағы» түркілік қабатты зерттеудің нәтижесінде шығарманың қай дәуірдің шынайы туындысы екендігі анықталғаны белгілі.

Жүріп өткен жолы мен әлеуметтік, тарихи өмір сүру ерекшеліктеріне қарай қазіргі түркі халықтарының барлығы да тарихи даму тұрғысынан түрлі диалектілерде сөйлеген тайпалардан жинақталған. Бәрібір, мұндай ортада дүниеге келген тілде міндетті түрде бір-бірінен ерекшеленетін диалектілік алшақтықтың болатындығын аңғару қиынға соқпайды. Сондықтан да, жеке тілдердің дамуы барысында олардың екінші бір тілге міндетті түрде әсері болары сөзсіз. Тілдердің даму барысындағы осындай ықпалдастық жекелеген тілдерді қалыптасқан жүйеден ауытқушылыққа икемдейді. М.А. Черкасс – скийдің атап көрсеткендей «незначимое чередование звуков, всегда предшествует значимым» [4, 120]. Яғни фонетикалық және семантикалық даму бірбірімен тығыз байланыста өрбиді. Сондықтан тілдегі параллельдердің пайда болуының басты шарты олардың сөзжасамдық қызметімен тікелей байланысты болса керек. Бұл құбылыс ортағасырлық тіл деректерін қазіргі тілмен сабақтастыра қарастырсақ тіпті анық байқалып, мынадай дауыстылардың ауысуынан түзіледі: ә-е: әсрүк (мас болу) – есірік (есуас, есерсоқ), й-і:билиг (ақыл)-білік (білімділік, саналылық), у-ү: бучуқ (жарты, кесінді) – пұшық (келте, таңқы мұрын) [5, 92] т.б.

Г. Қошқарова түркі тілдеріндегі сөз алмасу мәселесіне тоқтала келіп, халық жадынан өшіп бара жатқан кейбір сөздерді қалпына келтіруде және олардың жасалу жолдары мен шығу тарихын анықтауда қазіргі түркі тілдері мен тарихи жазба мұралар тілін салыстырмалы түрғыдан зерттеудің маңызы зор екендігін былайша баяндайды: «Қазіргі уақытта тілді тек қатынас құралы ретінде, оның деңгейлерінің құрылымын сипаттау сияқты классикалық лингвистикадан басқа тілді сол тілде сөйлеуші халықтың тарихы, мәдениеті және дүниетанымымен сабақтастыра отырып, кешенді түрде зерттеу ғылыми сипатқа ие болып келеді. Бұл мәселе, әсіресе кеңестік кезеңнің идеологиялық құрсауынан босағаннан кейін белсенді түрде қолға алына басталды. Қазіргі тіл білімінде тарихи-салыстырмалы және антропоцентристік парадигмаларды ұштастыра отырып зерттеу көкейкесті мәселелердің бі-

ріне айналып отыр. Тіл тарихы халық тарихымен тығыз байланысты болатындықтан, белгілі бір тілдің немесе тілдер тобының глоттогенезін анықтау этногенез мәселелерімен қабысып жатады. Этностың дүниетанымы, мәдениеті, шаруашылығы т.б. өз кезегінде тілінен көрініс тауып отырады. Бұл өзекті мәселені қазіргі заман заман тұрғысынан синхрондық аяда шешуге тырысқанымызбен, мағынасы күңгірттенген, тіпті халық жадынан жоғалтып алған атауларды қалпына келтіруде жазба мұралардың орны ерекше. Ал сол қыпшақтық негізді тілдік деректерге сүйене отырып, яғни ескі қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің төркіндестігін, олардың этномәдени ортақтығын қарастыруда бұндай аспектідегі ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы зор» – дейді [6, 50].

Жер бетіндегі кез-келген халықтың қолданыстағы тілі өзінің өміршең өркениетімен ажырамас байланыста екендігі белгілі, бірақ оның грамматикалық заңдылықтары мен формаларының даму зандылығын сол деңгейде қарастырыу, немесе соның айналасында шешім қабылдау ғылыми көпшілік тарапынан қолдау таппаса керек. Халықтың тарихында болып жатқан өзгерістердің көп бөлігі тілдің даму тарихына ықпал ете бермейді. Өйткені, тілдің даму жолының заңдылықтары өзгеше. Тілдің даму барысындағы сыртқы себептерді географиялық ортаға қатыстыра отырып Ф. де Соссюр сыртқы және ішкі лингвистиканың өзара өте тығыз әрі қарама-қайшылықты байланысына тоқтала отырып, географиялық фактор тілдің өмір сүруімен қаншалықты тығыз байланысты болғанымен, оның ішкі құрылысына ешқандай әсер етпейтіндігін сөз етеді. Сол себепті мұндай жағдайда тіл өзгерістерге ұшырағанымен өзінің тілдік қасиеттерін сақтап қалатындығына күмән келтіруге болмайды. Кең байтақ территорияны мекен етіп, бір тілде қатынас жасаған түркі халқының тарихи ізі көне дәуірлерде жатқандығы жөнінде А. Ходжаев мынадай пікір білдіреді: «В древне- китайских письменных источниках этноним тюрк встречается уже 4700 лет до наших дней. Эти же источники свидетельствуют также и о том, что уже в те времена на территориях от Каспийского моря до территории Маньчжурии проживали древнетюркские племена и народности» [7, 76]. Ғалымның бұл ойын ары қарай профессор Б.Р. Каримов былайша жалғастырады: «...Древние археологические памятники культуры на этих территориях древнего Турана свидетельствуют об этом. Тюркская цивилизация, находясь на пути, между ведущими государствами, цивилизациями, культурами Востока и Запада, Севера и Юга, выступала как цивилизация, оказывавшая значительное влияние в системе цивилизации мира. Важную роль она играла на Великом Щелковом пути. Тюркский язык был одним из ведущих международных, мировых языков на этом пути. Тюркская цивилизация создала целый ряд государств, имевших большое влияние на развитие мировой истории, культуры, науки, искусства и мировоззрения» [8, 40]. Шынында мұны көне дәуірлерде осы кеңістікте өмір сүрген түркілердің көне Тұран топырағынан – мәдениет ескерткіштерінің табылуы дәлелдеп жатқан сияқты.

Әдебиеттер

1 Мусаев К. Грамматика караимского языка. Фонетика и морфология. – М., 1964.

2 Мусаев К. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – М.: Наука, 1975.

3 Мусаев К. Лексикология тюркских языков. – М.: Наука, 1984.

4 Черкасский М. А. Тюркский вокализм и сингармонизм. – М.: Наука, 1965. – 141 с.

5 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Санк-Петербург, 1888. – 176 с.

6 Қошқарова Г. Көнетүркі тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерін сабақтастыра зерттеудің тарихи-лингвистикалық аспектісі. Маг. дисс. қолж. – Шымкент, 2014. – 84 б.

7 Ходжаев А. Из истории древних тюрков (сведения древнекитайских источников). – Ташкент: Tafakkur, 2010. – С. 164

8 Каримов Б.Р. Наследие и перспективы тюркской цивилизации и путь инновационного повышения статуса казахского языка // Y. Халықаралық түркология конгресінің баяндамалар жинағы. – Түркістан, 2013. – Б. 39-48.

References

1 Musaev K. Grammatika karaimskogo yazyka. Fonetika i morfologiya. – M., 1964.
2 Musaev K. Leksika tyurkskih yazykov v sravnitel'nom osveshchenii. – M.: Nauka, 1975.
3 Musaev K. Leksikologiya tyurkskih yazykov. – M.: Nauka, 1984.
4 Cherkasskij M. A. Tyurkskij vokalizm i singarmonizm. – M.: Nauka, 1965. – 141 s.
5 Radlov V.V. Opyt slovarya tyurkskih narechij. – Sank-Peterburg, 1888. – 176 s.
6 Qoshqarova G. Ko'netu'rki tili men qazirgi qi'pshaq tilderin sabaqtasti'ra zerttewding tari''hi''-li''ngvi''sti''kali'q aspektisi. Mag. diss. қolzh. – SHymkent, 2014. – 84 b.
7 Hodzhaev A. Iz istorii drevnih tyurkov (svedeniya drevnekitajskih istochnikov). – Tashkent: Tafakkur, 2010. – S. 164
8 Karimov B.R. Nasledie i perspetivy tyurkskoj civilizacii i put' innovacionnogo povysheniya statusa kazahskogo yazyka // Y. Hali'qarali'q tu'rkologi''ya kongresining bayandamalar ji''naghi'. – Tu'rkistan, 2013. – B. 39-48.

Дәрменқұлова Р.Н.,
Доскеева Б.Ж.

Сөз тіркесі жүйесінің қалыптасуы және оның нормалық сипаты

Сөз тіркестерін құраушы бөлшектердің тіркесу қабілеттілігі мен оларды байланыстыратын амал-тәсілдерді айқындаудың маңызы зор. Мақалада қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің жұмсалу ерекшеліктері мен нормалық сипаты қарастырылған. Сөз тіркесіне анықтама беріліп, олардың тіркесу заңдылығына қатысты пікірлер айтылады. Тіліміздегі сөз тіркестерінің қолданыстағы көрінісі мен құрылымдық жайы норма тұрғысынан талданады.

Сондай-ақ сөз тіркестерін құрауда болатын ауытқулар мен түрлі өзгерістер септік жалғаулары арқылы байланысқан сөз тіркестерінің жұмсалымынан көрінетіндігі сөз болады. Олардың тек сөйлеу тілінде ғана емес, көркем әдебиет тілінде де қолданысына мысалдар беріліп, өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасалады. Қазақ тіліндегі сөз тіркесі жүйесінің құрылуы жүйедегі грамматикалық ережелермен қатар нормаға да бағынатыны айтылады.

Түйін сөздер: сөз тіркесі, синтаксистік қатынас, жүйе, құрылым, тіл нормасы, грамматикалық қатынас, сөз бірліктер, тіл білімі.

Darmenkulova R.N.,
Doskeyeva B.Zh.

Formation of system words combination and characteristic of its standards

It has an important role to determine the ability of the component parts of the words combination and their methods of compound. This article describes the features and application rates of phrases in Kazakh language. It gives the concept of the phrase as well as the opinion has expressed about the laws of words combination. The analysis in terms of regulations on the structural state and the usage of phrases in the Kazakh language. It also referred to the changes that occur in the preparation of accession and the declensional endings. In various examples is considering the usage of features of phrases not only in speech but also in literature. The article refers to the fact the structure of the phrase of the Kazakh language depends on the rules of grammar and the standards.

Key words: combination of words, syntax connection, system, structure, linguistic standards, grammatical connection, units of words, linguistics.

Дарменкулова Р.Н.,
Доскеева Б.Ж.

Формирование системы словосочетания и характеристика его норм

Имеет важную роль определить способность сочетания составляющих частей словосочетания и способы их соединения. В этой статье рассмотрены особенности и нормы применения словосочетаний в казахском языке. Дается определение к понятию словосочетания, а также высказываются мнения о закономерностях сочетания слов. Сделан анализ с точки зрения нормы на структурное состояние и применение словосочетаний в казахском языке. Также говорится об изменениях, которые встречаются при составлении словосочетаний и при присоединении падежных окончаний. А также на разных примерах рассматривается применение и особенности словосочетаний не только в разговорной речи, но и в художественной литературе. В статье идет речь о том, что в казахском языке строение системы словосочетаний зависит и от грамматических правил, и от нормы.

Ключевые слова: словосочетание, синтаксическая связь, система, строение, языковые нормы, грамматическая связь, единицы слова, языкознание.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81`367

Дәрменқұлова Р.Н., Доскеева Б.Ж.,

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің
доценттері, ф. ғ. к., Алматы қ, Қазақстан,
e-mail: rainur70 @ mail. ru, doskeeva_b@mail.ru

СӨЗ ТІРКЕСІ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НОРМАЛЫҚ СИПАТЫ

Синтаксистің негізгі салаларының бірі сөз тіркесі тіл жүйесінде ерекше орын алады. Сөздердің бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын, оның құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін ажыратып алмай, әрі сөз тіркестерін құраушы бөлшектердің тіркесу қабілеттілігі мен оларды байланыстыратын амал – тәсілдерді айқындап алмай, сөз тіркесі мен сөйлемдер синтаксисі жөніндегі мәселелерге тоқталу мүмкін емес. Сонымен қатар сөз тіркесі мен сөйлемдердің жұмсалу қалпы да айрықша сөз етуді қажет етеді.

Сөз тіркесі – мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өз ара байланысты, бірлікте болатын, толық мағыналы кемінде екі сөздің тіркесі [1, 383].

Сөз тіркесі ұлт тілінің лексика-грамматикалық заңдылықтарына лайық жасалады. В.В. Виноградов сөз тіркестері ұлт тілінің ерекшеліктерін айқын көрсететін категория деп жазады [2, 11].

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесін басыңқы сыңардың мағыналық қасиеттеріне қарай топтастыруда кейбір ерекшеліктердің байқалатыны анық. Мәселен, ғалым К. Аханов пен профессор М. Серғалиев есімді, етістікті сөз тіркестеріне «үстеулі сөз тіркестерін» қосқанды жөн санаса, ал профессор Т. Сайрамбаев ғалым М. Балақаевтың «Ортақ меңгеру» деген пікірін негізге алып, есімді, етістікті сөз тіркестерінің қатарына «Ортақ басыңқы сөз тіркестерін» қосқанды құптайды.

Еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде жасалып, коммуникативтік қызмет атқарады. Еркін сөз тіркестерінің сөйлеу кезінде жасалатыны жөнінде ғылымда айтылған тұжырымдар өте көп. Соның негізгі түйіндісі профессор Р.С. Әмірдің «Жай сөйлем синтаксисі» атты оқулығында қарастырылған деп есептейміз. Автор былай деп жазады: «Сөздер сөйлем құрау үстінде өзара түрлі функциялық қатынасқа түседі, ол функциялық қатынас сөздердің грамматикалық байланысы арқылы көрінеді» [3, 10]. Демек, сөздердің грамматикалық байланысы арқылы көрінісі еркін сөз тіркестері десек, олардың сөйлеуде пайда болатыны, сөйтіп негізінен коммуникативтік қызметте жұмсалатыны түсінікті болады. «Синтаксистік қатынасты білдіру үшін толық мағыналы екі (немесе одан да көп) сөздің сабақтаса, салаласа байланысқан тобын сөз тіркесі дейміз», – деп жазады Р. Әмір аталған зерттеуінде.

Сөз тіркесі синтаксисінде сөздердің сөйлемдегі тіркесе алу қабілеттігі, олардың байланысу тәсілдері мен тұлғалары, сөз тіркесінің құрамы мен мағынасы, сөз тіркесінің типтері қарастырылады. Осылардың әрқайсысының дәстүрлі жұмсалу дағдысы, берілу жүйесі мен амалдары бар. Сөздердің сөйлемдегі тіркесу ережелері, заңдылықтары, амалы болады.

Тілдің синтаксистік құрылысындағы құбылыс, ең алдымен оның құрамына енетін жеке сөздер тіркесінен айқын көрінеді. Сөйлемдегі болатын құрылымдық өзгерістер мен жаңалықтар сөздердің сөйлем мүшелік қызметіндегі өзгерістерге, олардың бір – бірімен қарым – қатынас түрлеріне тікелей байланысты. Сөз тіркесі мен сөйлемнің лексикалық-грамматикалық элементі – сөз. Олардың өзгеруі, басқа сөзбен байланысқа түсіп жұмсалуы сөйлемде (мәнмәтінде) ғана анықталады. Синтаксистік сөз тіркесі де сөйлем арқылы көрініп, оны құраудың материалы болады. Сондықтан сөз тіркесі жүйесіндегі өзгеріс-құбылыстардың орнымен болуын, синтаксистік нормаға, синтаксистік қатынасқа қатысты өзгерісті, қала берді оның тіл дамуындағы мәнін ашу орынды болмақ.

Тіл фактілерін әдеби тіл норма тұрғысынан алып зерттеудің, білудің ғылым үшін де, жазбаша және ауызша сөйлеу үшін де үлкен мәні бар. Өйткені қандай да бір құбылыстың, фактінің жұмсалу нормасын, даму жолдарын, тілдік қолданыстағы орнын білмей тұрып, оның қазіргі жай – күйін, сырын түсіну мүмкін емес.

Синтаксистің негізгі обьектілерінің бірі – сөз тіркесін тану, зерттеу мәселесі В.В. Виноградов, Н.А. Баскаков т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болып, зерттеу нысанына айналды. Сондай-ақ, сөз тіркесі туралы Н.К. Дмитриев, Н.П. Дыренкова, И.А. Батманов, А.К. Боровков, А.Н. Кононов, Е.И. Убрятова, Л.П. Поцелуевский сияқты көрнекті зерттеушілер өз еңбектерінде арнайы тоқталып, көптеген пікір – тұжырымдар келтіреді.

Б.Н. Головин сөз тіркесімен «сөйлеу мәдениетінің» маңызын былай көрсетеді: а) признаки и свойства, которые говорят и о ее коммуникативном совершенстве; б) совокупность навыков и знаний человека, обеспечивающая целесообразное и незатруднительное применение языка в целях общения; в) область лингвистических знаний о культуре речи как совокупности и системе ее коммуникативных качеств [4, 7]. Сонда сөз тіркесінің «сөйлеу мәдениетін» игерген адам білімі мен дағдыларының жиынтығын мақсатқа сәйкестілігін қамтамасыз ете отырып, тілді қарым – қатынас мақсатында қиналмай қолдана алады.

Қазақ тіл білімінде бұрыннан зерттеу нысаны болып келген сөз тіркесі құрылымдық, қалыптасу заңдылығы (М. Балақаев, Р. Әмір, Т. Сайрамбаев, Е. Ағманов т.б.) жағынан жан-жақты зерттеулермен теориялық тұрғыдан толыға түсуде. Сөз тіркесінің зерттелуі кейінгі кездің жемісі болғанмен, тиянақты зерттеулер жасалғаны белгілі. Осы орайда сөз тіркестерінің көптеген теориялық мәселелерін жан-жақты ашып зерттеген профессор М. Балақаевтың еңбегі қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркі тілдерінде де, ерекше орын алатыны дау туғызбайды.

Профессор М. Балақаевтың сөз тіркесі жөніндегі ой тұжырымдары мен пікірлерінің өзіндік орны бар. Осы бағытта ғалымның ізін жалғастырушылар да сөз тіркесінің әр түрлі мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, әр қырынан танытып, өз жалғасын тапты. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік сөз тіркестерінің синоним болу мүмкіндіктері туралы профессор М. Серғалиевтің «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» деген еңбегінде кеңінен баяндалады [5].

Сөйлем құрамына енетін сөздер бір – бірімен ретсіз, қалай болса солай тіркесе салмайды. Олардың тіркесуінде белгілі бір заңдылықтар болады. Олар:

1. Сөздердің грамматикалық сипаты негізінде, сәйкестігі арқылы байланысқа ену заңдылығы;

2. Сөздердің мағына жақындықтарына, мағына үйлесімділігіне орай тіркесу заңдылығы;

3. Грамматикалық сәйкестіктері мен мағынасы жағынан орайлас (жақын) келетін сөздердің белгілі бір дәнекерлер, тәсілдер арқылы байланысқа ену заңдылығы.

Адам баласының таным дүниесі уақыт өткен сайын дамып, жетіліп отырса, соған қарай сөздердің тіркесімінде назар аударарлықтай өзгерістер болып жатады. Тіркесімдердің құрылымдық сипаты мен жұмсалу ерекшеліктері айқындала түсіп, олардың қолданысындағы жеке қасиеттерін тану үрдісі кеңи түседі. Осыдан келіп синтаксистік тіркесімділіктің мағыналық құрылымы мен орнымен жұмсалу тұрғысынан сипаттама беру қажеттілігі шығады. Оның әдеби нормаға қатыстылығын, қолданылу мүмкіншілігін, жиілігін анықтау мәселесі тұрады.

Осы тұста Г.В. Степановтың норма мен жүйенің қатынасынан туындайтын пікіріне зер салайық: «Тіл жүйесі жаңа формалардың пайда болуына жағдай жасап қана қоймай, соған орай нормалардың негізін қалайды, өйткені жүйе өзі-

не қатысты көптеген іске асыратын потенциалдық мүмкіндіктерді қамтиды» [6, 226]. Жүйе тек норманың қалыптасуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен бірге өзіне сәйкестілігін қамтамасыз етеді. Сондықтан да тіл білімі тілдік нормалар жүйесіндегі жаңа құбылыстарға баға беру кезінде өлшем ретінде олардың қалыптасқан жүйеге сәйкес болу қажеттілігін, олардың осы жүйеге енуінің табиғилығын талап етеді және соны басшылыққа алады. Норма тілге тосыннан енгізілген, ойдан шығарылған нәрсе емес, ол көбіне тілдегі заңдылықтарға, жүйеге негізделеді.

Сондықтан норма мәселесі тілден тыс қаралмайды, оның өн бойында болатын құбылыс. Сөз тіркестері өзара байланысты жеке сыңарлардан жасалады. Жалпы сөз тіркестерінің жеке тілдік тұлға ретінде танылуы үшін нақты бір өлшемнің болуы шарт. Сөздерді сөз тіркесіне жеткізетін өлшем – синтаксистік байланыс. Ал синтаксистік байланыс дегеніміз – сөздерді түрліше грамматикалық амал-тәсілдер арқылы мағыналық, тұлғалық жағынан өзара тығыз байланысқа түсіретін, сөз тіркесін, сөйлем жүйесін құрастыратын формалардың көрінісі [7, 348].

Қазіргі қазақ тіл танымындағы синтаксистік қолданыстар дәл, анық, түсінікті болып, негізгі принциптер мен заңдылықтарға сай жұмсалса, ол ғылымның дамуына септігін тигізетін үлес болмақ. Қазақ тілінің қалыптасқан өз заңы, құрылысы, жүйесі болғандықтан табиғатына тән заңдылықтарды бойына сіңіріп қолданыстарда да осыны тірек ететінін аңғарамыз.

Тіл құрылымын жақсы білу, яғни ондағы сөз бірліктерді, фразеологиялық оралымдарды, синтаксистік құрылымдарды әрбір нақты жағдайда сөйленімді жеткізуге қажетті құралдар ретінде таңдай білу жақсы нәтиже береді. Бұл тіл жүйесін, оның құрылымдық элементтерінің арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды білуге жетелейді.

Тілші – ғалым Е. Ағманов қазақ тілінің синтаксистік құрылысындағы өзгеріс заңдылықтарды ашып көрсететін еңбегінде сөз тіркестері туралы мынадай пікір айтады: «Сөз тіркестерін құрауда түрлі құбылыстар, тұрақты ережелерден ауытқулар болып тұрады. Сөз тіркесі жүйесінде болатын мұндай құбылыс негізінен септік жалғаулары арқылы байланысып, түрлі қатынасты білдіретін сөз тіркестерінің қабысу амалына көшуінен көрінеді. Бұл бір жағынан тілдің үнемділікке, ықшамдылыққа талпынуына байланысты болса керек» [8, 7]. Мұндай сөз тіркесіндегі азды-көпті өзгерістер, ауызекі тілінде *(Астана бардым)* сақталған бұл қалып көркем әдебиетте де ұшырасады. Оны мына үлгіде келетін мысалдардан көреміз.

А. Географиялық атау ретіндегі жалқы есімдер етістік сөзбен пысықтауыштық қатынасқа түскенде атау тұлғада тұра алады.

Мысалы:

1. Тері – терсек, тай – тұяқ, танша – тана, азын – аулақ астық өнімдері сияқты басы артық бұйымызды пұлдау үшін *Қоянды келдік* (А. Сейдімбеков).

2. – Естімеп пе едің, Құнекең қартайған кезде *Меке барып*, дүние сөзінен тиылып жатса керек (Ғ. Мұстафин).

Бұл мысалдардағы *Қоянды, Меке* грамматикалық қосымшаларды қабылдамай-ақ бет алысты білдіре береді. Мұнда бағытты жалпы көрсетеді, әйтеуір барар жері айтылады. Әдейі назар аударған реттерде болмаса, сол атау күйінде тұрғанның өзінде жалпы қолданыста кең орын алған. Етістік пен септік жалғауындағы сөздің ішкі мағыналық байланысы табиғи екендігі сонша лық – бағыныңқы компоненттегі септік жалғауы түсіріліп айтылғанмен, оның қандай тұлға екендігі етістік мәнінен белгілі болып тұрады: *Көкшетауға бару – Көкшетау бару.* Ал, септік жалғаулы есім сөз тіркестерінде олай болмайды, жалғауды түсіріп айтқан жағдайда синтаксистік қатынас өзгереді.

Мұндай тіркестерді кеңістік қатынастағы сөз тіркестері тұрғысынан сөз еткен профессор М. Серғалиев екі жағдаймен байланыстырады. Біріншіден, айтушы я жазушының мақсатына байланысты: егер автор сол барар жерге мән бере, ерекшелендіре, даралай көрсеткісі келсе, барыс жалғауы міндетті түрде тұруға тиіс. Екінші жағынан, ол өзінің (бағыныңқы сыңары) сөйлем ішінде орнына байланысты болып келеді [5, 52].

«Қазақ тілі энциклопедиясында» барыс септік жалғауының түсіріліп жұмсалуын *кетті* етістігімен байланыста қарайды: «*кетті* етістігімен тіркесіп айтылатын жер – су, мекен атауларындағы барыс септік жалғауы кейде түсіріліп айтылады*: Алматыға кетті – Алматы кетті*» [7, 62].

Бұл құбылысты, яғни барыс септік жалғауының түсіріліп жұмсалуын Е. Ағманов «септік қабысу» деп атайды. Оның пікірінше, барыс септігіндегі сөздің тілдік қоршауда әр түрлі себептермен өзінің негізгі функциясынан басқа қызметте жұмсалуының арқасында, өздері бағынатын етістіктермен байланысы солғындаудың нәтижесінде меңгеруден қабысуға қарай ығысуы болады [8, 165]. Ауызекі сөйлеу тілінде, кейбір көркем шығармаларда аз қолданылса да

қай стильде де мол ұшырасатыны және әдеби тіл нормасына лайық тұратыны ықшамдалмай қосымшаның толық түрінің қолданысы.

Ә. Мезгіл атауларын білдіретін зат есім сөздердің атау түрінде қабыса байланысатын кездері болады. Мұндай жағдайда ол пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. *Қыс азығын жаз жина* (Мақал). *Қыс көзі қырауда…* Бұл құбылыс поэзия тілінде де ұшырасады. Мысалы:

1. Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,

Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр (Абай).

2. Жиналғандар, қара бұқараға туған жерден кетудің қиын екенін түсінсе де, бөтен лаждары болмағандықтан, *күз көшуге көнді* (І. Есенберлин).

3. – Қолыңнан қой болудан бөтен келмесе, *жаз жайылымыңды, қыс қыстауыңды* біліп жайыңа жүрмейсің бе? (І. Есенберлин).

Осыған ұқсас сан есімдердің де қабыса байланысып жұмсалатыны байқалады. Мысалы:

1. Мен *жетпіс астым* (Ғ. Мұстафин).

2. Ортаңғы палаткадан ақырын ғана *екеу шықты (*Ә. Әлімжанов).

3. Міне алымдарын айдап *екеу келеді* (Ғ. Мұстафин).

Сөз тіркестерін құрауда болатын мұндай құбылысты профессор Р.С. Әмір септік жалғаулары арқылы байланысып, түрлі қатынасты білдіретін сөз тіркестерінің қабысу амалына көшуі деп түсіндіреді [3, 46].

Тілдегі үнемдеп сөйлеу принципі де варианттар туғызуға жағдай жасайды. Бұл – тілдің даму барысында болып отыратын өзгерістердің бірі – ықшамдану процесінің бір көрінісі болып табылады [9, 81].

Ғалым К. Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты зерттеу еңбегінде сөз тіркестерінің және олардың модельдерінің жасалуында ұйытқы сөздің (стержневое слово) қай сөз табынан болуының үлкен мәні бар екенін жазады. Сөз тіркесінің құрылымы, әдетте, оның құрамындағы ұйытқы сөздің грамматикалық табиғатына, атап айтқанда, қай сөз табына қатысты болуына қарай айқындалады [10, 379].

Сөз тіркестерінің синтаксистік құрылысын, сөз тіркестерінің сөзбен, фразеологизмдермен арақатынасын анықтаған профессор Т. Сайрамбаев өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері» атты монографиялық зерттеуінде сөз тіркесінің байланысым жағдайына қатысты мынадай пікір айтады: «Кез-келген сөздер сөз тіркесін құрау үшін олардың қалыптасқан семантикалық мазмұны үлкен рөл атқарады. Яғни, басыңқының семантикалық мағынасы бағыныңқы мүшенің мағынасына сай келуі тиіс. Бұл жағынан алғанда олар тарихи категория болып есептелінеді. Басыңқы мүше бағыныңқы мүшемен мағыналық байланыста айтыла отырып, бірімен-бірі әрі грамматикалық, әрі интонация жағынан байланысады» [11, 12].

Тілдің табиғаты тізбекті болса да, синтаксисте сөз тіркестерінің негізгі және тәуелді компоненттері арасындағы байланыс тек түйісу орнымен (қатар келуі) ғана анықталмайды. Оны басқа да құралдар анықтай алады, олар: флективті қатынас, мағыналық байланыс, әр түрлі орында орналасу, интонация және т.с.с. Сөйлемнің мағынасына, мақсатына, стиліне, эмоциялық реңіне қарай сөздер мен тіркестердің орын тәртібі әр түрлі болуы мүмкін. Осыған орай *синтаксистік алмасу* деп аталатын құбылыс пайда болады. Мұндай құбылыстың салдарынан сөз тіркестерінің ыдырауы байқалады немесе оладың құрылымы өзгеріп, сөз тіркесінің жаңа үлгісі пайда болып, басқадай өзгерістер болуы мүмкін [12, 85]. Бұл жағдай нормаға да өз ықпалын тигізеді. Қазіргі тілде мұндай өзгерістердің болуы норманың жұмысын күрделендіре түседі.

Тілдің синтаксис жүйесіндегі белгілі бір категория, белгілі бір синтаксистік бірлік өзгеріске, дамуға бейім тұрса, екінші біреулері анағұрлым тұрақты келеді. Мұның алдыңғысына сөз тіркесін, сөздердің тіркесімділік қасиетін жатқызуға болады. Өйткені кеңес дәуірінде және кейінгі уақыттарда ғылым мен техниканың өркендеуі жаңа тіркестердің, жаңа қатынастардың пайда болуына, бұрынғылардың жаңаша сипат алуына өз ықпалын тигізді. Ал сөйлем түрлері, сөздерді бір-бірімен қарым – қатынасқа келтіретін амал-тәсілдер сөздердің тіркесімділігіне қарағанда анағұрлым тұрақты келеді.

Синтаксистің дамуы сөз тіркестері мен сөйлемнің құрылысындағы құбылыстардан, олардың байланысым жүйесіндегі, мағыналары мен функцияларында болған және болып отыратын өзгерістер дәрежесінен байқалады. Осындай өзгерістердің нәтижесінде синтаксистік норманың сипаты айқындалып, кейбір мәселелердің одан әрі зерттелуіне жол ашылады.

Әдебиеттер

1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б. – Б. 383.
2 Грамматика русского языка. – М.: Изд-во АН СССР, 1960. – Т. 2, ч. I. – 702 с. – С. 11.
3 Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б. – Б. 10.
4 Головин Б.Н. Основы культуры речи. – М.: Высшая школа, 1980. – 335 с. – С. 7.
5 Серғалиев М. Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 80 б. – Б. 52.
6 Степанов Г.В. О двух аспектах понятия языковой нормы // Методы сравнительно-сопоставительного романских языков. – М., 1966. – С. 228-236.
7 Қазақ тілі: Энциклопедия / Бас ред. Е.М. Арын. – Алматы, 1998. – 509 б. – Б. 348.
8 Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б. – Б. 7.
9 Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1953. – 220 с. – С. 81.
10 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б. – Б. 379.
11 Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы: Мектеп, 1981. – 197 б. – Б.12.
12 Сарсембаева М. Матаса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы негізінде жасалған туынды сөздер семантикасы: филолог. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2004. –114 б. – Б. 85.

References

1 Ahanov K. Til bilimining negizderi: Oqwli’q. – Almati’: Sanat, 1993. – 496 b. – B. 383.
2 Grammatika russkogo yazyka. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1960. – T. 2, ch. I. – 702 s. – S. 11.
3 A’mir R., A’mirova J. Jay so’ylem si’’ntaksi’’si: Oqwli’q. – Almati’: Sanat, 1998. – 192 b. – B. 10.
4 Golovin B.N. Osnovy kul’tury rechi. – M.: Vysshaya shkola, 1980. – 335 s. – S. 7.
5 Serghali’’ev M. Etistikti so’z tirkesterining si’’noni’’mi’’yasi’: Oqw qurali’. – Almati’: Qazaq wni’’versi’’teti, 1991. – 80 b. – B. 52.
6 Stepanov G.V. O dvwh aspektah ponyati’’ya yazi’kovoy normi’ // Metodi’ sravni’’tel#no-sopostavi’’tel#nogo romanski’’h yazi’kov. – M., 1966. – S. 228-236.
7 Qazaq tili: E’nci’’klopedi’’ya / Bas red. E.M. Ari’n. – Almati’, 1998. – 509 b. – B. 348.
8 Aghmanov E. Qazaq tilining tari’’hi’’ si’’ntaksi’’si. – Almati’: Rawan, 1992. – 240 b. – B. 7.
9 Bogorodi’’cki’’y V.A. Vvedeni’’e v tatarskoe yazi’koznani’’e v svyazi’’ s drwgi’’mi’’ tyurkski’’mi’’ yazi’kami’’. – Kazan#, 1953. – 220 s. – S. 81.
10 Ahanov K. Til bilimining negizderi: Oqwli’q. – Almati’: Sanat, 1993. – 496 b. – B. 379.
11 Sayrambaev T. Qazirgi qazaq tilindegi ku’rdeli so’z tirkesteri. – Almati’: Mektep, 1981. – 197 b. – B.12.
12 Sarsembaeva M. Matasa baylani’sqan so’z tirkesining leksi’’kalanwi’ negizinde jasalghan twi’ndi’ so’zder semanti’’kasi’: fi’’lolog. ghi’l. kand. di’’sc. – Almati’, 2004. –114 b. – B. 85.

Yegizbaeva N.Zh.,
Esimova Zh.D., Bekisheva R.M.

Anthropocentrism as a new direction of modern linguistic paradigm

The article deals with the problems of anthropocentric paradigm and the use of its principles in different scientific fields, especially in linguistics. The article covers different principles and points of views of scientists concerning interrelationship between the language and human existence. On the basis of continuity of theoretical-cognitive paradigm of research of modern linguistics with traditional research was revealed the fact that the complex research in anthropocentric direction according to the needs of contemporary science is the main problem at present. The article also deals with human factor and spiritual values of a nation. It contains information about the nature of the Kazakh nation, their world outlook, their cultural and cognitive concepts representing their cultural peculiarity.

Key words: anthropocentric direction, linguistics, national values, spiritual existence, process of globalization.

Егізбаева Н.Ж., Есімова Ж.Д.,
Бекішева Р.М.

Антропоцентризм – қазіргі лингвистикалық парадигманың жаңа бағыттарының бірі

Мақалада антропоцентризм бағыты, оның ғылым салаларында, әсіресе лингвистика ғылымында қолданылу мәселесі қарастырылып, тілді адам болмысымен өзара бірлікте қарастырудағы ғалымдардың пікірлері мен ұстанымдары туралы сөз болады. Антропоцентристік ғылыми бағытта адам және оған қатысты мәселелер, яғни қоғам, табиғат, мәдениет, таным өзара сабақтастықта қарастырылады. Қазіргі тіл білімінің теориялық-танымдық зерттеу парадигмасының бағытын тілдік жүйенің дәстүрлі зерттеулерімен сабақтастырып, уақыт сұранысына сай антропоцентристік бағыттағы күрделі де кешенді зертеулерді жүргізу бүгінгі күннің басты талабы екендігі баса көрсетіледі. Сонымен қатар, мақалада адами факторлар мен ұлттық құндылықтарға ерекше мән беріліп, қазақ халқының өзіне тән табиғатын, таным-түсінігін, бүкіл мәдени болмысын танытатын этномәдени және этнотанымдық бірліктер туралы мәліметтер беріледі.

Түйін сөздер: антропоцентристік бағыт, тіл білімі, ұлттық құндылықтар, рухани болмыс, әлемдік жаһандану үдерісі.

Егизбаева Н.Ж.,
Есимова Ж.Д., Бекишева Р.М.

Антропоцентризм как актуальное направление современной лингвистической парадигмы

В статье рассматриваются вопросы анропоцентрического направления и использование его принципов в различных научных направлениях, особенно в лингвистической науке, приводятся принципы и различные точки зрения ученых-исследователей относительно единства и взаимосвязи языка и человеческого бытия. На основе преемственности теоретико-познавательной парадигмы исследования современного языкознания с традиционными исследованиями показывается, что проведение сложных и комплексных исследований в русле антропоцентрического направления и в соответствии с потребностями современной науки является главным условием настоящего времени. Наряду с этим особое внимание в статье уделяется человеческому фактору и духовным ценностям народа, а также приводятся сведения о природе, свойственной для казахского народа, его миропонимания, этнокультурных и этнопознавательных концептах, репрезентирующих его культурное своеобразие.

Ключевые слова: анропоцентрическое направление, языкознание, национальные ценности, духовное бытие, процесс глобализации.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 811.512.122'373

Yegizbaeva N.Zh.[1], Esimova Zh.D.[2], Bekisheva R.M.[3],

[1]Candidate of Philological Sciences, [2] Candidate of Philological Sciences,
[3]Senior teacher Al-Farabi Kazakh National University,
e-mail: nazyken@mail.ru; esimjulduz.84@mail.ru; ms.bekisheva@mail.ru

ANTHROPOCENTRISM AS A NEW DIRECTION OF MODERN LINGUISTIC PARADIGM

Language study has been conducted in new direction in linguistic science recently. Considerable changes of priorities in studying the language concerning the anthropocentric direction of modern science, which considers the nature of the language in close connection with the human being, the anthropocentric studies are gaining more popularity in comparison with studies on structural linguistics, whose object is systematic organization of the language. Anthropocentrism (from Greek word «anthropos» – «human being», Lat. «centrum» – «centre») is a scientific direction, its main problem is human being as a centre of the universe. In anthropocentric scientific studies human being and all the things relating to him (society, nature, culture, cognition etc.) are considered in close interrelationship with each other. Nowadays different sciences (philosophy, ecology, linguistics, logic etc.) research human being in connection with their object of research. Nevertheless it is impossible to understand all the variety and essence of human activities, their cognitive mechanisms without the language as the main instrument of human activities. That is why «the language is the main activity of human spirits, which is the basis of all other sorts of human activities. It is the power, that makes one a man» [3].

Anthropocentric direction in linguistics considers the essence of human being in close connection with the language. It is known, that the interrelationship of the language and the nature of human being started with ideas of the great German scientist, philosopher, linguist Wilhelm Humboldt, who was the founder of philosophy of the language. According to the scientist the language is believed to be the continuous process of spiritual creative works, determining the spiritual attitude of human being towards the universe. Paying particular attention to the role of the language in cognition of human being themselves, he calls the language one of the factors, that determine the spiritual and creative individuality of human being, their self-determination and inner self-development. In his linguistic-philosophic works Humboldt considers the development of the language in connection with the inner world of the human nature and he put forward a thesis, that the language and folk spirit are indissoluble, identical and are in close interrelationship, being at the same time one unity: «The language is as external manifestation of the spirit of nations: the language of a nation is its spirit, and the

spirit of a nation is its language, and it is difficult to imagine something more identical» [3]. According to the scientist, in this unity folk spirit has a leading position and namely the principle of the language formation depends on the folk spirit. «We should see in the folk spirit a real determining principle and the basis identifying differences between languages, as only the spiritual strength of a nation is the most vitally important and independent basis, and the language depends on it» [3]. At the same time he expresses the opinion that the folk spirit is expressed only with the help of the language: «Among the all manifestations, by which the spirit and character of a nation come to light, only the language can express the peculiar and refined features of the spirit and character of a nation and penetrate into their innermost mysteries» [3]. The assumptions advanced by the scientist deal with the fact that the essence of human being, his spirit is based on the language, in which interpretations of the world by human being are realized, that is why the language is the way of human thinking. These postulates make up the theoretical basis of the anthropocentric paradigm and are the methodological basis for numerous scientific research.

In research works of anthropocentric character the evolution of human nature is considered in connection with their intellectual abilities, world outlook and perception of the world. According to W. Humboldt: «… the language is the compulsory prerequisite of thinking even in conditions of full isolation of human being. But the language usually develops only in the society, and human being understand themselves only then, when they are convinced that their words are understandable to other people…» [3]. This way in his theory W. Humboldt restores the balance between the language and thinking. The idea of the scientist about the interrelationship between the language and thinking is also being reflected in research works of Kazakhstani linguists. So according to F. Orazbaeva «… despite the fact that thinking and consciousness of human being are a complex mechanism, thoughts can't be expressed without the language. That is why the language is the means of cognition of social objective reality and its realization in reality» (our translation – *N.E.*) [4:66]. Discussing the unity of the language and thinking, the researcher shows a complex interrelationship of triad: language-thinking-cognition. I. Gerder in his article «About the age of languages» writes: «Thanks to languages nations gradually learnt to think, and thanks to thinking they gradually learnt to talk» [5:35].

The language is not only means of communication, but also it is a peculiar key to understanding the nature of human being, the means of keeping values of a nation. Life experience of any nation gained during its long period of historic development, all that it experienced and all the things that taught it a lesson, all the knowledge gained by different circumstances, are transmitted to future generations with the help of the language. The language is means of transmitting of cultural-historic experience and that is why it identifies language speakers with their cultural tradition. The language as cultural property and means of keeping information about any nation is realized more brightly in ethnic cultural units (idioms, proverbs and saying, epithet, metaphor, metonymy, symbol, comparison etc.), that reveal historic-cultural peculiarity of a nation, its world outlook and peculiarities of perception of the world. For example, wisdom and life philosophy of the Kazakh nation is reflected in the Kazakh language, and world picture described in the Kazakh language is closely connected with ethnocognitive nature of the nation. In spite of the fact that our ancestors did not use any devices of measurement and did not measure time from sunrise to sunset with any clockwork, volume with scales, distance and length with meters, they found their own ways of measuring of time, weight, length which are characteristic for style of life and way of life of a particular epoch. At that time when there were no concepts of measurement of such periods of time as an hour, a minute, a second, as a measurement of time was used a unique beginning of different natural phenomena and actions. E.N. Zhanpeisov in his well-known work «Ethnic cultural lexis of the Kazakh Language» expresses such a point of view concerning national units of measurement: «In the Kazakh language as in any other Turkic languages for expressing the length and distance not the objects themselves are subjected to numerical expression, but their such physical properties as length, volume, weight etc.» [6, 142]. For example, notion «second» can be expressed by different movements of body parts: *қас-қағым, кірпік қаққанша, көзді ашып-жұмғанша, табан аузында*, synonym of all these expressions is the adverb «very fast» and all of them have functional equivalents in the Russian language such as *в мгновение ока, не успел и глазом моргнуть, только рот открыл*. Nomadic way of life of the Kazakh nation influenced on the peculiar measurement of time, connected with the way of life, and in connection with it the minute and the hour had their exact measurement of time, identical to expressions *бие сауым* – the period of time

from one till next milking of a mare, *сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым* – the approximate period of time equal to the period of boiling of milk, tea and cooking meat. M.A. Zhaksybaeva writes about the originality of measurement of periods of time in Kazakh culture «There is a great number of idioms in the Kazakh language whose main function is the measurement of periods of time. Among these idioms those expressing instant moments tend to be more frequently used in speech of language speakers. Short periods of time, seconds, instant moments were expressed by the time which is spent on eye movements, eyebrows, eyelashes «көзді ашып-жұмғанша, кірпік қаққанша, қас пен көздің арасында, дем арасында». Not a long period of time equal to some minutes was expressed by idioms such as «бір шай қайнатым, бір сүт пісірім, бие сауым» [7, 81].

The nature of cultural relevant lexis, which contain information about unique style and way of life as well as values of a nation can be revealed and identified by the use of anthropocentric methods (cognitive analysis, ethnolinguistic analysis etc.). At present in linguistic science has been created anthropocentric direction, whose object is the language as the main indicator of cultural-cognitive world picture of a particular nation. The founder of this direction became the great linguist-philosopher W. Humboldt. Ideas of this great scientist about the unity of a nation and the language were continued in works of foreign and Russian scientists: Boduen de Kurtene, A. Potebnja, I. Gerder, G. Steintal, M. Khaideger, D. Whitney, D.U. Pauell, L. Weissgerber, F. Boas, E. Sepir, B.L. Whorf, U. Stepanov, V. Telija, E. Kubrjakova, U. Apresjan, U. Karaulov, D. Likhatchev, V. Demjankov, M.Minski, N. Zhinkin, I. Galperin, V. Maslova etc.

Theoretical-cognitive research of paradigm of modern linguistics is getting more actual in the context of present time and is the main condition of modern scientific research works. Anthropocentric research works based on the consideration the language as a dialectical phenomenon are directed toward the determination of influence of the language on the essence of human being, his ability of thinking and way of life and vice versa the influence of human being on the language and determination of human factor in the language. The gained experience of each nation as a means of perception of the world and understanding the real world, at present is researched with other fields of science which confirms the interdisciplinary character of modern scientific spheres: «language and cognition», «language and ethnos», «language and culture», «language and psychology». As a result of combination of two disciplines were formed new directions of linguistic science having applied character: cognitive linguistics, ethnolinguistics, psycholinguistics, sociolinguistics etc. Nowadays each of these sciences has their own scientific-disciplinary character, their own object and subject of research, metalanguage and conceptual system and categories.

In Kazakh linguistics anthropocentric approach to the study of linguistic is used in works of such well-known scientists-linguists as A. Kaidar, R. Sysdyk, M. Kopylenko, E. Zhanpeisov, G. Smagulova, Zh. Mankeeva, N. Ualiuly, E. Suleimenova, B. Momynova etc. Considering language and nation as identical concepts A. Kaidar writes «If we consider nation and language as one unity and interrelated phenomena, the language can be not only as a means of communication between representatives of a particular nation, but also it can as a «witness» of spiritual, cultural heritage of a nation absorb all the variety of way of life, national originality, world outlook and perception of the world, traditions and customs, can also transmit treasure of heritage of ancestors as a priceless gift, given from one generation to the next generation» (our translation – *N.E.*) [8]. As Zh.A. Mankeeva points out, «in modern linguistics the field of research of the language as spiritual-cultural treasure of a nation is getting wider and wider, the reason being: each language is sign system, which has kept in the integrated form history of a nation, its unique culture, cognition and selectivity, character and consciousness, way of life and customs, traditions and wisdom as manifestation of life experience. That is why in Kazakh linguistics continuity and interrelationship of language and culture, namely national character and national spirit, which are depicted in the language have become basis of cognitive linguistics and are widely spread in such fields of science as linguaculturology, ethnolinguistics etc.» (our translation – *N.E.*) [9].

B. Momynova writes about anthropocentric direction in linguistics: «Anthropocentrism brings together linguistics with other scientific spheres and fields of science, since anthropocentric direction aims at the study of the language by means of human factor and namely human being makes up the main object of research works. The study of many-sided activity of human being and its essence is not only the prerogative of linguistics, but also the object of research of other fundamental sciences, which deal with the study and understanding the human phenomenon, which is getting special topicality in the context of contemporary scientific research works. The study of linguistic phenomena in the spectrum

«language and human being» presupposes the study of nature of language on the basis of anthropocentric principle as well as revealing peculiar features of this principle.

Linguistic science of last decades (end XX century – beginning XXI century) is characterized by increased interest to the research of linguistic phenomena in anthropocentric direction, which deals with cognitive mechanisms of the language. The problem of human being in the language, hat is the study of the language in one hypostasis with human being has an influence on the development of linguistics in a new direction and extending object of its research more and more. In the paradigm of modern linguistics based on anthropocentric principles, anthropocentric principles have gained great topicality and are widely spread in comparison with systematic-structural research works.

There is much continuity in modern scientific anthropocentric studies with other past linguistic research works with a new tendency and a new approach in the description of values of a nation, its world outlook and perception of the world, world of thoughts and actions as well as psychic peculiarities in the language. If in previous studies great importance was paid to structural peculiarities of the language and its functions, in modern scientific research works much attention is paid to the human factor in the language that is vice versa nature of the language is determined by human being as a centre of the universe. This idea is fully covered in N.W. Tschesnokova's in dissertation «Anthropocentric conception of works of C.N.Sergeeva-Tsenski: linguistic aspect» . She writes: «Modern linguistics is based on the anthropocentric principle, which presents the linguistic system in maximal proximity to human being» [10].

The process of globalization , which involves all the world, has an impact on the science of language in connection with other fundamental sciences and on the basis of their important and significant achievements it is taking definite measures in solution of complicated and complex scientific problems (connection of the language with cognition, consciousness, thinking, intellect, memory and psychic state). Linguistics as supportive power of the whole many-sided activity of human being determines the necessity of the study of the language and its means. The fact that the language is generated by means of interrelationship of human being with the external environment (culture, civilization, rule of the society, politics etc.) and that the language s a special phenomenon identifying the perception of human being, who the action was done by, was noticed in ancient times and it can be seen nowadays in historic-linguistic works.

References

1 Momynova B. New directions and typical relations in the language. – Almaty: Arys, 2009. – 160 p.
2 Gurevitsch P.S. Anthropocentrism as philosophic position. Philosophical anthropology. – M., 2001. – 160 p.
3 Alpatov V.M. Wilhelm Humboldt. In Book: History of linguistic studies. Second edition. – M., 1999. – 368 p.
4 Orasbaeva F. Linguistic relation. – Almaty: Dictionary, 2005. – 272 p.
5 Gylyga A.V. German classical philosophy. – M., 1986. – 334 p.
6 Zhanpeisov E. Ethnocultural lexis of the Kazakh language. – Almaty: Science, 1989. – 282 p.
7 Zhaksybaeva M.A. Ethnographic phraseologisms of the Kazakh and Russian languages. Dissertation. – Almaty, 1997.
8 Kaidar A. Current problems of the Kazakh Language. – Almaty, 1998. – 304 p.
9 Mankeeva Zh.A. Cognitive fundamentals of ethnocultural concepts in the Kazakh language. –Almaty: Zhybek Zholy, 2008. – 354 p.
10 Tschesnokova N.V. Anthropocentric conception of works S.N.Sergeev –Tsenskogo: linguistic aspect: Dissertation. – Tambov, 2003.
11 Kubrjakova E.S. Evolution of linguistic ideas in the Second part of XX century (paradigm analysis) //Language and Science of the end of XX century: Collection of articles. – M., 1995. – P. 144–238.

Жұмағұлова А.Ж.

Терминтаным – жаңа ғылым саласы

Мақала ғылым тіліндегі терминология мәселесіне арналады. Мақалада автор терминдердің теориялық тұрғыдан қарастырылуы барысындағы кейбір мәселелерге тоқталады. Автор терминтанудың ғылым саласы ретінде қалыптасуына қатысты А.В.Суперанская, Құрманбайұлы Ш. секілді ғалымдардың пікірлерін талдайды. Мақалада терминологиялық лексика мен жалпыхалықтық тіл және әдеби тілдің өзара байланысы туралы да баяндалады. Олардың өзара сабақтастығы ғылыми тұрғыдан тұжырымдалады. Автор сондай-ақ қазіргі терминтануда пайда болған деинтернационализация үдерісі туралы да айтып өтеді.

Түйін сөздер: кәсіби лексика, терминология, терминтану, әдеби тіл, жалпыхалықтық тіл, деинтернационализация.

Zhumagulova A.Zh.

Terminology – a new direction in science

This article is devoted to some problems of terminology, as a new branch of science. The author of article presents some of the scientific problems of terminology. It reveals the essence of the scientific ideas of scientists like A.V.Superanskaya, Sh.Kurmanbayuly and others. The author reveals the link between terminology and vocabulary of literary language as the national language of the two formulations in the article. In the article the author also talks about the process deinternatsionalization which clearly manifested recently in the problem of terminology.

Key words: professional vocabulary, terminology, science of terminology, literary language, national language, deinternatsionalization.

Жумагулова А.Ж.

Терминоведение – новое направление в науке

Статья посвящается некоторым проблемам терминологии, как новое направление науки. Автор в статье излагает некоторые научные проблемы терминологии. Расскрывает сущность научных идей таких ученых как А.В.Суперанская, Ш.Құрманбайұлы и др. Автор в статье расскрывает связь между терминологической лексикой и литературным языком, как двух составов общенационального языка. В статье так же автор рассказывает о процессе деинтернационализации, который ярко проявляется последнее время в терминоведении как проблема.

Ключевые слова: профессиональная лексика, терминология, терминоведение, литературный язык, общенациональный язык, деинтернационализация.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 16.01.33

Жұмағұлова А.Ж.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: arzu_zh@mail.ru

ТЕРМИНТАНЫМ – ЖАҢА ҒЫЛЫМ САЛАСЫ

Дүние жүзі халықтары әлемдік өркениетке талпынып, осы биікке жаһандану арқылы жетеміз деген қазіргі қоғамда ғылым мен техника да жедел дамып отыр. Мұны біз күнделікті өмірімізде сезінудеміз. Қоғамда үздіксіз болып жататын өзгерістер мен жаңалықтарды халыққа жеткізуде басты құрал болып табылатын тілдің қоғамнан тыс қалмай бірге дамуы – табиғи құбылыс. Уақыт озған сайын тілдің кейбір лексикалық қабаттары үнемі жаңа ұғымдық атаулармен толығып, өзгеріп отырады.

Ғылым мен техниканың дамуы нәтижесінде пайда болған осындай ұғымдық атаулар тілші ғалымдардың белгілі бір ғылым саласындағы кәсіби лексика мен терминдерді зерттеуге деген қызығушылығын туғызып отыр.

Жалпыхалықтық тілдің қалыптасып дамуы мен толығуында кәсіби лексика мен терминдердің алатын орны маңызды екендігі анық. Сондықтан да қоғамның барлық салаларындағы сөздік қордың толығуы терминдер мен кәсіби сөздердің қолданыс аясының кеңеюіне жол аша отырып, ғалымдарға жаңа міндеттер жүктейді. Себебі, кез келген салаға қатысты жаңа ұғымдар атауды қажет етсе, ол атау сөздер тілдік бірлік ретінде зерттеу нысаны болуы заңды.

Тіл мамандары тіліміздегі терминдер жүйесін теориялық және тәжірибелік тұрғыда қарастырады. Терминдер лексиканың ең бір өнімді қабаты болғандықтан және терминнің қалыптасып дамуы үнемі жалғасын тауып отыратын үдеріс болғандықтан, ғалымдар бүгінде «терминтанымды жаңа қалыптасқан ғылым саласы» ретінде тануда.

«Казіргі кезенде терминтану мектебі қалыптасқан бірнеше елдің ғалымдары терминтануды дербес ғылыми пән ретінде танып отырғандығын айту керек. Сөзіміз дәлелді болу үшін олардың ғылыми еңбектерінен, әр кезеңде айтқан пікірлерінен үзінділер келтірелік. Мысалы, В.П. Петушков былай деп жазады: «Өзінің көп жылдық тарихы бар екендігіне қарамастан, терминтану – бұл жаңа қалыптасып келе жатқан ғылым» [1, 116].

Бір нәрсенің басы ашық. Ол – терминтанудың тіл білімімен, лексикологиямен тығыз байланыстылығы және оның дербес ғылым саласы ретінде лингвистикадан бастау алып, содан өрбіп, тармақталып шыққандығы. Сол себептен де және терминтанудың негізгі бірлігі термин сөз немесе сөз тіркесі ретінде тіл

білімінің зерттеу нысаны, тілдік бірлік болғандықтан да терминтану ең алдымен, лингвистикамен тығыз байланысты, онымен түбі бір әрі ешкашан одан біржолата іргесін аулақ салып кете алмайтын ғылым саласы болып қала бермек...» [2, 16].

Терминтанудың ғылым саласы ретінде қалыптасуына және ғалымдар арасында танылуына ұзақ уақыт қажет болды. Нәтижесінде жеке және жалпы терминтану секілді бағыттары, сондай-ақ семасиологиямен, ономастикамен, типология және т.б. салалармен байланысты бағыттары қалыптасты. Терминдерді теориялық тұрғыдан зерттеу терминдердің қызметін, өзіне тән ерекшеліктерін, олардың қолданыстағы ғылым саласында алатын орнын, маңызы мен мәнін қарастырады. Сондай-ақ Ресейлік ғалымдардың пікірінше, ғылым мен техниканың дамуы нәтижесінде пайда болған терминдер үнемі «... влечет за собой необходимость инвентаризации, унификации и кодификации лексических единиц языка той или иной специальности» [3, 22].

Қазір тіл мамандары кәсіби лексиканың, оның ішінде терминдердің жалпыхалықтық тіл құрамында қарастырылуы және кәсіби лексика мен әдеби тілдің арақатынасына қатысты түрлі пікірлер қалыптасуда.

Бұл мәселеге қатысты терминология саласының белгілі маманы А.В.Суперанская өзінің «Әдеби тіл және терминологиялық лексика» деген еңбегінде жан-жақты талдау жасайды. Ғалым терминологиялық лексиканы әдеби тіл лексикасына қосуға дәлелді уәждер келтіре отырып, қарсы шығады. Ғалымның пікірінше, терминологиялық лексика да, әдеби тіл дежалпыхалықтық, ұлттық тілдің құрамына кіреді, демек екеуі де жалпыхалықтық тілдің жеке түрлері ретінде қарастырылады. Терминологиялық лексиканы әдеби тілдің лексикасына қосып қарастыруға мүлдем болмайды. Ғалымның пікірін өзге ғалымдар да негізді деп қабылдайды. Ол өзінің еңбегінде терминологияның арнаулы лексика саналатынын және арнайы мақсатта тіл мәтіндерінде қолданылатын атап көрсетеді. Терминдер өздері атайтын ұғымдармен тығыз байланысты. Терминдер ұлттық тілдің ішкі грамматикалық ережелеріне бағынып, тілдік қатынаста қолданыста болғанымен,ұғымдық жағынан лексикалық сөзден ерекшеленеді.«Большинство лингвистов сходятся во мнении, что, являясь частью общенационального языка, язык специальности не входит в состав литературного. Это обусловлено не только и не столько сферой употребления данных лексических единиц, сколько особенностями их образования и употребления. Существует точка зрения о том, что язык науки – это «искусственно формируемый лексический пласт, каждая единица которого имеет определенные ограничения для своего употребления и оптимальные условия для своего существования и развития» [4, 72].

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, қоғамның дамуымен қатар адамдардың өзара тілдік қарым-қатынас жасауы нәтижесінде табиғи түрде, ұзақ уақыт бойы қалыптасатын жалпықолданыстағы лексикаға қарағанда қоғаммен бірте қайнасқан ғылым мен техниканың дамуына тікелей тәуелді кәсіби лексика жасанды жолмен және қарқынды қалыптасып дамиды. Егер пайда болған жаңа ұғымның атауын, яғни терминді, сол саланың мамандары жатсынбай қолданысқа енгізсе, онда ол терминологиялық бірлік терминологияның белсенді құрамына енеді.

Терминологиялық бірліктер арнайы кәсіби лексиканың құрамына енеді және оның басым бөлігін құрайды. Кәсіби лексиканың семантикасы тек сол ғылым саласының өкіліне немесе сол кәсіппен айналысатын маманға ғана түсінікті.

«Кәсіби лексика» терминіне қатысты да ғылымда бірізділік әлі анық емес. Тіпті орыс ғалымдарының өздері де «кәсіби лексика» терминін әр түрлі түсіндіре отырып, әр түрлі атайды. Мысалы, ғалым О.С.Ахмановаңың «Лингвистикалық терминдер сөздігі» деген еңбегінде кәсіби тілге «социальные диалекты данного языка, бытующие среди лиц, принадлежащих к одной и той же профессии» [5] деген анықтама береді де, терминдерді бұл құрамға кіргізбейді. Ал кейбір ғалымдардың пікірінше, кәсіби лексикаға терминдер де кәсіптік жаргон сөздер де жатады.

Терминтанудағы бүгінгі күнгі бір мәселе – терминдерді біріздендіру. Әр түрлі қоғамдықтарихи жағдайларға байланысты Тәуелсіздік алғанға дейін терминдерді пайдалануда терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстадық. Сондықтан біздің терминологиялық қорымыз өзге тілдерден орыс тілі арқылы енген терминдерден құралды және үнемі толығып отырды. «Терминтануда терминдерді халықаралықтандыруға қарсы бағытталған деинтернационализация деген үдеріс бар. Бұл бұрын тарихи, саяси-экономикалық немесе басқа жағдайларға қатысты өзге тілдерден дайын терминдерді шектен тыс көп қабылдап келген халықтардың сол халықаралық терминдердің орнын өз тілдерінің сөздерімен жаппай алмастыру процесі» [2]. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл құбылыс бізде біліне бастады, бірақ өте баяу өтуде. Бұл мәселе-

ге қатысты ғалымдар пікірі де екі жақты болды: бірі – қош көрді, бірі – мұны пуристік бағыт деді.

Терминдерді біріздендіруге қатысты түркі тілдерінің терминдер жүйесін жақындастыру, ортақ терминдер қорын орталықтандыру, оларды молайту деген секілді пікірлер де көңілге қонады. Әрине, бұл өте ұзақ уақытты қажет ететін үдеріс. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында көтерілген бұл мәселе әлі де бастапқы қалпында тұрғандай әсер қалдырады. Өркениеттің биігіне жеткізеді деп отырған жаһандану заманында ақпараттың біркелкілігі, бағаның біркелкілігі, дамудың біркелкілігі, халықаралық қатынастардың біркелкілігі күтіліп отырғанда, ғылым мен техниканың біркелкілігі жарыса даму үшін терминдерді біріздендірудің маңызы зор.

Әдебиеттер

1 Петушков В.П. Лингвистика и терминоведение // Терминология и норма. – М., 1972. – С. 116.

2 Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану: монография / Ш. Құрманбайұлы. – Алматы : Ел-шежіре, 2008. – 240 б.

3 Локтионова Н.М., Животкова И.А. К вопросу профессиональной лексике// Современные проблемы науки и образования. – 2013. – №6. http://www.science-education.ru/113-11729

4 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. Вопросы теории. – М.: Наука, 1989. – 72 с.

5 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – 4-е изд. – М.: Комкнига, 2007. – 57 с.

References

1 Petushkov V.P. Lingvistika i terminovedenie // Terminologiya i norma. – M., 1972. – S. 116.

2 Qurmanbayuli’ Sh. Alash ja’ne termi’’ntanw: monografi’’ya / Sh. Qurmanbayuli’. – Almaty: El-shejire, 2008. – 240 b.

3 Loktionova N.M., ZHivotkova I.A. K voprosu professional’noj leksike// Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2013. – №6. http://www.science-education.ru/113-11729

4 Superanskaya A.V., Podol’skaya N.V., Vasil’eva N.V. Obshchaya terminologiya. Voprosy teorii. – M.: Nauka, 1989. – 72 s.

5 Ahmanova O.S. Slovar’ lingvisticheskih terminov. – 4-e izd. – M.: Komkniga, 2007. – 57 s.

Какильбаева Э.Т.,
Сабитова З.К.

Художественный текст как гипертекст и гипертекст как способ организации текста

В данной статье рассматриваются гипертекстовые признаки художественного текста, выявляются основные параметры гипертекста как нелинейной структуры в виртуальной среде, устанавливаются многомерные связи гипертекста с постмодернистской поэтикой, исследуется его интертекстуальность и мультимедийность. Исходной мыслью авторов статьи является утверждение, что гипертекстовая технология дает возможность структурированного представления любого текста, поэтому уделяется внимание анализу сущности и особенностей гипертекстовой технологии. Сопоставление структуры гипертекста и постмодернистского текста позволяет вслед за Р. Бартом рассматривать любой текст как интертекст. Для выявления специфики гипертекста анализируется соотношение гипертекста и интертекстуальности. По мнению авторов статьи, интертекстуальность основана на «идее диалога» М.М. Бахтина. Основное внимание уделено гипертекстовому пространству Олжаса Сулейменова, позволяющему включить его в контекст мировой культуры.

Ключевые слова: гипертекст, виртуальная среда, мультимедийность, ннтертекст, культурный контекст.

Kakilbaeva I.T.,
Sabitova Z.K.

Art text as hypertext and hypertext as way of organization of the text

Authors of article consider hypertext signs of the art text, analyze key parameters of the hypertext as nonlinear structure in the virtual environment. They do attempt to establish connection of the hypertext with postmodernist poetics, investigate an intertextuality and multimedia of the hypertext. Initial thought is the statement that the hypertext technology gives the chance to submit any text as structure therefore authors of article pay attention to the analysis of essence and features of hypertext technology. Comparison of structure of the hypertext and post-modernist text allows to consider after R. Bart any text as intertext. The ratio of the hypertext and intertextuality is analyzed for detection of specifics of the hypertext. According to authors of article, the intertextuality is based on «idea of dialogue» of M.M. Bakhtin. The main attention is paid to the hypertext space of Olzhas Suleymenov allowing to include the poet in a context of world culture.

Key words: hypertext, virtual environment, multimedia, intertext, cultural context.

Кәкілбаева І.Т.,
Сабитова З.К.

Көркем мәтін гипермәтін ретінде және гипермәтін мәтіннің ұйымдастыру әдісі

Мақалада көркем мәтіннің гипермәтіндік белгілері қарастырылған, гипермәтінді нысаны байланысты автономды бірліктер ұсынылған мәтін деп санап, оның виртуалдық кеңісіндегі орны және елеулі параметрлері айқындалған. Көркем гипермәтіннің постмодернистік поэтикасымен әр түрлі байланысы анықталып, интермәтіндік және мультимедиалық белгілері зерттелген. Мақала авторлардың айтқанындай, гипермәтіндік технология кез келген мәтінді құрылымдық ретінде қолданады, сол себептен гипермәтіндік технологияның мәніне және ерекшеліктеріне назар аударылады. Р. Барттың әдістемесін қолданып, әр көркем мәтін интермәтін деп санап, авторлар гипермәтіннің құрылымын постмодернистік мәтінмен салыстырған. Мақалада гипермәтіннің өзгешілігін анықтау үшін оның интермәтіндікпен арақатынасына талдау жасалған. Интермәтінді көп дауысты құрылым ретінде қарастырған М.М. Бахтиннің ықпалын қолданып, авторлар гипермәтін Олжас Сүлейменовті әлемдік мәдени кеңістікке енгізуге мүмкіндік тудырады деп санайды.

Түйін сөздер: гипермәтін, виртуалдық орта, мультимедиалық, интермәтін, мәдени контекст.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 81-13

Какильбаева Э.Т.[1], Сабитова З.К.[2],

[1]к. ф. н. доцент Казахского национального университета им.аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
[2]д. ф. н. профессор Анатолийского университета, г. Ескишекир, Турция,
e-mail: inkar.kakil@mail.ru; z_sabitova2@mail.ru

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТЕКСТ КАК ГИПЕРТЕКСТ И ГИПЕРТЕКСТ КАК СПОСОБ ОРГАНИЗАЦИИ ТЕКСТА

В связи с ростом популярности Интернета как особого коммуникативного пространства становится необходимым поиск новых, эффективных способов сбора, хранения, передачи, обработки информации. В рамках научного проекта «Гипертекстовое пространство творчества Олжаса Сулейменова в контексте русско-тюркских взаимосвязей» мы попытаемся представить творчество известного поэта, писателя, общественного деятеля Олжаса Сулейменова в виде гипертекстового пространства. С этой целью мы рассмотрим вопросы, связанные с особенностями мышления, восприятия современного читателя- пользователя, а также признаки гипертекста, его интертекстуальные связи, специфику их функционирования в виртуальной среде для того, чтобы обосновать преимущества исследования произведений Олжаса Сулейменова в виде гипертекста.

По значимости и влиянию на развитие мировой цивилизации Интернет можно назвать символом эпохи информационного общества и культуры постмодерна [1]. В эпоху глобальных коммуникаций жизнь современного человека полностью охвачена информационными технологиями. Общение стало осуществляться в большей степени опосредованно – через Интернет, телефон. В связи с этим значительным становится влияние компьютера, гаджетов на прагматическую и лингвокультурную составляющую нашего общения. Поэтому филологи обращаются к изучению особенностей виртуального общения, при этом не только общения человека с человеком, но и общения человека с компьютером.

Под гипертекстом понимается способ представления информации в виде нелинейной структуры в виртуальной среде [2, 62]. К его важнейшим признакам относятся нелинейность, фрагментарность, виртуальность, опосредованность компьютерной средой, мультимедийность, открытость, интерактивность и др. (см. работы А.Н. Баранова [3], Р.К. Потаповой [4], У. Эко [5], Л.В. Эпштейна [5], О.В. Дедовой [7], М. Визель [8] и др.).

Гипертекст чрезвычайно созвучен постмодернистской ситуации. В принципах его организации находят воплощение практически все основные мировоззренческие установки постмодернизма, к которым относят интертекстуальность, пе-

реосмысление элементов культуры прошлого, многоуровневую организацию текста, принцип читательского сотворчества, неопределенность, фрагментарность и принцип монтажа, соединение различных видов творчества и др. [9, 132]. Интертекстуальность, тесно связанная с концепцией «смерти автора», является одной из важнейших черт постмодернистской литературы. Текст, основываясь на предыдущих текстах и находясь в процессе постоянной переработки и реинтерпретации, перестает быть автономным образованием и представляет собой пучок интертекстуальных связей, объединяющих отдельные коммуникативные элементы [10, 41-42]. Интертекстуальность, по мнению С. Корнева, «сшивает текст с другими, внешними ему текстами, – причем настолько естественно и органично, что переход от текста к тексту происходит естественно и остается почти незаметным» [11, 30]. С точки зрения интертекстуальности, мир – огромный текст, в котором все когда-то уже было сказано, и новое возникает лишь по принципу калейдоскопа: смешение определенных элементов дает новые комбинации.

Творчество О. Сулейменова как особым образом организованное единое смысловое поле будет включено в контекст мирового культурного пространства, универсального информационного поля. Хотя, по сути, все его творчество представляет собой гипертекст. Известно, что под гипертекстом понимается несколько сущностей: 1) иерархическая совокупность текстов, напр., словарь; биография писателя – комментарий – глоссарий – пометы – рассказ [12]; 2) система текстов одного писателя [13]. К тому же, гипертекст представляет собой и текст, и способ, метод, механизм организации огромных объемов информации.

Творчество любого поэта, писателя основывается на нелинейном, многократном, творческом прочтении, а значит, представляет собой гипертекст. Согласно мнению Р. Барта, «каждый текст является интертекстом; другие тексты присутствуют в нем на различных уровнях в более или менее узнаваемых формах: тексты предшествующей культуры и тексты окружающей культуры» [14].

Если в художественном тексте интертекстуальные связи скрыты, то в гипертексте они экстериоризируются. Как только эти связи «отыскиваются и к данному произведению присоединяются взаимосвязанные произведения так, что физически становится доступна вся совокупность, текст превращается в гипертекст» [10, 51].

Гипертекстовое пространство произведений О. Сулейменова рассчитано на активного читателя, который не потребляет готовую продукцию, а творит вместе с автором, развивает его мысли. И поскольку в гипертекстовой среде налицо не только сам текст, но и вся совокупность альтернативных текстов, задаваемых комбинаторикой отдельных его фрагментов, то в гипертекстовом пространстве творчества О. Сулейменова каждый элемент представляет собой отрывок со сложной «драматургией», а значит, является потенциальным стимулом для реагирования и может породить другие тексты, связанные с ним не формально, а семантически [15, 552].

В таком представлении произведений О. Сулейменова прочтение определенного фрагмента приводит читателя к выбору несколько возможных путей чтения. И тогда он становится центральной фигурой, навигатором, он сам выбирает маршрут чтения, интерпретирует его, прокладывает свой путь проникновения в содержание текста и порождает новые тексты.

Художественный мир Олжаса Сулейменова необычайно разнообразен и синтетичен, многослоен и неисчерпаем, его гипертекстовая структура позволяет устанавливать семантические связи между разными сюжетами. Ассоциации, возникающие при чтении текста, данного в традиционной линейной последовательности, порождают дополнительные смыслы заключенной в тексте информации, что неизбежно ведет к расширению сюжетного поля любого стихотворения Олжаса Сулейменова, этому способствуют и контекст, и подтекст. Поэт позволяет себе неожиданно оборвать заявленный сюжет, отойти от линейной логики его развития, вступает в диалог в читателем и слушателем. Сулейменовские лирические тесты зачастую фрагментарны, переход от одного мини-сюжета к другому произволен, зависит от авторской воли, поэтому и читатель может позволить себе вольно «переходить» от одного фрагмента к другому, погружаться в виртуальный мир героев, визуализировать пространство и время, пейзаж и события, происходящие в частном сюжете сулейменовского лирического текста.

Вышеперечисленные особенности лирики Олжаса Сулейменова, свидетельствующие о ее гипертекстовой сущности, можно обнаружить в любом его произведении, к примеру, в стихотворении «Яблоки» 1964 года, посвященном *Леониду Мартынову,* одному из друзей-поэтов старшего поколения [16, 105]. Сулейменова и Мартынова сближало их увлечение геологией,

участие в геологических экспедициях, что и легло в сюжет этого стихотворения. Как и многие другие стихи Сулейменова, это произведение сюжетно: действие происходит во время геологической экспедиции, местом действия является *край, / где лишь пихты и ели, / где ели от тяжести неба присели, / где между стволами ветры белели, / их называли так нежно: «метели»...* Использование поэтического приема перифразы придает обстановке особый колорит, лирический герой, как и сам автор, включен в круг событий. Каждая деталь: «*холодная землянка», «войлочные лапы», «печка»-спасительница, буры и дрели, которые «лежали недвижно четыре недели», и «мужчины, лохматые, как метели», «злые на всё за четыре недели»* – визуализирует происходящее. Появление яблок из рюкзака представлено как чудо, рождающееся на глазах присутствующих: «*Откуда вдруг солнце / в холодной землянке?»*. Олжас Сулейменов в кульминационной части использует двойной оксюморон как сочетание несочетаемого*: «вспыхнул румяный / сияющий запах»*. Сулейменов «отсылает» читателя к мифам об яблоке, в которых идеальная круглая форма связана с представлениями о мире, Вселенной, космосе; золотистый нежный цвет, «румянец» яблочка – с красотой, здоровьем и молодостью; гладкая атласная кожица, которая скрывает сочный плод – с тайной и богатством; сладость и аромат – с удовольствием и наслаждением. Далее поэт вводит в сюжет мотив преображения: «*лохматые»* и «*злые*» до сего момента мужчины «*в грубых ладонях яблоки грели, / яблокам в щёки, / как детям смотрели -/ арыки, ущелья, проспекты, аллеи!..»*. В новом мини-сюжете возникает тема южного города, яблоневого сада и образ самого дорогого для человека существа – мамы: *«Мама, в саду так не пахли они, / как в эти таёжные зимние дни»*. Яблоки выступают здесь символом солнца, тепла, Алма-Аты, создают атмосферу праздника света и уюта. Необычен и богат гипертекстовыми ассоциациями и стих Олжаса Сулейменова, он близок по звучанию и графическому оформлению к стихам поэтов серебряного века, в частности, в памяти всплывают стихи Андрея Белого: «*Блестели и пели капели, // Златился покров ледяной…/ Сестрицы сидели и млели/ В окошке весной под луной.* И сулейменовские женские полусквозные рифмы *ели, присели, белели, метели, осмотрели, дрели, недели, посмотрели, грели, смотрели* создают ту же атмосферу чуда, что и у А.Белого…

Создавая гипертекстовое пространство произведений О. Сулейменова как открытую систему, доступную множеству интерпретаций, мы привносим в него, помимо естественной интертекстуальности, заключенной в любом художественном тексте, «имплантированную интертекстуальность», которая создается с помощью гиперссылок, «ненавязчиво «пришивающих» к тексту весь его культурный контекст» [11, 40], возможной только благодаря Интернету как среде его существования. В таком виртуальном пространстве смысл произведений автора возникает в результате того, что читатель становится носителем «интертекстуальной энциклопедии», единственным живым «Я». Читатель, как и сам автор, участвуя в сотворчестве, своеобразной игре, предлагаемой автором и заданной ему рамками текста, попадает в виртуальную реальность. Он выбирает не одну из ряда возможностей, а все сразу, он идет по своему, интуитивно или сознательно выбранному, пути, который всегда ведет за рамки, принятые в реальности. В результате возможно осуществить мечту любого автора – вступить в диалог с читателем, наблюдать за его активным соучастием не только в понимании текста, но и в создании его смысла.

Таким образом, произведения О. Сулейменова в гипертекстовой среде, будучи нелинейными, виртуальными, открытыми, интерактивными и др., представляют собой «сад расходящихся тропок» (Х.Л. Борхес), т.е. текст с множеством различных связей, ведущих к другим текстам, в котором каждый читатель выбирает свой путь прочтения. Произведения О. Сулейменова получат новую, виртуальную, жизнь – в сознании читателя, он будет постоянно достраиваться и видоизменяться, формируясь как результат усилий множества читателей. Все его творчество превратится в одну большую книгу, в библиотеку особого типа, в которой автор представлен во всех своих ипостасях, автор, будучи центром организации и дистрибуции текстов, выйдет на первый план.

Литература

1 Голышко А.В. Как обустроить электронную Россию // Вестник связи. – 2001. – № 6 [электронный ресурс] // http://www.hse.ru/pressa/vest_sv/2002061.htm.

2 Хартунг Ю. Гипертекст как объект лингвистического анализа // Вестник Московского ун-та. Серия 9. Филология. – 1996. – №3. – С. 61–77.

3 Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику – М.: Эдиториал УРСС, 2001. – 360 с.

4 Потапова Р.К. Новые информационные технологии и лингвистика: Учебное пособие. – М.: МГЛУ, 2002. – 576 с.

5 Эко У. Роль читателя. Исследования по семиотике / Пер. с англ. и итал. С. Серебряного. – СПб.: Симпозиум, 2007. – 502 с.

6 Эпштейн В.Л. Введение в гипертекст и гипертекстовые системы [электронный ресурс] // http://www.ipu.rssi.ru/publ/epstn.htm,

7 Дедова О.В. Лингвосемиотический анализ электронного гипертекста (на материале русскоязычного Интернета): автореферат дис. … докт. филол. наук. – М., 2006. – 48 с.

8 Визель М. Гипертексты по ту и эту сторону экрана // Иностранная литература. – 1999. – № 10. [Электронный ресурс] // http://www.litera.ru/slova/viesel/visel-ht.html.

9 Соболева О.В. Гипертекст как способ организации художественной литературы в Интернет-пространстве // Вестник Челябинского гос.университета. – 2013. – № 1. Филология. Искусствоведение. – Вып. 73. – С.130-133.

10 Купер И.Р. Гипертекст как способ коммуникации // Социологический журнал. – 2000. – №1–2. – С. 37-59.

11 Корнев С. «Сетевая литература» и завершение постмодернизма: Интернет как место обитания литературы // Новое литературное обозрение. – 1998. – №32. – С.29-47.

12 Руднев В.П. Словарь культуры XX. – М., 1997. – 187 с.

13 Глинина О.Г. «Темные аллеи» И.А. Бунина как художественное единство: Автореф. дис. … канд. филол. наук (10.01.01) – Волгоград, 1999. – 21 с.

14 Барт Р. Избранные работы. Семиотика. Поэтика. – М.: Прогресс: Универс, 1994. – 616 с.

15 Какорина Е.В. СМИ и Интернет-коммуникация (Интернет-форум как новый коммуникативно-речевой жанр) // Современный русский язык: Активные процессы на рубеже XX-XXI веков. – М.: Языки славянских культур, 2008. – С. 548–578.

16 Сулейменов О. Яблоки // Сулейменов О. Избранное – Алма-Ата: Жазушы, 1976. – С. 105.

References

1 Golyshko A.V. Kak obustroit’ ehlektronnuyu Rossiyu // Vestnik svyazi. – 2001. – № 6 [ehlektronnyj resurs] // http://www.hse.ru/pressa/vest_sv/2002061.htm.

2 Hartung YU. Gipertekst kak ob»ekt lingvisticheskogo analiza // Vestnik Moskovskogo un-ta. Seriya 9. Filologiya. – 1996. – №3. – S. 61–77.

3 Baranov A.N. Vvedenie v prikladnuyu lingvistiku – M.: EHditorial URSS, 2001. – 360 s.

4 Potapova R.K. Novye informacionnye tekhnologii i lingvistika: Uchebnoe posobie. – M.: MGLU, 2002. – 576 s.

5 EHko U. Rol’ chitatelya. Issledovaniya po semiotike / Per. s angl. i ital. S. Serebryanogo. – SPb.: Simpozium, 2007. – 502 s.

6 EHpshtejn V.L. Vvedenie v gipertekst i gipertekstovye sistemy [ehlektronnyj resurs] // http://www.ipu.rssi.ru/publ/epstn.htm,

7 Dedova O.V. Lingvosemioticheskij analiz ehlektronnogo giperteksta (na materiale russkoyazychnogo Interneta): avtoreferat dis. … dokt. filol. nauk. – M., 2006. – 48 s.

8 Vizel’ M. Giperteksty po tu i ehtu storonu ehkrana // Inostrannaya literatura. – 1999. – № 10. [EHlektronnyj resurs] // http://www.litera.ru/slova/viesel/visel-ht.html.

9 Soboleva O.V. Gipertekst kak sposob organizacii hudozhestvennoj literatury v Internet-prostranstve // Vestnik CHelyabinskogo gos.universiteta. – 2013. – № 1. Filologiya. Iskusstvovedenie. – Vyp. 73. – S.130-133.

10 Kuper I.R. Gipertekst kak sposob kommunikacii // Sociologicheskij zhurnal. – 2000. – №1–2. – S. 37-59.

11 Kornev S. «Setevaya literatura» i zavershenie postmodernizma: Internet kak mesto obitaniya literatury // Novoe literaturnoe obozrenie. – 1998. – №32. – S.29-47.

12 Rudnev V.P. Slovar’ kul’tury HKH. – M., 1997. – 187 s.

13 Glinina O.G. «Temnye allei» I.A. Bunina kak hudozhestvennoe edinstvo: Avtoref. dis. … kand. filol. nauk (10.01.01) – Volgograd, 1999. – 21 s.

14 Bart R. Izbrannye raboty. Semiotika. Poehtika. – M.: Progress: Univers, 1994. – 616 s.

15 Kakorina E.V. SMI i Internet-kommunikaciya (Internet-forum kak novyj kommunikativno-rechevoj zhanr) // Sovremennyj russkij yazyk: Aktivnye processy na rubezhe HKH-HKHI vekov. – M.: YAzyki slavyanskih kul’tur, 2008. – S. 548–578.

16 Sulejmenov O. YAbloki // Sulejmenov O. Izbrannoe – Alma-Ata: ZHazushy, 1976. – C. 105.

Қондыбаева Р.Ж.

Фонетикалық зерттеулерде қолданылатын компьютерлік бағдарламалар

Тіл біліміне қарасты ғылыми салалардың ішінде компьютерлік бағдарламалар мен жаңа технологияларды қолдану жағынана фонетика, яғни тіл дыбыстарын зерттейтін сала, басқаларына қарағанда ілгеріде тұрады. Олай дейтініміз, фонетика нақты тілдік материал, яғни артикуляцилық жағынан дыбысталып, акустикалық жағынан қабылданатын тіл дыбыстарын зерттейді. Оларды түрлі акустикалық құрылғылар мен қондырғылар арқылы зерттеу өткен ғасырдың өзінде жақсы дамыған. Қазіргі жаңа ғасыр жоғары технологиялар мен компьютерлік бағдарламалардың дәуірі болғандықтан, фонетист ғалымдар тіл дыбыстарын зерттеуде түрлі амал-тәсілдер мен құралдарды қолданады. Бүгінгі күні эксперименталды фонетика акустика және психоакустика, информатика, когнитивті психология, бейнелерді тану және жасанды интеллект жасау сынды ғылым салаларымен тығыз байланысты дамып келеді. Берілген мақалада фонетикалық зерттеулерде кеңінен қолданылып жүрген Praat, Speech Analyzer, WinCecil, GoldWave сынды компьютерлік бағдарламалар туралы баяндалады. Мақаланы дайындау барысында әр компьютерлік бағдарламаны барынша сипаттап, олардың артықшылығы мен кемшіліктерін көрсетуге тырыстық.

Түйін сөздер: фонетика, компьютерлік бағдарлама, инновациялық технология, осциллограмма, спектрограмма, қарқындылық, форманттар, тон жиілігі.

Kondybaeva R.Zh.

Computer programs in phonetic researches

It is well known that computer programs are widely used in phonetic research and considered as an integral part of sounds analysis of the speech. The modern computer programs have considerable opportunities to synthesize the sound in a different ways. Because many aspects of articulation and hearing are inaccessible to a human ear and sight, researches in these directions are carried out by means of tools or computer programs. Experimental phonetics develops as the science integrating and reinterpreting according to the problems of knowledge and methods from a number of adjacent areas: acoustics and psychoacoustics, computational sciences, cognitive psychology, recognition of images, artificial intelligence and others. In experimental phonetics researches with use of the latest computer programs, especially in recent years, in connection with development of different innovative computer programs such as Praat, Win Cecil, Speech analyzer, GoldWave and etc

Key word: phonetics, computer program, innovation technology, spectrum, intensity, formants, tone pitch.

Кондыбаева Р.Ж.

Компьютерные программы в фонетических исследованиях

Как известно, компьютерные программы – неотъемлемая часть инструментального анализа звуков речи. Современные компьютерные программы, используемые фонетистами при анализе звукового материала, имеют значительные возможности синтезировать звучащую речь. В связи с тем, что многие аспекты речепроизводства и слушания недоступны человеческому уху и зрению, исследования в этих направлениях осуществляются при помощи инструментов или компьютерных программ. Экспериментальная фонетика – совокупность инструментальных методов исследования звуков естественных языков. В настоящее время экспериментальная фонетика развивается как наука, интегрирующая и переосмысливающая в соответствии со своими задачами знания и методы из ряда смежных областей: акустики и психоакустики, информатики, когнитивной психологии, распознавания образов, искусственного интеллекта и других. В экспериментальной фонетике стали широко проводиться исследования с использованием новейших компьютерных программ, особенно в последние годы, в связи с развитием разных инновационных компьютерных программ. К ним относятся такие компьютерные программы, как Praat, Win Cecil, Speech analyzer, GoldWave и т.д.

Ключевые слова: фонетика, компьютерная программа, инновационная технология, осциллограмма, спектрограмма, интенсивность, форманты, частота тона.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81’23

Қондыбаева Р.Ж.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
аға оқытушысы, PhD, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: rkraushan7@gmail.com

ФОНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАР

Тіл дыбыстары, сөз екпіні және интонация сынды күрделі фонетикалық құбылыстарды компьютерлік бағдарламаға негізделген эксперименталды-фонетикалық әдістер арқылы зерттеу – нақты ғылыми тұжырымдарға қол жеткізудің бірігей тәсілі. Зерттеу жұмыстарында компьютерлік бағдарламаларды жан-жақты қолданатын ғалымдардың осыған қатысты айтқан пікіріне тоқталсақ: «Одной из появившихся благодаря компьютеризации новых возможностей является хранение больших объемов звукового материала – при этом условия хранения на цифровых носителях гораздо более надежны, а объем сохраняемого звукового материала намного больше, чем на других носителях, а самое главное – доступ к имеющимся материалам и технология работы с ними чрезвычайно упрощаются» [1, 72].

Ғылым мен білім дамыған елдерде фонетикалық зерттеулермен айналысатын ғылыми орталықтар, институттар мен лабораториялар эксперименталды-фонетикалық зерттеулерге арналған жаңа компьютерлік бағдарламаларды құрастырып, оларды өз игіліктеріне жаратуда. Мәселен, Голландия астанасы Амстредам қаласында орналасқан Амстердам университетінің фонетикалық зерттеулер институтының (Institute of Phonetic Sciences of the University of Amsterdam) ғылыми қызметкерлері Пол Боерсма және Дэвид Уининк (Paul Boersma and David Weenink) *Praat: doing phonetics by computer* (www.fon.hum.uva.nl/praat) атты компьютерлік бағдарламаны ойлап тапқан.

Praat голланд тілінен аударғанда «сөйлеу» деген мағынаны білдіреді. Бұл бағдарлама сөйлеу тіліне қатысты кез келген сигналдарды жан-жақты өңдеуге арналған әмбебап компьютерлік бағдарлама болып табылады.

Praat бағдарламасының көмегімен кез келген әлем тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі сегментті және супрасегментті бірліктерді зерттеуге болады. Ол дегеніміз, Praat арқылы тіл дыбыстары, сөз және сөйлем екпіні, акцент, интонация сынды фонетикалық құбылыстарға тән физикалық заңдылықтарды эксперименталды-фонетикалық және инструменталды түрде зерттеудің мүмкіншілігі зор. Тіл дыбыстарына тән фонетикалық корреляттарды (созылыңқылық, қарқындылық, жиілік, негізгі тонның қозғалысы және т.б.) әр тілдің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып мұқият зерттеуге негізделген [2, 35].

Praat бағдарламасы кез келген табиғи тілдің интонациясын зерттеуге, сөйлеудің сигналын өңдеуге, тонның жоғары төмендігін анықтауға мүмкіндік беретінін атап өттік. Бұл бағдарламаның артықшылықтарын айтып өтсек:

– Praat бағдарламасын интернеттен тегін жүктеп алуға болады; тіл дыбыстары немес сөйлеу сигналдары сапалы түрде электронды қондырғыларға жазылады; жазылған тілдік материалды өңдеу, өлшеу, қысқарту және т.б. қажетті жұмыстар оңай атқарылады; Praat бағдарламасымен кез келген түрдегі компьютерде жұмыс жасауға болады; бұл бағдарламаны ғылыми және оқыту мақсатында пайдалануға болады.

– Praat бағдарламасын құрастырушылар ай сайын интернетке жаңарған үлгісін жүктеп отырады.

– Егер жұмыс барысында сұрақ туындаса, Praat бағдарламасын құрастырушыларға тікелей хат жазып, көмек сұрауға мүмкіндік бар.

Мұндай компьютерлік бағдарламалар қазақ фонетикасын зерттеу мақсатында да қолданыс тауып отыр. Атап айтар болсақ, Praat бағдарламасын қолдана отырып қазақ тілінің интонациясы мен сөз просодиясын эксперименталды-фонетикалық жолмен зерттеу жүзеге асырылды. нидерландық ғалымдар ойлап тапқан Praat компьютерлік бағдарламасы сияқты инструменталды фонетикалық зерттеулерде қолданыс тауып отырған бірнеше компьютерлік бағдарламаларды атап өтсек:

– *Speech Analyzer, WinCecil, GoldWave* және т.б.

Speech analyzer бағдарламасы зерттеуге түскен дыбыстың негізгі жиілігін, анализдің спектрлігін және өлшеу ұзақтығын анықтауға және музыкалық жазбалардың анализін жасауға мүмкіндік береді. Музыкалық жазбалармен жұмыс істеу барысында аудио материалды баяулатуға болады, сол арқылы тіл үйренушілерге арналған аудио дыбыстарды қайталауға жәрдемдеседі.



1-сурет – Жоғарыдан төмен қарай дыбыстың осциллограммасы, спектрограммасы және тон жиілігі бейнеленген

Фонетикалық зерттеулерге арналған кез келген бағдарламалар сияқты Speech Analyzer де көптеген қызметтерді орындай алады. Мәселен, дыбыстың спектограммасын, толқын формасының графикалық бейнесін, тон жиілігінің өзгерісін, қарқындылық диаграммасын, дыбыстың ұзақтығы мен форманттарды анық әрі бейнелі түрде ұсынады. Өзге де дыбыстық материалды өңдейтін бағдарламалар сияқты, Speech Analyzer арқылы өңделетін дыбыстар .wav форматында сақталуы тиіс.

Сонымен қатар, Speech Analyzer арқылы дыбыс немесе аудио материалды қесу/қысқарту, көшіру, орнату, жою сынды қызметтер басты мәзірдегі *Edit>Cut|Copy|Paste* тетіктері арқылы оңай орындалады.

Speech Analyzer-де жұмыс істеу үшін бастапқы беттегі мәзірге назар аударсақ. Жоғарыда берілген бейнеде жазылып алынған аудио дыбыстың осциллограммасы, спектрограммасы және тон жиілігі бейнеленген. Соңғы суреттегі Hz өлшемімен дыбыстың ең жоғары әрі төмен

тон жиілігі көрсетілген. Басты мәзірдегі қызмет тетіктерін *қосу/алу* пайдаланушының құзіретінде. Мысалы, интерфейсті өзгерту үшін берілген бейненің үстін басып, контекстік мәзірден *«Layout»* тетігін басу қажет.

Speech Analyzer бағдарламасына транскрипцияны қосу арқылы жұмыс істеу өте жеңіл әрі ауқымы кең. Пайдаланушы берілген кез келген бейненің үстін басу арқылы контекстік мәзірді басып, сол арқылы *«Transcriptions Bar»* пунктін ашады.



2-сурет – Транскрипция панелін қосу жолдары



3-сурет – IPA Chart (Халықаралық фонетикалық әліпби)

Транскрипциялық символдарды енгізуді оңтайландыру мақсатында бұл бағдарламаға Халықаралық фонетикалық әліпби диаграммасы енгізілген. *«IPA Chart»* тетігін транскрипция панелінің үстінен тышқанның сол жақ тетігін екі рет басу арқылы шығарады. IPA Chart яғни Халықаралық фонетикалық әліпбидегі бар символдарды тышқанның сол жағын басу арқылы оңай енгізуге болады.

Жазғы лингвистикалық институт (Summer Institute of Linguistics) негізінде дүниеге келген келесі бағдарлама – WinCECIL. Өзгелері сияқты аталмыш бағдарлама да тіл дыбыстарының акустикалық анализін жасауға арналған. Алайда WinCECIL бағдарламасының функционалдық тұрғыда әлеуеті азырақ, мысалы өңдеуге арналған дыбыстық сигналдың максималды ұзақтығы 13 секунд, ал Praat бағдарламасында дыбыстық файлдың ұзақтығы 30 минуттан да асып кетеді. Дыбыс видео немесе аудио таспадан компьютерге енгізіліп, сонымен қатар анализдің барлық түрі және дыбыстық сөз экранда нағыз өз масштабында көрінеді. Аталған фонетикалық бағдарламаны интернеттен еркін жүктеп алуға болады.

GoldWave – жоғары деңгейдегі кәсіби-сандық аудио редактор. Ол қарапайым жазбадан бастап ең күрделі дыбыстық өңдеулерді жасауға, қайта қалпына келтіруге, жақсартуға бағыттал-

ған. Оны үйрену және қолдану оңай. **GoldWave** көмегімен өте үлкен көлемдегі файлдарды (4 ГБ асатын материал және NTFS-форматындағы дискілер) өңдей алады, сонымен бірге олардың сапасының жоғары болуына (24 бит, 192 кГц) кепіл болады және фонетикалық суреттердің саналуан түрін (толқын бейнесі, спектрограмма, спектр, формант) бейнелейді. Дыбыстарға тән шулы жиілік деңгейін өлшеу арқылы **GoldWave** көмегімен шуды азайтуға және дыбысқа белгілі бір дәрежеде экспрессивті боояу беруге және т.б. әрекеттерді орындауға болады.

Эксперименталды фонетика белгілі бір ғылыми болжамды немесе тұжырымды дәлелдеу немесе жоққа шығару кезінде объективті жауапқа қол жеткізудің құралы болып табылады. Себебі, эксперименталды фонетика адам құлағы қабылдай бермейтін өте ұсақ дыбыстарды өңдеуге арналған инструменталды құралдарды пайдаланады. Олардың қатарына дыбыс толқындарын талдайтын компьютерлік бағдарламалар, дыбыстардың жасалу процесін көрсететін техникалық құрылғылар (артикулографтар, палатографтар, рентгенографиялық аппараттар және т.б.)

Әдебиеттер

1 Васильева Л.А., Тананайко С.О. Методика экспериментального исследования сложных языковых явлений. К проблеме фонетической интерференции // Вестник ВГУ. Серия гуманитарные науки. – 2004. – № 2. – С. 72-78.

2 Hayward K. Experimental Phonetics. – Harlow: Pearson Education, 2000. – 298 p.

3 Артемов В.А. Экспериментальная фонетика. – М.: Изд-во лит-ры на иностранных языках, 1956. – 228 с.

References

1 Vasil’eva L.A., Tananajko S.O. Metodika ehksperimental’nogo issledovaniya slozhnyh yazykovyh yavlenij. K probleme foneticheskoj interferencii // Vestnik VGU. Seriya gumanitarnye nauki. – 2004. – № 2. – S. 72-78.

2 Hayward K. Experimental Phonetics. – Harlow: Pearson Education, 2000. – 298 p.

3 Artemov V.A. EHksperimental’naya fonetika. – M.: Izd-vo lit-ry na inostrannyh yazykah, 1956. – 228 s.

Көптілеуова Д.Т.

Ислам ақидасының араб фразеологизмдеріндегі көрінісі

Діни наным-сенімнің, дүниетанымның материалдық мазмұнын, халықтың рухани-мәдени өмірін сипаттайтын сөз тіркестері, яғни культтік фразеологизмдер араб тілінде көптеп кездеседі және оның басым көпшілігі ислам дінінің әсерінен, соның ішінде Құран аяттарынан, Мұхаммед пайғамбар хадистерінен, сахабалардың айтқандарынан бастау алады.

Түйін сөздер: Ислам ақидасы, араб фразеологизмдері, фразеологиялық бірліктер, наным-сенімдер, негізгі ұстанымдар.

Koptileuova D.

Islamic Aqeedah Arab phraseologisms

Phrases describing the religious beliefs, the material content of worldviews, spiritual and cultural life of the people, that is, religious idioms in Arabic are found in sufficient numbers, the vast majority of them are connected with the influence of Islam, including Koranic verses, hadiths of Prophet Muhammad (SA a.), the statements of the Sahaba (companions).

Key words: Islamic Aqeedah, Arabic idioms, phraseological units, beliefs, basic postulates.

Коптилеуова Д.Т.

Исламская акида в арабских фразеологизмах

Словосочетания характеризующие религиозных убеждений, материального содержания мировоззрений, духовно-культурную жизнь народа, то есть культовые фразеологизмы в арабском языке встречаются в достаточным количестве, подавляющее большинство из них связаны с влиянием Ислама, в том числе кораническими аятами, Хадисами Пророка Мухаммада (с.а.с.), высказываниями сахабов (сподвижников).

Ключевые слова: Исламская акида, арабские фразеологизмы, фразеологические единицы, вера, основные постулаты.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 811.411.21’36

Көптілеуова Д.Т.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, ф. ғ. д., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: dina0028@mail.ru

ИСЛАМ АҚИДАСЫНЫҢ АРАБ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Кез-келген халықтың халықтығы мен ұлттық болмысын танытатын оның қызыл тілі екені және сол тілдің байлығын, терең тұңғиық сырларын ашқан сол тілде сөйлейтін халықтың даналығы екені сөзсіз.

Тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігін құрап тұратын тілдік бірліктер – фразеологизмдер. Олар – халықтың тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының, мінез-құлқының, өмір сүру ортасының, экономикалық және саяси көзқарастары мен өзгерістерінің айнасы.

Бүгінгі таңда фразеологизмдер адамның бір нәрсені межелеуіне, іс-әрекетін, қызметін ұйымдастыруға, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсер ететіні анықталып отыр.

Дүниежүзінің көптеген халықтарының космогониялық мифологияларында әлем (дүние) жер бетінде өмір тудырушы бастау жанды құрылым организм түрінде суреттеледі. Осы түсініктер әлемнің (дүниенің) жаһандық бейнесімен байланысты. Өйткені әлем өзінің сакральдық мағыналарында кеңістік пен уақыт туралы ұғымдардың бірігуін бір жерге шоғырландыруын танытады. Ежелгі түркі дүниесінде әлем бейнесі тәңір бейнесімен ұқсас келеді. Бұл жөнінде шығыстанушы ғалым С.А. Абрамзон былай деп жазады: «Осы бір үстем (жоғары) құдай (тәңірі) барлық астральдық түсініктер біріккен түрде көрінеді, ол «әлем» ұғымына ұқсас болып келеді. Тәңірі мағынасы аспанға ғана емес, сондай-ақ күнге (Күн Тәңірі), айға (Ай Тәңірі) және жерге (Жер Тәңірі, Тәңірі жер) де қолданылады, мұның өзі аспан мен жер тәңірлерінің бөлінбестігін көрсетеді» [1, 290].

Фразеологизмдердің бір тармағы культтік фразеологизмдер болып табылады. Қазақ тіліндегі культтік фраеологиязмдерді зерттеген ғалым Г.Рысбаева: «Культтік фразеологизмдер дегеніміз – сөздік құрамнан мол орын алып, сыйыну, жалбарыну, бас ию мәнінде жұмсалатын латынның «культ» деген сөзіне қатысты сөз тіркестері. Культ ұғымы көбінесе діни ұғымдарға байланысты пайда болған. Ол діни ұғымдардың пайда болуынан, адам баласы ақыл-ойының біршама қалыптасып, айнала дүниеге ой жүгіртіп түсінуге талаптана бастаған кезінен бастап орныға бастады» [2, 92], – дейді.

Культтік фразеологизмдер күнделікті халық тілінде қолданылып, діни ұғымдарға байланысты туса да көбінесе, адамның ішкі сезімін, қуанышын, қайғысын, ренішін білдіру мақсатында да айтылады.

Мысалы, *құдай оңдады, құдай жарылқады, құдай сақтады, құдайдың ұрғаны, ой-алла-ай* т.б. Осындай мысалдармен қоса, таза діни ұғымға байланысты қолданылған культтік фразеологизмдер қолданушының діни көзқарасынан, күйініш-сүйінішінен, қуаныш-ренішінен хабар білдіреді. Мысалы: *А, құдай. Қас пен көздің арасынан безе гөр.* Культтік фразеологизмдер – тілді жасаушы халықтың бір кездегі ой-санасының, жан дүниесінің, таным-болмысының сәулесі іспеттес. Сол себепті де өзіндік ұзақ тарихы бар культтік фразеологизмдер сөз жоқ халықтың рухани өмірін бейнелейді. Біздің зерттеуіміз бойынша осындай діни наным-сенімнің, дүниетанымның материалдық мазмұнын, халықтың рухани-мәдени өмірін сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестері, яғни культтік фразеологизмдер араб тілінде де көптеп кездеседі.

Араб тіліндегі культтік фразеологизмдердің басым көпшілігі ислам дінінің әсерінен, сондай-ақ халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, исламға дейінгі наным-сенімдеріне байланысты пайда болған. Ислам дінінің әсерінен туындаған культтік фразеологизмдердің дені Құран аяттарынан, Мұхаммед пайғамбар хадистерінен, сахабалардың айтқандарынан бастау алып жатса, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан туындағандары халық өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен т.б. тығыз байланысты болып жатады. Ал исламға дейінгі наным-сенімдерге қатысты фразеологизмдер джәһилийа дәуіріндегі ақындардың өлеңдерінен, белгілі бір тарихи оқиғалардан бастау алады.

Мақалаға ислам дінінің ақидасы (сенімі) арқау болғалы отырғандықтан, ол туралы айтып өтпеске болмайды. Өйткені араб тіліндегі культтік фразеологизмдер негізінен осы ислам ақидасына негізінде туындаған тұрақты сөз тіркестері болып табылады.

Ислам ақидасының өзге сенім жүйелерінде кездеспейтін басты ерекшеліктерінің бірі, анық әрі түсінікті болуында. Ислам ақидасында ешқандай түсініксіз, құпия не қалтарыс қалған мәселе жоқ. Әлемді құдіретімен орын-орнымен, ретпен, тәртіппен жаратқан Ұлы Жаратушы Аллаға иман ету басты парыз. Бұл әуел бастан басы ашық һәм айқын ұстаным. Бүтін әлемдердің иесі жалғыз Алла. Құран Кәрімде *«Аспан мен жерде болмаған нәрселердің бәрі Онікі. Барлығы Оған мойынсұнған»* [Бақара сүресі, 116-аят] деп, өзге сенімдердегі тәрізді үштік, дуализм секілді тұманды жайттардан ислам ақидасының толықтай пәк екендігін білдіреді.

Ислам ақидасы адамның ішкі жан-дүниесіне, болмысына қайшы келмейтін сенім жүйесі болып табылады. Құранда бұл жайында: *«(Мұхаммед (с.а.у.)) Бәрінен бет бұрып, жүзіңді ислам дініне жөнелт. Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Алланың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы тұп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді»*, – делінген [Рум сүресі, 30-аят].

Ислам ақидасы Құран мен хадис үкімдеріне сүйенгендіктен, кейбір сенімдердегідей «көзіңді жұм да, артымнан ер» деген шолақ түсініктен аулақ. Ислам ақидасы адамзатқа иман негіздерін түсіндіргенде кез-келген мәселені анық дәлелдермен келтіреді. Мысалы, Құранда Алланың бар және бір екендігімен қоса, кәміл сипаттарын жеке-жеке түсіндіретін тұстары кездеседі. Сол секілді әлемнің жаратылысы, адамның жаратылысы және тарихта болған кейбір оқиғалар да келтірілген. Сондай-ақ, Құран Кәрімде өлгеннен кейін қайта тірілу мәселесі адамның алғаш жаратылысымен барабар, һәм аспан мен жердің қалай жаратылғандығына теңей отырып нақты дәлелдермен түсіндіріледі.

Ислам ақидасы бірқатар сенім жүйелерімен салыстырғанда (табиғаттан тыс күштерге, өзге де беймәлім алапат күштерге, бір құдайға емес, бірнеше құдайға сенім, адам өлгеннен кейін оның жаны басқа тәнге өтетініне сенім т.б.) нағыз орта жолды ұстанады. Сондай-ақ, ең негізгісі Аллаға ешқандай серік қоспастан басқа құдайлардың жоқ екендігіне деген сенімге құрылған. Бұл жайында аятта былай делінеді: Мұхаммед пайғамбар: «Егер білсеңдер жер жүзі және жер бетінде болғандар кімдікі?» – де!». Олар дереу: «Алланыкі», – дейді. «Ендеше одан неге тағылым *алмайсыңдар?», – де. «Жеті қабат көктің Раббы (иесі) және ұлы ғарыштың Раббы (иесі) кім?», – де. «Алла», – дейді. «Онда оның қаһарынан қорықсаңдар етті», – де. «Барлық жаратылыстың иелігі кімнің қолында? Біле білсеңдер, айтыңдаршы адамдарға пана бола алатын кім? Оған қарсы тұра алатын кім, бәріне пана бола алатын кім?», – деп сұра. «Алла», – дейді олар. «Сендер қалайша алдандыңдар?», – деп сұра»* [Муминун сүресі, 84-89-аяттар].

Ислам ақидасы Алланың сипаттары жайында да орта жолды ұстанады. Яғни, яһудилер се-

кілді Алланы адамға ұқсатудан аулақ. Сонымен бірге, мұсылмандық сенім Алланы нұқсан сипаттардан пәк деп қабыл етеді. Алланы басқа бір бейнеге ұқсату мүмкін емес, өйткені Ол жаратылған ешқандай затқа ұқсамайды. Себебі, бұл жайт Құранда: *«Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Алла әр нәрсені естуші, толық көруші»*, – деп [Шура сүресі, 11-аят], айдан анық айтылады.

Исламның ақида жүйесі өзге сенімдегілермен қарым-қатынаста да орта жолды ұстана отырып, олардың сенімдеріне қолшоқпар да болмайды һәм оларды даттамайды. Өйткені, бұл жол – ең дара, ең тура, ең үлгілі және ең шынайы жол. Сондықтан ешкімнің сеніміне қосылмайды. *«Менің тура жолым осы. Сол жолмен жүріңдер, бұрыс жолға түспеңдер. Олар сендерді Құдай жолынан тайдырады. Тозақтан сақтануларың үшін сендерге Алла осы істерді өсиет етеді»* [Әнғам сүресі, 153-аят]. *«(Мұхаммед (с.а.у.)) Онда Аллаһқа тәуекел қыл. Өйткені, сен нағыз таза дін жолындасың»* [Нәміл сүресі, 79-аят]. *«(Мұхаммед (с.а.у.)) Сен сондай өзіңе уахи етілген Құранға жабыс. Сен шын мәнінде тура жолдасың»* [Зухруф сүресі, 43-аят] аяттары өзге сенімге жалтақтаудың қажеті жоқ екендігін, әрі ең тура жол исламның бұйырған шынайы жолы екенін пай етеді.

Олай болса, Жаратушыға деген сенім — әркімнің өз қалауында. Алла және бір аятта былай дейді: *«Дінде зорлық жоқ. Расында туралық азғындықтан ажыратылды»* [Бақара сүресі, 256-аят] .

Ислам ақидасы пайғамбарларға иман ету мәселесінде де орта жолды ұстанады. Ешқандай пайғамбарды құдай дәрежесіне көтермейтін өз алдына, сол секілді ешбір пайғамбарды ең төмен адам деңгейіне де түсірмейді. Ислами ақиданың қағидасы бойынша пайғамбарлар да адам. Бірақ Аллаһ оларға уахи беру арқылы мәртебесін көтерді және үлкен күнә істеуден қорғап, Өз бақылауына алып, оларды барлық жағынан адамдарға үлгі етті.

Біздің қарастырғалы отырған араб тіліндегі культтік фразеологизмдер ислам дініндегі осы сенімдер негізінде пайда болған.

Мысалы, *Құран аяттарынан бастау алған культтік фразеологизмдерге* Бақара сүресінің 156-аятында келген «إنّا لله وإنّا إليهِ رَاجعُون» (иннә лилләһи уә иннә иләйһи ражиъун) деген фразаны айтуға болады. Бұл сөзді мұсылмандар біреудің қазаға ұшырағаны жөнінде хабарды естігенде айтады. Мағынасы «шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз». Ислам діні бойынша Алланың бір екендігі, бүкіл әлемді жаратушы Алла екендігі, кез-келген адам Алланың қалауымен сынақ үшін дүниеге келіп, дүниеден өтетіні, о дүниеге барғанда Алланың алдына қайта баратыны белгілі.

– «ارتدّ فلانٌ على عَقِبَيْه» (иртәддә фуләнун ъалә ъақибайһи). Мағынасы «келген жағына қайту». Бұл тұрақты тіркес Әл Имран сүресінің « إن تُطيعوا الذين كَفَرُوا يَرُدُّكم على أعقابِكُم» деген 149-аятынан алынған.

Пайғамбар хадистерінен бастау алған культтік фразеологизмдер:

– «وإنما الأعمال بالنيات» (иннәмә-л-аъмаалу би-ннииәәт) деген хадисті жатқызуға болады. Хадистің мағынасы «амалдар шын мәнінде ниетке байланысты». Бұл сөзді адамның қандай да бір жағдайдағы амалын бағалау мақсатында айтылады. Ислам дінін бойынша адам бір істі жасап жатса, мейлі қателесіп не дұрыс жасап жатсын, ниетіне қарай баға беріледі.

– «جناح بعوضة» (жәнаха баъудатин) тіркесін айтуға болады. Мағынасы «масаның қанатындай». Бұл тіркес арабтардың түсінігінде түкке тұрғысыз нәрселерге айтылады. Бұл сөз пайғамбардың « إنه ليأتي الرجل العظيم السمين يوم القيامة لا يزن عند الله جناح بعوضة» деген хадисінен алынған. Хадистің мағынасы «Қиямет күні шын мәнінде Алланың алдында масаның қанатындай да салмағы жоқ үлкен семіз адам келетін болады». Хадисте дүниеде беделді, аты дардай болса да, о дүниеге амал етпеген адам туралы айтылған.

– «ذوالوجهين» (зу-л-уәжһайни) деген тіркес. Мағынасы «екі жүзді». Бұл сөз халық арасында сөзінде тұрмайтын, екі сөйлейтін адамдарға айтылады. Бұл тіркес пайғамбардың « شر الناس ذوالوجهين الذي يأتي هؤلاء بوجه وهؤلاء بوجه» деген хадисінен алынған. Хадистің мағынасы «адамдардың ең жаманы біреулерге бір жүзбен, енді біреулерге басқа жүзбен келетін екі жүзді адам».

Алайда, араб тілінде ислам дінінің *сеніміне (ақидасына) қайшы келетін тұрақты сөз тіркестері* де кездеседі. Ондай тіркестер Ислам діні келгенге дейінгі кезеңдерде қолданысқа еніп, кей элементтері халық арасында сақталып қалған. Мысал ретінде «اشهد يا سهيل سجرنا الإبل في الليل» (әшһәду йәә суһәйлу сәжжирнәә әл-иблә филләйли) деген тұрақты тіркесті айтуға болады [4, 50]. Мұнда ауру түйесін теңіз суынан суғарып тұрған бәдәуи арабтың осы тіркесті айту арқылы суһәйл жұлдызынан ем сұрап жатқанын байқаймыз. Ал «يا أرض احفظي ما عليكي» (йаа арду ихфизии мәә ъалайкии) [4, 51] деген дұға түріндегі

тіркестен, айтушының «Ей, Жер, өз үстіндегіні сақтай гөр» деп Жаратушы Алладан сұраудың орнына Жерден сұрап жатқанын байқаймыз. « يا بحر بحرني وارزقني بصبي» (йаа бахру баххирнии уа урзуқнии би-сабиййин) [4, 51] деген дұға түріндегі тіркестен «Ей, теңіз, мені құшағыңа алып, маған ұл бала ризық ет» деп, Жаратушы Алладан емес, теңізден ұл сұрап жатқанын көреміз.

Татарстан ғалымы Закиров араб тіліндегі культтік фразеологизмдердің негізі Құраннан басталатыны туралы орынды айтқан: «Құран қазіргі араб әдеби тілінің нағыз эталоны, ол араб фразеологиялық бірліктерінің пайда болуына басты негіз болған. Фразеологизмдер Құран аяттарының ерекше көркемдік үстеп, оқырманға эмоциялық экспрессивтік тұрғыда өткір әсер етеді» [5].

Араб культтік фразеологизмдерінің құрамында негізінен *Алла, иман, рабб және хақ* сөздерінің бірі болады.

«Алла» сөзімен келетін тіркестер мен мақал-мәтелдер:

«إنّا لله وإنّا إليهِ رَاجعُون» (иннә лилләһи уә иннә иләйһи ражиъун) деген фразаны айтуға болады. Бұл сөзді мұсылмандар біреудің қазаға ұшырағаны жөнінде хабарды естігенде айтады. Мағынасы «шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз».

أسلم وجهه لله (الى الله) [3. Бақара сүресі,112 аят]

فى رحمة الله Алланың рақымында, яғни жұмақта.

فى سبيل الله Алла жолында, Алла үшін. [3. Бақара сүресі, 195аят].

رأس الحكمة مخافة الله –Даналықтың басы Алладан қорқу [6.43].

إن اكرمكم عند الله اتقاكم –Алланың алдына баруға ең лайықтыларың, ол – адал адам [6, 41].

كل امرئ لا يتقي الله أحمق –Алладан қорықпайтын кез келген адам – ақымақ [6, 43].

تقوى الله سوق لا تبور – Алладан қорқу және көркем мінезді болу– пайдалы іс [6, 42].

اللي ما بخاف اللهإللي – Алладан қорықпайтын адамнан қорық [6, 42].

«Иман» сөзімен келетін тіркестер мен мақал мәтелдер:

الإيمان ما وقر في القلب وصدقة العمل — Иман адамның жүрегінде, ол ісі арқылы көрінеді [6, 39]. Бұл мақал хадистен алынған.

الإيمان بالنوايا - Иман ниеттерде көрінеді [6, 39].

«Хақ» сөзінен туындаған культтік фразеологизмдер:

Араб тіліндегі түсіндірме сөздіктерде «الحقّ» (әл-Хаққу) «Хақ» сөзіне: « اسمٌ من أسمائه تعالى. والحق الثابت بلا شَكٍّ. وفي التنزيل العزيز : الذاريات آية 23 إِنَّهُ لَحقٌّ مِثْلَ مَا أَنّكمْ تَنْطِقُونَ» [7, 188]. «Алла Тағаланың 99 көркем есімдерінің бірі. Шүбәсіз бекітілген ақиқат, шындық. Құран Кәрімде «*Шүбәсіз бұл, сендердің сөйлегендерің сияқты рас (Бір-біріңе сөйлеген сөздерің қандай рас болса, сондай рас*)» делінген» - деп анықтама берген. Демек, «الحقّ» (әл-Хаққу) «Хақ» – Шындық иесі Хақ Тағала.

- «الحقّ معك!» (әл-Хаққу маъакә) «Хақ сенімен бірге!, яғни сенікі дұрыс!» [8, 759];

- «موه الحقّ» (мәууәһә әл-хаққа) «шындықты бұрмалау, жалған қосу»

- « ميز بين الحقّ والباطل» (мәййәзә бәйнә әл-хаққи уә-л-баатили) «ақиқат пен жалғанды айыру» [8, 775 б.];

- «نور الحق» (нуурул-Хаққи) «Хақтың нұры»

- «دين الحق» (диинул-Хаққи) «Хақтың діні»

- «وَهُوَ الْحَقُّ» (уа һуа әл-хаққу) «ол Хақ» [Әнғам сүресі, 66-аят];

- «اللَّهُ يَهْدِي لِلْحَقِّ» (Аллаһу йәһдии ли-л-хаққи) «Алла Хаққа жол сілтейді» [Юнус сүресі, 35-аят];

- «دَعْوَةُ الْحَقِّ» (даъуатул-хаққи) «Хаққа шақыру» [Рағыд сүресі, 14-аят];

- «قَوْلَ الْحَقِّ» (қаулул-хаққи) «Хақтың сөзі» [Мәрям сүресі, 34-аят];

«Рабб» сөзінен туындаған культтік фразеологизмдер:

«الربّ» (ар-Раббу)» «Раб» сөзіне « اسم الله تعالى. ولا يقالُ في غير الله إلا بالإضافة» [7, 321] «Алла Тағаланың есімі. Алладан басқа нәрсеге идафалы тіркес арқылы ғана қолданылады» делінген. Мағынасы «Ие», яғни «Жаратушы Ие» дегенді білдіреді. Бұл есім 99 көркем есімнің қатарында болмаса да Құран Кәрімнің «الحمد لله رب العالمين» [Фатиха сүресі, 1-аят] «*Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән*», « رب السموات والأرض وما بينهما العزيز الغفار» [Сад сүресі, 66-аят] «Ол, көктер мен жердің әрі екі арасындағылардың Раббы. Тым үстем, аса жарылқаушы» сияқты т.б. бірнеше аяттарында, «اللهم رب جبريل وميكائيل وإسرافيل» [3, 305-306] «*Ей, Исрафилдің, Микаилдің, Жебрейілдің раббысы Алла*» деп Пайғамбар (с.а.у.) хадистерінде келгендіктен ислам ғұламалары Алланың есімі деп таныған.

«الربّ» (ар-Раббу) сөзінен мынадай сөз тіркестері туындаған:

- «ربّاه» (раббаһу) «ей, раббы; ей құдай-ай»;

- «رب الأرباب» (раббу-л-’әрбәәби) «иелердің иесі, яғни Алла Тағала»;

- «لقي ربه» (лақийа раббаһу) «иесіне жолықты, яғни қайтыс болды»;

- «يا ربي» (йаа раббии) «раббым ай» (таңдану кезінде айтылады);

- «للبيت ربٌ يحميه» (ли-л-бәйти раббун йахмиһи) «үйдің қорғаушысы бар».

Мысалдарды қарастыра отырып, араб тіліндегі культтік фразеологизмдердің дені ислам дініндегі сенімдерге негізделгеніне көзіміз жетті. Ара кідік ислам дінінің сеніміне қайшы келетін тұрақты тіркестер де кездесіп жатады. Олар исламға дейінгі кезеңдерде, яғни джахилийа дәуірінде туындаған тұрақты тіркестер болып табылады. Осылайша, кез-келген халықтың тіліндегі культтік фразеологизмдер арқылы сол халықтың мәдениетін, наным-сенімдерін, діннің негізгі ұстанымдарын зерделеуімізге болады.

Әдебиеттер

1 Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Л.: Наука, Ленингр. отделение, 1971. – 310 с.

2 Рысбаева Г. Түркі тілдеріндегі «Тәңір» сөзінен туындаған культтік фразеологизмдер // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – №4.

3 Құран Кәрім

4 ماهر فؤاد أبو زر. أخطاء عقائدية في الأمثال والتراكيب والعادات الشعبية الفلسطينية. غزة، 2004 م. – 173 ص.

5 Закиров Р.Р. Структурно-грамматические особенности глагольных фразеологических единиц Корана // Вестник ТГГПУ Филология и Культура. – Казань, 2010. – №4 (22).

* Мақала 1038/ГФ4 «Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу» атты ҚР БжҒМ Ғылым комитеті гранты аясында орындалды.

өткен Қойтүбек ескерткішінен 60-70 шақырым жерде. Екеуі де Алтай тауларының оңтүстік бөктерінде.

Сақталып қалған сынық тастың өңделінген бетінде 8 таңба-әріп үшкір затпен қашалған. Таңба-әріптер екі қатарда бейнеленген. Бірінші қатарда 7 таңба, екінші қатарда 1 ғана таңба байқалады. Сақталуы жақсы, таңбалар айқын көрінеді. Бірінші қатардағы таңбалар ұзына бойы 8 см болатын жолаққа түзу сызық бойымен орналасқан. Осы қатардағы бір таңба қайталанады. Қара тастың бергі беті арнайы таңбалау, жазу түсіру үшін тегістеліп, қашалғаны аңғарылады, арғы бетінде қандай да бір жазу мәтін жоқ. Тастың қырлары кедір-бұдырлы, адам қолына ұстағанға ыңғайлы етіп істелген. Біздің жорамал бойынша таңбалы тас бастапқы кезде еңбек құралы ретінде пайдаланылған болуы мүмкін. Өкінішті сол, тастың екінші бөлігін табу мүмкін болмады. Көне түрік мәтінді тастың екінші жартысын табу, ғалымдардың жазуды толық оқуына ықпал ететіні анық. Сынық тастың жалпы көлемі 11,1 см х 8,6-9,9 см х 1,5-2 см.

Шығыс Қазақстан облысы Қабырғаталдан табылған көне түрік бітік жазулы мәтіннің оқылуы:

Мәтін транскрипциясы: **Er atïm Taγran .... š?**

Қазақшасы: **Ер (батыр) атым Тағран ..... ш ?** (2-сурет).

Осы тастың мәтініне ұқсас «ер атым...» деген тұрақты қолданыс түрік дәуірінде кеңінен таралған, ондай жазулар Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан, Тыва, Хакасия және басқа аумақтарда молынан кездеседі.

Ал осы жолдағы көне түрік батырдың есімі **taγun // ataγ** деп оқылу мүмкіндігі болғанымен, оның есімін қашап таңбалағанда Талас көне түрік бітік ескерткіштеріндежиі кездесетінγ (ғ), ü (ө,ү) және r (р) , q (қ) таңбаларын өзара алмастырып қолданатындығы байқалады.

Сөйтіп, Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Ақбұлақ ауылдық округіне қарасты Қабырғатал фермасы төңірегінен табылған аталмыш тастағы мәтін көне түріктердің киелі мекені – Алтай тауыныңоңтүстік- батыс бөлігінен табылуы табиғи заңдылық. Бұл тастағы көне түрік мәтінінің таңба-графикалық ерекшелігі Талас ескерткіштеріне жақын. Сондықтан аталмыш тастағы мәтіннің хронологиясы Он оқ, Түргеш (VIII-IX ғасырларға) дәуіріне қатысты болуы әбден ықтимал.

1-сурет – Көне түрік бітік жазулы мәтіннің фотосуреті (Ғ.Қ. Омаров, Н. Базылхан, 2015 ж.)



2-сурет – Көне түрік бітік жазулы мәтіннің сызбасы (Н. Базылхан, 2015 ж.)

Әдебиеттер

1 Базылхан Н. Древнетюркская битик, фоно-морфемная структура письменности и проблемы интерпретации текстов // Тувинский институт гуманитарных исследований «письменное наследия тюрков». Международный симпозиум, посвященный 110-летию дешифровки орхоно-енисейской письменности и 100 летию выхода в свет труда Н.Ф. Катанова «Опыт исследование урянхайского языка» 14-17 октября 2003 г. Тезисы. – Кызыл. 2003. – С. 31-35.

2 Кызласов И.Л. Рунические письменности Евразийских степей. – Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1994. – 327 с.: илл.

3 Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас) // Серия «Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері». – II том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 +144-б жапсырма.

4 Базылхан Н. Древнетюркские письменные памятники Казахстана // Түркология. – №5-6 (37-38), қыркүйек-желтоқсан. – Түркістан, 2008. – С. 117-122.

5 Кызласов И.Л. Прочтение руни ческой надписи урочища Актерек // Роль номадов в формировании культурного наследия Казахстана. Научные чтения Н.Э. Масанова: Сб. мат-лов межд. науч. конф. – Алматы: Print-S, 2010. – С. 345-346 (544 с.+ 42 с. илл.).

6 Рогожинский А.Е. Новые находки памятников древнетюркской эпиграфики и монументального искусства на юге и востоке Казахстана // Роль номадов в формировании культурного наслдеия Казахстана. Научные чтения Н.Э. Масанова: Сб. мат-лов межд. науч. конф.– Алматы: Print-S, 2010. – 333 с. (544 с.+ 42 с илл.).

7 Рогожинский А.Е., Кызласов И.Л. Древнетюркская руническая надпись из урочища Тамгалы (Семиречье) // Краткие сообщения института археологии РАН. Публикации и полевые исследования. – М. – Вып. 216. – 2004. – С. 41-46.

8 Базылхан Н., Железняков Б.А., Хермани Л., Жамбулатов К. Находка памятника древнетюркской письменности в горах Кульжабасы (предварительное чтение) // V халықаралық түркология конгресі: мәдени ықпалдастық және өркениеттер бірлігі» баяндамалар жинағы. – Түркістан: Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, 2013.– С. 664-669.

9 Самашев З. Жетісу жартас суреттері. Баян-жүрек: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы баспа тобы. – Астана, 2012. – 240 б.

10 Смагулов Е.А. Продолжение исследования стратиграфии древнего Саурана // Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2008 жылғы Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы, 2009. – Б. 204-209.

References

1 Bazylhan N. Drevnetyurkskaya bitik, fono-morfemnaya struktura pis’mennosti i problemy interpretacii tekstov // Tuvinskij institut gumanitarnyh issledovanij «pis’mennoe naslediya tyurkov». Mezhdunarodnyj simpozium, posvyashchennyj 110-letiyu deshifrovki orhono-enisejskoj pis’mennosti i 100 letiyu vyhoda v svet truda N.F. Katanova «Opyt issledovanie uryanhajskogo yazyka» 14-17 oktyabrya 2003 g. Tezisy. – Kyzyl. 2003. – S. 31-35.

2 Kyzlasov I.L. Runicheskie pis’mennosti Evrazijskih stepej. – Moskva: Izdatel’skaya firma «Vostochnaya literatura» RAN, 1994. – 327 s.: ill.

3 Bazi’lhan N. Ko’ne tu’rik bitiktastari’ men eskertkishteri (Orhon, Eni’’sey, Talas) // Seri’’ya «Qazaqstan tari’’hi’ twrali’ tu’rki derektemeleri». – II tom. – Almati’: Dayk-Press, 2005. – 252 +144-b japsi’rma.

4 Bazylhan N. Drevnetyurkskie pis’mennye pamyatniki Kazahstana // Tyrkologiya. – №5-6 (37-38), qi’rku’yek-jeltoqsan. – Tu’rkistan, 2008. – S. 117-122.

5 Kyzlasov I.L. Prochtenie runicheskoj nadpisi urochishcha Akterek // Rol’ nomadov v formirovanii kul’turnogo naslediya Kazahstana. Nauchnye chteniya N.EH. Masanova: Sb. mat-lov mezhd. nauch. konf. – Almaty: Print-S, 2010. – S. 345-346 (544 s.+ 42 s. ill.).

6 Rogozhinskij A.E. Novye nahodki pamyatnikov drevnetyurkskoj ehpigrafiki i monumental’nogo iskusstva na yuge i vostoke Kazahstana // Rol’ nomadov v formirovanii kul’turnogo nasldeiya Kazahstana. Nauchnye chteniya N.EH. Masanova: Sb. mat-lov mezhd. nauch. konf.– Almaty: Print-S, 2010. – 333 s. (544 s.+ 42 s ill.).

7 Rogozhinskij A.E., Kyzlasov I.L. Drevnetyurkskaya runicheskaya nadpis’ iz urochishcha Tamgaly (Semirech’e) // Kratkie soobshcheniya instituta arheologii RAN. Publikacii i polevye issledovaniya. – M. – Vyp. 216. – 2004. – S. 41-46.

8 Bazylhan N., ZHeleznyakov B.A., Hermani L., ZHambulatov K. Nahodka pamyatnika drevnetyurkskoj pis’mennosti v gorah Kul’zhabasy (predvaritel’noe chtenie) // V hali’qarali’q tu’rkologi’’ya kongresi: ma’deni’’ i’qpaldasti’q ja’ne o’rkeni’’etter birligi» bayandamalar ji’’naghi’. – Tu’rkistan: Q.A. Yasawi’’ ati’ndaghi’ hali’qarali’q qazaq-tu’rik wni’’versi’’teti, 2013.– S. 664-669.

9 Samashev Z. Jetisw jartas swretteri. Bayan-ju’rek: A’.H. Marghulan ati’ndaghi’ Arheologi’’ya i’’nsti’’twti’ni’ng Astana qalasi’ndaghi’ baspa tobi’. – Astana, 2012. – 240 b.

10 Smagulov E.A. Prodolzhenie issledovaniya stratigrafii drevnego Saurana // Memlekettik «Ma’deni’’ mura» baghdarlamasi’ boyi’nsha 2008 ji’lghi’ Arheologi’’yali’q zerttewler jayli’ esep. – Almaty, 2009. – B. 204-209.

Orazbekova I.G.,
Akhmadaliyeva M.V.

Ways of abbreviation word-building in electronic correspondence

The given article deals with the ways of abbreviation word building in electronic correspondence on the material of the English language. E-correspondence refers to the means of communication realized by the exchange of electronic written messages. Written messages can be of different types, ranging from conventional standard emails and ending with the posts on the personal pages of social network Facebook or captions to photos in Instagram. Each of the types of electronic exchange of written communications has its own unique characteristics, but there is a linguistic feature which brings together all kinds. Consistent use of abbreviations such as acronyms can be observed.

Key words: abbreviation, electronic correspondence, written message, e-mail, acronym.

Оразбекова И.Г.,
Ахмадалиева М.В.

Электронды хат алмасудағы (жазысудағы) қысқартылған сөздер тудырудың тәсілдері

Бұл мақалада ағылшын тілі материалдарының негізінде электронды хат алмасудағы қысқартылған сөздер тудырудың тәсілдері қарастырылады. Электронды жазысу деп электронды жазбаша хабарлама алмасу құралдары арқылы қатынас жасау меңзеліп тұр. Жазбаша хабарламалар қарапайым қалыпты имейлдардан бастап, Facebook әлеуметтік желісінің жеке парақшаларындағы жарияланымдармен немесе Instagram-дағы суреттерге жазылған жазулармен аяқталатын әр түрлі түрге ие. Электронды жазбаша хабарламалармен алмасудың түрлерінің әрбірі бірегей ерекше сипатқа ие, дегенмен де барлық түрді біріктіретін бір лингвистикалық ерекшелік бар. Қысқартылулардың үнемі қолданылуы, соның ішінде акронимдер, бақыланып, қадағаланып отырылады.

Түйін сөздер: қысқарту, электронды хат алмасу (жазысу), жазбаша хабарлама, имейл, акроним.

Оразбекова И.Г.,
Ахмадалиева М.В.

Способы аббревиатурного словообразования в электронной переписке

В данной статье рассматриваются способы аббревиатурного словообразования в электронной переписке на материале английского языка. Под электронной перепиской имеется в виду общение по средствам обмена электронными письменными сообщениями. Письменные сообщения могут быть разного вида, начиная от обычных стандартных имейлов и заканчивая постами на личных страницах в социальной сети Facebook или подписями к фотографиям в Instagram. Каждый из видов электронного обмена письменными сообщениями обладают своими уникальными характеристиками, но есть одна лингвистическая особенность, которая объединяет все виды. Прослеживается постоянное использование сокращений, в частности акронимов.

Ключевые слова: сокращение, электронная переписка, письменное сообщение, имейл, акроним.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 81’37; 003; 81’22

Orazbekova I.G.[1], Akhmadaliyeva M.V.[2],

[1]Candidate of Philological Sciences, docent, [2]Magistrant of a II course of Kazakh National University of the name al-Farabi, Almaty, Kazakhstan, e-mail: indiragazizovna@mail.ru; for_milana@mail.ru

WAYS OF ABBREVIATION WORD-BUILDING IN ELECTRONIC CORRESPONDENCE

Language is the systematic creation and usage of systems of symbols – each referring to linguistic concepts with semantic or logical or otherwise expressive meanings. Language is not stable. It is always in a constant development. We can clearly see it in the usage of abbreviations in the electronic correspondence.

Abbreviations were created and used long time ago in different spheres of human activities such as sciences for example.

A, amp.	ampere
ABC	plastics
abs.	absolute
a.c.	alternating current
amp-hr	ampere-hour
anhyd.	anhydrous
a.p.	atmospheric pressure
approx.	approximately
at.	atomic
atm.	atmosphere
aq.	aqueous

But nowadays due to the ever-increasing tempo of modern life and the opportunities given by new technologies they enlarge the range of spheres of their usage and we can observe abbreviations in the media, technology, and other special fields, such as cricket, baseball or the armed forces.

The reasons for using abbreviated forms are obvious enough. One is the desire for linguistic economy — the same motivation which makes us want to criticize someone who uses two words where one will do. Succinctness and precision are highly valued, and abbreviations can contribute greatly to a concise style. They also help to convey a sense of social identity. Usage of abbreviated forms can show that you belong to the part of the social group to which the abbreviations belong. Computer buffs around the world will be recognized by their fluent talk of *ROM* and *RAM, of DOS and WYSIWY* and usage of these abbreviations in their electronic communication. You are no buff if you are unable to use such forms,

or need to look them up (respectively, 'read only memory', 'random-access memory', 'disk operating system', and 'what you see is what you get'). It would only irritate computer-literate colleagues and waste time or space (and thus money) if a computer-literate person pedantically expanded every abbreviated form. And the same applies to those abbreviations which have entered everyday speech. It would be strange indeed to hear someone routinely expanding *BBC, NATO, USA, AIDS,* and all other common abbreviations of contemporary English.

We can find different classifications of abbreviations. Apart from the common form of shortening one word, there are other types of abbreviations. These include acronym and *initialism* (including three-letter acronyms), *apocope*, clipping (reduction of a word to one of its parts), elision, *syncope, syllabic abbreviation*, and portmanteau (words that are made up of elements derived from 2 different words, e.g. motel = motor + hotel)

But mostly scientists distinguish two main groups of abbreviations: *graphical* (shortening of words and word-groups only in written speech while orally the corresponding full forms are used) *and lexical abbreviations* (apocope, apheresis, syncope).

The causes of shortening can be linguistic and extra-linguistic. By extra-linguistic causes changes in the life of people are meant. In Modern English many new abbreviations, acronyms, initials, blends are formed because the tempo of life is increasing and it becomes necessary to give more and more information in the shortest possible time [1].

There are also linguistic causes of abbreviating words and word-groups, such as the demand of rhythm, which is satisfied in English by monosyllabic words. When borrowings from other languages are assimilated in English they are shortened. Here we have modification of form on the basis of analogy, e.g. the Latin borrowing «fanaticus» is shortened to «fan» on the analogy with native words: man, pan, tan etc.

The reading of some abbreviations depends on the context, e.g. «m» can be read as: male, married, masculine, metre, mile, million, minute, «l.p.» can be read as long-playing, low pressure.

Initialisms are the bordering case between graphical and lexical abbreviations. When they appear in the language, as a rule, to denote some new offices they are closer to graphical abbreviations because orally full forms are used, e.g. J.V. – joint venture. When they are used for some duration of time they acquire the shortened form of pronouncing and become closer to lexical abbreviations, e.g. BBC is as a rule pronounced in the shortened form.

Abbreviation of words consists in clipping a part of a word. As a result we get a new lexical unit where either the lexical meaning or the style is different from the full form of the word. In such cases as «fantasy» and «fancy», «fence» and «defence» we have different lexical meanings. In such cases as «laboratory» and «lab» we have different styles [2].

Nowadays we can distinguish the following ways of modern electronic correspondence: Electronic mail (e-mail), Short Message Service (SMS), Online chat, Blog, Instant messaging (IM), «Mailing list», Discussion forums, Facebook and Instagram. They each offer a different flavor of online communications, but they all have one linguistic feature – constant usage of specially designed abbreviations, mostly acronyms.

Examples of e-mail abbreviations are as follows.

RE: or «Re:» followed by the subject line of a previous message indicates a reply to that message.

FW: a forwarded message. Also written as «FWD: «, «Fwd: « or «Fw: «. The recipient is informed that the email was originally sent to someone else, and that person has in turn forwarded a copy of the email to him or her.

OT: off topic. Used within an email thread to indicate that this particular reply is about a different topic than the rest of the thread, in order to avoid accusations of threadjacking.

EOM – end of message. Also written as «Eom» or «eom». Used at the end of the subject when the entire content of the email is contained in the subject and the body remains empty. This saves the recipient's time because they then do not have to open the message.

SMS abbreviations:

AFAIK – As far as I know
AFK – Away from keyboard
THNX or THX – Thanks
2day – Today
B4 – Before
HAND – Have a nice day
C U – See you
SWYP – So what's your problem?
@ – At
TIME – Tears in my eyes
SWAK – Sealed with a kiss
Hh – Haha
GR8 – Great
BTW – By the way

Twitter and Instagram are two social media sites that have taken the world by storm. But they have their own language that many users, especially new ones, have a hard time understanding. The meanings behind key hashtags, abbreviations and slang terms like #FF, #TBT, #Icant, #Dead, SMH, HT, RT

can be not obvious. Many of them appear in both hashtag and written format, and they are all subject to the interpretation of the particular user.

#FF – This hashtag mostly shows up on Fridays, which should give you a good indication of what one of the Fs means. The other stands for Follow, and the two combine to make the phrase «Follow Friday.» Follow Friday is essentially a Twitter holiday with the aim of getting people to follow one another. If you want someone to follow a musician, politician, friend or anyone else you think is interesting or should have more followers, simply tweet out a message listing their username (as in @username) along with the #FF hashtag. This is usually done in list form, with users tweeting a list of usernames along with #FF, so that people who trust their judgment can add a bunch of interesting accounts to their feeds.

#TBT – (Throwback Thursday) – This is another «holiday» Twitter and Instagram hashtag, which shows up every Thursday on both sites. The impetus behind this one is that it is an opportunity for people to share photos and info that is a «throwback» to an earlier time. For instance, on Instagram, posting a picture of yourself as a child or when you were in school, or on Twitter telling a short quip about something in your past. This is a fun way for people to learn a little bit more about each other, and to see the funny or interesting past that each of us have.

SMH – This one is a carryover from the world of text-messaging, and it stands for «Shaking My Head.» Basically, it means that the user who posts it is shaking his or her head either in disgust, shame, shock or some other form of reaction to the content it is referencing.

HT or H/T – These both mean «hat tip,» and are generally used to express endorsement or admiration of the content or user being referenced.

Abbreviations used by a person mostly differ on the basis of his interests and hobbies. For example, people playing online games are likely to use chat abbreviations that are different than those used on the online auctions.

There a lot of examples of different abbreviations, especially acronyms, in popular culture. The vivid examples can be found in lyrics of such songs as «Initials» from the musical Hair and «BFD» written by Craig Carothers which includes many Three-Letter-Acronyms.

Nowadays there is a strong tendency to economize time for recording information and different methods had appeared: shorthand, system of rapid handwriting using symbols to represent words, phrases, and letters; leetspeak, type of online jargon in which a computer user replaces regular letters with other keyboard characters to form words phonetically; and even speedwriting method EasyScript that utilizes basic elements of English grammar to break down a word into a root and prefix and/or suffix and reduce the total number of letters written up to 55%.

Some scientists consider such process as negative. John Sutherland from University College London calls a new variety of language a «digital virus» and affirms that «texting is penmanship for illiterates», but a research was held and the most important finding was that texting does not erode children's ability to read and write. On the contrary, literacy improves. The latest studies (from a team at Coventry University) have found strong positive links between the use of text language. The more abbreviations children use in their messages, the higher they scored on tests of reading and vocabulary. The linguistics professor David Crystal even calls «texting» a «language in evolution».

And it is really so because nowadays we can meet abbreviations not only in written form (in SMS, chat or blog) but also in oral communication. The examples can be well known *ROFL* and *LOL*.

But in fact the situation with abbreviations, acronyms and initialisms are not as frightening as people tend to think. A 2003 study of college students by Naomi Baron found that the use of initialisms even in computer-mediated communication, specifically in instant messaging, was actually *lower* than she had expected. Out of 2,185 transmissions, there were 90 initialisms in total. Out of the 90 initialisms, 76 were occurrences of «lol»[5].

To conclude, it is obvious that in spite of the fact that abbreviations are really used by most people for electronic communication the range of abbreviations is limited and consists mostly of well-known acronyms and initialisms.

References

1 Abbreviations Used in Science // https://mipt.ru/education/chair/foreign_languages/ mediathek/bibliothek/eng/voc-minimum

2 Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. – М., 1973. – 295 с.

3 Crystal, D. Language and the Internet. – Cambridge University Press, 2001. – 272 p.

4 Crystal, D. Cambridge encyclopedia of the English language. – Cambridge University Press, 2003. – 505 p.

5 Internet slang // http://en.academic.ru/dic.nsf/enwiki/9109

Ордабекова Х.А.

Номинация үдерісінің психолингвистикалық аспектісі

Мақалада затқа, құбылысқа, іс-әрекетке атау беру сөйлеу әрекеті негізінде қалыптасатындығы туралы айтылады. Қазіргі тіл білімінде номинация теориясын зат, құбылыс, әрекетпен тікелей байланыста емес, сонымен қатар ұлттық сана, ұлттық ойлау, ұлттық дүниетаным жүйесімен байланыста қарастыру мәселесі туындап отыр. Тілдік жүйедегі номинация процесі – сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Жалпы лингвистикадағы «әрекет» ұғымы атау беру қызметін қоршаған орта туралы аялық біліммен, экстралингвистикалық факторлармен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі зат, құбылыс, сапа, әрекет белгілеріне атау беру халықтық дүниетаныммен, ой-сананың өсуімен, ұлттық психологиясы мен діліне байланысты айқындалуы тиіс. Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар ментальді-сезімдік қабылдаулар арқылы адам санасында таңбаланатындығы нақты тілдік фактілер негізінде дәйектеледі.

Түйін сөздер: сема, сөйлеу әрекеті, концепт, номинация, ассоциация, сөздік құрам.

Ordabekova Kh.A.

Psycholinguistic aspect of nomination process

The article dwells upon nomination of an object, phenomenon and action based upon speaking activity. In modern linguistics the theory of nomination is not directly connected only to an object, phenomenon, and action, but also to the national conscience, national thought, and national world perception system. Nomination process in language structure is regarded as a result of speaking activity. Nomination function allows us to consider the general linguistic concept of an «action» as connected to the environment, background knowledge, and extralinguistic factors. Because nomination of an object, phenomenon, quality and action is connected to the world perception, development of thought and consciousness, national psychology and mentality. The fact that environment and phenomena around us are reflected on human consciousness through mental and tactile senses has been proved with the help of exact linguistic facts.

Key words: sema, speaking activity, concept, nomination, association, word building.

Ордабекова Х.А.

Психолингвистический аспект номинационного процесса

В статье говорится о том, что номинация действий, явлений и веществ формируются на основе речи. В современном языкознании теория номинации не связана непосредственно с действием, веществом и явлением, вместе с тем, возникает вопрос о рассмотрении ее в сочетании с процессом национальной идентичности, национального образа мышления и национального мировоззрения. Процесс номинации в языковой системе рассматривается как результат речевой деятельности. В общей лингвистике понятие «действие» дает службе имен возможность рассмотрения ее в непосредственной связи с фоновым знанием об окружающей среде и экстралингвистическими факторами. Потому что, при номинации действий, качеств, явлений и веществ должны быть учтены национальная психология и менталитет, а также признаки роста национального самосознания и национального мировоззрения. На основе конкретных языковых фактов подтверждается маркировка веществ и явлении окружающей среды в человеческом сознании через ментально-эмоциональное восприятие.

Ключевые слова: сема, речевая деятельность, концепт, номинация, ассоциация, словарный состав.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 811.512.122’ 367

Ордабекова Х.А.,

Сулейман Демирел атындағы университетінің
ассоц. профессоры, ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: hafiza_1975@ mail.ru

НОМИНАЦИЯ ҮДЕРІСІНІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Лингвистиканың жеке бір саласы ретінде тілдің аталымдық қызметін зерттейтін номинация теориясы XX ғасырдың 70-жылдары қалыптасты. Номинация теориясының зерттеу пәні−*тіл-ойлау-болмыс* бірлігінің нәтижесінде атаудың түзілу жолдарын қарастыруға негізделеді. Қазіргі тілдік зерттеулер тілдік құбылысты, оның ішінде, номинация теориясын көпаспектілік қырынан тануға бағытталып отыр.

Зат, құбылыс, іс-әрекетке атау беру, оларды сөздің көмегімен таңбалау мәселесі тіл ғылымында XX ғасырдың ортасынан бастап ономасиолигиялық бағытта зерттеле бастады. Бұл бағытта ғылыми зерттеулер жүргізген В.Н. Телия, А.А. Уфимцева, Е.С. Кубрякова, Н.Д. Арутюнова, Г.В. Колшанский, Б.А. Серебренников; қазақ тілші-ғалымдарынан Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Т. Жанұзақ, Ж. Манкеева, Б. Сағындықұлы, Б. Қасым, Е. Керімбаев, А. Салқынбай, М. Гинатуллин, Қ. Рысберген сынды ғалымдардың есімдерін атауға болады. Ономасиологиялық бағыттағы зерттеулер номинация процесін қоршаған ортаға қатынасы тұрғысынан жүргізеді. Номинативті парадигма мәселесін қарастыру барысында сөздің тек затпен ғана емес, белгілі бір дәрежеде сана, ойлау, дүниетаным жүйесімен де байланыстыра қарастыру қажеттілігі туралы көзқарас пайда болды. Бұл идея Фрегенің семантикалық үшбұрышында көрініс тапты. Сөз мағынасын құраушы негізгі элементтерді сипаттай отырып, Фреге концепциясы бойынша сөз мағынасының тілдік жүйеден тыс көптеген жекелік мәнге ие ұғымдық қатынастар жүйесін түзетіндігін айқындаймыз. Осыған орай, сөз бен оның мағынасы қазіргі таңда психологиялық аспект тұрғысынан қарастырылуда.

Номинация теориясы лингвистикалық бағытта зерделенуімен қатар, аралық пәндердің де нысаны бола алады. Тілді биологиялық құбылыс ретінде таныған А. Шлейхер, М. Мюллер номинация процесі *ментальді-сезімдік қабылдау* арқылы түзілетіндігін атап көрсетеді. Г. Шухардт зат, құбылыс атауларының шығуы мен қалыптасу тарихы тілді тасымалдаушы ұжымдық сананың дүниетанымымен тікелей байланысты екендігін айтады. Ол номинация процесін қайсыбір халықтың қоршаған ортаны қабылдау, болмысты санада категориялау, концептуализациялау жүйесімен тікелей байланыста қарастыруды ұсынады. Жалпы лингвистикадағы «әрекет» ұғымы *атау беру*

қызметін қоршаған орта туралы аялық біліммен, экстралингвистикалық факторлармен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі зат, құбылыс, сапа, әрекет белгілеріне атау беру халықтық дүниетаныммен, ой-сананың өсуімен, ұлттық психологиясы мен діліне байланысты айқындалуы тиіс. Дүниедегі заттар мен құбылыстар жоғарыда көрсетілген ментальді-сезімдік қабылдаулар арқылы адам санасында таңбаланады. Сөз негізгі семантикалық қызметі арқылы мағына тасымалдаушы таңба ретінде *сөйлеу әрекетінің* минималды ұғымдық немесе мағыналық бірлігі ретінде қызмет атқарады. Сөз тілдік жүйенің, әрі сөйлеу тілінің бірлігі ретінде өзара диалектикалық бірлікте болады. Индивидтің сөйлеу тілінде сөздің түрлі мағынадағы қолданысы интеллектуалды әрекет ретінде танылады. Өйткені сөз мағынасы психолингвистикада ойлау әрекетінің бір аспектісі ретінде қарастырылады. Мұның өзі онтогенез процесінде сөйлеу және интеллектуалды әрекеттің маңыздылығын көрсетеді, өйткені бұл әрекеттер адам танымының дамуында негізгі аспект болып табылады. Ағылшын зерттеушісі Дж.Томастың ұстанымында «әрекет» теориясы арқылы сөйлеуші мен адресаттың бірлескен әрекеті нәтижесінде лексикалық мағынаға ие жаңа сөз туындайтынын алға тартады. Мәселен, ағылшын тілінде компьютерлік дискурсқа байланысты коммуникативті әрекет пен субьектінің атау беру шығармашылығы байланысының нәтижесінде *материнская плата, мышка*, *окно*, *проводник*, *скачивать* сияқты атаулар пайда болған. Яғни адресант пен адресаттың бірлескен әрекет процесінде атау беруде зат не құбылыстың қандай да бір белгілері номинацияға негіз болады.

Психология мен философияда ұғым адам санасында қоршаған ортадағы қабылданған заттар мен құбылыстардың сезімдік-көрнекі белгілері болса, тілдік жүйеде ұғым адам санасындағы мағынаны репрезентациялау тәсілі ретінде көрініс береді. Белгілі бір зат, құбылыс, сапа не әрекет туралы ұғым қалыптастыру – адамның танымдық қызметінің бірі. Ал танымның жоғары сатысы ретінде ойлау әрекеті шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің жалпы қасиеттерін, мәнді белгілерін бейнелендіріп, олардың арасындағы нақты байланыстар мен жаңа қатынастардың ашылуына үлкен септігін тигізеді. Қоршаған ортаны тану, оны қабылдау әрекеті уәжділікпен байланысты. Ал уәжділік сезімге, эмоцияға қатысты болғандықтан, психология ғылымында да қарастырылады. Себебі психология ғылымында адамның барлық іс-әрекеті, мінез-құлқы белгілі мөлшерде уәжделген болып саналады.

Затқа, құбылысқа, іс-әрекетке атау беру әр халықтың материалдық және рухани мәдениетінің, ұлттық ойлау жүйесі мен ұлттық ділінің ерекшелігін танытады. Затқа атау беруде, ең алдымен, оның мәнді және мәнсіз уәждік белгілері айқындалады. Анықталған уәждік белгілер затқа атау беруге негіз болады. Атау беру үдерісі сол ұлттың өмір сүру тәжірибесіне байланысты. Сондықтан тілдік таңбалар ұлттың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады. Белгілі бір затқа атау бергенде адам баласы бір нысанды ұқсас нысаннан ажыратып тұратын белгісін негізге алып таңбалайды. Мұндай белгілер түрліше болуы мүмкін: түсі, көлемі, формасы, қызметі, материалы, екінші бір нысанға қатысы т.б. Тіл білімінде бұл белгілер *уәждер* деп аталады. Таңба мен таңбаланушы арасындағы осы уәждік белгілер экстралингвистикалық факторларға негізделеді. Мәселен, *қызылсу* – өзен бетіне мұз жарығынан шыққан су [1, 508-509]. Көбіне қысы қатты аймақтардағы суы мол өзендерге тән. Қызылсу өзендегі су ағымының күрт көбеюінен, мұз астындағы қысымның жоғарылауынан пайда болады, кейде жер асты сулары мол өңірлерде де байқалады. Ойымыз дәлелді болу үшін, бұқаралық ақпарат құралдары тілінен деректер келтірейік. Мысалы: Шығыс Қазақстан облысында күннің күрт жылынуынан қар еріп, қызылсу аулаларды басып қалды. Шығыста күн күрт жылынып, *қызылсу* көтеріле бастады. Ұзаққа созылған қыстан соң, Орталық Қазақстандағы бірқатар елдімекендер көктемгі қызылсудың астында қалу қаупі төніп тұр.

Әрбір халық, этностық топ қоршаған ортадағы түр-түс ұғымын өздерінше танып, этномәдени дүниетанымында тұжырымдайды. Қызыл түс о баста күннің, оттың түсіне байланысты қабылданып, қазақ халқының санасында әлі күнге дейін символдық мәні (қасиеттілік, махаббат, билік) сақталған. Жалпы алғанда, *от, сезім, көңіл* қызыл түспен байланыстырылады. Қазақтың ұлттық мәдениетінде қызыл түстің жағымды бағалауыштық мағыналары түрлі сезімдік коннотацияға байланысты әдемілік, махаббат, жастық, қуаныш, шешендік сияқты ұғымдармен ассоциациялық байланысқа түсіп, тілдік санада *қызыл шырайлы, қызыл тіл, қызыл алма* тіркесімдері арқылы таңбаланған. Сонымен қатар қызыл түстің *қызыл кеңірдек болу, қызыл өңеш болу, қызыл көз пәле, қызғаныштың қызыл тұлкісі* сияқты жағымсыз коннотациялық мәні бар екендігін тіл бірліктері айқындайды. Сондай-ақ,

қызыл түс стереотиптік қолданыс ретінде терминдік тіркесімнің құрамында қолданысқа түсіп, *қызыл бұрыш, қызыл ағаш, қызыл түйіршік, қызылсу, қызыл әскер, қызыл отау* сияқты екіншілік номинацияның түзілуіне әсер еткен.

Қазақ халқының санасында қызыл түс отпен ассоциацияланатын болса, оттың белгілі бір дәрежеде жан-жағына қауіп-қатер төндіретіндігі белгілі. Осындай ассоциациялық қатынас негізінде қызыл ↔ от ↔ қызылсу атауы туындаған. Халықтың тілдік санасында өзен, көл суының өз арнасынан асып-тасуы, осылайша жан-жағына қауіп-қатер төндіруі қызысу ұғымымен таңбаланған. Сонымен қатар тілімізде қызылсу ұғымымен байланысты қалыптасқан *қызылсудай жүру* тұрақты тіркесі *«баса-көктеп ойлағанын істеді, әмірін жүргізді»* деген ауыс мағынада екіншілік номинация жасалған [1, 509-510]. Өзен, көл суының өз мөлшерінен асып-тасуы қоршаған ортаға белгілі бір дәрежеде қауіп-қатер төндіретіндігі, өз ернеуінен асқан судың жолдағының бәрін таптап, шайып өтуі суға тән физикалық құбылыс екендігі белгілі. Судың өзіне тән табиғи уәждік белгілер негізінде адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді бейнелеуде адам ↔ табиғат оппозициясы негізінде метафоралық жолмен *қызылсудай жүру* тіркесі қалыптасқан. Адам дүниені сезім мүшелерінің көмегімен танып біледі, осы танылған нәрсенің нәтижесі дерексіз ойлау жүйесі арқылы екіншілік номинацияны қалыптастырады. Адамның белгілі бір ұғымды танытуда ақпарат адам санасында қалай қабылданса, сол күйінде жадыда сақталып, сол ұлтқа тән тіл арқылы көрініс табады. Кез келген дүниені қарап тани отырып, санада қалыптасқан ассоциацияны немесе сол дүние туралы ұғымды тіл арқылы жеткізу үшін адам біліми, мәдени, рухани танымына сүйенеді. Ол тілдік қордағы лексикалық, фразеологиялық және паремеологиялық құрылымдар арқылы көрініс табады. Мысалы, қойға қатысты *момындық, жуастық, қоңыр тіршілік, байлық, сұлулық* сияқты қазақ халқының ұлттық санасында стереотипке айналған қарапайым ассоциацияларды құраса, ақын-жазушылар танымында ассоциативтік білім көздері бейнелі түрде көрініс табады.

Когнитивті теория тұрғысынан алғанда, тіл – таным құралы, аялық білім жүйесінің құралы, сонымен қатар сана әрекеттерін жүзеге асырудың тәсілі. Адам әрекетінің тез қарқындап дамуы оның тілінде көрініс табады және лексикалық жүйеде бейнеленеді. Осылайша, адамның түрлі әрекеті арқылы түзілген контексте тілдік бірліктер өзара қатынасқа түсе отырып, болмысты бейнеледі. Е.С. Кубрякова: «Функционалды лингвистикада атау нәтижесі ғана емес, атау жасау процесінің өзі де негізге алынуы тиіс» деген ғылыми-теориялық пікір білдіреді [2, 54]. Яғни, номинация теориясында таңбалаушының таңбаланушыға еркін қатынасы аталымның шығармашылық негізі болып табылады. А. Потебня өз концепциясына В.Гумбольдт тұжырымдамаларынан тілге сөйлеу әрекеті ретінде қарау көзқарасынан басқа, жаңаша ойлау негізінде «ішкі форма» терминін енгізеді. А. Потебняның түсінігінде *ішкі форма*−сезім мүшелері арқылы қабылданған зат, құбылыс, іс-әрекеттің субъективті мәнді белгісі, соған орай мағынаның ең негізгі белгісі [3, 68]. Сөздің ішкі формасы ойды қалыптастыру құралы ретінде сезім мүшелері арқылы қабылданған негізгі белгілерді біріктіре отырып, оның санада бейнеленуіне негіз болады. Атау беру актісіне үш компонент қатысады: таңбалаушы, таңбаланушы және атау-таңба. Сөз затты, нәрсені, құбылысты, әрекетті атай отырып, сол зат арқылы алынатын ақпаратты қодқа түсіреді. Тілші-ғалым А. Салқынбай: «... атау тілдегі лексикалық бірлік ретінде ғана емес, әлем бейнесін жасауға қызмет ететін номинативтік қызметімен бағалануы қажет. Тіл дамуы әлем бейнесін танып-біліп, олардың әртүрлі белгісі мен қасиеті, сапасы мен саны, қимылы мен әрекеті, амалы мен сипатына атау беру арқылы орындалады» деген пікірін айтып өту орынды [4, 89]. Өйткені, заттар мен құбылыстардың белгілерін таңбалау қызметі халықтың этномәдени дүниетанымымен, ой-санасының өсуімен, ұлттық психологиясы және ділімен астасып жатады.

Белгілі бір затқа, құбылысқа, нәрсеге тән белгі-қасиеттің жиынтығы заттың сапасын құрайды. Заттың бойында өмір сүретін белгілер мен қолданыс үстінде айқындалатын сапаны тілдік бірлікпен атау адамның таным әрекетімен байланысты. Таным үрдісі екі деңгейден тұрады. Алғашында адам затты таниды, белгілерін анықтайды, ал келесі деңгейде анықталған белгілерге қарай оны қолданудың жаңа жолдарын іздейді. Қолданыста зат жаңа сапаға ие болады.

Ғалам бейнесін категориялар, концептілер жүйесі негізінде тану – танымның нәтижесі. Логикалық категориялар мен абстрактілі ойлау жүйесі таным процесінде бірте-бірте қалыптасады. Мәселен, сапа категориясы затқа тән сын-сипатты анықтайды. Адам баласы, ең алдымен, затқа тән мәнді және мәнсіз белгілерді айқындайды, танылған мәнді белгілердің негізінде санада пайымдау арқылы дерексіз ойлау деңгейіне жетеді. Соның негізінде адам санасында екі

зат, екі құбылыс не екі іс-әрекет арасында ассоциациялар қалыптасады. Заттың бойында өмір сүретін белгілер мен қолданыс үстінде айқындалатын сапаны тілдік бірлікпен атау адамның таным әрекетімен байланысты. Мәселен, *әуе жолы, тас бауыр* құрамындағы зат есімдердің тұрақты қолданысы сөздің атауыштық қызметін қалыптастырған.

Таудың қатты жынысы, соның үлкенді-кішілі бөлшектері мағынасын иеленетін тас сөзі өн бойындағы қаттылық белгісі негізінде адам ағзасында зат алмасудың бұзылуынан пайда болатын түйір затты да метафоралық тәсіл негізінде *тас* деп атаймыз, адам санасындағы қатты заттың (*тастай қатты*) қатал, қатыгез ұғымымен ассоциациялануы негізінде ауыс мағынада *тас бауыр*; тастың ауырлық белгісінің негізінде *зіл қара тас*; қатты заттың бойындағы беріктік ұғымдық белгісі *тастай берік* сынды тілдік бірліктердің қалыптасуына әсер еткен. Сонымен қатар тастың суықтығы сөйлеу тілінде тастай суық, мұздай ұғымында қолданылады. Тілдік жүйеде мұндай тілдік бірліктердің қалыптасуы адамның ойлау, пайымдау, болмысты тану әрекеттерімен тығыз байланысты. Сөйлеу тілі негізінде тас сөзімен байланысты қалыптасқан терминдік атаулар қаншама: *шұбар тас* (гранит), *су тас* (хрусталь), *ақ тас* (кварц), *жанғыш тас* (көмір), *отты тас* (пирит), *шақпақ тас* (кремень), *асыл тас, бағалы тас*. Жоғарыда берілген атаулардың негізінде бұл белгілердің тастың өн бойында бар екендігін білеміз. Берілген термин сөздердің көпшілігі қазақ халқының санасында қалыптасқан, жалпыхалықтық сипат алған сөздердің негізінде жасалып, ономасиологиялық тұрғыдан екінші дәрежелі номинация қатарын құрайды.

Әдебиеттер

1 Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Арыс, 2011. – 15 т.−575 б.
2 Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности. – М.: Наука, 1986.−159 с.
3 Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. – Л.: Изд-во Академии Наук СССР, 1958.−Т. I-2.−320 с.
4 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999.

References

1 Қазақ әдеbi tilinің tүsindirmeli sөzdigi. – Almaty: Arys, 2011. – 15 t.−575 b.
2 Kubrjakova E.S. Nominativnyj aspekt rechevoj dejatel'nosti. – M.: Nauka, 1986.−159 s.
3 Potebnja A.A. Iz zapisok po russkoj grammatike. – L.: Izd-vo Akademii Nauk SSSR, 1958.−T. I-2.−320 s.
4 Salқynbaj A. Tarihi sөzzhasam (semantikalyқ aspekt). – Almaty: Қazaқ universiteti, 1999.

Смагұлова Г.Н.

Диаспора мен оралмандардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері

Мақалада диаспора мен оралмандардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері қазақ тілінің материалдары бойынша сөз етіледі. Тіл – әрқашан белгілі бір этностық генеологиясымен, азаматтық тарихымен, өмір сүрген ортасымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты. Сондықтан ауызекі сөйлеу тілінде сақталып, әдеби тілде көп кездесе бермейтін сан алуан фонетикалық, грамматикалық құбылыстар, кездейсоқ пайда болмайтындығын ескеру керек. Ол құбылыс, ол өзгешелік тарихи жағдайға, көршілес отырған халықтардың тілдік ықпалына, айналысатын кәсібіне, шаруашылығына байланысты қалыптасқан. Қазіргі кезде әр мемлекеттің әр мекенінде өмір сүріп келген қазақтардың ауызекі сөйлеу тілі ерекшеліктерін зерттеу – әдеби тіл тарихы үшін құнды дерек болып табылады. Баяндамада (мақалада) диаспора мен оралман қазақтары тілінің ерекшеліктері бойынша жиналған фонетикалық, грамматикалық, лексикалық деректер қазақ тілінің әдеби тілмен салыстыра талданады.

Түйін сөздер: диаспора, оралман, тілдік жағдаят, лексикалық ерекшеліктер.

Smagulova G.N.

Features of a spoken language of diaspora and oralmans

Article is devoted to features of oral informal conversation of the Kazakh diaspora and oralmans. Language was always directly connected with genealogy, civil history, with habitat of the person and a historical era, with material and spiritual culture, with different types of production, moral values, traditions and customs of one ethnos. Therefore it must be kept in mind that not casually various phonetic and grammatical phenomena remaining in oral informal conversation aren't so often used in the Kazakh literary language. These phenomena and changes were formed in close connection with a historical situation, in interaction with languages of other people living in the neighborhood. Also had impact and the general moments of their production and economic activity on this process. At the present stage of development of society studying of features of oral informal conversation of the Kazakhs living in the different states is especially significant and valuable contribution to history of literary Kazakh language. In article is built extensive language material and is made is made the comparative and comparative analysis of phonetic, grammatical and lexical distinctions of language of the Kazakh diaspora and oralman and primordial carriers of the Kazakh literary language.

Key words: diaspora, oralman, language situation, bi-linguism, lexical distinctions.

Смагулова Г.Н.

Особенности разговорного языка диаспоры и оралманов

В статье идет речь об особенностях устной разговорной речи казахской диаспоры и оралманов. Язык всегда напрямую был связан с генеалогией, гражданской историей, со средой обитания и исторической эпохой, с материальной и духовной культурой, с разными видами производства, нравственными ценностями, традициями и обычаями одного известного этноса. Поэтому нужно иметь в виду, что неслучайно разнообразные фонетические и грамматические явления, сохраняющиеся в устной разговорной речи, не так часто используются в казахском литературном языке. Эти явления и изменения формировались в тесной связи с исторической ситуацией, во взаимодействии с языками других народов, живущих по соседству. На этот процесс также оказывали влияние и общие моменты их производственной и хозяйственной деятельности. На современном этапе развития общества изучение особенностей устной разговорной речи казахов, проживающих в разных государствах, является особо значимым и ценным вкладом в историю литературного казахского языка. В статье на основе собранного обширного языкового материала сделан сравнительно-сопоставительный анализ фонетических, грамматических и лексических различий языка казахской диаспоры и оралманов и исконных носителей казахского литературного языка.

Ключевые слова: диаспора, оралман, языковая ситуация, лексические особенности.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81’373 001.4

Смағұлова Г.Н.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, ф. ғ. д., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: smagulova.g@mail.ru

ДИАСПОРА МЕН ОРАЛМАНДАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан тәуелсіздік алғанннан бергі уақытта (25 жыл) әлемнің әр мекенінен оралған қазақтар саны миллионнан асып кетті. Күні бүгінге дейін бұл сан толығып келеді. «Диаспора» деген грек сөзі, «шашыранды өсу» мағынасын білдіреді. Осылайша басқа жаққа кетіп, шашыранды жүргендердің немесе шоғыр болып отырғандардың өз атамекендеріне қайтып оралғандарын репатрианттар дейді. Диаспораны қазақша шашыранды шоғыр(колония), ал репатрианттарды еліне қайтқан «оралмандар» деп атау қалыптасты. Отанына оралғандарды терминдік мағына беріп, ерекше атау қажет болды. Оралман атауы осындай номинациялық қажеттіліктен туса керек.

Тұрған жерінде диаспора аталған, атамекенінде оралман аталаған қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінде тіл ерекшеліктерінің кездесуі заңды құбылыс. Бұл туралы лингвистика, социология, психология, мәдениеттану сияқты ғылым салаларында зерттеу жүргізудің қажеттігі бар. Жалпы қазақ халқының үштен бір бөлігін құрайтын қазақ диаспорасы бүкіл әлемнің 40 шақты елінде шашырай қоныстанғанымен, оны әрқашан біріктіретін – тек тіл ғана екені белгілі.

Әлеуметтік тіл білімін зерттеуші Б.Хасанов шет елдерде шоғырланған қазақтардың тілін, өмірін зерттеу қазақ тіл білімі үшін ғана емес, дүниежүзі әлеуметтік лингвистикасы үшін мәні зор екенін айта келе былай дейді: «Әлемнің әр жерінде қоныс тепкен қазақтың «қазақ» болып қалуының бірден-бір куәсі – оның сақталған тілі. Бұған дәлел сол – оның ана тілінің көптеген елдерде қазақ өмірінің негізгі төрт саласында, атап айтқанда: *тұрмыста, қоғамдық өмір* мен *көркем шығармашылық*, *ауыз әдебиеті* саласында тиянақты қолданылуы. Демек, қазақ шоғырына байланысты зерттеудің бір бастауы – тіл» [1, 8].

Әрбір халықтың тілін, оның өткені мен олардың тіршілік еткен географиялық, қоғамдық-әлеуметтік ортасы, рухани мәдениеті, діни наным-сенімдері, өзге ұлттармен қарым-қатынасы сияқты факторлармен байланыстыра зерттеу қазақ тіл білімі үшін қажетті деректер алуымызға мүмкіндік береді.

Ауызекі сөйлеу тілінде сақталып, әдеби тілде көп кездесе бермейтін сан алуан фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құбылыстар, кездейсоқ пайда болмайды. «Тіл – әрқашан белгілі бір этностық генеологиясымен, азаматтық тарихымен, өмір

сүрген ортасымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты», – дейді академик Ә. Қайдар [2, 66].

Әр өлкеден келген оралмандардың тілі осындай айырмашылықтармен ерекшеленуі әдеби тілдің қолданысымен қарым-қатынас жасайтын жергілікті ұлт өкілдерінің назарын аудартады.

Қазақстанға келген оралман қазақтардың ауызекі сөйлеу тіл ерекшеліктерін анықтау үшін және фонетикалық, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктер негізінде диаспора тілінің сипатын білу үшін мына мәселелер есте болу керек.

Бірінші: диаспора, оралмандар тілінің қалыптасуына әсер еткен тарихи фактілер; Екінші: сол өңірдегі көршілес халықтар тілімен салыстырып, олардың өз тарапынан тигізген әсері арқылы диаспора тіліндегі кірме элементтерді ерекшеліктерін көрсету; Үшінші: оралман қазақтар тіліндегі ерекшеліктерді қазақ тілінің басқа сөйленістерімен салыстыра отырып ортақ және өзгеше белгілерін анықтау.

Алыстан келген оралмандардың тарихи жағдайы мүлдем басқаша. Олар байырғы қазақ тілінің қаймағын бұзбай қайтадан әкелушілер.
Демек, олармен бірге қазақ тілі, ата-баба салты ғана емес, әлемдік өмір, тәжірибе, ақпарат, білім көшіп келіп жатыр деуге болады. Оралман бауырлардың жат елде жинақтаған, түйіндеген, игерген мәдени құндылықтары қазақстандықтарға өте қажет. Мысалы, Қытайдағы қазақ ханзудан, Монғолиядағы қазақ моңғолдан, Ирандағы қазақ иранннан көп нәрсе үйренді. Бұл – байлық, бұл – дереккөзі – қазақ еліне қызмет ететін қатпарлы қазына. «Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім» дейді Н. Назарбаев.

Моңғол жерінде өмір сүрген қазақтар 1992 жылдан бастап, Қазақстанға көшіп қоныстана бастады. Моңғолиядан келген қазақтар тілінде де диалектілік ерекшеліктер сақталып қалған, себебі олар отбасында өзара сөйлескенде дағдылы тілінде еркін сөйлейді, тілдеседі. Моңғолия жеріндегі қазақтардың тілі негізінде бір аймақ көлемінде шоғырланғандықтан территориялық диалект деп қарастырылатын болса, соңғы кездері Қазақстан территориясының әр жеріне шоғырланып орналасқан оралмандар тілінің мәртебесін, соның ішінде әлеуметтік мәртебесі қалай деген сұрақ тууы заңды.

Ауған мен Иран қазақтарының қиыншылық кезінде Ауған мен Иранға ауа көшіп, сол жерді 80 жылға жуық мекен етіп, туған отаны Қазақстанға қайта көшіп келе бастады. Қазақтардың онда көшіп бару тарихы 1917 жылғы Қазан төңкерісінен басталады да, 30-жылға дейін созылады. Ауғанстанға көшіп барғандар орта жүз – арғын, қоңырат, одан соң кіші жүз – адай, табын, кете, шөмекей тайпалары. Көптеген тарихи деректерден зерттелініп отырған өлке қазақтарының пұштулармен, парсылармен, өзбектермен, түркмендермен көп жылдардан бері бірге өмір сүріп келгендігін көреміз. Соның нәтижесінде бұл өлке қазақтары біраз тілдік этнографиялық ерекшеліктерге ие болған.

Ауғанстан, Иран қазақтарының тарихын, этнографиясын, этникалық тобы мен тілдік ерекшеліктерін зерттеу жұмысы 1993 жылдан бастап, Қазақстанға көшіп келе бастаған күннен жүргізілді. Ауған, Иран қазақтары туралы сол елдерде қызмет істеген, іссапарларда болған қазақ ғалымдары мен мәдениет, ғылым қайраткерлерінің публицистикалық мақалалары газет беттері мен кейбір жинақтар материалдары бұқаралық ақпарат беттерінде көріне бастады.

Ал Қарақалпақ өңірінен келген қазақтарды екі топқа бөліп зерттеуге болады. Бірінші топқа өте ертеден қарақалпақтармен бірге Сыр бойынан көшіп барып, Солтүстік аудандардағы қарақалпақтармен аралас отырған қазақтар, екінші топқа Батыс Қазақстаннан көшіп барып, өзбектер мен түрікмендердің арасына қоныстанған оңтүстік аудандардың қазақтары жатады.

Тәжік тұрғындарының этникалық құрамы Кіші жүз қазақтары болғанымен, тіл ерекшелігі жағынан ауызекі тілінде негізінен оңтүстік сөйленістер тобына тән сөздердің басым екенін аңғаруға болады [3, 35].

Диаспора мен оралмандар тіліне екі тілдік (билингвизм) сипат тән, себебі, өздері мекендеген ел, орта тілін еркін меңгеру мен өз ана тілінде сөйлеу, әлеуметтік фактор ретінде саналады. Біз осы мақалада тек Қытай қазақтарының тілдік ерекшеліктеріне ғана тоқталамыз.

Қытайдағы қазақтардың тіліне екі түрлі фактор әсер еткені байқалады. Оның бірі – сыртқы фактор, яғни ғасырлар бойы қоян-қолтық аралас өмір сүріп отырған қытай, ұйғыр, азды-көпті моңғол тілдерінің игі әсері болса, екіншісі – жалпы халықтық тілді негіз ете отырып, тілдің ішкі даму заңдылығы бойынша дамуы.

Қытай қазақтары тіліне біршама көңіл бөлген ғалымның бірі – профессор Гың Шымин. Ғалым өзінің «Қазақ тілі грамматикасы» деген еңбегінде осы өңірде тұратын қазақтар тіліндегі ерекшеліктерге егжей-тегжейлі тоқталған [4, 59]. Ғалым Қытайда тұратын қазақтар тілінде аса үлкен

тілдік ала-құлалық жоқ екендігін, Қытай қазақтары негізінен тілдік тұтастығын сақтап қалғандығын атап көрсетеді. Соған қарамастан тілдік ерекшеліктер мүлдем жоқ еместігін атай келіп, ғалым Қытай қазақтары тілін шығыс-солтүстік сөйленіс аймағы мен батыс-оңтүстік говор аймағына бөліп қарастырады. Екі сөйленістегі аймақты салыстыра отырып, Гың Шымин шығыс-солтүстік сөйленіс аймағының территориясының кеңдігін, халқының саны да молдығын ескере отырып, Қытай қазақтары әдеби тілінің қалыптасуына негіз болып отырған осы шығыс-солтүстік сөйленісі екендігін айтады.

Қытай қазақтары тілі туралы жазған зертеушілердің бірі – Жақып Мырзаханұлы. Ол қазақ тілі ерекшеліктерінің қалыптасу тарихы көне рулық, тайпалық кезеңнен басталатынын, бірақ қазақ тілі біртұтас халық тілі болып қалыптасқандығын, сондықтан аздаған дыбыстық, лексикалық өзгешеліктерге ұшыраған ру тілдері бар екенін айтады [5, 4].

Қытай қазақтарының тіліне көңіл аударған – Нұрғабыл Солтан Шәріпұлы. Ол «Жунго Шыңжаң қазақтары мен Қазақстан қазақтары тілінің фонетикалық өзгешеліктері» атты мақаласында екі аймақ халқы тіліндегі біршама дыбыстық ерекшеліктеріне тоқтаған [6, 8-20].

Чын Янян былай дейді: «Қазақ халқы тарихи себептер салдарынан, екі елге бөлініп қоныстанғандықтан, қазақ тілі шекара аттаған тілге айналды. Екі елге бөлініп қоныстанған қазақ халқында тегі бір тамырдан тараған көптеген ортақтықтар болса да, бірақ өздері қоныстанған екі елдің қоғамдық, экономикалық мәдениет дамуының деңгейі әркелкі жүргізіп отырған ұлт саясаты мен ұлттық тіл-жазу саясатының басқаша болу себебінен, сондай-ақ өзге ұлт тілінің ықпалына ұшырау дәрежесі ұқсамағандықтан Қытай қазақтары тілі мен Қазақстан қазақтары тілінде кейбір ерекшеліктер пайда болды. Әрине, бұған тағы екі елдің географиялық ортасы мен қоғамдық мәдениетінің де өзіндік ықпалы болады» [7, 239].

Қазақ тілшісі Ж.Болатовтың «Қытайдан келген қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер» атты еңбегін де айта кетеміз. (Алматы: Ғылым, 1990. – 38 б.)

Қытай қазақтары тілінің зерттелу сипатын жинақтай келе айтарымыз, біріншіден, Қытай қазақтарының тілі жан-жақты ғылыми тұрғыдан бүгінге дейін арнайы қарастырылуда. Қытай қазақтары тіліндегі ерекшеліктер негізінен Қытай ғалымдары тұрғысынан едәуір зерттелген. Алайда, бұл зерттеулер біртұтас емес. Көбінесе шашыраңқы түрде қарастырылған. Олай деуімізге себеп, кейбір ғалымдар Қытай қазақтарының тілін Қазақстан қазақтарының тілімен жалпылай салыстырады.

Олардың тілдік ерекшеліктерінің пайда болуына әсер еткен төмендегідей үш факторды атап айтуға болады:

Біріншісі – атамекеніндегі жергілікті тіл ерекшеліктерінің белгілері; Екіншісі – жергілікті қытай, ұйғыр, дүнген сияқты халықтармен араласудың әсерінен болған кірме сөздер мен тілдік құбылыстар; Үшіншісі – басқа тілдік сөздердің бұл «сөйленіске» тікелей емес, ұйғыр тілі арқылы жанама өтуі.

Сөйлеуші өзінің тілінде жергілікті ерекшелікті ендіріп сөйлеуі, әдеби тілдегі толық айтылатын тұлғаларды қысқартып айтуы – осының бәрі ауызекі сөйлеу тіліне жатады. Ауызекі сөйлеу тілі стилі бойынша сөйлемде сөйлем мүшелерінің толық болуы шарт емес, сөйлеушінің айтайын деген ойы, ым, қимыл, интонация арқылы да толықтырылып отырады. Фонетикалық ерекшеліктер ішінде оралмандар тілінде қазақ сөздері жұмсақ әрі жіңішке естіледі. Мәселен а дыбысының оралман қазақтар тілінде кейбір сөздерде жіңішке айтылу жағдайы ұшырасады. Мысалы:

жаңағы – жәңегі асылы – әсілі шашу – чәшу
жаңа ғана – жәңе ғана мысалы – місәлі мазақ – мәзәқ

түрінде айту Қытай қазақтары тілінде басым. Бұл құбылыс жергілікті қазақтар тілінде де кездеседі. Ауызекі тілде қытай тілінен қабылданған сөздердің фонеманың бірігуінен буын , яғни қытай тілінде шыңму, иұнму, дыбыс ырғағы сияқты буынды құрайтын бөлшектер арқылы фонетикалық өзгерістермен дыбысталады. Мысалы, Гүпүңжи – Gufengji – жел үрлеуіш – gupuŋʤij 鼓风机 ; Тоба – toba – еден сүрткіш – Tuoba 拖把; Пәйсүр – paichusuo – сақшы бөлімшесі – pajsur 派出所.

Фонетикалық ерекшеліктер қазақтардың жас ерекшеліктері мен әлеуметтік жағына қарай да өзгеріп, сөз варианттары пайда болуы мүмкін. Себебі жасы үлкендер кірме сөздердің дыбысталуын неғұрлым өз тілінің заңдылығына қарай бейімдесе, жастар жағы сол ұлт тіліндегі дыбысталуын сақтауға ұмтылады.

Дүниеде барлық ұлттар түлі мәдени-экономикалық қарым-қатынастар негізінде сөз алмасады. Қытай тілінен қабылданған сөздердің лексикалық ерекшеліктері туралы айтқанда мына мәселе есте болу керек. Кірме сөздердің барлығы лексикалық қабаттарды толықтыра бермейді. Кейбір кәсіби және терминдік лексика қолда-

ныста жүреді. Мысалы: шай (茶), сәй (菜), жусай (韭菜), лобы (萝卜), борми (苞米), жың (斤), жозы (桌), хуасың (花生), шақай (鞋子), лазы (辣子), му (亩), газыр (瓜子), жоса (朱砂), дазыбау (大字报), т.б. Осындағы шай сөзінен басқасы *сәй, жусай, борми, жозы, лазы* Қазақстанда да диалектизмдер қатарында қолданыста бар.

Қытай сөздері тұлғалық жақтан өгермейді. Ал Қытай қазақтарының әсіресе жастар тілінде тіліне кірме сөз ретінде енген сөздерге ауызекі сөйлеуде морфологиялық түрленулер тән Мысалы: Шужи (手机) :шужи+ым; сәй +лер (很多菜): юпан +мен juwpan U盘 , (优盘).

Тіл мәдениетінің ең маңызды мәселелерінің бірі – сөз вариванттары.

Сөз варианттары сөйлеу, жазу нормасынан ауытқуына байланысты абсолюттік және қатысты деп бөлінеді. Абсолюттік вариант: *тіл – тіл, қыз – қыз, ұл – ұл, су – су* т.б. Ал, қатыстық вариантқа мағыналары бір-біріне жақын, стильдік айырмашылықтары бар сөздер қатарын оралмандар сөйленісінен жиі байқалады. Қытай қазақтары тілінде: *қимыл оздыру – іс-шара өткізу; далаң* – коридор; *бөгенай- белгі; сабақтан түсу – сабақтан шығу; жалғасты оқу –жалғастырып оқу.* т.б. ҚХР-дан келген студенттер тілінде қолданылып жүрген бірқатар сөздерде қытай және ұйғыр тілдерінің элементтері ұшырасады. Мысалы: *уақыт тошты, қыжалат болу, зауфан қылу т.б*. Бұл ретте оралман жастардың қазақ әдеби тілінің нормасына бейімделуі алдымен жазу мәдениетін игеруден бастайды.

Қорыта келгенде, Қытай қазақтары тілінде ханзу тілінің басымдығы кірме сөздер қатарының орынды-орынсыз қолданысқа ие болуы тіл тазалығы мен сөз және сөйлеу мәдениетінің орасан өгерістерге түсуі белең алып бара жатқаны байқалады.

Қытай қазақтары жастарының тілі қалалықтар арасында (ауыл-қыстақта да солай) ханзу сөздерін қазақ тілінің заңдылықтарына икемдеп, грамматикалық түрлендіру амалдары сөйлеу мәдениетінің жұпынылығын көрсетеді.

Сондықтан да, қай кезде болсын сауатты адамдар өз заманының әдеби тіл нормасын сақтауға міндетті, егер оны бұзып, ауызша әдеби тіл үлгісінде не ауызекі сөйлеу тілімен сөйлеп және жазатын болса, тіл мәдениетіне орасан зиян жасайды. Сол тілдің иесі өз тіліне деген азаматтық жауапкершілігін жоғалта береді. Ал бұл құбылыс тереңдей берсе, онда өзінің келер ұрпағына табыстайтын ана тілінің қасиеті қалмайды.

Диаспора мен оралмандар тілінің болашақтағы жағдайы туралы ұсыныс ретінде айтарымыз: әр дәуірдің әдеби тіл нормасы бүгінгі тіл нормасындай емес, әр кезеңнің әлеуметтік жағдайына байланысты, әдеби тіл нормасы да өзгеріп отырады. Сол себепті Қытайдағы қазақ диаспорасының әдеби тілі туралы түбегейлі ғылыми зерттеу қажеттігі проблема болып тұрған мәселе. Кешегі көшпелі кезден бері сақталған тұрмыстық мәдени лексика және көнерген сөздер қолданысы туралы зерттеулер тіл тарихы мен ұлт мәдениеті үшін аса маңызды екенін ескеру керек.

Әдебиеттер

1 Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992. – 250 б.

2 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

3 Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алматы, 1982. – 166 б.

4 Гың Шымин. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. – Пекин: Орталық ұлттар университеті, 1998. – 291 б.

5 Мырзаханұлы Жақып. Қазақ халқы және оның салт-санасы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1992. – 598 б.

6 Солтаншарыпұлы Н. Шыңжаң қазақтары мен Қазақстан қазақтарының тіліндегі кейбір дыбыстық айырмашылықтар // Тіл және аударма. – Үрімші, 1993. – Б. 8-20.

7 Чын Янян. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясынан зерттеулер. – Пекин: Ұлттық баспа, 2000. – 242 б.

References

1 Hasanuli’ B. Ana tili – ata mura. – Almati’: Jazwshi’, 1992. – 250 b.

2 Qaydar A’. Qazaq tilining o’zekti ma’seleleri. – Almati’: Ana tili, 1998. – 304 b.

3 Naqi’sbekov O. Qazaq tilining ongtu’stik govorlar tobi’. – Almati’, 1982. – 166 b.

4 Gi’ng Shi’mi’’n. Qazirgi qazaq tili grammati’’kasi’. – Peki’’n: Ortali’q ulttar wni’’versi’’teti, 1998. – 291 b.

5 Mi’rzahanuli’ Jaqi’p. Qazaq halqi’ ja’ne oni’ng salt-sanasi’. – U’rimji: Shi’ngjang hali’q baspasi’, 1992. – 598 b.

6 Soltanshari’puli’ N. Shi’ngjang qazaqtari’ men Qazaqstan qazaqtari’ni’ng tilindegi keybir di’bi’sti’q ayi’rmashi’li’qtar // Til ja’ne awdarma. – U’rimshi, 1993. – B. 8-20.

7 Chi’n Yanyan. Qazirgi qazaq tilining leksi’’kologi’’yasi’nan zerttewler. – Peki’’n: Ultti’q baspa, 2000. – 242 b.

Уматова Ж.М.,
Жумабаева М.Б.

Особенности общения в интерет-пространстве

В современном мире средства массовой информации представляют собой четвертую власть, имеющую довольно большое влияние. СМИ не только доставляют информацию аудитории, но и способны управлять реакцией населения на тот или иной материал, формировать отношение к тому или иному событию или персоне. Зачастую для этого используются различные виды речевой агрессии, позволяющей манипулировать людьми и побуждать к определенным действиям. В статье на примере казахстанских СМИ описана и проиллюстрирована речевая агрессия как яркое экспрессивное средство, которое активно воздействует на аудиторию, создавая отрицательное восприятие людей, событий, фактов и формирует оценки массового сознания. Как результат этого, она побуждает к действию, то есть позволяет манипулировать мыслями и поступками людей, которые не подозревают, что стали объектами манипуляции.

Ключевые слова: интернет-коммуникация, речевая агрессия, Интернет, речевая компетенция, оскорбление, языковая культура, воздействие, манипуляция.

Umatova Zh.M.,
Zhumabaeva M.B.

Peculiarities of communication in the internet space

In today's world media represent the fourth estate, having quite a big impact. The media not only deliver information to the audience, but they are also able to control the reaction of population to a particular material, to form the attitude towards a particular event or person. Often it uses various forms of verbal aggression, allowing to manipulate people and motivate them to certain actions. This article on the example of Kazakhstan's media describes and illustrates verbal aggression as a bright expressive tool that actively affects the audience, creating a negative perception of people, events, facts and forms of evaluation of mass consciousness. As a result, it motivates to action, that is the ability to manipulate the thoughts and actions of people who are unaware that have become the objects of manipulation.

Key words: Internet-communication, verbal aggression, the Internet, verbal competence, verbal abuse, language culture, influence, manipulation.

Уматова Ж.М.,
Жұмабаева М.

Интернет желісіндегі байланыс ерекшеліктері

Қазіргі кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары – әсер ету күшіне ие төртінші билік. БАҚ көпшілікке ақпаратты жеткізіп қана қоймай, қандай да бір материалға қатысты халықтың жауабын басқарып, кез келген оқиғаға немесе тұлғаға қатысты қарым-қатынасын қалыптастырады. Басылымдарда адамдарды басқарып, белгілі әрекеттерге итермелейтін сөйлеу агрессиясының түрлері жиі қолданылады. Мақалада аудиторияға әсер етіп, белгілі тұлғаларға, оқиғаларға, фактілерге қатысты жағымсыз пікір қалыптастыратын және бұқаралық сананы бағалауға мүмкіндік беретін экспрессивті құрал ретіндегі сөйлеу агрессиясы қазақстандық БАҚ мысалдары арқылы беріледі. Ол әрекетке итермелеп, манипуляцияның нысанына айналғанын адамдарға сездірмей-ақ ойлары мен әрекеттерін басқарады.

Түйін сөздер: ғаламтор коммуникациясы, сөйлеу агрессиясы, ғаламтор, сөйлеу құзіреті, тіл тигізу, тілдік мәдениет, әсер ету, манипуляция.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 811.161

Уматова Ж.М.[1], Жумабаева М.Б.[2],

[1]к. ф. н. доцент, [2]магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: zh.umatova@mail.ru, zhumabayevam23@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ ОБЩЕНИЯ В ИНТЕРНЕТ-ПРОСТРАНСТВЕ

В век глобализации человек подчинен стремительному темпу жизни, ее высоким требованиям. В масштабах широко развивающегося научно-технического прогресса, как отдельному индивиду, так и обществу в целом, необходимо успешно адаптироваться к изменяющимся условиям и быть максимально мобильным. Появляются новейшие инновации в области технологий, призванные модернизировать и облегчить существование человека в мире, где знание и информация являются подчас основными орудиями достижения поставленных целей. Безусловно, таким орудием является Интернет (*социальная сеть* – платформа, онлайн сервис или веб-сайт, предназначенные для построения, отражения и организации социальных взаимоотношений) [1], который представляет собой не только глобальную информационную систему, но и стал необходимым средством коммуникации между индивидами.

Коммуникацию в интернете отличает целый ряд значимых особенностей: общение протекает исключительно в письменной форме, традиционные невербальные и паравербальные языковые средства практически полностью отсутствуют, равно как и непосредственный контакт между коммуникантами и достоверная информация об участниках общения. Особенности лексикона пользователей интернета, иные правила построения связных высказываний и новые сценарии коммуникации составляют специфику Интернета как пространства общения [2].

Речевая агрессия с давних пор является объектом особого внимания лингвистов, в особенности с развитием интернета, повышением компьютерной грамотности, увеличением доступа к социальным сетям и потребности в них, с увеличением потока электронной информации фокус внимания лингвистов, а также социологов, психологов, политологов сдвигается в сторону интернет-коммуникаций. Интернет, будучи открытым информационным пространством, предоставляет бесчисленные возможности участия в различных диалогах, в особенности в тех, которые строятся вокруг событий, вызывающих противоположные или неоднозначные реакции.

Процессы интернет-коммуникации, как и любой другой коммуникации, требуют соблюдения норм речевого взаимодействия. Так, например, Т.В. Матвеева вывела ряд следующих

постулатов, которые должны соблюдать коммуниканты для благополучного исхода диалога:

1) владеть техникой фатического общения (*общение фатическое* – бессодержательное общение, использующее коммуникативные средства исключительно с целью поддержания самого процесса общения) [3] и подчинения ему логического содержания речи;

2) владеть способами самовыражения и знать границу культуры и «антикультуры» в этой области;

3) пользоваться широким спектром оценок, соотнося их с системой нравственных правил культурного сообщества и с личностью своего речевого партнера;

4) помнить о взаимности коммуникативных интересов и адекватно реагировать на регуляцию своей речи партнером;

5) соотносить индивидуальные привычки и творческие потребности с культурно-речевым сводом коммуникативных качеств и речевой компетенцией партнера, соблюдать меру в области речевой свободы;

6) сохранять модальную стратегию вежливости [4].

Однако, ряд факторов, характеризующий общение в сети, порождает также и целый ряд негативных явлений. Причем масштабы этих явлений представляются вполне серьезными, а способы их предотвращения находятся лишь в стадии осмысления.

С появлением СМИ актуальность изучения с последующим предотвращением коммуникативной агрессии, несомненно, приобретает глобальный характер, поэтому необходимость тщательного рассмотрения предпосылок и решения проблем, связанных с агрессивностью молодежи возрастает.

Актуальность проблемы интернет-агрессии, рост ее распространенности связаны с тем, что в современных масс-медиа, как в зеркале, отражается такая общая проблема нашего социума, как рост агрессивности, особенно в больших городах. Параллельно тому, как уровень культуры в обществе падает, уровень агрессии растет. Эти явления взаимосвязаны, и их проявлением является волна виртуальной (*виртуáльность* (лат. *virtualis* – возможный) [5] агрессии в Интернете. Речевая агрессия в социальных сетях воплощается посредством использования инвективных речевых жанров (понятие введено Б.Я. Шарифуллиным [6]). Подобное явление не только наносит психологические травмы адресатам, особенно если пользователем интернет-форумов является ребенок или подросток, но и способствует отстранению образованных, воспитанных пользователей от коммуникативного процесса. Последнее связано с тем, что коммуникативная цель инвективных речевых жанров – выбить собеседника из колеи, умышленно дискредитировать определенного человека, причинить ему моральный и эмоционально-психический вред. В этом смысле подобные речевые приемы тесно связаны с явлением кибербуллинга (преследование с помощью цифровых технологий, в том числе и в интернете), получившем распространение в связи с развитием интернет-коммуникации. **Оскорбления, как один из видов инвективных речевых жанров,** чаще направлены на внешность, умственное развитие или поведение человека. Ср.: *«фуууууууу, он же страшненький!!!!!», «бесит когда девушки считают себя красотками ты дурра», «да. ну ты и стерва оказалась», «чмошница малолетняя!», «Ты очень страшная.», «овца тупая», «ну и урод ты! моральный …»* и т.п. [7].

Если взрослый человек в силу своих личностных, интеллектуальных и других особенностей способен противостоять кибер-агрессии, то, напротив, наиболее уязвимой возрастной категорией пользователей сети Интернет являются дети. Так, согласно статистическим данным, в марте 2015 года на территории Казахстана в среднем за день происходило свыше 28000 срабатываний «Родительского контроля» (средний показатель срабатывания «Родительского контроля» в сутки. За основу взята статистика за первые 20 дней марта 2015 года), предназначенного для защиты детей от нежелательного контента в интернете. Такова статистика, полученная с помощью «облачной» системы мониторинга и быстрого реагирования на компьютерные угрозы Kaspersky Security Network. За указанный период чаще всего блокировались попытки посетить порно-сайты (более 14 000 срабатываний в день), на втором месте – попытки скачать пиратское программное обеспечение (свыше 6000 срабатываний). Далее следует блокирование доступа в социальные сети (около 3500 попыток). В первую пятерку также вошли срабатывания на посещения сайтов с азартными играми (1200 срабатываний), а также страниц, содержащих нецензурную лексику и мат (чуть более 900 срабатываний за сутки). Кроме этого, казахстанские дети интересуются сайтами с оружием, играми, насилием и прочими соблазнами жизни.

По результатам статистического исследования Pew Research Center, 73% взрослых поль-

зователей так называемой всемирной паутины были свидетелями агрессии в интернете, а 40% испытали ее лично на себе. Общие результаты исследований таковы:

– 60% интернет-пользователей были свидетелями оскорбительных обзывательств кого-либо;

– 53% видели попытки умышленного оскорбления кого-либо;

– 25% видели физические угрозы в отношении кого-либо;

– 24% были свидетелями длительной агрессии в отношении кого-либо;

– 19% сказали, что они наблюдали агрессию на сексуальной почве в отношении других;

– 18% были свидетелями травли.

Те же, кто лично испытали на себе интернет агрессию, отметили, что агрессия проявлялась, по крайней мере, в одной из следующих форм:

– 27% были обозваны оскорбительно;

– 22% были умышленно оскорблены;

– 8% испытали физические угрозы;

– 8% подверглись травле;

– 7% подвергались агрессии в течение длительного времени;

– 6% подвергались агрессии на сексуальной почве [8].

Таким образом, согласно вышеприведенной статистике, становится очевидным, что 40% пользователей не игнорирует агрессию и почти половина из этих людей отвечает на агрессию в конфронтационном стиле, то есть таких людей – около 20% от общего числа пользователей Интернета. Если конфликт не остановить или не убрать источник конфликта (того, кто проявляет агрессию), то, в худшем случае, через несколько недель, а в лучшем – через несколько лет, конфликт разрастется, и никто уже не будет помнить об источнике конфликта. Тогда уже и действовать по исправлению ситуации будет поздно, и исправить будет сложно (если вообще возможно без особого вреда), так как мнения сторон конфликта будут уже схожи.

Социолингвистические и лингвокультурные особенности казахстанского интернет-общения свидетельствует о том, что в Казахстане сформировался особый тип языковой субкультуры, обусловленный взаимодействием русского и казахского языков.

Наряду с речевой агрессией, характерная особенность казахстанского интернет-общения – написание слов путем совмещения русских и казахских слов или словообразовательных морфем. Как отмечает казахстанский лингвист Алтынбекова О.Б., отвечая на вопрос: «Не жаңалық?» (Какие новости?), многие пишут «Ешкакой» (вместо ешқандай), т.е. никаких. *Еш* – словообразовательный префикс отрицания, *какой* – русское прилагательное, совмещая данный префикс и прилагательное, пользователи сети получили новое слово. ниже приведены примеры текстов общения в интернете на казахском языке, в скобках дается перевод на русский язык:

Диалог из переписки двух друзей:

– Слм! Қалайсың? (Привет! как дела?).

– Жақсы. Өзің? (Хорошо. У тебя?).

– Жақсы. Не жаңалық? (Хорошо. Какие новости?).

– Ешкакой (никаких).

– Не іс жат? (Что делаешь?).

– Сабақ жазып отырмын. Айжан, Исламның телефон номерін берші. (Учу уроки. Айжан, дай, пожалуйста, телефонный номер Ислама).

– Қаз. 8 707 744 57 99. (Сейчас. 8 707 744 57 99).

– Раха (Спасибо).

– Салемчик.

– Уже бітіремін, Құдай қаласа.

Если бы переписка велась по правилам литературного языка, то она выглядела бы следующим образом:

– Сәлем. Қалайсың?

– Жақсы. Өзің?

– Жақсы. Не жаңалық?

– Ешқандай.

– Не істеп жатырсың?

– Сабақ жазып отырмын. Айжан, Исламның телефон номерін берші.

– Қазір. 8 707 744 57 99.

– Рахмет.

Зачастую, совмещая русские и казахские слова или словообразовательные морфемы, пользователи выражают различные настроения, придают словам определенную эмоционально-экспрессивную окраску. Например:

– Сәлем! Қалайсын?

– Тема. Өзін?

– Темағой (тема).

В этом примере четко прослеживается использование слова «тема» в переносном значении. Оно выступает в роли жаргона и выражает значение хорошего настроения. Форма слова «темалау» содержит в себе корень «-*тема*-» и суффикс сравнительной степени, что придает выражению еще более экспрессивную окраску.

Кроме совмещения казахских и русских слов или словообразовательных морфем наблюдается, пусть и гораздо реже, наблюдается использование одновременно казахских и английских элементов:

– Негенастр. жок?
– Шаршаганский (вместо «шаршадым»).
– Демалу керек.
– Уакытноу (англ. no) [9, 99].

Указанный пример интересен тем, что здесь наблюдаются как английские, так и казахские, и русские элементы, что свидетельствует о тесной связи и взаимодействии указанных культур.

Казахстанскому интернет-общению присуще написание слов преимущественно на русском языке, но, наряду с ним, также широко используются казахский и английский, таким образом происходит искажение значений в обоих языках. Язык казахстанского интернет-общения отражает общие социолингвистические и лингвокультурные закономерности и процессы, определяющие особенности языковой ситуации в Казахстане, в особенности проявляется взаимодействие и взаимовлияние русской и тюркской лингвокультур.

Наблюдение над практикой интернет-общения показывает, что общий уровень языковой культуры в этой сфере коммуникации и функционирования русского языка невысок и перед лингвистами стоит важная задача по нормализации и кодификации письменной формы русского и казахского языков.

Литература

1 https://ru.wikipedia.org/wiki/Социальная_сеть
2 Быкова О.Н. Речевая (языковая, вербальная) агрессия: материалы к энциклопедическому словарю «Культура русской речи» // Теоретические и прикладные аспекты речевого общения. – Вестник Российской риторической ассоциации. – Вып. 8. – Красноярск, 1999 // http://psyjournals.ru/langpsy/2015/n3/Egorova.shtml.
3 http://psychology.net.ru/dictionaries/psy.html?word=58.
4 Матвеева Т.В. Нормы речевого общения как личностные права и обязанности, формируемые в сфере естественной коммуникации // Юрислингвистика-2: русский язык в его естественном и юридическом бытии: межвуз. сб. науч. тр. – Барнаул, 2000. – С. 46-55.
5 https://ru.wikipedia.org/wiki/Виртуальность.
6 Шарифуллин Б.Я. Лингвистическая терминология «Нового времени»: разрыв теории и практики или «новая» парадигма? // Вестник Челябинского госуниверситета. – 2011. – № 24(239). Филология. Искусствоведение. – Вып. 57. – С. 52-54.
7 Евсеева И.В., Кожеко А.В., Лузгина Т.А. Речевая агрессия и вежливость в интернет-коммуникации школьников // Журнал «Современные проблемы науки и образования». – 2014. – № 1 // http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=11863.
8 http://profit.kz/news/8362/Kazahstanskie-deti-lubyat-porno-oruzhie-i-azartnie-igri/.
9 Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане. – Алматы, 2006. – 415 с.

References

1 https://ru.wikipedia.org/wiki/Social'naja_set'
2 Bykova O.N. Rechevaja (jazykovaja, verbal'naja) agressija: materialy k jenciklopedicheskomu slovarju «Kul'tura russkoj rechi» // Teoreticheskie i prikladnye aspekty rechevogo obshhenija. – Vestnik Rossijskoj ritoricheskoj associacii. – Vyp. 8. – Krasnojarsk, 1999 // http://psyjournals.ru/langpsy/2015/n3/Egorova.shtml.
3 http://psychology.net.ru/dictionaries/psy.html?word=58.
4 Matveeva T.V. Normy rechevogo obshhenija kak lichnostnye prava i objazannosti, formiruemye v sfere estestvennoj kommunikacii // Jurislingvistika-2: russkij jazyk v ego estestvennom i juridicheskom bytii: mezhvuz. sb. nauch. tr. – Barnaul, 2000. – S. 46-55.
5 https://ru.wikipedia.org/wiki/Virtual'nost'.
6 Sharifullin B.Ja. Lingvisticheskaja terminologija «Novogo vremeni»: razryv teorii i praktiki ili «novaja» paradigma? // Vestnik Cheljabinskogo gosuniversiteta. – 2011. – № 24(239). Filologija. Iskusstvovedenie. – Vyp. 57. – S. 52-54.
7 Evseeva I.V., Kozheko A.V., Luzgina T.A. Rechevaja agressija i vezhlivost' v internet-kommunikacii shkol'nikov // Zhurnal «Sovremennye problemy nauki i obrazovanija». – 2014. – № 1 // http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=11863.
8 http://profit.kz/news/8362/Kazahstanskie-deti-lubyat-porno-oruzhie-i-azartnie-igri/.
9 Altynbekova O.B. Jetnojazykovye processy v Kazahstane. – Almaty, 2006. – 415 s.

Чалтикенова Л.А.,
Шаймерденова Ж.А.

«Қарғын» романындағы етіс категориясының грамматикалық форма тудыру ерекшеліктері

Мақалада етіс категорияснық адам әрекеті, мінезі, көзқарасы, коммуникативті актіге қатысушы объективті жағдаятқа қатысты екенін білеміз. Соның нәтижесі етістің грамматикалық категориялары түрлі формада тілдік бірліктер арқылы сипатталады.

Дулат Исабековтың «Қарғын» романындағы халықтың рухани байлығының, менталитетінің бір-бірімен байланысын етіс категорияларын қолданылуынан анық көреміз. Романындағы тіл мен адам өзара байланыста қаралып, адамның грамматикалық категорияларды танушы және атаушы субьект ретінде коммуникативті әрекетке енуші, тілді тұтынушы тұлға ретіндегі қызметіне баса көңіл аударылды. Мақалада етіс категориясының қолданылу ерекшеліктері осы тұрғыдан талданды.

«Қарғын» романында кездесетін ырықсыз, өздік, өзгелік, ортақ етістерге бірнеше мысалдар келтіріліп, жасалу жолдары анықталды.

Сонымен қатар, жазушының романдағы етіс категориялары қолданылу жиілігі сан жағынан анықталды. Атап айтқанда: ырықсыз етіс – 132, өздік етіс – 85, өзгелік етіс – 37, ортақ етіс – 20 екені тіреқсызба, салыстыру ретінде көрсетілді.

Түйін сөздер: грамматикалық категория, етіс категориясы, грамматикалық форма, лексика-грамматикалық мағына, аффикс, коммуникативті акті, концептуалдау, когнитивті жүйе.

Chaltykenova L.A.,
Shaimerdenova Zh.A.

The particularity of derivatinm grammatical forms of verb category in the...» Khargun» roman

This article we see that verb category is related to thepersons action, behavior, look objective conditions that act in communicative act. In the... «Khargyn» roman by D. Isabekov with the using verb categories we see the connection between peoples spiritual wealth and mentality.

The roman considers language and person together there given attention to person as a cognitor of grammatical categories and the main subject of using the language.The article analyse this particularity of verb category.

There were given several verb from ... «Khargyn» roman and was Pinned the ways of their derivating.

Also the authors verb category using is pin by the rate number.

Key words: grammatical category, verb category, grammatical form, lexical-grammatical meaning, affix, communicatory act, cognitive system.

Чалтикенова Л.А.,
Шаймерденова Ж.А.

Особенности грамматической формы категории залога в романе «Каргын»

В статье рассматриваются особенности образования грамматических форм при помощи категории залога в романе Дулата Исабекова «Каргын». Автор утверждает, что связь духовного богатства народа и менталитета показана Д.Исабековым через использование залоговых категорий, а также приводит примеры использования залоговых форм и способы их образования. Результаты исследования отражены в опорных схемах и таблицах.

Ключевые слова: грамматическая категория, категории залога, грамматическая форма, лексико-грамматическое значение, аффикс, коммуникативный акт, концептуализация, когнитивная система.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 811.512.122’367

Чалтикенова Л.А.[1], Шаймерденова Ж.А. [2],

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің
[1]аға оқытушы, ф. ғ. к., [2]2 курс магистранты, Талдықорған қ., Қазақстан,
e-mail: lyazzat.chaltykenova.59@mail.ru; zhupi_91@bk.ru

«ҚАРҒЫН» РОМАНЫНДАҒЫ ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ФОРМА ТУДЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі кезеңде тілдің адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар, адамның тілге әсері, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Осы тұрғыдан қарағанда, грамматикалық категориялардың қалыптасуында адам болмысы, мінезі, көзқарасы, коммуникативті актіге қатысушылардың объективті жағдаятқа қатысы байқалады. Соның нәтижесі ретінде грамматикалық категориялар түрлі формада тілдік бірліктер арқылы сипатталады. Оған негіз болатын грамматикалық қатынастар санада мазмұнданып, осымен байланысты, морфологиялық категорияларды таным әрекетімен, концептуалдау және категориялау үдерістерімен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі туындайды. Сондықтан да, жүргізілетін талдау тілдік құбылыстарды антропоөзектік тұрғыдан айқындайды. Мұнда адам екі түрлі бағытта сипатталады: 1) адамның тілдегі көрінісі; 2) адамның тілді тұтынуы. Бірінші бағытқа сәйкес адамның дүниетанымы байқалады. Мысалы, адамның соматикалық бейнесінің концептуализациясы нәтижесінде адамның физикалық қабілеті, зияткерлік (интеллектуалдық) қабілеті, эмоциясы, әлеуметтік «мен»-і көрінеді, адам сөйлеу-ойлау әрекетіне қатысушы тұлға ретінде көрінеді. Адамның тілдегі көрінісі негізінен лексика мен фразеологияда айқын көрініс тапқан, сондай-ақ, грамматикалық категориялардан да оның өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Ол үшін грамматикалық категорияларды жеке-дара, оқшау қарастырмай, коммуникация мен когниция талаптарын ескере отырып, тілді когнитивті жүйе ретінде тұтас қарастыру қажеттігі байқалады. Біз мақаламызда, белгілі жазушы, драматург Дулат Исабековтың «Қарғын» романындағы тіл мен адам өзара байланыста қарастырылып, адамның грамматикалық категорияларды танушы және атаушы субъект ретінде коммуникативті әрекетке енуші, тілді тұтынушы тұлға ретіндегі қызметіне баса көңіл аударылды, көркем шығармада етіс категориясының қолданылу ерекшеліктерін осы тұрғыдан негіздеп талдаймыз.

Лексика-грамматикалық құбылуы жағынан етістіктерге тән ерекшеліктердің бірі – етіс категориясы. Бұл субъекті (бастауыш) мен объектінің (толықтауыш) өз ара әр түрлі қатынаста болуынан пайда болады.

Етіс – етістіктің сабақты, салт мағынасында жұмсалу процесімен тікелей байланысты болғандықтан, белгілі бір түбір етістіктерге қосымшалар қосылу арқылы жасалады [1, 21].

Тілші-ғалым И. Маманов: «Етіс категориясы – түбір етістіктен туатын грамматикалық форма. Яғни, етіс формалары – өзі жасалған түбір етістікпен кореллятивті түрде өмір сүретін және екеуінің лексикалық мағынасы бір болып келетін етістіктер»,-деп анықтама берген болатын, ал зерттеуші А.Ысқақов: біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты туынды етістік жасайтын қабілет барлығы (айырмасы тек етістіктен етістік тудыратындығы) және сол етістік жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше, бұл жағынан қарағанда, етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сипаттас келеді де, лексикалық категорияға жатады. Екіншіден, етіс категорияларының формаларында субъекті мен объектінің амалға қатысын, керісінше, амалдың субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті. Демек, етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады [2, 125; 3, 296].

Олай болса, Дулат .Исабековтың «Қарғын» романында да етіс категориялары көптеп кездеседі. «Қарғын» романын жазушы іс-әрекет, қимыл арқылы айтар ойын толық жеткізіп отырған. Оның ішінде, субъекті мен объектінің амалға қатысын, амалдың субеъекті мен объектіге қатысы да байқалатын етіс түрлерін де кездестіруге болады.

Қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып, тек сабақты етістіктерден ***-ыл, -іл, -л; -ын, -ін, -н*** аффикстерінің қосылуы арқылы жасалатын етістің түрі – ***ырықсыз етіс*** деп аталады. Мысалы «Қарғын» романындағы: *«Сатып алынғаннан бері тірі жан ұстамаған кітап адам қолын жатсынып қалғандай сытырлап әрең* ***ашылды»*** [4,80]. Бұл сөйлемдегі объектінің қимылға тікелей қатысты болып, яғни, кітаптың ашылғандығы, қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалғандығын білдіріп тұр. «*Бұл сергелдең сауалдың шумағын жинап бола береді дегенде, неге екені белгісіз, кенет есіне қайтыс болған әйелі* ***оралды»*** [4,91]. Мұндағы оралудың тура объектісі – әйелі болып, ырықсыз етіс аффиксі **-л** қосылу арқылы жасалынып тұрғанын көреміз.

-Даланы тамашалап тұрсыз ба? – Желке тұсынан сыпайы, жұмсақ үн ***естілді*** [4,8]. ***Естілді*** ырықсыз етісі ***есті*** негізгі түбір морфемаға ***-л*** ырықсыз етіс аффиксі және ***-ді*** III жақтағы тәуелдік жалғауының жалғануы, яғни, синтетикалық тәсіл арқылы жасалынып тұр. *«Жасы он жетіден енді-енді ғана асқан қызға мұндағы сөздер мүлде жат, мүлде алыс* ***көрінді»*** [4,12]. ***Көр*** негізгі түбірлі етістікке ***-ін***-ырықсыз етіс аффиксі мен ***-ді*** тәуелдік жалғауының III жақ формасы жалғанып, іс-әрекеттің ырықсыз түрде жүзеге асып тұрғанын білдіріп тұрғанын көреміз. Біз «Қарғын» романын қарастыра келе, етіс категориясының ішінде әсіресе, ырықсыз етіс түрі көп кездесетінін байқадық. Олардың жалпы саны – 132. Оның ішінде ***естіледі*** ырықсыз етісі – ***22 рет***, ал ***көрінді, көрінеді*** ырықсыз етісі – ***21 рет*** қайталанады. Жазушы іс-әрекет, қимыл түрлерін көбінесе ырықсыз түрде іске асырылып жасағандығын көп бейнелеген.

Ал ***өздік етіс*** қимыл, іс-әрекеттің орындаушысына (иесіне), субъектіге қарай бағытталып, сабақты етістікке ***-ын, -ін, -н*** аффикстерінің қосылуы арқылы жасалады. *«Бағила не болса да оның шығып кеткеніне* ***қуанды»*** [4,80], *«Бұл кездесу немен бітсе де, қалай бітсе де, жас қыздың өмірі мен тағдырын із тастамай өтпейтінін, тіпті, бір-ақ қана жүздесіп айрылғанның өзінде ғұмырлық есте қаларын екеуі де жақсы* ***сезінді*** [4, 96]. Осы мысалдардан көрінетіндей, біріншіден, қимыл, іс-әрекет іс иесі субъектіге қарай бағытталады, сөйтіп субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады. Ол өзіне-өзі субъекті әрі тура объекті ретінде қызмет атқарады. Ол өзіне-өзі қуанады, өзін-өзі сезінеді. Сол сияқты, *«Қазір өзінің күн сайын спортпен* ***шұғылданатынын,*** *ГТО значогын* ***алғанын,*** *тіпті, бір бұзау* ***асырағанын,*** *соны күн сайын бір жыл бойы көтере беретінін, бір жылдан соң салмағы 120-130 кг. тайыншаны оп-оңай* ***көтере беретінін****, бір жылдан соң біреудің жолын осылай ойлап* ***тапқанын*** *жазыпты»* [4,185]. Сөйлемдегі ***-ын, -ін*** аффикстері арқылы туындап тұрған іс-әрекетті білдіретін етістіктер тікелей субъект арқылы жүзеге асқандығы көрініп тұр.

-Ын,-ін, -н аффикстерінің қосылуы арқылы жасалатын өздік етіс пен ырысыз етістің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Атау тұлғалы бастауыш қимыл иесі болып берілумен бірге, объекті қызметінде жұмсалса, – ***өздік етіс***, егер бастауыш қимыл иесі болмай, объекті мағынасында айтылса **– *ырықсыз етіс*** болады. *«Ол аздап езу тартқан болып еді, Бағила мән бермеген соң әзілінің мүлде орынсыз шыққанын* ***түсінді»*** [4,183]. Бұл сөйлемде предикаттық қызмет атқарып ***түсінді*** сөзінің бастауышы (ол) арқылы берілген өздік етіс – іс істеушінің

өз күшімен, еркімен істегендігін көрсетіп тұр. Ал, *«Азапты үнсіздік үш-төрт секундқа **созылды»*** [4,184], – дегенде ***үнсіздік –*** сөйлемнің субъектісі, бірақ қимыл иесі емес, яғни, ***өздік етіс*** қимыл иесі субъекті мен объекті бірігіп, бір ғана бастауыш арқылы берілсе, ***ырықсыз етісте*** субъектінің ішіне кіріп, қимыл иесі, іс істеуші – субъекті берілмейді. Романда барлығы – 85 өздік етіс қолданылған. Яғни, автор саны жағынан ырықсыз етістен кейін өте көп мөлшерде өздік етісті қолданғанын байқадық. Іс-әрекет, қимыл тікелей субъект, іс иесі арқылы жүзеге асып отырған.

Іс-әрекетті заттың (субъектінің) тікелей өзі істейтіндікті білдіретін, грамматикалық көрсеткіштері ***-н, -ін, -ын*** болып саналатын етістің бір түрін – ***өздік етіс*** десек, ал бірнеше адамның күшімен, қатысымен бірлесіп істелетіндікті көрсететін ***ортақ етісті*** сабақты, салт етістіктерге ***-ыс, -іс, -с*** аффикстері қосылу арқылы жасалады. Мәселен, «Қарғын» романындағы: *«Жасын Бағиламен баяғы оқығадан соң екі-ақ рет телефонмен **сөйлескен»*** [4,170], *«Барабанда отырған грек тектес қау сақал жігіт кешеден бері аспабын сағынып қалған болуы керек, басын төмен тұқыртып құлшына соғуға **кірісті»*** [4,38]. Сонымен қатар, ортақ етіс біріншіден, қимыл, іс-әрекеттің субъектілері қимылға ортақтығы бірдей де, бірдей де емес болуы мүмкін, екіншіден, ортақ етіс қосымшалары салт етістікке де, сабақты етістікке де жалғанып, ортақ етіс жасай береді: – «*Сэр екеуміз сол үшін аз ғана сөзге **келісіп** қалдық,-деді Мәлике портретті қолына алып* [2,88], *«Бір жұма өткен соң екеуі жұмыс аяғында кездесуге уағда **байласты»*** [4,25].

*«-Сәлеметсіз бе, Сәргел Сайынович!-деді ол бұл кірген кезде орнынан тұрып, бері қарай жүріп. Екеуі қол алып **амандасты»*** [4,50], *«Осы отыз бір жылдың ішінде ол, әрине, көп әйелдермен **кездесті,** олардың арасында ақылдысы да, салмақтысы да, жеңілтегі де, ажарлысы да, көріктісі де, мүсіндісі мен мүсінсізі, бәрі-бәрі болды»* [4,98]. Мұндағы ***-дас, -дес*** аффикстері ортақ етістің күрделі ***-лас (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес)*** түрінен тараған.

*«Төрт қыз күлкілерін тоқтатып, оған аңтарыла **қарасты»*** [4,179], *«Сәргел оларды самолетке шығарып салып, үйіне келген соң телефон арқылы Қаратаймен **сөйлесті»*** [4,170],-деген сөйлемдердегі ортақ етістер негізгі түбір морфемаға ортақ етіс аффиксі ***-ыс, -іс, -с*** қосылуы, яғни, синтетикалық жолмен жасалынып тұр. Қимыл болса да, тіпті, жай-күй болса да, ортақ етістегі етістік екі субъектінің арасында болатын қарым-қатынастан туады. Мәселен, *«Манадан бері артқы жақта емін-еркін отырып келе жатқан Тұрғат екеуінің өрісі тарылып, **қысылысты** да қалды»* [4,130]. Жазушы романда ортақ істелген іске бірнеше адамды емес, ең көбі екі субъектінің қатысуы арқылы жасаған. Романда барлығы 20 етіс түрі кездеседі.

Өзінің емес, үшінші бір адамның не өзге біреудің күшімен істелгендігін көрсететін етістіктің түрін ***өзгелік етіс*** дейміз, яғни, субъектінің қимылы объектіге тікелей емес, біреу арқылы бағытталатынын білдіретін сабақты етістіктің грамматикалық формасы. Өзгелік етіс және салт етістіктер де мынадай аффикстер қосылу арқылы жасалады: ***-дыр, -дір, -тыр, -тір, -т, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз, -ыз, -із, -ыр, -ір, -ар, -ер, -сет.*** *«Сол жылылық электр тогындай Жасынның жүрегіне жетіп барып, шым **еткізді»*** [4, 79], *«Жасынның сол құдірет иесін жаңа ғана әкесімен сөйлескендей сынға алып, әзіл айтып отырғаны жас қызды қайран **қалдырады»*** [4, 82], *«Жасынның келесі бір сөзінен, тіпті, сөзсіз байқалған жалғыз-ақ көқарасы мен қимылынан жазды күнгі бұршақтай лезде еріп, ерігенімен тұрмай өткен жолғы өкпесінің тым ұсақ, аясы тар ұғымынан туындайтынын ұғындырып кететін сияқты» т.б.* [4, 104].

*«Олай болса, тағдыр мені мұнымен неге **кездестірді**? Бала сүймей, үйленбей тұрғанда неге **жолықтырмады**?»* [4, 182]. *«Мәликенің әкесі мектепте оқу бөлімін басқаратын, бір-екі жігітті жіберіп барабан **алдырды»*** [4, 24], *«Мәлике оған су **ұртатты»*** [4, 55], *«Егер алған білім пайдалы нәрсеге жұмсалмай іште қала беретін болса, ол улы газға айналып, адамның өзіне зиянын **тигізеді»**,* – деген сөйлемдердегі ***қалдыр, кездестір, жолықтыр, алдыр, ұрта, тигіз*** сияқты етістіктерде іс тікелей субъекті арқылы істелініп тұрған жоқ, екінші, басқа біреу арқылы істелінгенін көруге болады. Мұндай мағыналы өзгелік етістер белгілі бір етістікке жұрнақ қосылу арқылы жасалынатыны белгілі.

*«Қаратай Алматыдағы жиынға келіп кеткен соң аттай бір ай өткенде Сәргелді ректор **шақыртты»*** [4, 50], – деген сөйлемде ***ректор –*** қимылдың иесі, яғни, субъекті, бірақ, істі тікелей өзі атқарып отырған жоқ, екінші субъект-агенс арқылы іске асырып отыр, ол мұндағы ***Сәргелді*** толықтауыш ретінде тура объекті қызметін атқарып тұр. Іс-әрекет тікелей субъектінің өзі емес, басқа адам арқылы іске асатын өзелік етіс түрлері де романда кездеседі. Олардың саны – 37.

Қазақ тіл білімінде етісті Ы. Маманов грамматикалық категория ретінде қарап, етіс форма-

ларын форма тудырушы қосымшалар қатарына қосады. Бірақ, бұл қосымшалар туралы даулы пікір әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Етіс қосымшалары жалғану мүмкіндігі жоғары қосымшалардың қатарынан орын алады. Етіс жұрнақтарының сөзге жалғану жиілігіне 10 томдық түсіндірме сөздік бойынша статистикалық зерттеу жүргізген С.Мырзабеков сөздіктегі етіс формаларының саны 22 мыңнан асып кетеді дейді. Бұл сөздіктегі барлық сөздің 33 пайызына тең деп көрсетеді. Демек, етіс қосымшаларының сөзге жалғану мүмкіндігі мол, олар Ы.Маманов көрсеткендей, грамматикалық абстракция жасай алады.

Етіс қосымшаларының сөзжасам мен формажасамға қатысын зерттеген А.Жаңабекова етістердің жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере келе, «етіс қосымшалары барлық кезде сөз тудыру қатарын құрай бермейді, тек – объектілік-субъектілік қатынасты білдіріп, грамматикалық категория құрай алады. Етіс категориялары белгілі бір етістік тобына түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Ал оның кейбір сөздердің құрамында келіп, лексикалық дербестікке жетуі етіс қосымшаларының сөзжасамдық қабілетінің емес, сөзжасамның семантикалық тәсілінің, яғни, мағына дамуының нәтижесі деп қарағаң жөн», – деп Ы. Маманов, С.Исаев пікірлерімен орайлас тұжырым жасайды [5, 122].

Сонымен, қорыта келгенде, романдағы автордың етіс категорияларын қолданылу жиілігі төмендегідей:

Етіс түрлері			
Ырықсыз етіс	Өздік етіс	Өзгелік етіс	Ортақ етіс
132	85	37	20



Әдебиеттер

1 Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық категориялары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 69 б.
2 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1974. – 85 б.
3 Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 340 б.
4 Исабеков Д.И. Таңдамалы II том. – Алматы: Жазушы, 1993 – 491 б.
5 Жаңабекова А. Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Санат, 2009. – 480 б.

References

1 To’lewov A’. Qazaq tilindegi etistikting grammati’’kali’q kategori’’yalari’. – Almati’: Mektep, 1975. – 69 b.
2 Mamanov I’. Qazaq til bilimining ma’seleleri. – Almati’: Jazwshi’, 1974. – 85 b.
3 I’’saev S.M. Qazirgi qazaq tili. Morfologi’’ya. – Almati’: O’ner, 2007. – 340 b.
4 I’’sabekov D.I’’. Tangdamali’ II tom. – Almati’: Jazwshi’, 1993 – 491 b.
5 Jangabekova A. Bi’’omorfologi’’ya termi’’nderining tu’sindirme so’zdigi. – Almati’: Sanat, 2009. – 480 b.

3-бөлім

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Раздел 3

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Section 3

METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

Алтынбекова О.Б., Зуева Н.Ю.,
Бектурганова Г.З.

Функционально-смысловые типы речи в экспериментальном учебнике: общая характеристика

В статье представлена общая характеристика функционально-смысловых типов речи, содержащаяся в учебнике русского языка для экспериментальных 11-х классов 12-летней модели образования [1]. Анализируются структура и способы оформления разных типов речи – описания, повествования и рассуждения, выделяемых в соответствии с целью и содержанием речи. Рассматриваются грамматические средства, используемые преимущественно в том или ином типе речи, подчёркивается возможность использования разных типов речи в пределах одного текста. Даётся обоснование связи разных типов речи с функциональными стилями.

Ключевые слова: учебник русского языка для экспериментального 11 класса, 12-летняя модель обучения, функционально-смысловые типы речи.

Altynbekova O.B., Zuyeva N.Yu.,
Bekturganova G.Z.

Functional-semantic types of speech in the experimental textbook: general characteristics

The paper presents a general description of the functional and semantic types of speech contained in the textbook of the Russian language for experimental eleventh grade classes of the 12-year education model [1]. It analyzes the structure and methods of producing various types of speech – description, narration and argument determined in accordance with the purpose and content of speech. It also considers grammatical means used predominantly in a particular type of speech and emphasizes the possibility of the use of different types of speech within a text. The connection of various types of speech with functional styles is substantiated.

Key words: russian language textbook for the 11thexperimental grade, 12-year-old model of education, functional and semantic types of speech.

Алтынбекова О.Б., Зуева Н.Ю.,
Бектурганова Г.З.

Эксперименттік оқулықтағы сөздің функционалды-семантикалық түрлері: жалпы сипаттамасы

Мақалада білім беру модельдерінің 11- ші 12- сыныптарына арналған эксперименттік орыс тілі оқулығында қамтылған сөздің функционалды және семантикалық түрлерінің жалпы сипаттамасы ұсынылады. Сөйлеу мақсаты мен мазмұнына сәйкес жалпы сипаттамасы, атап айтқанда сөйлеудің әр түрлері баяндау әңгімелеу, талдау өңдеу құрылымы мен әдістеріне талдау жасалынады. Сөздің әр түрлеріне қатысты алынған грамматикалық құралдар сөйлеудің белгілі бір түрінің негізінде пайдаланылатынын қарастырады, мәтін ішіндегі сөзінде әр түрлі пайдалану мүмкіндігін атап көрсетеді. Функционалдық стильдердегі сөздің әр түрлерінің байланысына қарай негіздемесі беріледі.

Түйін сөздер: 11- ші 12- сыныптарына арналған эксперименттік орыс тілі оқулығы, білім беру моделі, сөйлеу функционалдық және семантикалық түрлері.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 373.1.02:372.8

Алтынбекова О.Б.[1], Зуева Н.Ю.[2], Бектурганова Г.З.[3],

[1]д. ф. н. профессор, [2]к. ф. н. доцент, [3]к. ф. н. доцент
Казахского национального университета им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: OliviaEC@mail.ru; nataliazueva@rambler.ru; galiya-shak-sham@mail.ru

ФУНКЦИОНАЛЬНО-СМЫСЛОВЫЕ ТИПЫ РЕЧИ В ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОМ УЧЕБНИКЕ: ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА

Продолжая научно-методические комментарии к учебному материалу, изложенному в учебнике русского языка для экспериментальных 11-х классов 12-летней модели образования [2–3], необходимо подчеркнуть важность усвоения учащимися определённых способов, схем, словесных структур, характеризующих разные функционально-смысловые типы речи – описание, повествование и рассуждение, выделяемые в зависимости от цели и содержания текста.

Общая характеристика разных типов речи, предлагаемая для предварительного изучения и подробно излагаемая в последующих разделах учебника, начинается с примера текста-описания – портретной характеристики Кенесары Касымова из романа И. Есенберлина [1, 43]. Описывая внешний облик Кенесары, автор прежде всего выделяет те детали, которые показались ему наиболее примечательными. Более того, писатель стремится не только дать внешний портрет Кенесары, но и показать, как по этим деталям можно составить мнение о его характере, натуре, поведении: *О чём думает ушедший далеко в степь от аульного плача и шума человек? <...> Лицо его с чуть коротковатым прямым носом, небольшими усами и густой тёмно-рыжей бородой можно было бы назвать красивым, если бы не глаза. Как у степного беркута, они зоркие, немигающие, в кровавых прожилках. Впрочем, именно такие глаза подходят этому лицу, на которое от рождения легла печать властности и уверенности в своём праве повелевать*…

Читая портретную характеристику, учащиеся не только получат представление о внешности вождя, но и увидят сущность его натуры – волевую, несгибаемую, целеустремлённую. Основное внимание автор уделяет глазам героя: *как у степного беркута, они зоркие, немигающие <...>*.

При анализе текста необходимо обратить внимание на грамматические средства оформления текста-описания: в нём широко используются глаголы несовершенного вида, прилагательные-определения, именные сказуемые, предложения с прямым порядком слов.

8 Земская Е.А. Русская разговорная речь. Лингвистический анализ и проблемы обучения. – М.: Наука, 2006. – 240 с.

9 Капитонова Т.И., Московкин Л.В., Щукин А.Н. Методы и технологии обучения русскому языку как иностранному. – Москва, 2008. – 160с.

10 Саденова А.Е. Диалогтық сөйлеу – сөйлеу әрекетінің өнімді түрі // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2009. – №1 (117). – С. 161-165.

References

1 Leont’ev A.A. Psiholingvisticheskie edinicy i porozhdenie rechevogo vyskazyvaniya. – M., 1969. – 307s.

2 Zimnyaya I.A. Psihologicheskie aspekty obucheniya govoreniyu na inostrannom yazyke. – M.: Prosveshchenie, 1985. – 159 s.

3 Kuchinskij G.M. Psihologicheskij analiz soderzhaniya dialoga pri sovmestnom reshenii myslitel’noj zadachi // Problemy obshcheniya v psihologii. – M.: Nauka, 1981.

4 Lomov B.F. Obshchenie kak problema obshchej psihologii // Metodologicheskie problemy social’noj psihologii. – M.: Nauka, 1975.

5 Petrovskij A.V. Lichnost’. Deyatel’nost’. Kollektiv. – M.: Politizdat, 1982. –255 s.

6 Avtorskie tekhnologii v prepodavanii yazykov / Pod obshch. red. ZH.A. Nurshaihovoj. – Almaty: Bastau, 2010. – 233 s.

7 Gal’skova N.D., Gez N.I. Teoriya obucheniya inostrannym yazykam. Lingvodidaktika i metodika. – M.: Akademiya, 2008. – 336s.

8 Zemskaya E.A. Russkaya razgovornaya rech’. Lingvisticheskij analiz i problemy obucheniya. – M.: Nauka, 2006. – 240 s.

9 Kapitonova T.I., Moskovkin L.V., SHCHukin A.N. Metody i tekhnologii obucheniya russkomu yazyku kak inostrannomu. – Moskva, 2008. – 160s.

10 Sadenova A.E. Di’’alogti’q so’ylew – so’ylew a’reketining o’nimdi tu’ri // Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya. – 2009. – №1 (117). – S. 161-165.

Смағұлова Р.Қ.,
Каликбергенова Р.Қ.

Мәдениетаралық қатысымның шет тілін оқытуда маңыздылығы (неміс тілі)

Мақалада шет тілін оқытуда ерекше орын алатын мәдениетаралық қатысым ұғымы және тіл үйренушілердің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары мен тәсілдері жөнінде сөз болады. Тілдік қарым-қатынас сәтті де нәтижелі болуы үшін тілді ғана білу жеткіліксіз, сондай-ақ сол елдің мәдени өмірін, тыныс-тіршілігін білу, олармен жақын танысу, қарым-қатынас барысында өз тіл үйренушінің өз білімін қолдана алуы аса маңызды. Басқа елдің тілімен, мәдениетімен таныса отырып біз жаңа өмірлік тәжірибе, өзге қоғамдық нормалар, құндылықтар жайында ақпарат аламыз, осылайша басқа елдің рухани байлығына қол жеткіземіз. Әр елдің мәдени, рухани байлығының айнасы – мақал-мәтелдер. Зерттеу барысында студенттердің мәдениетаралық қатысым жасау құзыреттілігін қалыптастыруда мақал-мәтелдерді қолдану шет тілінің тілдік мәдени ерекшеліктерін анықтауға, олардың тарихи- мәдени көздерін табу әдістерін ойластыруға мүмкіндік беретіні анықталды.

Түйін сөздер: мәдениетаралық қатынас, құзыреттілікті қалыптастыру, мақал-мәтелдер, басқа ел мәдениеті, шет тілін оқыту, өзара түсіністік, мәдени қор.

Smagulova R.K.,
Kalikbergenova R.K.

Importance of intercultural communication in the teaching of foreign language (German language)

The article deals with the methods and of formation of intercultural competence to prepare competitive and competent professionals who meet the requirements of education in communication in a foreign language. Communication requires not only the knowledge of a foreign language but also a good knowledge of traditions and cultural particularities of the target language . Getting acquainted with the language and culture of another country, we receive the life experience, information on social norms, values of foreign countries, thus we enrich our spiritual experience. Proverbs reflect the cultural and spiritual formation of the studied language. During the research period there were identified characteristics and methods of proverb usage to form intercultural competence of students in learning of foreign language.

Key words: intercultural communication, the formation of competencies, proverbs and sayings, foreign language teaching, interrelated understanding, cultural fund.

Смагулова Р.К.,
Каликбергенова Р.К.

Значимость межкультурной коммуникации в преподавании иностранного языка (немецкий язык)

В данной статье рассматриваются понятие о межкультурной коммуникации и методы и приемы формирования межкультурной коммуникативной компетенции студентов при обучении иностранному языку. Для успешной коммуникации на иностранном языке важно не только знание иностранного языка, но и так же хорошие знания культуры, традиций и особенности культурной жизни страны изучаемого языка. Знакомясь с языком и культурой другой страны, мы получаем жизненный опыт, информацию об общественных нормах, ценностях другого народа, таким образом, мы обогащаемся не только языковым, но и духовным опытом. Особое место в общении на иностранном языке занимают пословицы, отражая культурно-духовную составляющую жизни страны, язык которой мы изучаем. Во время исследования были определены особенности и методы использования пословиц в процессе формирования межкультурной компетенций студентов при овладении иностранным языком.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, формирование компетенций, пословицы – поговорки, преподавание иностранного языка, взаимопонимание, культурный фонд.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 378.02:37.016

Смағұлова Р.Қ.[1], Каликбергенова Р.Қ.[2],

[1]ф. ғ. к. Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтының
аға оқытушысы, [2]п. ғ. м. Абылай хан атындағы
Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем ТілдеріУниверситетінің
аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан, Алматы, Қазақстан,
e-mail: raushans@kimep.kz; roza_mikosh@mail.ru

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМНЫҢ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ (неміс тілі)

Бүгінгі таңда дүние жүзінде, елімізде көптеген өзгерістер барлық салаларда орын алуда. Қазақстан Республикасы да дүниежүзілік аренада белсенді іс-әрекетімен мемлекетіміздің абыройын күннен-күнге асырып, елімізді әлемнің танып отырғаны кімге де болса мәлім. Осыған орай, тәуелсіз Республикамызда халықаралық қарым-қатынастардың дамуы шет тілін толық меңгерген мамандарға деген қажеттілікті, сұранысты арттырып отыр.

Осындай сұраныстарға сәйкес шет тілін оқыту саласы да көптеген өзгерістерге ұшырап, ғылым мен техниканың жетістіктері білім беруде кеңінен пайдаланылуда.

Біз жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатқандықтан, күннен күнге шет тілін білудің маңызы зор. Бүгінгі күні шет тілін оқу тек қана сөйлеу әрекеті түрлерінің дағдыларын меңгеру ғана емес, сонымен қатар тілі оқытылатын елдің тарихы, мәдениеті және дәстүрлерімен жақынырақ танысу болып табылады. Басқа елдің тілімен, мәдениетімен таныса отырып біз жаңа өмірлік тәжірибемен, өзге қоғамдық нормалар мен құндылықтар жайында жаңа ақпарат аламыз, осылайша басқа елдің рухани байлығына қол жеткіземіз. Тілін оқып, үйреніп жатқан елдің ұлттық ерекшелігін, саяси-экономикалық, мәдени, қоғамдық өмірін танып білу- ең маңызды әрі күрделі процесс. Әсіресе, сол елдің мәдениетін тану, оны түсіну аспекстісі шет тілін оқытып- үйретуде ерекше орын алады. Мәдениетаралық қатысымдық бір жағынан ел тану, екінші жағынан тіл білімімен өте тығыз байланысты. Тілді үйреткенде тілді сол халық мәдениетімен байланыстырып отыру – ең маңызды фактор.

Мәдениет – халықтың ғасырлар бойындағы шығармашылығы, онда қоғам мен жеке тұлғаның ізденісі, халықтың парасаттылығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның тарихи істері, философиялық жүйелері, өсиеттері, ауыр да қиын замандары, өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты – осының бәрі мәдениетпен бірге жүреді. Мәдениеттің қоғамда атқаратын қызметтері сан түрлі. Соның ішінде шет тілін оқытуда ерекше орын алатын мәдениеттің негізгі қызметтері: адамды қалыптастыру қызметі, жалғастық, мұрагерлік қызметі, танымдық қызметі, реттеу қызметі, қатысымдық, қарым-қатынастық қызметі. Біз қарастыра-

тын мәселенің негізі де осы аталған мәдениеттің қызметтерін қамтиды, өйткені бүгінгі күнде шет тілінен білім берудің басты көздейтін мақсаты-мәдениетаралық қатысым жасауда құзыреттілікті қалыптастыру арқылы заманға және бәсекеге лайықты, шет тілінде қатысым жасаудың іскерліктерін меңгерген, білікті маман дайындау.

Қатысым барысында адамдардың (серіктестердің) бір – бірінің мәдениет ерекшеліктерін білуі олардың өзара түсінісуіне алып келеді. Тілдік және мәдени ерекшеліктерді білу қарым-қатынас барысында қажеттілік болып табылады және де мұндай «мультимәдениетті тұлғаны» немесе «универсал тұлғаны», «делдал тұлғаны» қалыптастыру жоғары оқу орнында шет тілі мамандығы бойынша білім алу барысында мүмкін болып отыр. Мультимәдениетті тұлға басқа мәдениетті құрметтейді, басқа мәдениет өкілінің ойын, сезімін, мінез-құлқын түсінеді, яғни ол мәдениет медиаторы бола алады, әртүрлі мәдениеттер арасында өзара келісім жолын табады. Мұндай тұлға әртүрлі жағдаяттарға бейімделгіш, шешім тапқыш болады.

Оқылатын тіл мен мәдениет қатысы іске асатын мәдениетаралық қатысым дегеніміз не деген сұраққа, көптеген зерттеулерде ресейлік ғалым И.И.Халеева ұсынған анықтама кеңінен қолданылады: «Мәдениетаралық қатысым – әртүрлі лингвомәдени қауымдастықтарға жататын қарым-қатынас серіктестерінің өзара әрекеттерінің жиынтығы» [1, 22].

Шет тілін оқытуда тіл үйренушілердің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі дүние жүзіндегі мәдени жағынан әртүрлі елдердің әлемдік аренада өзара қарым-қатынас жасауы үшін, олардың әлемдік интеграция үрдісіне қатысуы үшін қажетті.

Университет студентінің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігі университеттік шеттілдік білім берудің соңғы нәтижесі болып табылады. Енді сол мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалай қалыптастырамыз, біздің мақаламыз осы мәселе төңірегінде болмақ..

Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік О.А.Леонтовичтің айтуынша, үш құрамдас бөліктен, яғни тілдік, қатысымдық және мәдени құзыреттіліктерден құралады. Тілдік құзыреттілік тілдік қарым-қатынаста тілдік құралдарды дұрыс қолдана білу болса, қатысымдық құзыреттілік қарым-қатынас үрдісін ұйымдастыру механизмдері, әдістері мен тәсілдері, стратегиялары болса, мәдени құзыреттілік саяси релияларды, мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді, терминдерді, диалектизмдерді т.б.білу болып табылады [2, 32-33].

Плужник И.Л. мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікке терең түсініктеме береді: «...мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік бөтен мәдениет өкілінің ойы мен пікірін түсіну, қарым-қатынас жағдаятына қарай өз мінез-құлқын ыңғайлай білу, түсініспеушілік болдырмау, әртүрлі құндылықтар, мінез-құлық нормалары, өзгешеліктері болатынын мойындау болып табылады» [3, 6].

Сонымен қатар неміс зерттеушілері К.Кнапп пен А.Кнапп-Поттхофф мәдениетаралық құзыреттіліктің мынадай сипаттамаларын атап өтеді:

– адам ойлауының, іс-әрекетінің, мінез-құлқының, тіпті қатысымдық әрекетінің мәдени когнитивтік сызбаларға байланысты болуы;

– мәдениетаралық перспективаны қабылдау және оған дайын болу;

– туған ел мәдениетін мәдениетін, ерекшеліктерін білу;

– тілі оқытылып отырған ел мәдениетін, ерекшеліктерін білу;

– қатысымда мәдени детерминанттарға қатысты іс-әрекетті түсіне алу және түсіндіре алу;

– әртүрлі қатысымдық стильдерді білу, оларды мәдениетаралық қатысым жағдаятына қарай таңдау;

– тұлғаралық қарым-қатынастың басты ережелерін білу;

– қатысымдық компенсаторлық стратегияларды меңгеру;

– қарым-қатынас барысында мәдени ерекшеліктерге байланысты түсініспеушілік жағдайын анықтай және талдай білу;

– қарым-қатынас барысындағы түсініспеушілік жағдайды болдырмауға тырысу, түсініспеушілік орын алған жағдайда тіл табысуға тырысу [4, 84–85].

Шет тілінен білім алуда қатысымдық құзыреттіліктің орны ерекше, бірақ тек қана шеттілдік қатысымдық құзыреттілік мәдениетаралық деңгейде қатысымның толыққанды іске асуын жеткілікті деңгейде қамтамасыз етпейді, сондықтан тіл үйреткенде мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыру аса маңызды. Шет тілін оқи бастағанда студенттің өз әлеуметтік және мәдени қоры болады. Өз мәдени қорын сақтай отырып, тіл үйренуші басқа мәдениетпен танысып, сол мәдениетті түсініп, қабылдай алуы тиіс.

Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік – бұл функционалдық іскерліктер, яғни басқа мәдениет өкілінің сөзі мен ойын түсіну, өз мінез-құлқын қатысымға сай бейімдеу, конфликт болдырмау, әртүрлі мінез-құлық түрлерін, нормаларын, құндылықтарын қабылдау. Құндылықтар

дегеніміз – адамның әлеуметке, құбылыстарға, оқиғаларға, заттарға қатынасы, көзқарасы.

Нормалар болса моральдық кодтар, адамның әлеуметтік ортадағы стандартты әрекеттері, мінез-құлық эталондары болып табылады. Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік қазіргі кезде маман үшін аса маңызды, өйткені ол кәсіби ұшқырлық негізі болып табылады, қазіргі заман маманы өмірдегі жағдаяттарға, өзгерістерге бейімделе әрекет етуі тиіс. Жаңа заманның маманы шетел тілін жаңа деңгейде, мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгеруі тиіс.

Қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Осыған орай, қазіргі кезде шет тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Оқытудың жаңа технологиясы дегеніміз – оқу процесін жандандыру мақсатын ұйымдастыру, белгілі бір мақсатқа жұмылуда алдын ала ойластырудың ықпалы мен әсері және оқу процесін ойдағыдай жүзеге асырудың мазмұнды техникасы [5, 15].

Сол себепті біздер де әр кез үлкен ізденісте жүріп, әр сабаққа жан жақты дайындалуымыз қажет. Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады. Бір сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы, көп нәтижеге жетуге болады.

Көптеген әдіскерлер мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілікті қалыптастыруды түрліше бағыттарда қарастырады.

Мәдениетаралық құзыреттілік бұл басқа лингвосоциум өкілімен өзара әрекет барысында тіл көмегімен мәдениеттер диалогын іске асыру болып табылады.Мәдениетаралық құзіреттілік өз туған ел мәдениеті мен бөтен мәдениетті, екі елдің әлемді қабылдауын салыстыра білу, өзгешеліктері мен ұқсастықтарын табу. Өз елінің мәдениетін тілі оқытылып отырған ел мәдениетін салыстыра отырып студентте кешенді біртұтас мәдениетаралық білім (ерекше когнитивті құрылым) қалыптасады, бұл білімдер өзара толық түсіністікке жету үшін мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде қолданылады.

Мәдениетаралық қатысым жағдайларында мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында қолданылатын жаттығуларды неміс зерттеушілері У. Хойсерман мен Х.Пипо мынадай топтарға бөледі [6, 34-36]:

– қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар;

– тілдік рефлексияны қалыптастыруға бағытталған жаттығулар;

– мәдениеттерді салыстыруға бағытталған жаттығулар;

– мәдениетаралық қатысым жағдайларында мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған жаттығулар.

Бірінші топ жаттығуларына өз мәдениетін және басқа мәдениетті қабылдай білуді үйретуге бағытталған жаттығулар жатады.

Мысалы:

– суреттерге немесе фильмдерге ассоциация жасау, оқушының қабылдауы мен түсінуін қалыптастыру;

– жағдаяттарды, оқиғаларды талдау; себеп-салдар байланыстарын табу; олардың мәдениетке қатысын анықтау;

– суретті қабылдау/түсіну, суреттеу, болжам жасау, өз ойын айту;

– әртүрлі мәдениеттерден алынған әңгімелерді, оқиғаларды талдау, пікірталас жүргізу.

Екінші топ жаттығуларына келсек, мұндағы жаттығулар тілдік рефлексияны қалыптастыруға бағытталған жаттығулар болып табылады:

– тіл лексикасындағы ұқсас және ұқсас емес жақтарын талдау;

– белгілі бір сөзге ассоциограмма жасау, жиі кездесетін сөздерді анықтау, түсініктеме беру.

Үшінші топ жаттығулары басқа мәдениетпен танысуға және әр түрлі мәдениетті салыстыруға бағытталған:

– әдеби мәтін арқылы халық мәдениетімен танысу;

– жарнама роликтері негізінде мәдени құндылықтарды анықтау;

– өз мәдениетіндегі және шетел мәдениетіндегі мақал-мәтелдерді салыстыру;

– интернеттен шетел мәдениеті туралы ақпарат іздеу немесе шетелдіктер арасында қысқа сауалнама жүргізу;

– белгілі бір жағдаятқа сәйкес келетін мінез-құлық түрін таңдау;

– фильм немесе көркем әдебиет негізінде мінез-құлық үлгілерін қарастыру /мысалы сериалдардағы амандасу түрлері/;

– мәдениетаралық қарым-қатынаста түсініспеушілікке алып келетін жағдаяттарды талдау.

Төртінші топ жаттығуларына мәдениетаралық қатысым жағдайларында мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жатады:

– рөлдік ойындар, сахнамаларды, ойын түрлерін қолдану, осылайша вербалдық және бейрбалдық құралдарды есте сақтату, жаттату;

– симуляция ойындары, шет тілдік ортаға ену/ халықаралық келісімдер, БҰҰ жиналысы т.б./;

– этнографиялық жобалар / тілі оқытылып отырған елдің мәдениеті туралы ақпарат жинау/; шет ел өкілімен хат жазысу /электрондық пошта, факс, хат т.б. [6, 34-36].

Аталған жаттығулар арасынан мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілікті қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі ретінде шет тілін оқытуда мақал-мәтелдерді қолдануды ұсынамыз. Мақал-мәтелдер – өне бойы белгілі бір ғана елге тән ұлттық-мәдени белгілерге тұнып тұрған ақпарат.

Мақал – мәтелдер халықтың рухани мәдениеті мен тіл байлығының бөлінбейтін бөлшегі болып табылады, сонымен қатар, мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды орын алады. Мақал – мәтелдер мәдениет сақшылары, олар халықтың көпғасырлық тарихын және тұрмыс тіршілігін бейнелейді.

Жалпы мақал – мәтелдер шет тілін оқытуда қолданыс тапқанымен, оларға арналған тапсырмалар түрлері біртектес және жеткілікті емес.

Мақал мәтелдермен жұмысты түрлендіру үшін төмендегідей тапсырмаларды ұсынуға болады:

– мақалдағы түсініксіз сөздерді, ұғымдарды теріп жазып алу, аудару, анықтамасын іздеу;

– сұрақ-жауап;

– белгілі бір сөздің қандай жағдаяттарда қолданылатынын табу;

– жағдаятқа қарай лайықты мақалды қолдану;

– мақалдағы оймен келісу/келіспеу;

– мақалға түсініктеме беру;

– мақалдың басқа тілдегі баламасын табу, басқа тілге аудару;

– мақалды қолданып жарнама жасау;

– мақалдағы ой бойынша пікірталас жүргізу;

– өз мәдениетіндегі және шетел мәдениетіндегі мақал-мәтелдерді салыстыру;

– мақалды қолдана отырып белгілі бір тақырыпқа мәтін құру;

– мақалдағы ойға өз көзқарасын білдіру.

Неміс тілінде бірнеше мысалдар келтірсек:

1. Мына мақалдарды білесіз бе?

Мақалдың толық нұсқасын беріңіз.

1. Eigener _____ ist Goldes wert.

2. Man soll die _____ feiern, wie sie fallen.

3. Zum _____ ist niemand zu alt.

4. Kommt Armut durch die _____ ins Haus, fliegt Liebe gleich zum Fenster hinaus.

5. Wer _____ im sitzt, soll nicht mit Steinen werfen.

6. Ein blindes _____ findet auch einmal ein Korn.

2. Gibt es in Ihrer Muttersprache ähnliche Sprichwörter? Sammeln Sie diese und stellen Sie sie im Plenum vor.

Übung macht den Meister

……

Probieren geht über Studieren.

...

Ein voller Bauch studiert nicht gern.

...

Die dümmsten Bauern haben die dicksten Kartoffeln.

...

Ohne Fleiß kein Preis.

....

Es ist noch kein Meister vom Himmel gefallen.

...

Morgenstund‘ hat Gold im Mund.

...

Erst die Arbeit, dann das Vergnügen!

...

Was Hänschen nicht lernt, lernt Hans nimmermehr.

…..

3. Жағдаятты оқып, лайықты мақалды қолданыңыз.

Lesen Sie die Situation und gebrauchen Sie ein passendes Sprichwort.

a. Wenn man etwas neues beginnt, gibt es meistens zunächst Schwierigkeiten.

Katrin lernt stricken. Anfangs ist sie ungeschickt, und immer wieder fallen Maschen von der Nadel. Die Großmutter tröstet sie: «Katrin, du darfst die Geduld nicht verlieren! Heut geht es schon viel besser als gestern.

b. Mann sollte sich nichts borgen. Das Zurückgeben bereitet oft Schwierigkeiten.

Herr Lehmann möchte sich gern ein Auto kaufen. Dazu müsste er aber einen größeren Geldbetrag leihen. Als er mit seiner Fraudarüber spricht, meint diese:

«Ist es nicht besser, wir warten noch mit dem Kauf und sparen erst das nötige Geld? Du weißt doch: Borgen bringt Sorgen!»

c. Die Kinder geraten nach den Eltern.

Herr Franke sagt zu seiner Frau: «Unser Dieter macht mir wirklich sorgen. So ein Dickkopf! Du siehst es ja, ständig geraten in Streit, weil er sich nichts von mir sagen lassen will. «Aber Walter! Habt ihr nicht beide harte Köpfe? Ich wundere mich gar nicht über Dieters Eigensinn. Es ist nun einmal so: _____.

d. Man handelt klug, wenn man rechtzeitig möglichen Schwierigkeiten vorbeugt.

Gespräch zwischen Studenten

«Wo hast du denn das Buch bekommen?Ich laufe schon in der ganzen Stadt umher.

In keiner Buchhandlung ist es mehr zu haben, und beim verlag soll es auch schon vergriffeb sein».

«_____. Als wir im vergangenen Herbst auf diese Neuerscheinung aufmerksam gemacht wurden, habe ich das Buch sofort vorbestellt».

e. Es kommt darauf an, auf welche Art man etwas sagt.

Nach einem Streit zwischen den Freunden

«Eberhard, warum bist du beleidigt? Du musst doch zugeben, dass ich mit meiner Kritik recht hatte».

«Deine Vorwürfe warendurchaus berechtigt. Das sehe ich ein. Aber du kannst es mir in einer anderen Form sagen._____!»

Қорыта айтсақ, студенттердің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі мәдени жағынан түрлі болып келетін әлемде қарым-қатынас жасау үшін, әлемдік интеграция үрдісіне қатысу үшін қажет. Бұл құзыреттіліктің қалыптасуы студенттің мәдениеттер диалогына дайындық деңгейін көрсетеді. Студенттің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуы өз тілі мен мәдениетін, шет тілі мен сол елдің мәдениетін терең тани және түсіне білуінен, толеранттылық қалытасуы мен дамуынан, рухани баюынан, басқа елдің тілдік және тілдік емес құралдарын меңгеруінен көрінеді.

Мақал-мәтелдер халықтың рухани және тіл мәдениетінің бөлінбейтін байлығы, сондықтан да білімгердің мәдениетаралық құзіреттіліктігін қалыптастыруда мақал-мәтелдерді қолдану:

– студенттердің шет тілін оқуға деген ынтасын арттырады;

– студенттердің тілдік мәдениетін дамытады;

– оқытылып отырған шет тілі елінің мәдениеті туралы білімді тереңдетеді;

– жалпы адами құндылықтар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру барысында студенттің жеке тұлғасын жан-жақты дамытамыз, ынтымақтастық, өзара құрмет, мәдени өзгешелікке түсінушілікпен қарау, мәдени кедергілерді жеңу негізінде мәдениеттер диалогына қатыса алу қабілеттілігін дамытамыз.

Әдебиеттер

1 Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи. – М.: Высшая школа, 1989. – 236 с.

2 Леонтович О.А. Международное обучение на базе Центра американистики ВГПУ // Модернизация содержания и методов иноязычного обучения как приоритетное направление в условиях непрерывного языкового образования»: Тез. докл. II регион науч.-практ. Конференции. – Волгоград, 17-18 января, 2003. – С. 32-33.

3 Плужник И.Л. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции студентов гуманитарного профиля в процессе профессиональной подготовки: автореф. докт. пед. наук. – Тюмень, 2003. – 326 с.

4 Knapp K., Knapp-Potthoff, A. Interkulturelle Kommunikation // Zeitschrift für Fremdsprachenforschung 1. – 1990. – S. 62-93.

5 Валиева М. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Әдістемелік нұсқау, 2002. – Б. 15.

6 Houssermann, U. / Piepho, H..-E. – 1996, Aufgaben – Handbuch Deutsch als Fremdsprache. Abriss einer Aufgaben und Ubungstypologie. – München. – 296 S.

References

1 Haleeva I.I. Osnovy teorii obuchenija ponimaniju inojazychnoj rechi. – M.: Vysshaja shkola, 1989. – 236 s.

2 Leontovich O.A. Mezhdunarodnoe obuchenie na baze Centra amerikanistiki VGPU // Modernizacija soderzhanija i metodov inojazychnogo obuchenija kak prioritetnoe napravlenie v uslovijah nepreryvnogo jazykovogo obrazovanija»: Tez. dokl. II region nauch.-prakt. Konferencii. – Volgograd, 17-18 janvarja, 2003. – S. 32-33.

3 Pluzhnik I.L. Formirovanie mezhkul’turnoj kommunikativnoj kompetencii studentov gumanitarnogo profilja v processe professional’noj podgotovki: avtoref. dokt. ped. nauk. – Tjumen’, 2003. – 326 s.

4 Knapp K., Knapp-Potthoff, A. Interkulturelle Kommunikation // Zeitschrift für Fremdsprachenforschung 1. – 1990. – S. 62-93.

5 Valieva M. Zhaңa pedagogikalyқ tehnologijalar. – Ədistemelik nұsқau, 2002. – B. 15.

6 Houssermann, U. / Piepho, H..-E. – 1996, Aufgaben – Handbuch Deutsch als Fremdsprache. Abriss einer Aufgaben und Ubungstypologie. – München. – 296 S.

Суттибаев Н.А.,
Тулеубаева Б.Б.,
Жиреншина К.А.

Мәдениетаралық қатысымға үйретудегі жоба технологиясы

Бұл мақалада мәдениетаралық қатысымға үйретудегі жоба технологиясының маңыздылығы туралы айтылады. Шетел тілін оқытуда жоба технологиясын қолдану өте маңызды. «Жоба» деген сөздің өзі еуропа тіліне латын тілінен еніп «алға тасталған ой, алға шығып сөйлеуші» деген мағынаны білдіреді. Өзі аты айтып тұрғандай алға тасталған ой, яғни біздің жағдайымызда ортаға студент – оқытушы болып тақырып тасталады. Содан кейін студенттер өз ойларын алға шығып айтады. Жобалық сабақтар әртүрлі кезеңдерден, қадамдардан тұрады. Жобалық сабақтарды бір күнде өткізе салу мүмкін емес. Дәстүрлі сабақтарға үйренген студенттер бір күнде жобалық сабаққа ауыса алмайды. Жобалық сабақтардың ұзақтығы әртүрлі ол қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Жоба технологиясы шетел тілін оқыту зерттеу-ізденімпаздық іс-әректті қамтуы тиіс, мұнда студенттерге шетел тілін анағұрлым сапалы түрде меңгерулеріне септігін тигізеді. Шетел тілі сабағында жоба әдісін қолдану студенттерді еркін және креативті ойлауға дағдыландырады.

Түйін сөздер: жоба, технология, сыни тұрғыдан ойлау, мақсат, кезеңдер.

Suttibayev N.A.,
Tuleubayeva B.B.,
Zhyrenshina K.A.

Project technology of teaching intercultural communication

This article is about the importance of project technology for teaching of intercultural communication. It is important to use the project technology in a foreign language teaching. The word «Project» came to the European languages from Latin and means «an idea thrown, cast, or impelled forward, speech». As the title puts forward the idea, that is, as in our case, the topic is «the student – the teacher». Then the students come forward and share their opinions. Project lessons activities consist of different stages and steps. Project lessons are not possible to conduct within one day. The students who are accustomed to the traditional classes cannot shift to the project lesson activities within one day. Duration of project lesson activities is different; they may be short-term or long-term. The Project technology should include research and prospecting activities in learning a foreign language; it help the students to master foreign language with more quality. The use of the project methodology at foreign language lessons teaches the students free and creative thinking.

Key words: project technology, teaching, purpose, creative thinking, stages.

Суттибаев Н.А.,
Тулеубаева Б.Б.,
Жиреншина К.А.

Проектная технология обучения межкультурному общению

В данной статье рассказывается о важности проектной технологии обучения межкультурному общению. Само слово «проект» вошло в Европейский язык с латинского и означает «брошенная мысль, выступление». Как говорит само название, в группе выдвигаются идеи, то есть в нашем случае это тема «учащийся-преподователь». Затем студенты делятся своими мнениями. Проектные занятия состоят из различных этапов. Студенты, привыкшие к традиционным занятиям, не могут за день перейти к проектным занятиям. Продолжительность проектных занятий различная, они могут быть краткосрочными или долговременными. Технология проекта должна охватывать исследовательско-изыскательную деятельность в обучении иностранному языку, это способствует наиболее качественному овладению студентами иностранным языком. Использование метода Проекта на уроках иностранного языка приучает студентов к свободному и креативному мышлению. Проектная технология позволяет актуализировать учебно-познавательную деятельность и активизировать студентов как субъекта данной деятельности, реализовать его личностный потенциал. Это создает условия для развития креативности студента, обеспечивает по настоящему продуктивный характер учебной деятельности и продуктивность образовательного процесса.

Ключевые слова: проектная технология, креативное мышление, цель, этапы.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 378.016:811.111

Суттибаев Н.А.[1], Тулеубаева Б.Б.[2], Жиреншина К.А.[3],

[1]оқытушы, [2]аға оқытушы, [3]аға оқытушы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: nurbahyt74@mail.ru

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМҒА ҮЙРЕТУДЕГІ ЖОБА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жоба әдісі алғаш рет XX ғасырдың 20 жылдары АҚШ-та қолданыла бастаған. Бұл әдісті американдық философ және педагог Джон Дьюи және оның шәкірті Клипатрик зерттеп дамытқан [1, 23].

«Жоба» деген сөздің өзі еуропа тіліне латын тілінен еніп «алға тасталған ой, алға шығып сөйлеуші» деген мағынаны білдіреді. Өзі аты айтып тұрғандай алға тасталған ой, яғни біздің жағдайымызда ортаға студент – оқытушы болып тақырып тасталады. Содан кейін студенттер өз ойларын алға шығып айтады.

Жобалық сабақтар әртүрлі кезеңдерден, қадамдардан тұрады:

1. Дайындық кезені:

а) негізгі тақырыпты түсіндіру, талдау, өз ойларын айту;

ә) сабаққа қажетті жаңа сөздермен жұмыс жасау;

б) қосымша материалдар енгізу.

2. Тақырыпты бөлу:

а) студенттерді кіші топтарға топтасырып, әр топқа кіші тақырыпшалар беру;

ә) тақырыптарды талдау.

3. Тақырыптарды нақтылау:

а) сұрақтар құрастыру, жоспар құру, рөлдерді және тапсырмаларды бөлу;

Жобалық сабаққа дайындық кезінде жоспарды басшылыққа алған жөн. Бірақ сабақ жоспарынан ауытқуға болмайды. Себебі, жобалық сабақ барысында шығармашылық еркіндік болуы қажет.

4. Мәліметтерді жинау:

а) түп нұсқадағы кітап, газет-журналдар және т.б. мәліметтер;

ә) теле-радио хабарларындағы мәліметтер;

б) белгілі бір жерде зерттеуден алынған мәліметтер;

в) көшеде алынған сұхбат мәліметтер;

г) фото-сурет.

5. Жиналған мәліметтерді презентацияға дайындау:

а) реттеу, өндеу презентацияға дұрыстап дайындау;

ә) плакаттар дайындау, карта жасау, газет шығару, көрме жасау, брошюра жасау.

6. Презентация:

а) әрбір кіші топ өз презентацияларын басқа топтардың алдында түсіндіреді;

ә) әр жұмыстың нәтижесін брошюра, плакаттар түйінде дайындау;

б) жұмыстың нәтижесін көрме, брошюра көмегімен ауызша айтып беру;

в) қысқаша жұмыс жоспарымен, іс барысымен таныстыру, пікір таластыру.

Мұндай жобалық сабақтарды бір күнде өткізе салу мүмкін емес. Дәстүрлі сабақтарға үйренген студенттер бір күнде жобалық сабаққа ауыса алмайды. Жобалық сабақтар дайындап өткізу үшін ең алдымен студенттерді төмендегі дағдыларға үйрету қажет:

– топтарда жұппен жұмыс жасау;
– жұмыс кезінде бірін-бірі қолдап, көмектесу;
– басқалардың жетістіктерін бағалау;
– бір-бірімен тіл табысып жұмыс істеуге үйрету қажет [2, 54].

Жобалық сабақтар – бірнеше сабақтарға созылатын ұзақ әрекет деп ойлауға болмайды. Сабақтардың ұзақтығы әр түрлі, ол қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Олардың кейбіреулері бірнеше айларға созылады, кейбіреулерін мақсатына қарай бір күнде ұйымдастыруға болады.

Жобалық сабақтарды өткізер алдында оқытушы ұсыныс жасайды, студенттердің инициативасын қолдайды, қажетті ақпарат көзін қайдан алуға болатыны жайлы кеңес береді, сабақтың құрылымын анықтауға көмектеседі. Оқытушы рөлі өзгереді. Яғни, бұрын барлық сұрақтарға жауап беруші басшы, үйретуші ретінде болса, ал жобалық сабақтар барысында керекті әдістерді, мақсатқа жетудің жолдарын көрсетуші кеңесші ретінде болады.

А.С. Комаров «оқыту кезінде бас, жүрек, қол» бірге жұмыс жасауы қажет деген. Осы жоба сабағында ұлы педагогтың айтып кеткен қағидалары пайдаланылады. Яғни, студент алдында шешімді талап ететін мәселені басымен ойлап, жүрекпен түсініп, қолымен жүзеге асырады [3, 12]. Нашар оқитын студенттер бір нәрсені дұрыс айтпай қалармын деген қорқыныштан арылып, сабаққа белсене қатыса алады. Студенттерге сабақтың кезеңдері – презентация кезінде өз еңбектерінің нәтижелі болуын қалайды. Қытай мақалында «мен естігенімді ұнатпаймын, мен көргенімді еске сақтаймын, мен қолмен істегенімді түсінемін» – деп айтылғандай, студенттер өздері дайындаған, өздері жүргізген сабақтарын, өздері тапқан мәліметтерді естеріне жақсы сақтайды.

Көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, жобалық сабақтарға төмендегідей сипаттамалар беруге болады:

1. студенттер мен оқытушылардың бірігіп жұмыс жасауы;
2. топпен жұмыс жұмыс істеу;
3. жұппен жұмыс істеу;
4. студенттердің белсенділігі;
5. басқа мекемелермен, ұйымдармен, мамандармен бірге жұмыс жасайды;
6. студенттердің шешім қабылдауға құқығы бар;
7. сабақ үстінде де, сабақтан кейін де жұмыс жасала береді;
8. білім алу студенттердің өз іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады;
9. сабақ зерттеулерге, шығармашылықтарға бағытталған;
10. өз қателерін өздері түзету арқылы үйренеді;
11. сабақта теория мен практика ұштастырылады;
12. жиналған материалдар сабақтың соңы қандай болатынын анықтайды;
13. студенттер дербес, өз бетінше жұмыс жасайды;
14. оқытушының рөлі тексерушіден – кеңесшіге өзгереді;
15. сабақтың соңы – презентациямен аяқталады, яғни ақырғы нәтижесін көрсетеді [4, 148].

Жобалық сабақты дайындар кезінде төмендегідей әдістерді пайдалануға болады:

– Сұрау жүргізу;
– Сұхбат алу;
– Кітапханалардан мәліметтер іздеу;
– Әр түрлі мекемелермен байланысу;
– Мәліметтерді интернеттен іздеу;
– Эксперементтер жүргізу;
– Мамандармен әңгімелесу;
– Мәліметтер сұрастыру және салыстыру [5, 220].

Студенттер тақырып бойынша табысты жұмыс жасау үшін төмендегідей дағдыларға машықтануы қажет: жоспарлау, пікірталас, таңдау, пікірлесу, дәлелдеу, шешім қабылдау, бірлесіп істеу, зерттеу, іздестіру, ойлап шығару, безендіру бақылау, қорытынды жасау, құжаттандыру.

Презентацияға материалдарды төмендегідей дайындауға болады: брошюралар дайындау, плакаттар дайындау, коллаждар желімдеу, кестелер, карталар, перфокарталар, эмблемалар, газет-журналдар, үндеулер шығару, викториналар, фото викториналар дайындау, көрмелер дайындау, мақала жазу, репортаж жасау, хат жазу, видио фильмдер түсіру, реферат жазу, баяндама жазу [6].

Сонымен қорыта келе жоба технологиясы шетел тілін оқыту зерттеу-ізденімпаздық іс-әрекетті қамтуы тиіс, мұнда студенттерге шетел тілін анағұрлым сапалы түрде меңгерулеріне септігін тигізеді. Шетел тілі сабағында жоба әдісін қолдану студенттерді еркін және креативті ойлауға қабілеттендіреді.

Әдебиеттер

1 Жансериков А.Е. Проектная работы на занятиях иностранного языка // ИЯШ. – 2004. – №3 (09). – С.23.

2 Ломакина Л.М. Проектирование как ведущее направление модернизации современного педагогического образования // Вестник высшей школы. – 2004. – №1. – С. 54.

5 Комаров А.С. Творческий подход к планированию английского языка // ИЯШ. – 2003. – №4. – С. 12.

6 Гайпова Д.Э. Формирования коммуникативных умени у студентов ВУЗа на основе проектной технологии: маг. диссер. – Алматы. – 2003. – С. 148.

7 Атаханов Р. Проектік сабақ – берері мол сабақ // Поиск/Ізденіс. – 2002. – №4. – С. 220.

8 Қабықбаева Д.С. Тілдік жоғары оқу орнында студенттерді мәдениетаралық қатысымға үйретуде жоба технологиясын қолдану: маг. диссер. – Алматы. – 2009.

References

1 ZHanserikov A.E. Proektnaya raboty na zanyatiyah inostrannogo yazyka // IYASH. – 2004. – №3 (09). – S.23.

2 Lomakina L.M. Proektirovanie kak vedushchee napravlenie modernizacii sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya // Vestnik vysshej shkoly. – 2004. – №1. – S. 54.

3 Komarov A.S. Tvorcheskij podhod k planirovaniyu anglijskogo yazyka // IYASH. – 2003. – №4. – S. 12.

4 Gajpova D.EH. Formirovaniya kommunikativnyh umeni u studentov VUZa na osnove proektnoj tekhnologii: mag. disser. – Almaty. – 2003. – S. 148.

5 Atahanov R. Proektik sabaq – bereri mol sabaq // Poi’’sk/Izdenis. – 2002. – №4. – S. 220.

6 Qabi’qbaeva D.S. Tildik joghari’ oqw orni’nda stwdentterdi ma’deni’’etarali’q qati’si’mgha u’yretwde joba tehnologi’’yasi’n qoldanw: mag. di’’sser. – Almati’. – 2009.

Туребекова Р.С.

Работа над учебно-научными текстами на занятиях по РЯ

В статье рассматриваются особенности такого вида речевой деятельности, как чтение. Студенты казахских отделений естественных факультетов университета, изучая на первом курсе «Профессионально-ориентированный русский язык», получают универсальные знания по структурно-смысловому анализу научного текста и созданию вторичных тестов в письменной и устной форме. Работа по анализу научного текста представляет некоторые сложности, так как у студентов разный уровень владения русским языком. В связи с этим необходимой становится работа по развитию видов речевой деятельности, и особенно – для понимания содержания научного текста – работа по развитию навыков чтения. В статье говорится об основных видах чтения: изучающее, ознакомительное, просмотровое. Студенты особенно остро ощущают потребность в изучающем чтении, которое предполагает глубокое проникновение в текст. В статье рассматриваются трудности восприятия научного текста при его чтении и процесс извлечения смысловой информации из текста. Чтение, как вид речевой деятельности, и особенно изучающее чтение играют ведущую роль при структурно-смысловом анализе содержания научного текста.

Ключевые слова: вид речевой деятельности, грамматический материал, изучающее чтение, начальный этап обучения русскому языку, виды чтения, анализ научного текста.

Turebekova R.S.

Work on educational-scientific texts at the Russian language classes

The article deals with the features of the type of speech activity as reading. Students of the Kazakh branch of Natural Science faculties of the University, studying in the first year «Professionally-oriented Russian language», get the universal knowledge of the structural and semantic analysis of scientific text and the creation of secondary texts in written and oral form. Work on the analysis of scientific text is rather difficult, because there are students of different levels of proficiency in Russian. In this regard work for the development of speech activities become the most necessary, and especially – for understanding the content of the scientific text – work on the development of reading skills is the most important. The article deals with the main types of reading: learning, acquainting and viewing. Students are especially in urgent need of learning reading, which involves deep penetration into the text. This article discusses the difficulties of perception of the scientific text while reading and the process of extracting semantic information from the text. Reading, as a kind of verbal activity, and especially learning reading play a leading role in the structural and semantic analysis of the content of the scientific text.

Key words: type of speech activity, grammatical material, studying reading, types of reading, analysis of scientific text, learning reading, the initial stage of learning the Russian language.

Төребекова Р.С.

Орыс тілі сабақтарында ғылыми-тәлімдік мәтіндермен жұмыс істеу

Мақалада сөйлеудің даму ерекшелігінің бір түрі – оқыту. Қазақ бөлімінің 1 курста студенттері орыс тілін кәсібі тұргыда оқи отырып, ғылыми мәтінді құрылымдық мағынасына қарай жан жақты оқып біліп алады, сонымен қатар ауызша және жазбаша түрде екінші мәтінді шығарады. Ғылыми мәтіндерді оқуда қарап оқудың мәнісі зор. Осы мақалада ғылыми мәтіндерді дұрыс оқу мәнері туралы қаралады, сонымен қатар оқу түрлері туралы айтылады. Бұл оқыту кезеңін ұзаққа созу ғылыми стильді жақсы меңгерумен қатар, сапалы өтуін көтеру. Қазақ бөлімдерінде оқитын топтарға орыс тілін оқыту жүйелі түрде жаттығуды талап етеді. Мақалада ғылыми стильді оқытуда қиындық туылуымен қатар, мәтіннен негізгі ақпаратты алып шығу процессі де қиындық тудыратыны туралы айтылады. Құрылымдық-мағыналық талдау жасау ғылыми мәтіндерде қарап оқыту үлкен роль ойнайды.

Түйін сөздер: оқытудың түрлері, грамматикалық материал, қарап оқыту, оқудың түрлері, ғылыми мәтіндерді талдау.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 81:372.881

Туребекова Р.С.,

ст. преподаватель Казахского национального университета
им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: tore.raushan@mail.ru

РАБОТА НАД УЧЕБНО-НАУЧНЫМИ ТЕКСТАМИ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РЯ

Первый учебный год для студентов казахских отделений университета начинается в ряду других дисциплин с изучения курса «Профессионально ориентированный русский язык». В рамках этой дисциплины студенты получают универсальные знания по структурно-смысловому анализу научного текста и созданию своих собственных текстов на заданную тему как в письменной, так и в устной форме. Студенты с удовольствием работают с учебно-научными текстами, хотя для некоторых из них эта работа представляет некоторые сложности, так как у студентов разный уровень владения русским языком. Это учитывается преподавателем в каждой конкретной аудитории. Есть ещё некоторые факторы, которые нужно учитывать в процессе обучения русскому языку – это специфика научной речи, особенности учебно-научных текстов для гуманитарных и для естественных факультетов, следовательно, и разный подход к изучению видов речевой деятельности. В этой статье рассмотрим особенности чтения научных текстов для студентов естественных факультетов. На естественных факультетах уже давно работают по рабочим программам, силлабусам и учебным пособиям, разработанным и составленным преподавателями кафедры русской филологии, русской и мировой литературы. Однако ещё остаются нераскрытыми некоторые вопросы, связанные с организацией и определением содержания обучения русскому языку студентов, слабо владеющих русским языком. К таким вопросам можно отнести: а. соотношение и взаимосвязь видов речевой деятельности, выделение среди них главных и второстепенных видов; б. обучение различным аспектам языка – особенно грамматике и лексике – с учётом специфики преподавания русского языка в нефилологической аудитории; в. требования к построению системы упражнений, направленной на формирование и развитие навыков и умений, которые обеспечивают нужный уровень активного и пассивного владения языковым материалом.

Анализ коммуникативных потребностей студентов естественных факультетов показывает, что для них «особенно актуальным представляется умение полно и точно извлекать нужную информацию из письменных первоисточников, общаться на русском языке в пределах определённого круга тем

и ситуаций, непосредственно связанных с повседневной профессиональной деятельностью будущих специалистов» [5, 83].Таким образом, цели обучения русскому языку на естественных факультетах можно охарактеризовать как рецептивно-продуктивные с установкой на чтение. Основные виды чтения – это изучающее, ознакомительное и просмотровое (поисковое) чтение. Студенты особенно остро ощущают потребность в изучающем чтении, предполагающем глубокое проникновение в текст, а также в ознакомительном чтении, требующем общего охвата содержания.

Особенности обучения русскому языку студентов естественных факультетов обусловливает необходимость выделения в курсе русского языка двух основных этапов: начального и основного. Такое деление обусловлено следующими факторами: а. значительное ограничение учебного времени, отводимого для изучения русского языка; б. слабый уровень подготовки студентов-первокурсников; в. различный характер языковой системы русского и казахского языков.

Начальным этапом можно считать достаточно продолжительный период времени, обеспечивающий качественный скачок обучающемуся в плане овладения содержанием изучаемого предмета. На этом этапе закрепляются основы знаний системы русского языка, вырабатываются навыки и умения владения языковым материалом. Для успешной реализации начального этапа можно использовать часы СРСП. Таким образом, в условиях преподавания русского языка на естественных факультетах решение вопросов, связанных с повышением эффективности обучения на начальном этапе, представляется весьма актуальным и нужным.

Как известно, при овладении иноязычной речью особую роль играет изучение её грамматического строя. Вся информация, содержащаяся в письменном тексте, передаётся исключительно средствами языка, в первую очередь лексическими и грамматическими единицами. Процесс извлечения информации из текста на неродном языке предполагает владение студентами языковыми средствами, используемыми носителями данного языка для передачи своих мыслей в письменном виде. Процесс овладения языковыми средствами русского языка требует от говорящих на казахском языке систематической тренировки. Поэтому к работе над развитием навыков чтения следует приступать уже на начальном этапе. При этом особое внимание необходимо уделять обучению грамматической стороне чтения, как основного вида речевой деятельности для студентов естественных факультетов. Процесс обучения грамматической стороне чтения заключает в себе определённые трудности. Эти трудности связаны с вопросами тренировки грамматического материала и формирования речевых и языковых автоматизмов по использованию изучаемых грамматических явлений русского языка на начальном этапе обучения. Практика показывает, что по окончании средней школы у выпускников недостаточно отработаны некоторые навыки и умения чтения. Как правило, студенты-первокурсники не умеют правильно ориентироваться в структурных особенностях русского предложения. Навыки узнавания морфологических и синтаксических особенностей слов, словосочетаний и предложений требуют более высокого уровня знаний. низкий уровень владения грамматическим материалом значительно затрудняет преодоление языковых трудностей, появляющихся как результат интерференции. Интерференция может влиять и на процесс становления речевых и языковых автоматизмов, подлежащих формированию при обучении неродному языку. Отсюда следует, что одной из основных практических задач курса русского языка на естественных факультетах является предупреждение и преодоление интерферирующего влияния устойчивых автоматизмов, действующих в родном для студентов казахском языке.

В результате анализа типичных для студентов-нефилологов грамматических ошибок, влияющих на понимание содержания текста, обнаружено, что автоматизированные действия, свойственные процессу извлечения информации в казахском языке, оказывают значительное интерферирующее воздействие на подобные недостаточно развитые механизмы чтения на русском языке. Нередко при чтении текста студенты не различают словообразовательные элементы слов и словосочетаний, поэтому они не могут определить значения новых лексических единиц, опираясь на изученные словообразовательные модели. Дистантное расположение главных членов предложения, употребление обособленных членов и причастных конструкций в русском языке вызывают затруднения у обучающихся, что свидетельствует о неотработанности нужных автоматизмов. Таким образом, можно отметить следующее.

1. Трудности, испытываемые студентами естественных факультетов в процессе извлечения информации из текста, обусловлены:

– отсутствием или недостаточным уровнем развитости рецептивных автоматизированных грамматических действий по узнаванию языковых средств на основе их формально выраженных отличительных признаков;

– интерферирующим влиянием характерных для зрелого чтения на родном казахском языке частично сходных автоматизмов.

2. Работа над формированием и развитием навыков и умений чтения и, в особенности, грамматических навыков должна проводиться уже на начальном этапе обучения.

3. В условиях обучения русскому языку студентов с явно выраженным низким уровнем владения этим языком, обучение грамматической стороне чтения призвано стать важным организующим элементом методики обучения этому речевому умению на начальном этапе.

По данным психологии обучения языку как неродному или иностранному, чтение как деятельность возможно благодаря развитию умения читать. Это умение включает в качестве творческих компонентов становление определённых автоматизированных действий-навыков, в том числе грамматических (морфологические и синтаксические). Навыки и умения вырабатываются в результате тренировки. Их формирование и развитие возможны лишь в процессе длительного систематического упражнения в данном виде речевой деятельности в процессе постепенного овладения ею. Большое значение при обучении основам чтения имеет владение изучающим чтением. Особенностью извлечения информации при изучающем чтении является умение студентов понимать сложные в языковом плане предложения. Такое требование предполагает минимальный уровень автоматизированности действий по сличению и различению сходных языковых (грамматических) явлений в изучаемом языке и частично сходных языковых явлений в родном и изучаемом языке.

Несомненную роль грамматического аспекта изучающего чтения подтверждают случаи интуитивного восприятия грамматической информации в предложении. Студенты, как правило, сталкиваются с трудностями, заставляющими их переключать своё внимание – до данного момента осуществляемое непроизвольно – со смыслового содержания читаемого на грамматические формы непонятых слов, словосочетаний, частей предложений. Такие случаи наиболее часто наблюдаются на начальном этапе обучения, когда основные базисные навыки и умения, обеспечивающие владение языковым материалом, ещё недостаточно сформированы.

Вышеуказанные трудности при извлечении информации заметно усугубляются в связи с особенностями грамматических явлений русского языка, полностью отсутствующих в грамматической системе казахского языка или частично представленных в ней. К таким явлениям можно отнести следующие:

– различный характер языковой системы русского и казахского языков;

– возможность сочетания флективных форм изменения слов с предложными формами;

– сложность видо-временной системы русского глагола, не имеющей полных соответствий в ряде языков;

– специфика словосочетания слов и предложений в обоих языках и т.д.

Стремление развивать навыки и умения чтения, обеспечивающие непроизвольное восприятие и понимание грамматической информации текста, возможно до степени совершенства. Такой подход будет способствовать развитию у будущих специалистов умения самостоятельного обращения с различными источниками информации – учебные пособия, научные журналы, научная литература, техническая документация и т.д. [1].

